

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі**

**М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті**

**ӘӨЖ 81' 373.21:81:39**

**Қолжазба құқығында**

**ПАНСАТ ЖАНСАЯ МУСИЛХАНОВНА**

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «КӨК» КОНЦЕПТИСІНІҢ  
ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ**

**8D02310 – Филология**

**Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған  
диссертация**

**Ғылыми кеңесші:**

**ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
Гүлнар Бейсенқызы Мамаева**

**Шетелдік ғылыми кеңесші:**

**ф.ғ.д., профессоры  
Эрджан Алкая  
Түркия, Фырат  
(Firat University)**

**Шымкент, 2025**

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                      |            |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>                                                                   | <b>3</b>   |
| <b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>                                                                              | <b>4</b>   |
| <b>КІРІСПЕ.....</b>                                                                                  | <b>5</b>   |
| <b>1 ҚАЗАҚ ЛИНГВОКЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ<br/>КОНЦЕПТІЛІК ДАМУ ЖОЛДАРЫ.....</b>            | <b>12</b>  |
| 1.1 Лингвистикалық зерттеулердегі концепт мәселесі және түр-түс<br>атауларының зерттелуі.....        | 12         |
| 1.2 Қазақ тіліндегі «көк» лексемасының семантикалық<br>трансформациясы және ассоциациялық өрісі..... | 24         |
| 1.3 «Көк» концептісінің геосимволикалық тарихи-мәдени мәні.....                                      | 38         |
| 1-тарау бойынша тұжырым.....                                                                         | 50         |
| <b>2 ЛИНГВОМӘДЕНИ КЕҢІСТІКТЕГІ «КӨК» ТҮСІНІҢ<br/>МАҒЫНАЛЫҚ ӨРІСІ МЕН ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ.....</b>        | <b>52</b>  |
| 2.1 «Көк» концептісінің тарихи тамыры және этимологиялық<br>дереккөздері.....                        | 52         |
| 2.2 Қазақ лингвомәдениетіндегі «көк» концептісінің семантикалық<br>өрісі.....                        | 61         |
| 2.3 Поэтикалық дискурс контекстіндегі «көк» сөзінің<br>репрезентациясы.....                          | 77         |
| 2.4 Ономастикалық кеңістіктегі «көк» түсінің семантикалық және<br>дүниетанымдық ерекшеліктері .....  | 86         |
| 2-тарау бойынша тұжырым.....                                                                         | 97         |
| <b>3 «КӨК» КОНЦЕПТІСІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ЖӘНЕ СИМВОЛДЫҚ<br/>МӘНІ.....</b>                                  | <b>99</b>  |
| 3.1 «Көк» сөзінің мифолингвистика мен наным-сенімдердегі символдық<br>ерекшелігі.....                | 99         |
| 3.2 «Көк» концептісінің мағыналық реңктері мен ұлттық мәдениеттегі<br>эмоционалдық мазмұны.....      | 108        |
| 3.3 Тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердегі «көк» түсінің символдық-<br>мағыналық қызметі .....     | 122        |
| 3-тарау бойынша тұжырым.....                                                                         | 133        |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>                                                                                | <b>135</b> |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>                                                          | <b>138</b> |

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативті құжаттар негізге алынды:

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2021 жылғы арналған жол картасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 ақпандағы №50 қаулысы.

3. Қазақстан Республикасының тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсанындағы №1045 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>

## АНЫҚТАМАЛАР

**КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА** – адамның әлем және өзі туралы білімдерін қалыптастыру, сақтау және қайта жаңғырту үдерісінде тілдің (оның мағыналары, қызметтері, құралдары) атқаратын рөлін зерттейтін лингвистиканың бір бағыты; басқаша айтқанда, тілді танымның тетігі мен құралы ретінде қарастыратын ғылым саласы.

**КОЛЮРИСТИКА** (итал. «colorito», лат. «color» – бояу, түс, реңк, түр, келбет) – өнертанудың бір бөлімі болып саналатын, түстің табиғатын зерттейтін ғылым.

**КОНЦЕПТ** – (латын тіл. conceptus – түсіну, ұғым), ойлау объектісі туралы білімдердің, идеялардың, пікірлердің жиынтығын көрсететін сананың құрылымдық-мазмұндық бірлігі.

**ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ** – бұл лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысында пайда болған пәнаралық ғылым саласы. Ол тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, олардың бір-біріне әсер етуін зерттейді.

**КОНЦЕПТОСФЕРА** – бұл белгілі бір этностың, халықтың әлемді тілдік қабылдап тану тұжырымдамаларының реттелген жиынтығы, ойлаудың ақпараттық базасы.

**ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ** – қоршаған орта туралы ақпарат бере алатын таңбалардың жүйелі, реттелінген әлеуметтік моделі.

**КОНЦЕПТУАЛДАНУ** – кез келген құбылыстың когнитивті белгілерінің жиынтығын анықтау үрдісі, бұл санада сақтауға және осы құбылыс туралы қандай да бір тұжырымдаманы немесе идеяны жаңа ақпаратпен толықтыруға ықпал етіп, басқа құбылыстардан ажыратады.

**КОНЦЕПТУАЛДЫ ТАЛДАУ** – концептінің мағыналық құрылымын және оның тіл мен мәдениеттегі қызметін айқындайтын зерттеу әдісі.

**ӘЛЕМНІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ МОДЕЛІ** – адамның қоршаған ортаны тану барысында санасында қалыптасқан, шындықты түсіндіретін ұғымдар, категориялар мен білімдер жүйесі, ақиқат болмыстың менталдық құрылымдар арқылы өңделген үлгісі.

**ӘЛЕМНІҢ МЕНТАЛДЫ БЕЙНЕСІ** – жеке адам немесе этнос санасында қалыптасатын, дүниені қабылдау, түсіну және бағалау ерекшеліктерін жинақтаған когнитивтік көрініс, адамның ішкі санасында сақталған әлемнің бейнелік моделі.

**МӘДЕНИ КОНЦЕПТ** – белгілі бір этностың тарихи тәжірибесін, мәдени құндылықтарын, дүниетанымын, салт-дәстүрін, символдық мағыналарын жинақтап, тіл арқылы көрініс табатын күрделі менталдық бірлік.

**ГЕОСИМВОЛИКА** – бұл табиғатта немесе мәдениетте кездесетін өсімдіктер, гүлдер, жан-жануарлар, тастар сияқты нысандардың мағыналық, бейнелік, немесе рухани символ ретінде қолданылуы. Басқаша айтқанда, белгілі бір заттың, өсімдіктің немесе жануардың қандай да бір мағына, ұғым не идеяны білдіруі.

## КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы.** Қазіргі жаһандану мен цифрлық трансформация жағдайында ұлттық тіл мен мәдениеттің болашағы өзекті мәселеге айналған. Бұл үдерістер ұлттық бірегейлікті сақтау жолдарын ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерделеуді қажет етеді. Ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау және оны ғылыми тұрғыда зерделеу – Қазақстан Республикасының бірқатар ресми стратегиялық және нормативтік құжаттарында нақты көрініс тапқан. Бұл зерттеу бағыты келесі негізгі бағдарламалар мен құжаттарға сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының «Қазақстан – 2050» стратегиясында, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және Тіл саясатының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларында белгіленген басым бағыттарға толық үндес. Бұл құжаттарда ұлттық мәдениет пен тілдің сақталуы мен дамуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті ғылыми негізде зерттеу қажеттілігі айқын көрсетілген. Осылайша, ұлттық тіл мен мәдениетті зерттеу, оның ішінде тілдік бірліктер арқылы ұлттық болмысты тану мәселесі – аталған мемлекеттік құжаттарда көрсетілген стратегиялық мақсаттармен толық астасады. Бұл зерттеу бағыты Қазақстан Республикасының рухани жаңғыру мен мәдени даму саласындағы мемлекеттік саясатына сай келеді және ғылыми-танымдық тұрғыдан өзекті.

Түр-түс атаулары адамзаттың когнитивтік және мәдени дамуының алғашқы кезеңдерінен-ақ қалыптаса бастаған маңызды белгілер жүйесі. Адам санасында түстер тек физикалық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар дәстүрлік ұғымдар нәтижесінде қабылданады. Түр-түсті ажырату қабілеті-адамның сенсорлық және танымдық дамуының көрінісі. Уақыт өте келе түстер символдық мазмұнмен толығып, әрбір этностың мәдениетінде өзіндік мәндік кодқа айналған. Түр-түстер арқылы әлемді тану, жүйелеу және ұғыну үдерісі тіл мен мәдениет жүйесінде айрықша орын алады. Жер бетінде қанша халық болса, соншалықты түске қатысты түрлі мәдени-танымдық жүйелер қалыптасқан, әр-түрлі ұлттық ерекшеліктерге байланысты әркімнің көрер түсі мен оны бейнелеп айтар тіліне орай өзгешеліктері, өзіндік түсінігі мен астарлы мағынасы болады. Ал ол сол этностың тарихи-мәдени тәжірибесі мен дүниетанымдық құрылымына негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, түстер жүйесі әрбір халықтың рухани әлемін бейнелейтін маңызды таңбалық құралдардың бірі. Мұндай түстік жүйелердің қызметін зерттеу – мәдени семиотика саласындағы маңызды бағыттардың бірі. Өйткені ата-бабамыз әр түске ерекше мән беріп, олардың әрқайсысына өзіндік мағына жүктеген, жеті түрлі түстен жетпіс мың бояу алған. Солардың ішінде «көк» түсі халқымыздың дүниетанымдық жүйесінде күрделі мәдени-рухани мәнге ие концепт ретінде көрініс табады. Халқымыздың дүниетанымдық жүйесінде кең мағыналық өріске ие универсалды символ ғана емес, сонымен қатар тарихи тұрғыда қалыптасқан күрделі семиотикалық феномен.

Осы аталған ғылыми-теориялық алғышарттар мен стратегиялық ұстанымдар аясында ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу жұмысы қазақ тіліндегі «көк» концептісінің когнитивтік, лингвомәдени және этносемантикалық ерекшеліктерін кешенді түрде зерделеуге бағытталады. Зерттеу барысында «түркі танымындағы дүниенің бастауы болып саналатын» «көк» түсінің семантикалық және прагматикалық аспектілері жүйеленіп, оның концептуалдық өрісі айқындалады. Сонымен бірге, «көк» түсінің қазақ халқының ұлттық дүниетанымындағы орны мен мәдени қызметі ғылыми тұрғыдан сипатталады. Өйткені түр-түс атаулары, соның ішінде, қазақ халқының рухани-мәдени кеңістігінде ерекше символдық әрі мағыналық салмаққа ие «көк» концептісін лингвомәдени тұрғыдан зерттеу – ұлттық тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Түр-түс атаулары тіл мен мәдениеттің терең қабаттарын ашатын, халықтың дүниетанымы, психологиясы және әлеуметтік құрылымын білдіретін маңызды лингвистикалық категория. Әр ұлттың түстерге берген атаулары мен мағыналары оның тарихи-мәдени ерекшеліктерімен тығыз байланысты қалыптасқан. Қазақ тіліндегі «көк» түсі ұлттық рухани мұра мен дүниетанымды бейнелейтін күрделі ұғым. Осыған байланысты «көк» түсінің лингвомәдени, когнитивтік және этносемантикалық ерекшеліктерін зерттеу ұлттық бірегейлікті сақтау мен жаңғыртуға бағытталған қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдар үшін аса өзекті және зерттеуді қажет ететін мәселе.

**Зерттеу нысаны.** Зерттеу нысаны ретінде қазақ тіліндегі «көк» концептісін білдіретін тілдік бірліктер таңдалды.

**Зерттеу пәні.** Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты, оның мәдени-тарихи және символикалық мағыналары, сондай-ақ «көк» түсінің концептуалды құрылымы мен семантикалық және когнитивтік ерекшеліктері.

**Зерттеу мақсаты.** Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лексика-семантикалық, когнитивтік және прагматикалық ерекшеліктері, тарихи және мәдени мәні, концептуалдық мазмұны зерттеліп, оның ұлттық дүниетанымдағы орны мен мәдени код ретіндегі маңызы айқындалды. Аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделеді:

1. Концепт ұғымының лингвистикалық аспектілері мен оның тіл мен мәдениет арасындағы байланысы, сонымен қатар түр-түс концептінің лингвомәдени феномен ретіндегі маңызы мен зерттеу бағыттарын қарастыру;

2. «Көк» сөзінің семантикалық трансформациясын талдау арқылы оның мәдени контексттегі рөлін анықтау, сонымен қатар мағыналық, мәдени, символдық қырларын тілдік тұрғыдан жан-жақты зерттеу;

3. «Көк» концептісінің географиялық және мәдени кеңістіктегі семантикалық жүйесін тарихи даму үдерісімен байланыстыра отырып зерделеу;

4. «Көк» концептісінің тарихи, мәдени және этимологиялық бастауын анықтау. Бұл ретте көне деректер мен түркі тілдеріндегі баламалары арқылы

«көк» сөзінің шығу тегі мен мағыналық дамуын зерделеу, «көк» сөзінің семантикалық және ассоциациялық өрісін айқындау.

5. Поэтикалық дискурс контекстінде «көк» сөзінің репрезентациялық қызметін айқындай отырып, оның көркем мәтіндегі концептуалдық мәніне талдау жасау. «Көк» концептісінің ұлттық дүниетанымдағы орны, поэзиядағы семантикалық өрісі, метафоралық, бейнелік және символдық қолданыстарын қарастыру;

6. Ономастикалық кеңістікте «көк» түсінің қолданылуын талдай отырып, оның семантикалық мазмұны мен ұлттық дүниетанымдағы символдық, мәдени-танымдық қырларын айқындау;

7. «Көк» сөзінің мифолингвистикалық табиғатын зерттеп, оның көне дәуірлерден бері қалыптасқан символдық, мифологиялық және мәдени рөлін айқындау;

8. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердегі «көк» түсінің мағыналық рөлін зерттеу арқылы оның мазмұнындағы концептілік өрісті анықтау.

**Зерттеу жұмысының дереккөздері.** Қазақ халық ауыз әдебиетінің мұралары мен көне және ортағасырлық жазба ескерткіштер, белгілі ақын-жазушылардың көркем шығармалары, фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер алынды. Себебі осы дереккөздерде «көк» түсіне қатысты теңеулер, ассоциациялар, метафоралар арқылы оның символдық мәні және қазақ халқының дүниетанымындағы орны көрініс табады. Бұл материалдар «көк» түсіне қатысты ұлттық танымның табиғатын, сондай-ақ оның рухани және мәдени мәнін ашуға мүмкіндік береді.

**Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері.** Тіл біліміндегі антропоэзектілік, тіл мен таным, тіл мен мәдениет мәселелері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде өзектілігін сақтап келе жатқан зерттеу тақырыптары ретінде қарастырылады.

Диссертацияда отандық лингвистер, түрколог пен тарихшылар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Ә. Қайдар, І. Кеңесбаев, С. Қасқабасов, Н. Уәли, М. Жолдасбек, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, А.Б. Салқынбай, Р.А. Авакова, Г.Н. Смағұлова, Б.М. Тілеубердиев, С. Қондыбай, Б. Қалиұлы, С. Исақова, М. Күштаева, А.М. Байғұтова, А. Ислам, Г.Қ. Рысбаева, Ж.Т. Исаева, Ш.Қ. Жарқынбекова, Қ.Қ. Сарекенова, С. Айтқазы, Ж. Қасқатаева, Р. Лауланбекова, Н.Н. Аитова, еңбектері басшылыққа алынды.

Орыс ғалымдары Л.Н. Гумилев, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, В.В. Радлов, А.М. Щербак, С.А. Аскольдов-Алексеев, Д.С. Лихачев, З.Д. Попова, Н.И. Стернин, А.Н. Мороховский, А.В. Вежицкая, М.В. Никитин, Е.С. Кубрякова, В.А. Маслова, В.Н. Телия, түрік ғалымдары N. Bayraktar, Ş. Serkan, M. Özmen, Zh. Otyzбай және т.б. ғалымдардың негізгі теориялық пікірлері мен тұжырымдарын негізге алдық.

М. Қашқари «Диуани лұғат ат түрік», «Древнетюркский словарь», «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі», «Қазақ тілінің тарихи

сөздігі», І.К. Кеңесбаев «Фразеологиялық сөздігі», жалпы редакциясын Т. Жанұзақов басқарған «Қазақ тілінің сөздігі», Э.В. Севортянның «Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские лексические основы на буквы «К» (~«Г») и «Қ» (~«К»)), В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» сөздіктер қолданылды.

Сонымен қатар, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, халық дүниетанымының тілдік көрінісін, ұлттық болмысты бейнелеудегі концепт ұғымының орнын зерттеген ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Атап айтқанда, қазақ және түркі тіл біліміндегі концептология, тарихи семасиология, тілдік сана және символика мәселелерін талдаған зерттеушілердің еңбектері (Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Б. Тілеубердиев, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, А. Байғұтова және т.б.) жұмысымыздың әдіснамалық негізін құрайды.

**Зерттеудің негізгі әдіс-тәсілдер.** Зерттеу барысында теориялық талдау, жинақтау, интерпретациялық, этимологиялық, когнитивтік, концептілік талдау, лексикалық және семантикалық талдау, дискурстық және семиотикалық талдау, этнолингвистикалық, мифолингвистикалық талдау, мәтіндік-корпустық, тарихи-семантикалық, тарихи-салыстырмалы, лингвомәдениеттанымдықмәтіндік секілді зерттеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы барысында «qazcorpus.kz» және «sozdiqor.kz/» дерекқорларымен жүйелі жұмыс жүргізілді.

**Зерттеу жұмысының теориялық маңызы.** Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер қазақ тіл білімінің өзекті бағыттары – лексикология, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану және концептология салаларының теориялық-методологиялық негіздерін тереңдетуге елеулі үлес қосады. Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени мазмұны мен семантикалық құрылымын анықтау арқылы түр-түс атауларының концептуализациясы мен метафоралық семантикасын сипаттайтын тілдік-мәдени механизмдер жүйеленді. Зерттеу нысанына алынған «көк» концептісінің тарихи, мифологиялық және мәдени астарларын зерделеу барысында түркі дүниетанымындағы әлемнің тілдік бейнесі (картина мира) мен символдық сана қалыптасуының ұлттық ерекшеліктері айқындалды.

Зерттеу қазақ тіліндегі лексикалық жүйенің мәдени-семантикалық кеңістігін, оның тарихи эволюциясы мен концептуалды дамуын түсіндіруге бағытталған тың тұжырымдар жасауға негіз болды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қазақ тілінің тарихи лексикологиясы мен этимологиясына, ұлттық-мәдени концептілерді анықтауға қатысты ғылыми зерттеулерді байытып, тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығын зерттеуге бағытталған жаңа теориялық тәсілдерге жол ашады. Жұмыс барысында жасалған тұжырымдар мен пайымдаулар қазіргі заманғы лингвистикалық парадигмалар – когнитивтік және антропоцентристік бағыттардың ғылыми әлеуетін толықтыра түседі.



**Зерттеу жұмысының практикалық маңызы.** Зерттеу жұмысымыздың тұжырымдары мен нәтижелері, этнолингвистикалық түсіндірме, этимологиялық сөздіктерін құрастыруда дереккөз, жоғарғы оқу орынының филология, түркология білім беру бағдарламасы білім алушыларына «Когнитивті лингвистика», «Этнолингвистика», «Лингвомәдениеттану», «Семасиология», «Лексикология» пәндерін оқытуда және аталған бағыттар бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жазуда қосымша материалдар ретінде қолдануға болады.

**Зерттеудің жаңалықтары мен нәтижелері** төмендегі бағыттар бойынша сипатталады:

1. «Көк» концептісі лингвомәдени феномен ретінде қарастырылып, оның тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысы, «көк» түс атауының тарихи даму үрдісі, қазіргі қазақ тіліндегі концептілік мәні, сондай-ақ мәдени кеңістіктегі семантикалық трансформациясы мен ұлттық код ретіндегі орны алғаш рет кешенді түрде зерттелді.

2. Көне түркілік танымнан бастау алатын «көк» лексемасының тарихи даму жолындағы концептілік өрісі айқындалды. Көне түркі және орта ғасырлық жазба ескерткіштердегі «көк» сөзі мен оның мағыналық контексті зерттеліп, оның тілдік құрылым мен мәдени байланыстары анықталды.

3. Поэтикалық дискурс, ономастикалық және тілдік деректер негізінде «көк» концептісінің репрезентациялық қызметі анықталды. Ономастикалық кеңістіктегі «көк» түсінің семантикалық және дүниетанымдық ерекшеліктері нақты мысалдармен дәйектелді. Сонымен қатар, «көк» сөзінің мифолингвистикалық табиғаты зерттеліп, оның көне дәуірлерден бері қалыптасқан символдық, мифологиялық және мәдени мәні ашылды.

4. «Көк» ұғымының түркі және қазақ мифологиясындағы орны, аспан культімен және Тәңірге табынумен байланысы зерттеліп, наным-сенімдердегі қорғаушы және киелі символдық қызметі дәлелденді.

5. «Көк» концептісінің қазақ халқына тән дүниенің тілдік бейнесі ретіндегі когнитивтік болмысы, ұлттық мәдениеттегі рөлі, тілдегі символдық-ассоциативтік өрісі және рухани-танымдық мазмұны анықталды.

6. «Көк» концептісінің этномәдени ерекшеліктері мен танымдық қолданысы жан-жақты талданып, оның халықтың мәдениеті мен рухани дүниесімен тығыз байланысы ашылды. Қазақ тіліндегі «көк» сөзінің тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердегі концептілік өрісі анықталып, тілдік және мәдени құбылыс ретінде маңыздылығы дәлелденді.

### **Қорғауға ұсынылатын түзетілген тұжырымдар**

1. Түр-түс концептісі тіл мен мәдениетті байланыстыратын маңызды лингвомәдени феномен ретінде қарастырылады. «Көк» концептісі қазақ халқының ұлттық дүниетанымындағы мәдени код пен әлем бейнесінің қалыптасуына ерекше ықпал ететін тілдік-танымдық бірлік ретінде сипатталады.

2. «Көк» түс атауының семантикалық трансформациясы мен мәдени мазмұны оның лексика-семантикалық және символдық ерекшеліктерін

айқындайды. Бұл өзгерістер концептінің ұлттық мәдениетпен байланысын нақты көрсетеді.

3. «Көк» концептісінің географиялық-мәдени кеңістікте қалыптасуы мен тарихи дамуы оның қазіргі тілдегі семантикалық өрісін, сондай-ақ геосимволикалық табиғатын түсіндіруге мүмкіндік береді.

4. «Көк» сөзінің тарихи, мәдени және этимологиялық дереккөздері түркілік таным жүйесіндегі көне қабаттарды көрсетеді. Оның мағыналық дамуы мифологиялық түсініктермен сабақтасып, символдық және ассоциациялық өрісінің қалыптасуына негіз болған.

5. «Көк» сөзінің поэтикалық дискурстағы репрезентациясы оның метафоралық, символдық және бейнелік қызметін айқындай отырып, ұлттық дүниетанымдағы эстетикалық-көркемдік концепт ретіндегі орнын көрсетеді.

6. Ономастикалық кеңістіктегі «көк» түсінің қолданылуы қазақ этносының мәдени-танымдық жүйесіндегі символдық мазмұнды бейнелейді және ұлттық дүниетанымның архаикалық рәміздік құрылымдарын айқындайды.

7. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердегі «көк» түсінің ассоциативтік, эмоционалдық және символдық қызметтері этностың тілдік бейнесін құрайтын этномәдени концептілер қатарын толықтырады.

#### **Жұмыстың талқылануы мен жариялануы:**

Скопус мәліметтер базасындағы мақалалары:

1. Zhansaya Pansat, Nurila Khalikova. Semantic Features of Color in Emotional, Expressive Words: The Concept of “Blue” in the Kazakh Language. *International Journal of Society, Culture and Language*, Volume 11, 2, July 2023, P. 85-93. ISSN 2329-2210. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.556420.2676>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – БҒСҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған журналдарда жарық көрген мақалалар:

1. Пансат Ж.М., Мамаева Г.Б., Алкая Е. «Көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» сөздерінің мифолингвистикалық сипаты // *Turkic Studies Journal*. – 2023. – Т. 5. – №3. – Б. 146–160. – ISSN 2664-5157 (print), 2708-7360 (online). DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-146-160>

2. Пансат Ж.М., Исаева Ж.И., Мамаева Г.Б. «Көк» концептісінің эмоционалды концептілерді жасаудағы когнитивті семантикасы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №3 (129). – Б. 135–146. ISSN: 2306-7365 (p), 2664-0686 (e). DOI: <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.10>

3. Пансат Ж.М., Халикова Н.С. Қазақ тіліндегі көк концептісінің лингвомәдени сипаты // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №3 (144)/2023, 34-45 б. ISSN: 2616-678X, 2663-1288 (e). DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-144-3-34-45>

4. Alkaya E., Pansat Zh.M. Etymological basis of the word kök in kazakh language // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы, №2 (84), 2023 ж., 5-12 б. ISSN: 2959-5657

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда:

1. Пансат Ж.М. Космогониялық мифтердегі көк лексемасының мәні // Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2021. «БІ. Алтынсарин және қазақ ағартушылығы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – Б. 143–147. – ISBN 978-601-337-646

2. Pansat Zh.M., Mamayeva G.B., Alkaya E. Cognitive meaning of the word «kök» in the culture of the Kazakh people // Philological Sciences Journal, 2023, Vol.1, N.1, P. 40-55. ISSN: 2959-3212 (p)

3. Алкая Е., Пансат Ж.М. Қазақ тіліндегі көк концептісінің танымдық мәні // «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы. – Қарағанды: ТОО «Типография Арко», 2023. – 122-125 б. ISBN: 978-601-7493-84-4

Диссертациялық жұмыстың қолжазбасы М.О. Әуезов атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде 2025 жылдың (№5 хаттамасында) талқыланып, мақұлданды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# **1 ҚАЗАҚ ЛИНГВОКЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ КОНЦЕПТІЛІК ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

## **1.1 Лингвистикалық зерттеулердегі концепт мәселесі және түр-түс атауларының зерттелуі**

Адамзат тарихының тереңінде тіл тек қарым-қатынас құралы емес, дүниені тану, бейнелеу, сақтаудың және ұрпаққа жеткізудің басты тетігі ретінде қалыптасты. Тіл – адамның әлеммен байланысын реттейтін, ішкі және сыртқы болмыс арасындағы көпір іспетті күрделі құбылыс. Ежелгі дәуірден бастап-ақ адамзат баласы қоршаған ортаны түсіну, оны ұғымдық құрылымдарға бөлу, атау беру және сол арқылы болмысты игеру әрекетін үздіксіз жүргізіп келеді. Аталған әрекет – тіл мен ойдың және мәдениеттің ажырамас бірлігінде жүзеге асатын күрделі танымдық процесс. Ғылым дамуының бастапқы кезеңінен-ақ тіл мен болмысты бір-бірінен бөле қарастыру мүмкін болмады. Философия, логика, метафизика сияқты ілімдер тілдік құрылымдарды болмыстың көрінісі ретінде қарастырды. Ежелгі ойшылдардан бастап, барлық философиялық жүйелер тілдің адам танымындағы орнына ерекше мән берді. Өйткені тіл – тек сыртқы құбылыстың атауы ғана емес, сонымен бірге олардың санадағы бейнесі мен мәндік формасы. Тілсіз таным үдерісі мүмкін емес, ал танымсыз болмыс өз мәнін толық айқындай алмайды. Когнитивтік парадигма тұрғысынан алғанда, тіл – таным үдерісінің жүзеге асуын қамтамасыз ететін негізгі генеологиялық құрал. Тілсіз таным жүзеге аспайды, өйткені ол ойды концептуалдаудың негізін құрайды. Ал танымсыз болмыс өз мәнін жоғалтады, себебі болмыстың мәндік сипаты адам санасында тек тілдік-танымдық құрылымдар арқылы ғана бейнеленеді.

Концепт – адамның ойлауында, тілінде және мәдени тәжірибесінде қалыптасатын кешенді танымдық бірлік. Оның құрылымы мен қызметі бірнеше аспектілер арқылы зерттеледі, әр аспект концепттің мәнін, көрінісін және қолданылуын терең түсінуге мүмкіндік береді. Когнитивтік аспект концепттің менталдық құрылымымен және ойлау үдерісімен байланысын қарастырады. Ол адамның қоршаған орта туралы білімін жүйелеу, абстракция жасау және қорытындылау қабілеттерінде концепттің рөлін көрсетеді. Лингвистикалық аспект концепттің тіл арқылы көрініс табуын зерттейді. Бұл аспект концепттің сөздер, тіркестер және сөйлемдер арқылы берілуін, олардың морфо-синтаксистік құрылымын және тілдік көрінісін талдауға бағытталған. Мәдени аспект концепттің әртүрлі мәдени контексте қабылдануы мен интерпретациясын зерттейді. Бірдей концепт әр ұлтта әртүрлі символикалық мәнге ие болуы мүмкін, бұл ұлттық ойлау ерекшеліктерін, дәстүрлерді және мәдени стереотиптерді көрсетеді. Әлеуметтік аспект концепттің қоғамдағы рөлі мен мәнін қарастырады. Бұл аспект әлеуметтік нормалар, дәстүрлер және қоғамдық құндылықтар арқылы концепттің қолданылуын түсіндіреді. Философиялық аспект концепттің абстрактілік, идеалистік және метафизикалық қырларын зерттейді.

Уақыт өте келе тіл ғылымы өз алдына жеке сала ретінде дамыды, алайда тіл мен болмыстың өзара байланысы, сөз бен сана арақатынасы мәселелері тіл білімінде, философияда, психология мен мәдениеттануда өзектілігін ешқашан жойған емес. XX ғасырда бұл мәселе жаңа ғылыми парадигмалардың аясында жаңаша сипат ала бастады. Структурализм, постструктурализм, герменевтика, семиотика және когнитивтік лингвистика сияқты ғылыми бағыттар тіл мен ойдың, тіл мен мәдениеттің, тіл мен болмыстың өзара сабақтастығын жаңа қырынан қарастырды. Бұл бағыттар тілдік бірліктердің артында жатқан ұғымдық-менталдық құрылымдарды, яғни концептілерді, негізгі зерттеу нысаны ретінде айқындады. Концепт – бұл жай ғана ұғым емес, ол – адамзаттың әлеммен өзара қарым-қатынасын тіл арқылы жүзеге асырудың танымдық-мазмұндық формасы. Осындай күрделі ұғымды алғаш рет жүйелі түрде қарастырып, түркі әлемінде тілтану ғылымының негізін қалаған тұлға ретінде Махмұд Қашқаридің есімі ерекше орын алады. Ол түркі әлемі үшін ғана емес, жалпы түркітану мен тілтану ғылымының дамуына зор үлес қосқан ғұлама. «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі тек лексикографиялық еңбек ғана емес, сонымен қатар тіл мен таным байланысын тереңінен көрсететін тұңғыш ғылыми-танымдық еңбек. «Түрік жұртының бай тарихи, географиялық жағдайы, әдебиеті мен өнері, этнологиялық ерекшеліктері «Түрік сөздігінде» барынша нақты тарихи-деректілік сипатпен танылған» [1, б. 17]. М. Қашқари өз еңбегінде тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтың дүниетанымы мен рухани өмірінің көрінісі екенін көрсетті.

М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» тіл мен болмыстың өзара байланысын дәлелдейтін танымдық тұрғыдан аса құнды материал. Бұл еңбекте алғаш рет түркі әлемінің картасы жасалған. Ол карта географиялық ғана емес, танымдық жағынан да маңызды дерек көз. Себебі ол түркі халықтарының кеңістікті қабылдауын, өзін-өзі тануын және басқа ұлттармен қарым-қатынасын тіл арқылы бейнелеген еңбек. М. Қашқаридің еңбегінде тіл ұлттың мәдени санасы мен ойлау жүйесінің негізі ретінде қарастырылып, қазіргі когнитивтік лингвистикада кеңінен зерттелетін негізгі бағыттармен үндесті. Оған мысал еңбектегі жинақталған метафоралық қолданыстар, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер. Аталған еңбек – түркі тілдерінің тарихи дамуы мен құрылымын ғана емес, сонымен бірге түркі халықтарының танымдық жүйесін, дүниеге көзқарасын, менталитетін сипаттайтын аса құнды ғылыми-танымдық мұра.

М. Қашқари негізін қалаған тіл мен болмыстың өзара байланысы, тіл арқылы халықтың дүниетанымын тану идеясы қазақ тіл білімінде XIX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде өз жалғасын тапты. Ғалымның «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауынша, қиялдың меңзеуінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» [2, б. 154] деген тұжырымы тілдің тек қатынас құралы емес, адамның ішкі рухани әлемін, ойлау жүйесін, сезімін дәл жеткізетін күрделі құбылыс екенін айқындайды. Бұл пікір тілдің табиғатын жан-жақты түсіндіре отырып, оның ой мен қиялды, көңіл күйді бейнелеудегі шексіз мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. А. Байтұрсынұлы – қазақ

тіл білімінің теориялық негізін қалаушы ғана емес, сонымен бірге тілді ұлттың рухани болмысының көрінісі ретінде қарастырған ғалым. Ол өзінің «Тіл – құрал» сияқты еңбегінде тілді тек грамматикалық құрылым ретінде емес, ұлттың ойлау жүйесі мен танымын бейнелейтін құбылыс ретінде сипаттады.

XX ғасырда ұлттық тіл білімі ғылымының даму, жүйелену тарихына ерекше үлесін қосқан ғалымдардың бірі – Қ. Жұбанов болатын. Ғалым тіл теориясы мәселелерін тереңінен қарастырып, қазақ тіл білімінің әр түрлі салалары бойынша іргелі тұжырымдар жасады. Ғалым тіл білімін зерттеуде лингвомәдениеттанымдық аспектілерге назар аударып, тілдік бірліктер құрамындағы мәдениет деректерін айқындаудың ғылыми-теориялық негіздерін қалыптастырды. Қ. Жұбановтың тіл мен мәдениеттің өзара байланысы жөніндегі ой-пікірлері бүгінгі таңда лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негіздерінің бірі ретінде бағаланады. «Тілдің тарихын білу деген сөз – оның өніп-өскен жолын білу деген сөз. Демек, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын, оған неге ұшырағанын білу керек. Бұрынғы білу жай әшейін мақсат емес, тілді меңгерудің бір амалы. Біз тілді меңгеріп болғанымыз жоқ, толық меңгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз» [3, б. 120] деп, тіл тарихын зерттеу арқылы тілдің дамуы мен өзгерісін түсіну, тілдік білімді тиімді пайдалану және оны жүйелі дамыту қажеттілігін атап көрсететінін дәлелдеді.

А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбановтан кейін тіл мен таным арасындағы байланысты зерттеу қазақ тіл білімінде жаңа кезеңге өтті. Олардың ілімдері қазақ тілінің құрылымдық жүйесін, семантикалық және прагматикалық аспектілерін терең түсінуге, тіл мен ой, мәдениет арасындағы өзара байланыстарды ғылыми тұрғыда зерттеуге негіз қаланды. Қазақ тіл білімі саласында К. Аханов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, Ә. Қайдар, Т. Қордабаев, Ш. Сарыбаев, Ғ. Мұсабаев, Ғ. Айдаров, М. Балақаев, І. Кеңесбаев, Т. Қордабаев, Ә. Хасенов, Е. Жанпейісов, Р. Сыздық, Т. Жанұзақ, М. Серғалиев, Ә. Айтбаев, Б. Сағындықұлы т.б. сынды ғалымдардың еңбектері тілтанымдық зерттеулердің дамуына зор үлес қосып, қазақ тілінің құрылымдық жүйесін, тарихи даму арналары мен тіл теориясына қатысты маңызды мәселелерін жан-жақты қарастыруға негіз болды. Қазақ тіл білімінің танымдық бастауын жан-жақты зерттеген ғалым Ә. Қайдар тіл әлемі мен этнос болмысын үйлесімділікпен ұштастыра қарастырады. «Тіл – қоғамдық қарым-қатынастың ең басты құралы. Тіл ақпаратты сақтау, жеткізу және өңдеу қызметін де атқарады. Болмыстың негізі тіл арқылы атауға ие болады және ол тілде бейнеленеді. Тіл – қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге адамзат ақыл-ойының қайнар көзі, үнемі дамып, толығып отыратын үзілмес қоры» [4, б. 9]. Ә. Қайдардың еңбектері тілдің шығу тегі мен қызметін адам, ойлау, таным, халық, қоғам ұғымдары негізінде қарастырып, соның нәтижесінде тіл мен танымның бірлігін зерттейтін жаңа бағыттар қалыптасып, когнитивтік және этнолингвистикалық қағидалар дамыды.

Соңғы ғасыр ширегінде тіл біліміне қатысты зерттеулерде антропоцентристік бағыт, әсіресе лингвомәдени парадигма кеңінен танылып,

көптеген ғалымдардың назарын аударды. Қазақ тіл біліміндегі көптеген ғалымдар – Ж. Манкеева, Н. Уалиұлы, Г. Смағұлова, Б. Тілеубердиев, Э. Сүлейменова, А. Алдашева, С. Сатенова, Ф. Оразбаева, Г. Сағидолда, Б. Момынова, Г. Қосымова, А. Салқынбай, Б. Қасым, Р. Авакова, А. Ислам басқа да зерттеушілер тіл мен танымның өзара байланысын антропоцентристік тұрғыдан, яғни адамның тілдегі көрінісі мен мәдениет арқылы танымын зерттеді.

Мәдени лексиканың ұлттық сипатын ашып көрсеткен ғалым Ж. Манкеева: «...әр халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажетті бұйымдары, әдет-ғұрыптары, салт-санасы, талғамы т.б. қазақ тілінде сақталып, тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады» [5, б. 43] деп, тұжырымдайды да, тілдің ұлт мәдениетін сақтаушы және жеткізуші қызметін айқындаған. Ғалым сонымен қатар «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты еңбегінде қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негізін талдап, олардың ұлттық дүниетанымды, мәдени құндылықтарды және халықтың когнитивтік тәжірибесін бейнелеудегі орнын айқындады. Осы еңбегінде автор тіл біліміндегі лингвомәдениеттану саласының өзегін тіл мен мәдениеттің байланысы құрайтынын атап өтеді. «Тіл – сол тілді тұтынушы этностың бүкіл рухани, тарихи-мәдени байлығының асыл қазынасы, тарихи-мәдени ақпаратты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, сақтаушы, іске асыраушы және қайта құрушы құрал» [6, б. 474] деді. Ғалымның еңбектері қазақ тіліндегі мәдени және этномәдени лексиканың ұлттық сипатын, сондай-ақ этномәдени атаулардың танымдық негіздерін зерттеуге арналған. Ғалым тілді зерттеудің рухани-танымдық бағытын зерттей келе, «Ежелгі тіл білімі заманнан бері анықталып келе жатқан оның ең негізгі мәселесі – тіл мен ойдың байланысы. Ал, тіл арқылы берілетін ойдың ар жағында сол тілде сөйлеушінің танымы, мәдениеті, психологиясы, өмір тәжірибесі т.б. рухани-прагматикалық жүйесі жататыны белгілі. Демек, тіл қызметін сол тілде сөйлеушінің жан-жақты қызметі мен болмысынан тыс қарау мүмкін емес. Ал, ол қызмет тілдің ұжымдағы коммуникативтік қызметімен ғана шектелмейді. Тілдік ұжымда тіл коммуникативті-прагматикалық қызметпен қатар танымдық, құжаттық (кумулятивтік) т.б. қызметтерді де атқарады» [7, б. 8]. Ж. Манкеева тілдің табиғатын кең мағынада түсіндіре келе, тілді тек сөйлеу мен ойды жеткізу құралы ғана емес, ұлттың рухани әлемін, мәдениетін, тарихын және танымын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін маңызды рухани жүйе екендігін атап өтеді.

Н. Уали қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттың ерекшеліктеріне қатысты пікір білдіріп, концепт адам санасында негізінен сезімдік-объектілік бейне ретінде қалыптасатынын айтады. Ғалымның пікірінше, концептінің мазмұны кеңейіп, жаңа мағыналық белгілермен толықтырылады. Концепт табиғатын терең зерттей отырып, концептуалды талдау арқылы сөз жаңа мағынаға ие болып, осы процесте объектілер туралы жаңа мәліметтер алуға болады. Кешенді толыққанды зерттеулердің кезек күттіріп тұрған бағыт

ретінде көрсетіп, аталған мәселенің өзектілігі мен шешім табуы қажеттілігін білдіреді. Осыған байланысты, тілдің ақыл-ой материализмі аспектілерін зерттеу – басты мәселелердің бірі екендігін айтады [8]. Ол өзінің «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» [9] атты монографиясында сөз мәдениетін тілдік аспектімен қатар, коммуникативтік-прагматикалық, когнитивтік және лингвомәдениеттік, этникалық және лингвоэкологиялық тұрғыдан қарастырады.

Профессор Б.М. Тілеубердиев өзінің «Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері», «Қазақ ономастикасының когнитивтік лингвоконцептологиялық негіздері», «Поэтикалық мәтінді лингвоконцептологиялық тұрғыдан талдау», «Ономастика: ұлттық-мәдени ерекшеліктері», «Эпикалық жырлардағы ономастикалық концептілердің вербалдануы» еңбектерінде концепт пен ұғым (ұғым «ұғымдық ой», білімдік ұғым) арасында айырмашылық бар екендігін атап өтеді. Ғалым концепт ұлттық таным мен мәдениетті бейнелейді дей келе, «концепт ұғымын адамның әлем туралы өз бойына жинақтаған мәдени түсініктерін бейнелейтін ғаламның тілдік бейнесі ретінде танимыз» деген тұжырым айтады [10, б. 85]. «Концептіні лингвомәдени тұрғыдан түсіну кезінде, ең алдымен концептінің этномәдени ерекшелігі аталып өтіледі. Сондай-ақ, концепт өзінің әрекетке асырылуының бүтін бір тобымен тиісті лексика-семантикалық парадигма жасайтын мәдени түрде таңбаланған ауызша мағынасы, тіл арқылы айтылатын және этномәдени ерекшелікте таңбаланған ұжымдық білім бірлігі» [10, б. 85]. Ғалымның «Поэтикалық мәтінді лингвоконцептологиялық тұрғыдан талдау» еңбегінде концепт ұғымына берілген тұжырымдар мен зерттеулерді сараптай отырып, «концепт – санада қалыптастатын логикалық болмыс», «концепт – адамның өмірлік тәжірибесі мен ұлттық тәжірибедегі бейнелер (таңбалар) жиынтығы», «концепт – ақиқат дүниенің мәдени бейнесі» деп оның қалыптасуы мен танылуының басты бірнеше қағидаларын атап өтеді [11, б. 10]. Концепт ақиқат болмысты танымда жинақтайтын күрделі саналық құрылым ретінде түсіндіріліп, оның лингвомәдени бірліктен айырмашылықтары ғылыми сипаттамада негізделеді.

Лингвист Г. Смағұлова өз еңбектерінде тілдің тек қарым-қатынас құралы емес, сонымен бірге ұлттың танымдық және мәдени жадын сақтайтын негізгі арна екеніне назар аударады. «Тіл білімінде қазақ ұлтының таным парасатын, жарық дүниені танудағы көркемдік көкжиегін, ой-қиялын жаңа ғасыр табалдырығында тұрған жас буын, келер ұрпақ алдында ұлттық мәдени ерекшеліктерін өз жасаған тілі арқылы зерделеу – ең маңызды мәселе» [12, б. 8]. Г. Смағұлова кез келген ұғым не сөз концепт бола бермейтіндігін атап өтіп, ол үшін ұғымдық саты толығып, концептілік дәрежеге көтерілуі керектігін айтады. «Сондықтан кез келген ұғым, сөз концепт бола бермейді. Концепт болу үшін белгілі бір ұғымға қатысты ұлттың мәдени көрсеткіші болатын тілдік дерек – лексика-семантикалық тақырыптық топ, сондай-ақ, менталдық мінездемені қажет ететін және философиялық мазмұнды, логикалық бағдары бар ұжымдық білім көрсеткішіне негізделген күрделі құрылымды бірлік болу



керек» [13, б. 51]. Г. Смағұлова концептің тек сөз немесе ұғым емес, ұлттық мәдениет пен ұжымдық таным арқылы қалыптасатын күрделі когнитивтік құрылым екенін көрсетеді.

Ал профессор А. Салқынбайдың тұжырымдауынша, тіл – қарым-қатынас қызметімен шектелмейтін, адамзаттың дүниені тану жолын, саналық құрылымын, ойлау тетіктерін өрістетіп, мәдени-әлеуметтік кеңістігін айқындайтын терең табиғаты бар құбылыс. «Әлем бейнесінің бүкіл көрінісі мен қоғамдық сана қалыптастырған ұғымдарды бейнелейтін тіл – адамзат танымының феномені. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамзат дүниетанымын ойлауды, сананы қалыптастырып, дамытуға қызмет ететін күрделі құбылыс» [14, б. 3]. Ғалым сөздің мағынасы мен қалыптасу үдерісі тілдің танымдық және коммуникативтік қызметімен тығыз байланысты екендігін айтады.

Ғалымдар арасында Б. Қалиұлы мен С. Исакованың қазақ тіліндегі концепт ұғымының лингвомәдени аспектілерін зерттеген еңбектерін ерекше атауға болады. Өз еңбектерінде ғалымдар тілдің әлемдік бейнесін концептуалдық талдау негізінде ашып көрсетеді. «Концепт – дүниені/әлемді, ақиқат болмысты (шындықты) адам санасында (миында) бейнелейтін когнитивтік бірлік» [15, б. 19]. Б. Қалиұлы мен С. Исакова өз еңбектерінде когнитивтік тіл білімі жүйесінің тұтас бірлігін көрсетеді. Танымдық тіл білімі – адамның санасында таным теориясы негізінде қалыптасқан тілдік бірліктердің жүйесі. Ғалымдардың пікірінше, когнитивті құрылымдар (концепттер, фреймдер, гештальттар және т.б.) арқылы тіл білімін жүйелейді. Олар, объективті реалды әлемнің бейнесі санада бар екендігін дәлелдеп, осы негізде концепт когнитивті тіл білімі бойынша вербалданған құралдармен байланысты екендігін айтады.

М. Күштаева «Этномәдени концептінің семантикалық құрылымы мен этномәдени мазмұны» еңбегінде этномәдени концептіні тіл мен мәдениеттің өзара байланысы ретінде қарастырады. Ғалымның тұжырымдауынша, концептінің семантикалық құрылымы негізгі мағыналық ядро, кеңейтілген мағыналық өріс және мәдени контексттен тұрады. Этномәдени концептіге дәстүрлер, наным-сенімдер, тарихи оқиғалар мен тұрмыс-салттар кіреді. «Концепт» «ұғымнан» тек қана сөздің таяныш боларлық менталды түсінігінен ғана емес, сонымен бірге әмбебап мәдени түсінік ретінде де ажыратылады [16, б. 41]. Сондықтан концепт ұғымға қарағанда тереңірек семантикалық, мәдени және символдық өрісті қамтиды.

«Концепт» теориясы лингвистика ғылымында көптеген зерттеулердің негізгі объектісіне айналып, әртүрлі әдіснамалық бағыттарда – лингвомәдени В.И. Карасик, Г.Г. Слышкин, С.Г. Воркачев, когнитивті құбылыс ретінде, Е.С. Кубрякова, З.Д. Попова, И.А. Стернин, психолингвистикалық В.Я. Мыркин, А.А. Залевская, мәдени Ю.С. Степанов, логикалық Н.Д. Арутюнова, Р.И. Павилёнис, семантикалық және когнитивтік талдау тұрғысынан Е.С. Кубрякова, Н.Н. Болдырев, Е.В. Рахилина және басқалары әр түрлі қырынан зерттеді. Ғалымдардың пікірлері мен зерттеулері концептінің

саналы құрылым екенін, оның тілмен ғана емес, мәдениетпен, жеке тұлғаның ішкі дүниесімен және қоғамның психологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланыста екенін көрсетеді.

С.А. Аскольдов-Алексеевтің зерттеулерінде «Концепт – санадағы актілерді мазмұны» деп концепттің мәні мен функциясын барынша кең айқындайды [17, б. 29]. Д.С. Лихачевтің пікірінше, концепт сөздің мағынасынан тікелей туындамайды, ол сол сөздің жалпы мәнімен қоса, адамзаттың жеке тәжірибесіне, қоғамдағы орнымен және мәдени контексте түсіндірілетін мағыналық құрылым. «Концепт тілдің ішкі құрылымында ғана емес, сонымен қатар адамның психологиялық және мәдени болмысында да маңызды рөл атқарады, себебі ол индивидтің және ұлттың дүниетанымын қалыптастырады» [18, б. 7]. Ал белгілі лингвисттер З.Д. Попова мен И.А. Стернин концепт ұғымын адамның танымдық құрылымында көрінетін мәдени, психологиялық және логикалық білімдер жиынтығы ретінде қарастырады. Олар концепт тек тілдік немесе мәдени құбылыс емес, ойлау жүйесінің құрылымдық бірлігі деп таниды [19, б. 40]. А.К. Мороховский еңбектерінде концепт ұғымының қалыптасуы тілдік бірліктердің семантикалық мазмұнына негізделіп түсіндіріледі. Ғалым тілдік бірліктерді семантикалық сипатына қарай үш топқа бөліп қарастырады: 1. Мәдени мәнге ие сөздер; 2. Ғылыми терминдік сипаттағы сөздер; 3. Идеологиялық бағытты білдіретін сөздер [20, б. 55]. Осы көзқарастарды жинақтай келе, концепт – тілдік бірліктердің семантикалық мазмұнына сүйенетін, әрі адам санасындағы мәдени, психологиялық және логикалық білімдерді біріктіретін танымдық құрылым деген қорытынды жасауға болады.

Концепттің мәдениет пен тілдегі әртүрлі көріністерін түсінуде Е.С. Кубрякованың ғылыми тұжырымдамасы төрт түрлі қағидаларға негізделеді. Олар, жылдам қалыптасуы және мәдени көзқарастарға негізделуі; адамның әлеуметтік және мәдени контекстегі іс-әрекетін көрсетуі; тұрақты инвариантты өзектің болуы, бірақ мазмұнының өзгеруі; мәдениет пен қоғам өзгерістеріне икемді бейімделуі [21]. Ғалым концепттің мәдени әрі тілдік құбылыс ретінде динамикалық, әлеуметтік контекстке тәуелді және мәдени өзгерістерге бейімделгіш күрделі танымдық құрылым екенін айқындайды.

Концепттің құрылымы қазіргі ғылымда маңызды мәселеге айналғанымен, оның нақты шекарасы белгісіз, әрі күрделі сипатқа ие. З.Д. Попова мен И.А. Стернин концепт құрылымын үш типке бөледі: бір деңгейлі (тек сезімдік ядро), көп деңгейлі (бірнеше когнитивтік қабаттар) және сегментті (ядроны бірнеше маңыздылығы тең сегмент қоршайды) [20, б. 40].

А.В. Вежбицкая концептті былай анықтайды: «Концепт – идеалдық әлемге тән, атауы бар адамның шындық туралы мәдени негізделген түсініктерін бейнелейтін менталдық құрылым» [22, б. 79]. М.В. Никитин концепт терминін таңба арқылы танылған ұғым деп анықтама береді [23, б. 150]. Ю.С. Степанов, С.Г. Проскурин концептіні көпқабатты құрылым ретінде қарастырады. Ол үш негізгі компонентті ажыратады: 1) өзектік (актуалды) белгі; 2) пассивті, тарихи белгілер; 3) ішкі форма, яғни концептінің терең

деңгейі, ол көбінесе сыртқы формада көрініс табады [24, б. 14]. Осы пікірлерді қорытындылай келе, концепт – адам санасында қалыптасатын, мәдени негізделген түсініктерді жинақтайтын, таңба арқылы танылып, өзектік, тарихи және терең ішкі қабаттардан тұратын күрделі менталдық құрылым деген тұжырым жасауға болады. В.А. Маслова концептті эмоциялық қатынаспен сабақтас рухани құрылым ретінде таныса [25], В.Н. Телия оны нақты білімнің идеалдық жүйеге өту тетігі деп сипаттайды [26, б. 97].

Қазақ ғалымдарының еңбектерінде концепт этнос дүниесін танудың тілдік тәсілі ретінде қарастырылып, оның когнитивтік, этномәдени және поэтикалық қырлары кешенді талданады. А.М. Байғұтова «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты» [27] атты кандидаттық диссертациясында «қазақ әйелі» концептісін этномәдени код ретінде зерделеп, ұлттық дүниетанымдағы әйел болмысының концептілік өрісін айқындайды. Бұл зерттеу концептінің гендерлік сипаттағы мәдени моделі бар екенін дәлелдейді. А. Исламның «Тілдік дүние суреті: «концепт» және «ұғым» [28] атты зерттеуінде концепт пен ұғымның арақатынасы нақтыланып, концепт ұлттық тілдік санада жинақталған мәдени ақпаратты жеткізуші когнитивтік құрылым ретінде анықталады. А.Б. Әмірбекованың «Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері» [29] атты зерттеуінде поэтикалық мәтіндердегі концептілердің вербалдану ерекшеліктерін айқындап, олардың көркем дискурстағы символдық және эстетикалық қызметін көрсетеді. Бұл бағыт концептінің статикалық емес, поэтикалық кеңістікте үнемі жаңарып отыратын динамикалық табиғатын дәлелдейді. Г.Қ. Рысбаева, Ж.Т. Исаева, Ғ.Ж. Тұңғышбаеваның «Ғаламның тілдік «культ» концептісі» [30] мақаласында «культ» концептісі сакралдық-мәдени феномен ретінде сипатталып, оның семиотикалық өрісі мен мифологиялық модельдермен байланысы ғылыми негізде талданады.

Қазақ ғалымдары концептіні тілдегі семантикалық құрылым ғана емес, ұлттың ұжымдық санасын танытатын мәдени код ретінде сипаттайды. Осы бағытта Б.К. Олжабаев мен А.Ш. Пангереев «Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі «туған жер» концептісі» [31] зерттеуінде түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі «туған жер» концептісін талдап, оның географиялық ұғымнан бөлек, қасиетті кеңістік, ата-баба рухымен байланысты сакралдық мәнге ие этномәдени құндылық екенін дәлелдейді.

Түр-түс атаулары – адамзат дүниетанымының ең көне әрі маңызды танымдық категорияларының бірі. Олар тек заттың сыртқы қасиетін білдірумен шектелмей, халықтың мәдениеті мен ойлау жүйесінің, рухани-мифологиялық түсініктерінің көрінісін айқындайды. Ғасырлар бойы қалыптасқан түстік ұғымдар адам санасында ерекше. Әрбір түстің ұлттық-мәдени мағынасы қалыптасып, олар мәдени кодқа айналады. Түстер мәдени және эмоциялық ұғым ретінде тілдік жүйеде концепт ретінде орнығады.

«Түр-түс» концептісін зерттеу қазіргі тіл білімінде когнитивтік, лингвомәдени, семиотикалық тұрғылардан қарастырылып, адамның әлемді танудағы перцептивтік тәжірибесін, мәдени жадын және символдық ойлау

жүйесін ашуға бағытталады. Түр-түс атауларын зерттеу тіл білімі тарихында қашанда ғалымдардың назарын өзіне аударған мәселе. Әрине бұл бағыттағы зерттеулер М. Қашқаридің еңбегінен бастау алады. М. Қашқари түр-түс атауларына ерекше мән беріп, тілдік, мәдени және этнографиялық тұрғыдан жан-жақты талдаған. Кейіннен қазақ тіл білімінде бұл атаулар отандық Ә. Қайдар, Қ. Қайырбаева, Б. Өмірбеков, Б. Хасенов, Н. Айтова, Ш.К. Жарқынбекова, Г. Смағұлова, Р.Т. Лауланбекова, Ж.А. Каскатаева, Ғ. Сыздықова, С. Айтқазын, Ғ. Хасанов, Ж. Калымбетова, Л. Шанбаева, З. Ахтамбердиева, Ұ.Б. Серікбаева, Қ. Саркенова, Ф. Ахметжанова, Қ. Қайырбаева, Р.Е. Бекешева, Ж. Отызбай т.б., секілді ғалымдардың зерттеу объектісіне айналды.

Түр-түс атауларын түркітану саласы бойынша зерттеулер түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикасы мен лексикасын қамтиды. Бұл бағыттағы маңызды еңбектерге А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, А.М. Щербак т.б. еңбектерді атауға болады. Олар түр-түс атауларын түркі тілдерінің құрылымын, фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде зерттеген. Қазақ тіл білімінің жалпы және жеке мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулер қазақ тілінің лексикалық, семантикалық және когнитивтік ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Осы бағытта Ә. Қайдар, Т.Р. Қордабаев, Ш.К. Жарқынбекова т.б. ғалымдарды өнімді еңбек етті.

Түр-түс атауларын зерттеу көптеген ғалымдардың назарын өзіне аударған. Айталық американдық лингвисттер В. Berlin мен R. Kay «Basic Color Terms» [32] атты зерттеулерінде түр-түс атауларының когнитивтік және мәдени факторлармен тығыз байланысты екендігін анықтаған. Түр түстердің ұлттық ерекшелігін И.В. Макеенко [33], этимологиясын Е.В. Розен [34] т.б. зерттесе, түркі тілдеріндегі түр-түс атауларының семантикасын алғаш рет А.Н. Кононов «Семантика цветообозначений в тюркских языках» [35] атты еңбегінде, Э.В. Севортян «Этимологический словарь тюркских языков» түр-түстер [36] түр-түстер атауларының түркі тілдерінде қолданысы мен бірнеше мағынасына этимологиялық түсінік берген. Лингвист В.В. Радлов «Опыт словаря тюркских наречий» [37] атты сөздігінде түркі тілдерінегі ортақ түр-түс атаулары туралы түсінік берген.

Академик Ә. Қайдар, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» атты еңбегінде: «түр-түс көрінісін бағдарлау арқылы қабылдауды зерттеу – психология, физиология, эстетика және өнертану ғылымдарының міндеті» [38, б. 7] деп пікір білдірді. Ғалымдар психология қабылдау ерекшеліктерін, физиология көру процестерін, эстетика мен өнертану рендік үйлесімнің мәндік қырларын түсіндіретін атап өтеді.

Н. Айтова «Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы» атты зерттеуінде түр-түс атауларын когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастырып, олардың символдық, ассоциативтік және мәдени-танымдық мәнін ашады. «Түр-түс – адамның өмір сүру әлемі. Түсті тану визуалды түрде жүзеге асатындықтан, ол ең алдымен адамның сезім

мүшелеріне тікелей қатысты» [39, б. 14]. Біздің түйгеніміз бойынша, автор жалпы түр-түстер арқылы халықтың эстетикалық талғамы мен дүниетанымдық ерекшеліктерін тануға болатынын негіздейді. Р. Лауланбекова «Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты» [40] атты диссертациясында түстер компоненттерімен байланысқан күрделі атаулардың когнитивтік ерекшеліктерін зерттеген.

Ш.К. Жарқынбекова «Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках» [41] атты зертеуінде қазақ және орыс тілдеріндегі түстердің концептуалдық бейнеленуін салыстырмалы түрде қарастырып, олардың тілдік ойлау құрылымындағы рөлін ашып көрсетеді. Г. Смағұлова «Түсіндірме сөздік: түр-түс атаулары мен реңктері» [42] түр-түс атауларының мағыналық және семантикалық ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөліп, олардың қазақ тіліндегі жүйесін жан-жақты зерттейді. Ж.А. Каскатаева «Түр-түс атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі ортақ және ұлттық ерекшеліктер (қазақ, неміс, ағылшын тілдерінің материалдары негізінде)» [43] атты зертеуінде түстердің лексика-семантикалық өрісін салыстырмалы талдау арқылы жалпыға ортақ және ұлттық ерекшеліктерін анықтайды. Ал С. Айтқазы «Түр-түс концептісінің лингвомәдени табиғаты» [44] атты зертеу жұмысы түстердің мәдени және этнолингвистикалық рөлін қарастырады, олардың халық дүниетанымы мен тілдік санадағы орнына назар аударады. Сонымен қатар, Ж. Калымбетова «Фразеологизмы с компонентами цветообразования в казахском языке» [45] зертеуінде қазақ тіліндегі түстік компоненттері бар фразеологизмдердің семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін талдайды.

Л. Шанбаева «Функционалды-семантикалық өріс (түр мен түс материалдары негізінде)» [46] атты кандидаттық диссертациясында қазақ тіліндегі түр мен түске қатысты лексемалардың функционалды-семантикалық өрісін кешенді түрде қарастырады. Қ.Қ. Саркенова «Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің құрамында келетін түр-түс атауларының концептілері» [47, бб. 126-130] атты мақаласында қазақ тіліндегі фразеологизмдердің құрамында кездесетін түстердің концептуалдық мәнін анықтап, түстердің фразеологиялық бірліктердегі семантикалық рөлі, мәдени-когнитивтік аспектілеріне тоқталады. Ф. Ахметжанова мен Қ. Қайырбаева «Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері» [48] атты еңбектерінде қазақ тіліндегі түстерге қатысты тұрақты сөз тіркестерін жинақтап, олардың семантикалық ерекшеліктерін талдайды. Талдау барысында тіркестердің қолдану саласы, мағыналық құрылымы, тілдік жүйедегі орны қарастырылады.

Зерттеулердің арасында Ж. Отызбайдың 2016 жылы профессор Мелек Эрдемнің жетекшілігімен Анкара университетінде қорғаған «Türk Kavram Sisteminde Renkler» («Түрік ұғым жүйесінде түстер») [49] атты диссертациялық зертеуін қоспай кетуге болмайды. Өз зертеуінде Ж. Отызбай түрік тіліндегі түс атауларының лексика-семантикалық және мәдени-концептуалдық ерекшеліктерін қарастырды. Бұл еңбек түркі

тілдеріндегі түр-түске қатысты мағыналық жүйе мен танымдық ерекшеліктерді зерттеуге елеулі үлес қосады.

Түрік ғалымы Nesrin Bayraktarдың «Kara ve siyah renk adlarının türkçedeki kavram ve anlam boyutu üzerine» [50] атты зерттеуінде «Kara» және «Siyah» түсіне байланысты семантикалық және концептуалдық талдау жасалынған. Автор екі түстің атауларының бір-бірімен қаншалықты сәйкес келетінін, яғни олардың мәндік өрістерінің қай жерде қиылысып, қай жерде ерекшеленетінін анықтаған. Түрік ғалымы Serkan Şen «Eski Türkçede gök ile yerin adlandırılışında renklere dayalı deyim aktarmalarından yararlanma ve «kara» sözcüğünün kökeni üzerine» атты зерттеу еңбегінде «көк» және «жер» ұғымдарының ескі түрік тіліндегі қолданысын идиомалар арқылы берілуін талдайды [51]. Mehmet Özmen «Türkçede Renkleri Adlandırma Sorunu» атты мақаласында түрік тілінде түстердің қалай аталатынын және олардың тілдік құрылымдағы рөлін зерттейді. Ғалым түстердің атауларының қалыптасу процесіне және олардың тілдік жүйедегі орнына назар аударады [52, б. 81-93]. Serkan Şen мен Mehmet Özmen зерттеуі түрік тіліндегі түстердің тарихи, семантикалық және құрылымдық қырларын жан-жақты ашып, түстердің концептуалдануы, олардың көпқырлы реңктік жүйесі және тілдік құрылымдағы орны танымдық үдеріс екенін дәлелдейді.

Nesrin Bayraktar «Türkçede renk adlarıyla özel ad yapımı» атты мақаласында түрік тіліндегі түстер атаулары мен олардың арнайы есімдермен байланысын зерттейді. Зерттеу нәтижесінде арнайы есімдерде негізінен «қара», «ақ», «көк», «сары» сияқты ежелгі түстер атаулары жиі қолданылатыны, жалпы 17 түрлі түстің атауы кездесетіні анықталған. Бұл түстер кең мағыналық ауқымға ие әрі ежелден қолданылып келеді. Сондай-ақ адам есімдерінде көне түстермен қатар жаңа түстер атауларының да қолданылатыны байқалады. Зерттеу түрік тіліндегі түстер атауларының бай әрі функционалды екенін көрсетеді [53, бб. 95-114].

Өзбек ғалымы Исхақова Сурайё Ярашевна «Qadimgi Turkiy bitiglarda qoʻllanidigan oq va qora ranglar mazmunı» [54] мақаласында көне түркі жазбаларында қолданылған ақ және қара түстердің семантикалық мазмұнын қарастырады. Татар ғалымы А.Ф. Ситдыкова «Когнитивное исследование цветового пространства в татарском языке» атты кандидаттық жұмысында түр-түс атауларын танымдық тұрғыдан зерттеген [55].

Қазіргі когнитивтік лингвистикада тілдік бірліктердің концептуалдық құрылымын талдауға ерекше мән берілуде. В. В. Виноградов, А.В. Вежбицкая, Е.В. Рахилина, Н.А. Лукьянова, М.А. Бородин, А.П. Василевич, Ю.В. Норманская сияқты зерттеушілердің еңбектерінде түстер лексикасын әртүрлі аспектіде зерттеу кең өріс алып отыр. М. Абжапарова «Цветообозначения в казахском языке в сопоставлении с алтайским языком» [56] кандидаттық диссертациясында қазақ және алтай тілдеріндегі түстік атаулардың құрылымы мен концептуалдануын зерттеген. Диссертация қазақ және алтай тілдеріндегі түр-түс атаулардың когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық ерекшеліктерін кешенді түрде қарастырады.

Түр-түс атауларының семантикасы, олардың мәдени, когнитивтік және прагматикалық қырлары әлемдік тіл білімінде кеңінен зерттелуде. У Пэйхуаның «Қытай және орыс лингвомәдениеттеріндегі түстер атауларының семантикасы» (Семантика цветообозначений в китайской и русской лингвокультурах) [57] атты зерттеу еңбегінде қытай және орыс лингвомәдениеттеріндегі түстік атаулардың семантикалық ерекшеліктері, олардың мәдени-символдық және когнитивтік сипаттары салыстырмалы тұрғыдан қарастырылған. Ли Цзиннің «Фразеологиялық бірліктердің жасалуындағы түстік атаулардың деривациялық әлеуеті» (Деривационный потенциал цветообозначений в актах фразеоморфирования) [58] атты зерттеу жұмысы фразеологиялық бірліктер құрамындағы түр-түс атауларының семантикалық және когнитивтік ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. А.К. Польшикованың «Көркем дискурсты ұйымдастырудағы түс атауларының функционалды-семантикалық және прагматикалық рөлі (XX ғасыр американ әдебиеті материалдары негізінде)» (Функционально-семантическая и прагматическая роль цветовых номинаций в организации художественного дискурса (на материале американской литературы XX века) [59] атты зерттеу еңбегі түс атауларының көркем мәтіндегі семантикалық, функционалдық және прагматикалық қызметін кешенді түрде қарастыруға арналған.

Н.А. Платонованың «Әр түрлі жүйедегі тілдердегі түс атауларының когнитивтік негіздері» (Когнитивное обоснование цветообозначений в разнотипных языках) [60] атты кандидаттық диссертациясы түс атауларының когнитивтік табиғатын, олардың тілдік жүйелердегі семантикалық және ұғымдық ерекшеліктерін айқындауға арналған. Зерттеу жұмысының өзектілігі түс атауларының адам танымындағы орны мен олардың тілдік бейнелену ерекшеліктерін анықтаумен түсіндіріледі.

Антропоцентристік әдістеменің бір түрінің тиімді екендігі түстер концептінің тілдік әлем бейнесіндегі орны арқылы түсіну үшін оны көркем мәтіндер арқылы талдауда көрініс табады. Коннотативтік қабатта да зерттеуге мүмкіндік беретін әдіс адамның дүниені тануы мен сезінуінің тілдік көріністерін, соның ішінде түстерге қатысты концептілердің мағыналық құрылымын тек денотативтік деңгейде ғана зерттемейді. Коннотация – тілдік бірліктің лексикалық мағынасына қосымша жүктелетін эмоциялық, бағалауыш немесе стильдік реңк, ол тұрақты немесе контекстке байланысты сипатқа ие болуы мүмкін. Американдық лингвист Леонард Блумфильд (1924 жылы Американдық лингвистика қоғамын құрушы) атап өткендей, кез келген коннотация – бұл мазмұнға эмоциялық реңк беретін мағыналық элемент [61]. Коннотативтік мағына танымдық үдерістің белсенді кезеңінде айқын көрініс табады. Орыс лингвисті А.П. Василевичтің айтуынша, белсенділік объектінің қасиеттерін іріктеп қабылдауда, яғни адамның қоршаған болмысты субъективтік тұрғыда бағалауында анық байқалады [62]. Түс концептісінің мағынасы тек түсті білдірумен шектелмейді, мәдениетке, эмоционалдық тәжірибеге, жеке және ұжымдық санаға негізделген кең мағыналық өрісті қамтиды.

Түстердің концептуалдануы – тілдік санадағы әлемнің когнитивтік реконструкциясының күрделі механизмі. Қазақ тіліндегі түстік концептілер – ұлттың дүниетанымдық коды, мәдени архетипі және рухани реңктік жүйесі ретінде тіл мен ойлау арасындағы диахрониялық сабақтастықты танытады. Әрбір түс атауы – белгілі бір метафоралық кеңістікті, құндылықтық бағдарды және ұлттық когнитивтік матрицаны құрайды. Түстік жүйелерді талдау арқылы біз қазақ тілінің семиотикалық құрылымын ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының болмыс философиясын, дүниемен қатынас формаларын және рухани-танымдық стратегияларын кешенді түрде тани аламыз.

Зерттеу жұмысымыздың бұл тарауында концепт ұғымының теориялық негіздерін, оның лингвистикалық аспектілерін және түр-түс атауларының танымдық сипатын айқындау мақсатында жалпылама-теориялық талдау, топтау, жинақтау, интерпретациялық талдау сияқты әдістер мен тәсілдер қолданылды. Нәтижесінде, отандық және шетелдік ғалымдардың концепт мәселесіне қатысты көзқарастары сараланып, олардың тұжырымдамалары салыстырмалы тұрғыда талданды. Түр-түс атауларының семантикалық, мәдени-танымдық жүктемесі анықталып, олардың ұлттық дүниетаныммен тығыз байланысты екендігі дәлелденді. Сонымен қатар, түр-түстерге қатысты концептінің тілдік көріністері мен олар арқылы берілетін эмоциялық, бағалауыштық реңктердің ерекшеліктері сипатталды.

Түйіндей келе, «түс» концептісі – адамның танымдық құрылымында ерекше орын алатын, күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Ол тек тілдік бірлік ретінде ғана емес, сонымен бірге мәдени, психологиялық, әлеуметтік факторлармен тығыз байланыста қалыптасатын менталдық құрылым ретінде көрініс табады. Сондықтан түстерді білдіретін сөздердің когнитивтік-мәдени мәнін, олардың концептосферадағы орны мен қызметін тілдің түрлі деңгейлерінде – лексика-семантикалық, синтаксистік, прагматикалық және прагмасемантикалық деңгейлерде зерттеу – заманауи лингвистиканың басты міндеттерінің бірі.

## **1.2 Қазақ тіліндегі «көк» лексемасының семантикалық трансформациясы және ассоциациялық өрісі**

Қазіргі кездегі философиялық-танымдық контексте өзекті зерттеу нысанына айналып отырған бағыт – тек тілтанымдық қана емес, лингвистикалық парадигмада шындық, ойлау жүйесі және тіл арасындағы өзара байланыс мәселесі. Аталған бағыт когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану және антропоөзектік бағыттар аясында қайта қарастырылып, адамның болмысты қабылдау механизмдері мен оның тілдік бейнелену ерекшеліктерін жаңа тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік беруде. Адамның қоршаған әлемді қабылдауы тек физикалық шындық деңгейінде ғана емес, сонымен қатар тілдік, мифологиялық, діни және көркемдік дүниетаным элементтері арқылы күрделі семиотикалық жүйе ретінде жүзеге асады. Тіл адамның рухани-мәдени болмысын танытушы әмбебап құрал ретінде



карастырылып, ондағы концептілер жүйесі арқылы этномәдени сана мен менталитеттің өзегіне бойлау мүмкіндігі туады.

Тіл – кез келген қоғамның мәдениетін, дүниетанымын және рухани тәжірибесін бейнелейтін маңызды құрал. Оның құрамындағы сөздер мен олардың семантикалық өрістері тек ақпарат жеткізуші ғана емес, сонымен қатар мәдени кодтар ретінде де қызмет атқарады. Қазақ тіліндегі «көк» сөзі осы тұрғыдан ерекше мәнге ие. Ол бастапқыда табиғат құбылыстарын, түстерді білдіретін қарапайым лексикалық бірлік болса, уақыт өте келе мәдени, символдық және когнитивтік қырлары арқылы кеңейіп, қазақ халқының дүниетанымы мен этномәдени санасын бейнелейтін концептке айналған.

Зерттеу жұмысының өзектілігі адамның менталды кеңістігін сипаттайтын базалық мәдени концептілерді танымдық және лингвомәдени аспектіде кешенді түрде қарастыру қажеттілігімен айқындалады. Өйткені қазіргі тіл білімінде тұлғаның тілдік тұлға, мәдени тұлға және концептуалдық тұлға ретінде зерделену үрдісінің кең өріс алуда. Әрбір тілдік-мәдени қауымдастық өкілінің дүниетанымы мен ұлттық-мәдени кодында орныққан концептілік құрылымдарды талдау арқылы сол қауымдастықтың рухани болмысын, мәдени ерекшелігін, танымдық бағдарын тереңнен тануға жол ашылады. Тіл – ұлттың менталды және мәдени болмысын бейнелейтін семиотикалық жүйе ғана емес, сонымен қатар дүниетанымдық когнитивтік модельдердің көрініс табатын негізгі құрал. Түс номинациялары – адамның табиғатпен, қоғаммен және өзіндік «Мен» және қарым-қатынасындағы когнитивтік репрезентациялардың маңызды семиотикалық элементі. Түркі тілдерінде түр-түс бойынша концепттер рухани-символикалық, эмоционалдық және мәдени-аксиологиялық мағыналарды бойына сіңірген. Қазақ тілінде түстердің атаулары тек физикалық сипаттаманы беріп қоймайды, сонымен қатар алдында айтылғандай, рухани-символикалық, эмоционалдық және мәдени-аксиологиялық мағыналар береді.

«Көк» лексемасы қазақ тілінде тек түс атауы ретінде ғана емес, мәдени және когнитивтік тұрғыдан да маңызды семантикалық мазмұнға ие сөз болып табылады. Бұл сөздің семантикалық трансформациясы – оның тарихи даму барысында мағынасын кеңейту, тарылту немесе метафоралық қолдану арқылы өзгерту процесі. Сонымен қатар, «көк» сөзі қазақ мәдениетінің танымдық және символикалық әлеуетін көрсететін маңызды тілдік құрал. «Көк» лексемасының семантикалық трансформациясы қазақ тілінде мағыналық кеңеюдің айқын мысалы ретінде қарастырылады. Оның мәдени әлеуеті тек сөздік ресурстармен шектелмей, адамның әлемді қабылдау және бейнелеу тәсілдерін ашады. Сонымен қатар, бұл лексема қазақ тіліндегі когнитивтік, лингвомәдени және антропоөзектік зерттеулерде маңызды зерттеу нысаны ретінде қарастырылады.

Концепт – тіл мен таным арасындағы инварианттық құрылым, адамның когнитивтік санасында белгілі бір ұғымды жүйелейді. Концепт – білім, тәжірибе және мәдениетаралық кодтардың синтезінен туындайтын менталды

категория, демек, тек сөз немесе мағынада ғана қолданылмайды. Концептуалдану – адамның сыртқы әлемді тану үдерісінде осы ұғымдардың тілдік таңбалар арқылы репрезентациялануы. Түстердің концептуалдануы – олардың тілдік санада қалай таңбаланатынын, қандай мәдени дискурстарда және символдық жүйелерде іске асатынын зерделейді. Қазақ тіліндегі түр-түс атаулары – тілдің ежелгі қабаттарына жататын, мәдениет пен дүниетанымның көрінісі болып табылатын бірліктер. Диссертациялық жұмысымыздың бұл тарауында осы түс атауларының семантикалық трансформациясы мен мазмұнына түсініктеме береміз.

Семантикалық трансформация – бұл тілдік бірліктердің мағынасының өзгеруі немесе дамуы процесі. «Көк» лексемасының семантикалық трансформациясы қазақ тілінде мағыналық кеңеюдің айқын мысалы ретінде қарастырылады. Оның мәдени әлеуеті тек сөздік қормен шектелмей, адамның әлемді қабылдау және бейнелеу тәсілдерін ашады. Сонымен қатар, бұл лексема қазақ тіліндегі когнитивтік, лингвомәдени және антропоэзектік зерттеулерде маңызды зерттеу нысаны ретінде қарастырылады.

Ә. Қайдар «көк» түсі аспанға байланысты шықты ма, аспан (тәңірі) көк түске байланысты шықты ма деген мәселеге ой тастайды. Алғашқы адамдар көк күмбезін оның түсіне қарап, «көк» деп атап кетуі қаншалықты заңды болса, керісінше, жер бетіндегі көк түсті заттардың бәрін аспан түсімен салыстыра отырып, жалпылама «көк» деген түр-түс атауын жасап алуы да мүмкін деген болжам айтады. Бұл болжамдар тілдің семантикалық қалыптасуының табиғи жолдарын, яғни түстерді атау процесінің көркемдік және абстрактылы таныммен тығыз байланыста болғанын көрсетеді. Демек, «көк» сөзі тек түстің аты ғана емес, адамның табиғатты қабылдауындағы танымдық ойлау мен салыстыру нәтижесінде қалыптасқан мәдени-танымдық концепт болуы мүмкін. «Егер осы кейінгі пікірді мақұлдасақ, онда аспан түсінің бірде көк, бірде көгілдір, енді бірде көк жасыл, көк зеңгір болып өзгеріп отыруына байланысты адам баласы (біз түркі тілдес бабаларымызды айтып отырмыз) олардың бәрін о баста бір ғана көк түспен белгілеген болуы да мүмкін. Түркі тілдес халықтарының көпке дейін «синий», «голубой», «зеленый» деген үш түрлі негізгі түсті «көк» деген бір-ақ сөзбен атап келуі де, міне, осыған байланысты болса керек. «Көк қауынды жей берме, ішің ауырады» деп балаларын сақтандыратын қазақ қауынның түсі көк емес екендігін білмей айтып тұрған жоқ, үйреншікті әдет, ертеден келе жатқан дәстүр бойынша айтып тұр. Бүгінде көк пен жасылдың өздерін ғана емес, оның барлық реңктерін де анықтап айтуға мүмкіншілігіміз бар» [38, б. 39].

«Көк» сөзі алғашқыда тек аспан мен түсті білдірсе, уақыт өте келе әртүрлі жаңа семантикалық мағыналарға ие болды. Көне түркілік заманда «көк» сөзінің бірнеше семантикалық мағынасы қалыптасқан. «Көне түркі сөздігінде» «көк» сөзінің бірнеше мағынасын мысал етіп келтіре аламыз. «Көне түркі сөздігінде» (ДТС) *kök nebo bulit örüp örtüldi* – «появилось облако, и небо покрылось [тучами]» тіркесі аспан мен бұлт құбылысын сипаттайды. Сол сияқты, «көк» лексеманысының түстік мағынасы *üzä kök täñri asra jayız*

*jer* – «сверху голубое небо, внизу бурая земля» арқылы көрініс табады. Тарихи даму барысында «көк» сөзі заттық және тұрмыстық объектілерді білдіру үшін де қолданылғандығын сөздікте келтірілген мысалдардан көре аламыз. Мысалы, *jemi ot köki içkü jaıymur suvı* «его пища – корни трав. питье – дождевая вода» тіркесі тамыр мағынасын көрсетсе, *er sözi bir egär köki üç* «у седла планок три у мужа слово одно» мысалынан көк сөзінің заттық мағынасын байқаймыз. Ал *joıurqanıy öz kökün işirsar oyul qızıya ada bolur* «если мышь погрызет одеяло по шву то для детей будут опасности» мысалынан «көк» сөзінің тігіс (шов) мағынасында келетінін көреміз. Сонымен қатар, «көк» сөзі көне түркі дәуірінде құс атауы ретінде де келген. Мысалы, *kök torıluın*. «Көк» сөзі түс ұғымын білдіре келе, сындық мағынаны білдірген. Мысалы, *kök* «голубой, синий, сизый», *üzä kök täñri asra jaıız jer* «сверху голубое небо, внизу бурая земля». Көне түркі дәуірінде «көк» лексемасы адам көзінің сипатын да берген. Мысалы, *kök* «радужная оболочка глаза». «*Көк*» сөзінің келесі мағынасы символдық сипатқа ие. Көне түркілік заманда «көк» сөзі еркіндік пен тәуелсіздіктің символы ретінде көрініс тапқан. Мысалы, *kök* «свободный, вольный», *idi oqsız kök türk* «свободные турки без повелителя и без родовых подразделений». Көне түркілік заманда «көк» сөзін жеке есімдер мен титулдарда қолдану оның әлеуметтік мәртебе мен мәдени символдық функциясын көрсетеді. Мысалы, *kök amaş tutuq* тіркесінде «көк» сөзі жеке есім әрі лауазым атауы ретінде қолданылғанын байқаймыз. Бұл оның тек түстік немесе аспан мағынасына шектелмей, әлеуметтік мәртебелік рәмізге ие болғанын көрсетеді. Сөздікте кездесетін *kök irkan* тіркесі лауазым атауын білдірсе, *qauj kök irkan qauj çavli beg* «кто көк иркан, а кто чанлы бек» мысалынан құрметті атау екенін көреміз [63, б. 312-313].

«Көк» сөзінің алғашқы «түпсіз, тұңғиық аспан әлемі, әуе» мағынасы бүгінгі күнге дейін қазақ тілінде қолданылып келеді. Мысалы, «Құс алған көкке қарар» мақалында «көк» аспан әлемін бейнелейді. Сонымен қатар, «көк» сөзінің *аспан* мағынасына байланысты *көк бойлады* (биікке шапшып өсті, көкте самғады), *көкке атылды* (аспанға шапшыды), *көкке жетті* (куанды, шаттанды), *көк көбесі сөгілді* (найзағай жарқылдап, төңіректі сілкіндірді), *көктен сұрағаны жерден табылды* (армандай болып тілегені аяқ астынан кезіге кетті) т.б. тұрақты тіркетер қалыптасқан.

Қазіргі қазақ тілінде «көк» сөзі өсімдік, шөптер мен табиғат көріністерін сипаттау үшін қолданылады «Абай тілі сөздігінде» *жасыл* сөзі *көк түс, көк реңк* деген мағына береді деп көрсетілген [65, б. 211]. Ғалым Ә. Қайдар «Жасыл сөзінің негізгі түбірі жас деп қараймыз. Мұнда о баста заттық және сындық, сипаттық мағына болған. Көне түркі ескерткіштерінің тілінде йаш орыс тіліндегі *зеленый, молодой* деген мағынаны аңғартады. Жас//йаш түбірінің заттық мағынадан (балауса көк шөп) сипаттық, сындық (жалпы көк түс) мағынасына біржола ауысуында -ыл//-іл моделі шешуші роль атқарған» деп тұжырымдайды [64, б. 52]. Н. Қарашева *жас* сөзінің «...бастапқы мағынасы «жаңа шыққан көк өсімдік» деп ұйғаруға болады. Жас сөзінің жаңадан көгеріп шыққан өсімдікті білдіретін мағынасы жаңа өсіп келе жатқан

балаға, одан кісінің өмір сүрген жыл санына ауысқан. Көк өсімдіктің дымқыл, ылғалды болуымен, әсіресе таңертеңгі шық түскен кездегі күйімен байланысты, бұл сөз «көз жасы» деген ауыспалы мәнге де ие болған тәрізді» деп көрсетеді [64, б. 52].

Қазіргі кезде жас/йаш түбірінің семантикасы кеңейген. Мысалы, азербайжан тілінде «йаш» *дымқыл, сулы, көк* деген мағынада қолданылса, ұйғыр тіліндегі қос сөздерде («көк-яш», «кыл-яш») де сол түбірдің әсері байқалады. Бұл көрсеткендей, *жас* түбірі тек жасыл түсті ғана емес, *дымқылдық, ылғалдық, жаңа шыққандық* сияқты табиғат құбылыстарымен де байланысты семантикалық кеңістікті қамтиды.

«Көне түркі сөздігінде» «жас» сөзі бірнеше семантикалық мағынаға ие болғаны байқалады. Сөздікте *jaš* сөзі *жасыл түс, көк түс, жыл, көз жасы, жасырыну* сияқты мағыналарды береді деп көрсетілген. Бұл деректер «жас» лексемасының семантикалық кеңеюі мен вариативтілігін көрсетеді. Сөздікте түстік мағынасы бойынша *jašil* «*зелёный, голубой*» яғни жасыл және көгілдір түсті білдіреді. Мысалы, *jašil* «*зеленный, голубой*» *jašil qaja jajlaım, qizil qaja qışlayım* «мое летнее местопребывание – у зеленой скалы, моя зимовка – у красной скалы», *jašil kök bezädiñ tüman juldüzün* «голубое небо ты украсил десятию тысячами звезд» [63, б. 247]. Қазіргі қаза тілінде «көк» сөзі «көгеріп шыққан өсімдік», «жеміс-жидек, көгөніс» мағынасында қолданылады. Мысалы, «Жауған күнмен жаңғырып, жер *көгеріп* күш алар» (Абай Құнанбаев), «*Көк* шықты таудың тарғыл тасын жарып» (Т. Айбергенов). «Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде» *көгеру, көктеу* сөздері «көк шөп басу, желекке айнала бастау» мағынасында синоним ретінде берілген [66, б. 287].

Э.В. Севортянның «Этимологический словарь туркских языков. Общетюркские и межтюркский основы» сөздігінде жасыл «*йа: шыл*» түсті әртүрлі *қою жасыл, ашық жасыл, жасыл көк, көк* сияқты реңктерімен көрсетеді [67, б. 164].

Қазақ мәдени кеңістігінде «көк» түсі көк/көгілдір және ашық жасыл реңктерді қамтитын кең мағыналы символ ретінде танылады. Ең алдымен, көк/көгілдір реңк мәңгілік аспанның белгісі болып орныққан. Осыған байланысты түркі-моңғол халықтарының дүниетанымында аспан түсі мен жоғарғы құдірет саналатын Көк Тәңірі бір-бірімен мағыналас ұғым ретінде қарастырылады. «Көк» түс негізінде көксерек (аталық қасқыр), көкжал (арлан) тәрізді қасқыр атауларының кездесуі де түркілік танымның ықпалын айғақтайды. Сонымен бірге, қазақтың дәстүрлі жерлеу мәдениетіндегі «көк тас» атауы аспанмен, яғни ата-бабалар рухының мәңгілік мекенімен байланыстырылғанын көрсетеді. Көк/көгілдір реңк судың символы ретінде жаңару, тіршіліктің қайта басталуы сынды ұғымдарды да бейнелейді. «Жалпы, «көк» терминімен қазақтар «көктен келгеннің» бәрін белгілейтін. Өйткені, жасыл түс дәстүрлі түрде табиғаттың оянуымен, жаңа өмірдің дүниеге келуімен байланысты. Демек, «көкмайса», «көк шөп» және т. б. ұғымы өмірмен, жаңарумен, көктеммен байланысты: «көктеу» – көктемгі жайлау,

«көктем» «көсегесі көгеру» – бақытты болу/ берекелі болу және т. б.» [68, б. 198].

Ж. Отызбайдың «Türk Kavram Sisteminde Renkler» («Түрік ұғым жүйесінде түстер») [49] атты диссертациялық жұмысында «көк» түсінің түркілік дүниетанымдағы ерекшеліктерін талдай отырып, оның *çakır* мағынасында да қолданылатынын атап өтеді. Ғалымның тұжырымдауынша, *çakır* сөзі түрік тілінде көздің түсін сипаттау үшін қолданылатын түс-реңкі. Аталған дерек «көк» сөзінің бастапқы семантикалық өрісі тек кеңістік, аспан, табиғат реңктерімен шектелмей, адам физиологиясы, антропологиялық белгілер сияқты салаларға да таралғанын аңғартады. Яғни, «көк» сөзінің архетиптік мағынасы түркілік танымда көздің түсін белгілеу, яғни физикалық сипаттама ретінде де орныққан. Бұл – «көк» концептісінің семантикалық көпқырлылығын дәлелдейтін тарихи-лингвистикалық факт.

«Көк» сөзі барлық түркі тілдес халықтарға ортақ болып келеді. Бұл түс – көне түркі Тәңірінің түсі, биіктік пен тереңдікті бейнелейтін аспан мен теңіздің, кемелділік, тұрақтылық, әділдік, айбын мен еркіндіктің символы. «Көк» сөзінің тілдік таңба ретіндегі негізгі мағынасы – ашық аспан тәрізді түс. Ал символикалық деңгейде «көк» сөзі басқа семантикалық мәндерде көрінеді. «Көк» түсі – көкке табынудың, аспанның символы. Түркі халықтарында көк түс Тәңірді, биіктікті және рухани күшті бейнелейді. *Көк аспан* – шексіздік пен еркіндікті білдірсе, *Көк Түрік* тіркесі – мемлекеттіліктің символы. Түркі халықтарының түстерді қабылдау жүйесі олардың көшпелі мәдениетіне, қоршаған ортасына және өмір салтына тікелей байланысты. Түркілер танымында аспан, мәңгілік және Тәңірлік сенім ұғымдарымен астасып шексіздік мағынасын білдірген түс – осы көк түсі. Бұл ойымызды академик Ә. Қайдардың пікірімен дәлелдегіміз келеді. Академик Ә. Қайдар «ата-бабамыз жер бетіндегі көк түсті заттардың бәрін аспан түсімен салыстыра отырып, жалпылама «көк» деген түр-түс атауын жасап алуы да мүмкін ғой» [38, б. 39] деген пікір айтады. Шынында аспан әлемін сүйіп, шексіздік пен шетсіздікке ұмтылған ата-бабамыз бар асылын осы түстің өн бойына сыйдырған. Мысалы, *Көк Тәңірі*, *Көк Түрік*, *Көк бөрі*, *Көк байрақ*, *Көк күмбез*, *Көк Орда*. Қорыта келе түйгеніміз жалпы түркілер санасында бұл түс әлемдік ұғымдарымен тығыз байланыста қарастырылады. Сонымен қатар тыныштық пен бірліктің, молшылық пен өмірдің белгісі ретінде қабылданады.

«Көк» – жасыл түсті жылқының түсі. Қазақтар кейде түсі аппақ жылқыны да көк ат деп атайды. Орх. көк көгілдір, жасыл, азерб. күк күкшін, жасыл, ал күй көк, көгілдір, аспан түсі, моңғ. хухэ бозғылым, боз, көк, көгілдір, жасыл түс.

*Көк ала* – көгі басым ала түс.

*Қара көк* – қара түсі басым көк түс.

*Қызыл көк* – қызылы қанық көк түс» [69, б. 420]. Ә. Қайдардың «Ғылымдағы ғұмыр» еңбегінде келтірілген деректер «көк» түсінің қазақ мәдениетінде реңктерге бай семантикаға ие екенін көрсетеді. «Көк» тек аспан немесе табиғат түсі ғана емес, сонымен қатар жылқының түсін сипаттау

сияқты антропологиялық және тұрмыстық қолданыстарға да ие. Түркі тілдерінде «көк» түсінің әр түрлі реңктері – көгілдір, жасыл, қара көк, қызыл көк – табиғи және мәдени тәжірибені дәл көрсету үшін қолданылған. Бұл деректер «көк» концептісінің салыстырмалы және контекстке тәуелді мағынаға ие екенін, сондай-ақ қазақ тіліндегі түсті белгілейтін сөздердің семантикалық икемділігін дәлелдейді. Қазақ танымында «көк» сөзімен байланысты қаракөк, көкала, көк ала шабдар, көк жал шабдар, көкжал жирен, теңбіл көк, шұбар көк, қара көк, қызыл көк, ала көк, көк қасқа, көк ала, көктөбел, көк қасқа, көк шұбар, темір көк, абай көк, сандал көк, көксоын, көктұйғын, торғайкөк, топайкөк, көк шұнақ, көкшағыр, көк бурыл, қара көк бурыл, көкшұнақ, көк қасқа, тарланкөк сияқты жылқы түстері қалыптасқан.

«Көк» концептісінің ассоциациялық өрісін осы концепт аясында жүргізілген ассоциативтік эксперимент нәтижелері нақтылай түседі. «Адамның белгілі бір ұғымды қалай қабылдайтынын, сол ұғымды танытуда санадағы ақпараттарын қалай қолданытынын, ассоциацияның тілдік көрінісі психолінгвистикалық әдіс ретінде анықтауға болады. Ал әрбір халықтың немесе ұлттың, әлеуметтік топтың не болмаса әрбір адамның өзіндік таныту ассоциациясы, стереотиптері болады. Ассоциация – жеке субъективті тәжірибеге негізделген белгілі объекті немесе құбылыс арасындағы байланыс. Бұл тәжірибеден субъектінің нәр алған мәдениеті мен өмірлік тәжірибесі байқалады» [27, б. 28]. Зерттеу барысында «көк» сөзімен байланысты туындаған концептілік өрістерді айқындау, олардың ассоциативтік сипатын анықтау мақсатында арнайы ассоциативтік эксперимент ұйымдастырылды. Зерттеу барысында білім алушыларға «көк» түсінің әртүрлі көк, көгілдір, көкпенбек, көк заңғар, көк бөрі, көк күмбез, көк әлем, ашық көк сияқты сөздер ұсынылды. Білім алушылардан әр реңкке қатысты ойдағы негізгі ассоциацияларды сұрап, олардың жиілігі талданды. Ассоциативтік экспериментке 55 респондент қатысты. Бұл әдіс арқылы қазақтардың тілдік-когнитивтік әлем картасын түстерді білдіру ерекшеліктері арқылы көрсетуге мүмкіндік туады.

Қатысушыларға «көк» түсімен байланысты туындаған тілдік бірліктер (көк, көк заңғар, көк бөрі, көк күмбез, көк әлем, көгілдір) ұсынылды және берілген сөздер бойынша ең бірінші ойға келетін үш сөз немесе тіркесті жазу тапсырылды. Алынған деректер жазбаша түрде тіркеліп, кейін жиілік талдау арқылы өңделді. Талдау барысында барлық ассоциациялар семантикалық категорияларға жіктелді. Бұл тәсіл түстердің мәдени, когнитивтік және тілдік ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік берді.

«Көк» түсіне қатысты ассоциациялар әр студенттің жеке ойы ретінде жинақталды. Зерттеу нәтижелері бойынша алынған жауаптарға талдау жасасақ ең көп қайталанған ассоциация аспан – 20 студент, теңіз – 8 студент, мұхит – 4 студент, шөп – 2 студент, өзен – 1 студент, су – 2 студент, бұлақ – 1 студент, мұз – 1 студент, бояу – 1 студент, көйлек – 1 студент, көз – 5 студент, ерін – 2 студент, алма – 2 студент, қарындаш – 2 студент, мата – 1 студент. Жалпы, барлық студенттердің жауаптары 55 жеке ассоциацияны қамтып,

«көк» түсінің табиғаттық, заттық, түстік және мәдени-символдық сипаттарын көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл деректер «көк» түсінің лексикалық және когнитивтік бейнесін талдауда негіз ретінде қызмет етеді.

«Көк заңғар» сөзіне студенттердің негізгі ассоциациялары: биіктік – 9 студент, тау – 8, шың – 8, табиғат – 8, күш-қуат – 7, кеңістік – 8, еркіндік сезімі – 7. Бұл реңк студенттердің ойында кеңістік пен еркіндік сезімін, табиғаттағы биік шыңдардың көрінісін бейнелейді. Көк заңғар реңкіне студенттер көбінесе биіктік, тау, шың, табиғат, күш-қуат, кеңістік, еркіндік сезімі сияқты сөздерді ассоциациялаған. Бұл реңк студенттердің ойында кеңістік пен еркіндік сезімін, табиғаттағы биік шыңдардың көрінісін бейнелейді.

«Көк бөрі» сөзіне қатысты ассоциациялар: батырлық – 10, ерлік – 10, қорған – 9, аңшылық – 8, күш-қуат – 9, табиғаттағы аң – 9. Мұнда реңк батырлық пен ерлікті, табиғаттағы жануарлардың күш-қуатын білдіреді. Көк бөрі реңкіне байланысты студенттер батырлық, ерлік, қорған, аңшылық, күш-қуат, табиғаттағы аң деп жауап берген. Мұнда «көк бөрі» сөзіне қатысты ассоциациялар батырлық пен ерлікті, табиғаттағы жануарлардың күш-қуатын білдіретіні байқалады.

«Көк күмбез» сөзіне байланысты ассоциацияланған сөздер: аспан – 9, ғарыш – 8, руханилық – 8, кеңістік – 7, қасиеттілік – 8, металл – 1 студент, космогониялық символ – 8, тұрақтылық – 6. Бұл реңк студенттердің ойында кеңістік пен рухани мәні бар, тұрақтылықты білдіретін символ ретінде көрінеді. Көк күмбез реңкіне қатысты ассоциациялар – аспан, ғарыш, руханилық, кеңістік, қасиеттілік, космогониялық символ, тұрақтылық. Бұл реңк студенттердің ойында кеңістік пен рухани мәні бар, тұрақтылықты білдіретін символ ретінде көрініс тапты.

«Көк әлем» тіркесіне 55 студенттің ойынша келесі ассоциациялар тіркелді: ғалам – 9 студент, тыныштық – 8, кеңдік – 8, аспан – 7, өмірлік энергия – 8, табиғат – 8, руханилық – 7. Бұл тіркес студенттердің ойында ғаламдық кеңістік пен тыныштық, сондай-ақ табиғатпен үйлесім сезімін бейнелейді. Студенттер «Көк әлем» реңкін ғалам, тыныштық, кеңдік, аспан, өмірлік энергия, табиғат және руханилық сөздерімен ассоциациялап, оның кеңістік пен рухани мәнге толы, тыныштық пен гармония сезімін оятатынын көрсетті.

«Көгілдір» түсіне студенттердің көл – 4, өзен – 3, теңіз – 5, бриллиант – 2 студент, мөлдірлік – 3, тыныштық – 3, ту – 4, су – 5, аққу – 3 студент, бейбітшілік – 4 сөздерімен ассоциациялап, көгілдір түсін судың мөлдірлігі мен тыныштықты сезім ретінде қабылданатынын көрсетеді. Көгілдір реңкіне студенттер *көл, өзен, теңіз, мөлдірлік, тыныштық, ту, су, аққу, бейбітшілік* сияқты сөздерді ассоциациялайтынын байқатты.

Талдау нәтижесінде әр түс бойынша ең жиі кездесетін ассоциациялар анықталды. Ассоциативтік эксперимент көрсеткендей, түс қабылдауы қазақ тілінде табиғат, мәдениет және эмоционалдық факторлармен тығыз байланысты. Алынған деректер когнитивтік лингвистика және

этнолингвистика саласындағы келесі зерттеулер үшін маңызды. Зерттеу нәтижесінде «көк» түсінің әр реңкі студенттердің ойында табиғи құбылыстар, географиялық атаулар, жан-жануарлар, су көздері мен оларға қатысты атаулар, абстрактылы / рухани / философиялық ұғымдар, жеміс атаулары, металл мен бағалы тастар, тұрмыстық заттар және анатомиялық элементтер арқылы көрініс табатыны анықталды.

«Көк» түсінің өзгеруі адамның қабылдау мүмкіндігіне байланысты айқындалады. «Көк» арқылы келетін ақпаратты миымыз «жасыл», «көк», «күлгін» деп қабылдауы бұл – психологиялық процесс. Дегенмен, біз әрқашан түсті таза физикалық түрде көре бермейміз. Түр-түсті танудың негізгі тәсілі – күнделікті өмірдегі тәжірибе арқылы жүзеге асады. Осылайша, түсті қабылдауға әсер ететін көптеген факторлар бар: олардың көбісі адамның мінез-құлқына, психологиялық күйіне байланысты туындап жатады.

«Көк» концептісінің ассоциациялық өрісі «көк» концептісі аясында өткізілген ассоциациялық эксперимент нәтижесі арқылы анықталды. «Көк» концептісін ашуда психолінгвистикалық талдау жүргізу арқылы ассоциация тәсілінің тиімділігі айқындалды. Жоғарыда келтірілген ассоциативтік эксперимент адамның түстерді және түстермен байланысты ұғымдарды қабылдау ерекшеліктерін психологиялық тұрғыдан көрсетеді. Бұл зерттеу арқылы адамның түсті тануы тек физикалық қабылдауға емес, сонымен қатар психикалық, когнитивтік және эмоционалдық процестерге де тәуелді екенін байқауға болады. Түр-түсті қабылдау мен оған байланысты ассоциациялар адамның ойлау жүйесі мен психологиялық күйімен тығыз байланысты болып, мәдени және жеке тәжірибеден де әсер алады. Қазақ тіліндегі «көк» сөзі тек түс атауы ретінде ғана емес, сонымен қатар семантикалық өрісі кең мәдени мәнге ие концепт. «Көк» сөздің семантикалық трансформациясы мен мәдени мазмұны диссертациялық жұмыста тілдік, когнитивтік, мәдени және рухани аспектілерде қарастырылады. Біріншіден, «көк» сөзі лексикалық және морфологиялық тұрғыда трансформацияға ұшыраған. Мысалы, *көкшіл, көгілдір, көкпеңбек, көкжиек, көкпар т.б.* сияқты туынды сөздер арқылы «көк» түстің әртүрлі реңктері мен эмоционалдық мәндері айқын көрініс табады. Сонымен қатар, «көк» сөзі синтаксистік тұрғыда контекстке байланысты әртүрлі сөйлем мүшелерінің қызметін атқара алады. Яғни, ол кей жағдайда сын есім ретінде, ал кейде зат есім ретінде қызмет етуі мүмкін. Мысалы, Абай Құнанбайұлының шығармасында «Көк тұман – алдыңдағы келер заман» (сын есім). Мұндағы «көк» сөзі тұманның қасиетін сипаттап, сын есімдік қызмет атқарады [70, б. 12].

Абай Құнанбайұлының мына өлең жолында:

«Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы,

Адам үшін батысып қызыл қанға.

Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға» [71, б. 42] атты өлең жолдарында «көк» сөзі зат есім ретінде қолданылған. Тіліміздегі сан алуан түр-түстердің атаулары заттар мен құбылыстардың тек түстік, реңктік сипатын ғана анықтап



қоймай, оларға байланысты қимыл, іс-әрекетті де білдіреді. Ғалым Ә. Қайдаровтың тұжырымдауынша «табиғаттағы түр-түстердің бәрі де өзгеру, құбылу, түрлену процесін басынан кешіріп отырған жанды процесс» [64, б. 61]. Тілдік фактілерге назар аударсақ, табиғаттағы түр түстің бәрі болмаса да көбісі «өзгеріске» түседі екен. Бірақ бұл арадағы «өзгерістің» мәні біздің дәстүрлі түсінігімізден, яғни бір түрдің екінші түрге, бір қалыптан екінші қалыпқа, бір сападан екінші сапаға ауысуынан, өтуінен көшуінен басқашалау. Табиғи түр-түс заттық түрінен ұимылға, әрекетке тек өз түсінде ғана ауысады. Мәселен, *ақ түс ағарады, қара түс қараяды, боз түс бозарады, көк түс көгереді, қызыл түс қызарады, сары түс сарғаяды, қоңыр түс қоңырланады, не қоңыр тартады, жасыл түс жасылданады, не жасыл тартады, сұр түс сұрланады, ала түс ала тартады, не аларады...*» [64, б. 62]. Қазақ тілінде «көк» сөзі арқылы *көкте, когер, көкшелен, көкшілден, көгереңде, көксіре* деген іс-әрекеттік ұғымдар синтетикалық жолмен жасалынады. Мысалы, Жидебайдан жиырма шақырымдай жердегі Шыңғыс кешкі шақта ымырт жабыла көкшілденіп, суық тартып, алыстай береді [72, б. 110].

Екіншіден, *биіктік, тыныштық, еркіндік* сияқты қасиеттер «көк» түсінің ассоциациялық өрісін құрайды. Үшіншіден, «көк» сөзінің мәдени-символдық, мифологиялық мәні терең. Қазақ мифологиясылық танымында «көк» түсі *рухани биіктік, табиғатпен үйлесім, кеңістік және тыныштық, батылдық* символы ретінде көрініс табады. Мысалы, «Көк Тәңірі» және «көк түрік» ұғымдары «аспан» сөзімен тығыз байланысты болса, «көк бөрі» ұғымындағы «көк» сөзі киелі, қадірлі, қасиетті, қуатты және батылдық сипаттарын білдіреді. Сонымен қатар, мемлекеттік рәміздерде «көк» түсі ерекше символдық мәнге ие. Мысалы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік туындағы біртұтас көк-көгілдір реңк бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін бейнелеп, Қазақстан халқының бірлік пен ынтымаққа адалдығын көрсетеді. Әлемдегі барлық халықтарда бұлтсыз көк аспан бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны ретінде қабылданады. Мемлекеттік гербтағы көк түс пен оның әртүрлі реңктері адалдық, сенімділік, үміт сияқты адамгершілік қасиеттермен байланыстырылады. Сонымен қатар, ежелгі түркі тілінде «көк» сөзі аспан ұғымын білдіріп, түркі халықтары үшін қасиетті символдық мәнге ие болғандығы белгілі.

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі «көк» сөзінің семантикалық трансформациясы мен мәдени мазмұнын зерттеу бірнеше бағыт бойынша кешенді талдау жасалынды. «Көк» сөзін лексикалық және морфологиялық, когнитивтік, мәдени-символдық, поэтикалық және рухани аспектілерде зерттеу түсінің қазақ тілінде және мәдениетінде қаншалықты кең мәнге ие екенін көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі «көк» түсі тек визуалды сипат қана емес, сонымен қатар психологиялық, когнитивтік және мәдени мәнге ие күрделі концепт ретінде қарастырылады. Бұл аспектіні зерттеуде ассоциативтік эксперимент маңызды әдіс болып саналады. Экспериментке қатысқан студенттер «көк» түсіне қатысты әртүрлі сөздерді атап, оны бірнеше негізгі категориялармен

байланыстырады. Мысалы, табиғат құбылыстары (аспан, бұлт, таулар), су көздері (теңіз, өзен, көл, бұлақ), рухани және мәдени ұғымдар («Көк Тәңірі», «көк бөрі», тыныштық, еркіндік) студенттердің санасында көк түсімен қатар ұғынылады. Бұл ассоциациялар «көк» түсінің кең мағыналық өрісі мен психологиялық әсерін көрсетеді.

Когнитивтік талдау нәтижелері көрсеткендей, көк түс студенттердің ойлау жүйесінде эмоциялық, танымдық және мәдени мәнге ие. Эмоциялық деңгейде ол тыныштық, еркіндік, кеңістік сезімдерін тудырады; танымдық деңгейде – табиғат құбылыстарын, кеңістік пен су көздерін бейнелейді; мәдени деңгейде – ұлттық мифология мен дәстүрлерде қасиетті және киелі реңк ретінде көрініс табады. Осы арқылы көк түс санада ақпараттық құрылым ретінде, белгілі бір концепт ретінде ұйымдастырылады.

Менталдық карта тұрғысынан қарағанда «көк» түс студенттердің санасында бірнеше категорияға бөлінеді. Бірінші категория – табиғаттық элементтер: аспан, бұлт, таулар, кеңістік, биіктік. Екінші категория – су көздері мен олардың сипаттары: теңіз, өзен, көл, бұлақ, мұхит, мұз. Үшінші категория – рухани және мәдени кеңістік: көк түс руханилық, бейбітшілік, еркіндік, ұлттық символдар («Көк Тәңірі», «көк бөрі», көк ту, киіз үйдің көк шатыры) арқылы көрініс табады. Осылайша, психологиялық және когнитивтік аспект көк түсінің тек физикалық қасиеті емес, сонымен қатар саналық, мәдени және эмоциялық құрылымдармен тығыз байланысты күрделі концепт екенін дәлелдейді. Ассоциативтік эксперимент нәтижелері бұл түс концептінің студенттердің ойлау жүйесінде қалай ұйымдастырылғанын, оның мәдени, рухани және психологиялық мәнін нақты көрсетеді.

Зерттеулер көрсетіп отырғандай, түр-түс атауларының қалыптасуы мен дамуы тарихи-мәдени контекстке тығыз байланысты. Әрбір халықтың мәдени кодында белгілі бір түстің мифопоэтикалық, символикалық немесе прагматикалық мағынасы болуы мүмкін. Түр-түстердің семиотикалық жүйеге енуінің айқын дәлелі көне түркі жазба мұраларында *ақ, қара, көк, қызыл* сияқты базалық түстер тек визуалды сипат ретінде ғана емес, кеңістік бағытының, әлеуметтік иерархияның, сакралды болмыстың көрсеткіші ретінде де қызмет атқарған. Когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарағанда, түр-түс атаулары – адамның менталды лексиконында ерекше орын алатын универсалды концептілер қатарына жатады. Олар мәдени когнитивтік модельдер арқылы санада нақтыланып бекіп, ұлттық тілдік санада тұрақты концептосфералық құрылымдар түзеді. Осы құрылымдарда әрбір түс атауы нақты бір стереотиптік бейнелермен, символдармен және құндылықтық бағдарлармен ұштасады. Мысалы, қазақ тіліндегі «ақ» түсі – тазалық, пәктік пен ізгіліктің, ал «қара» түс – ауырлық, қайғы мен қасиеттіліктің символы ретінде концептуалданады. Бұдан бөлек, түстердің когнитивтік интерпретациясы лингвомәдениеттану, этнолингвистика, символдық семиотика, антропоэзеттік лингвистика және мәдени когнитология салаларына қатысты зерттеу объектісі ретінде де кеңінен талдануда. Осы

салалар түр-түс атаулары тілдік санадағы ассоциативтік өрісін, мағыналық жүйесін және мәдени жадыдағы архетиптерін ашады.

Адамның әлемді тану және қабылдау үдерісінен туындаған түр-түс атаулары арқылы мәдениеттің негізгі түсініктері, дүниетанымдық және рухани құндылықтар қалыптасады. Әр тілде түр-түс атауларының концептуалдануы әртүрлі болуы заңды, өйткені тіл – халықтың мәдениетінің, әлемді қабылдауының айнасы. Түр-түс атаулары – тіл мен танымның өзара байланысын көрсететін маңызды когнитивтік категория. Түр-түс адам санасында тек физиологиялық қабылдауға ғана емес, сонымен қатар мәдени, тарихи және әлеуметтік факторларға да негізделген күрделі когнитивтік құрылым ретінде қарастырылады. Әрбір тілде түр-түс атауларының өзіндік жүйесі қалыптасқан, ол халықтың дүниетанымы мен қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Қазіргі тіл білімінде қарқынды өзгерістер мен тың бағыттар айқын байқалуда, сонымен қатар дәстүрлі зерттеу салаларын жүйелеу мен жаңаша пайымдау үрдісі жалғасуда. Лингвистиканың бұрыннан қарастырылып келе жатқан аспектілері де негізгі категориялардың түрленуі мен семантикалық мазмұндағы өзгерістерге байланысты жаңа әдіснамалық тәсілдер тұрғысынан қайта зерделенуде. Ғылыми бағыттың дамуы тіл мен оның құрамдас элементтерінің корпустық талдаулар мен когнитивтік жүйеде орныға түсуімен ұштасады. Адамдар тіл мен таным арқылы ақпаратты қабылдап, түрлендіріп, өмір заңдылықтарын меңгереді, деректерді салыстырып, жадыда сақтап, өзіндік үлгілер түзеді. Тілдің танымдық үдерістерге қатысуы сананың терең қабаттарында орныққан ғаламға қатысты әмбебап бейнелерді айқынырақ көрсетеді. Ғалам бейнесі түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қабылданып, бір тілдің өкілдері оны әртүрлі формада сипаттағанымен, оның басты белгілерін жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік бар.

Ғаламның тілдік бейнесі тірек сөздер – концептілер арқылы жүзеге асады. Концептілер адам санасында ақпаратты өңдеу мен ғаламды тану тәсілдерін бейнелейтін негізгі тілдік бірліктер. Концепт термині – когнитивтік лингвистиканың дамуы аясында кеңінен қолданысқа еніп, қазіргі тіл білімінің негізгі зерттеу объектілерінің біріне айналды. Концепт ұғымын толық түсіну үшін парадигмалық өзгерістерді ескеру қажет, себебі қазіргі тіл білімінде когнитивтік-лингвистикалық негіздер жаңа құзыреттіліктерді талап етіп, жаңаша әдіс-тәсілдермен зерттеуді қажет етеді. Өзгерістер көптеген ұғымдарды қайта қарастыруға және оларды жаңаша түсінуге ықпал етеді. Когнитивтік лингвистиканың дамуы тілдік тұлғаның деңгейін көтеріп, ғаламды тану үдерісін тереңірек түсінеді. Әр тілдің ішкі бірліктері ұлттың тарихи жолымен, салт-санасымен, дүниені түсіну қағидаларымен, діни танымымен, менталитетімен, мәдени әрі рухани мұрасымен астасқан түрде концептілік мағынаға ие болады. Яғни, белгілі бір бірлік ұлттық деңгейге көтерілгенде ғана концепт ретінде танылады. Осы тұрғыдан алғанда, халықтың танымынан туындаған түр-түс атауларының концептілік табиғатын сол халықтың мәдениеті, тарихы, дәстүрі мен наным-сенімінен бөле-жарып қарастыру мүмкін емес.

Лингвистикада колоративті лексика деп аталатын түр-түс атауларын концепт аясында зерттеу – белгілі бір этностың ғаламның тілдік бейнесін танып-білу әрекетімен тікелей байланысты. Оның басты себебі, түр-түс атаулары тек түстік сипатта ғана емес, сонымен қатар символикалық, мәдени, және танымдық мәнге ие тілдік бірліктер. Ұлттық тіл және мәдениетпен біте қайнасқан түр-түс атаулары ұлттық дүниетанымды, құндылықтарды және халықтың эмоционалдық көңіл-күйін бейнелейді. Түр-түс атауларының концептілік мәнін зерттеу сол ұлттың әлемді қабылдау ерекшеліктерін және мәдени құндылықтарын тереңірек түсінеді. Түр-түс атаулары тіл мен танымның тоғысқан тұсында орналасқан маңызды лексико-семантикалық және когнитивтік категория. Ал тіл – адамзаттың когнитивтік және мәдени тәжірибесінің көрінісі, әлемді тану мен бейнелеудің әмбебап әрі этноспецификалық құралы. Түр-түс терминологиясы тек визуалды қасиеттерді ғана емес, сонымен қатар ұлттың тарихи жады, мәдени құндылықтары мен дүниетанымдық бағдарларын жинақтап бейнелейтін күрделі когнитивтік құрылымдар жүйесін құрайды. Адамның әлемді тануы мен қабылдауы – сенсорлық, эмоционалдық және символдық деңгейлерде жүзеге асатын күрделі когнитивтік үдеріс. Түр-түс атаулары осы үдерістің нәтижесінде қалыптасып, тілдік жүйеде концептілік мәнге ие болады. Түр-түстердің концептуалдануы - олардың адамның тілдік санасында құрылып, семиотикалық және прагматикалық мәнмен толыққан мағыналық бірлікке айналу процесі. Мұндай концептуалды мәндер белгілі бір тілдік қауымдастықтың тарихи-мәдени контекстінде қалыптасып, ұлттық когнитивтік моделін көрсетеді.

Қазіргі когнитивтік лингвистикада түр-түс атаулары «колоративті концептілер» ретінде қарастырылады. Колоративті концепт – адамның тілдік санасында көрнекі қабылдау, мәдени таным және эмоционалдық реакциялар негізінде қалыптасқан символдық-ассоциативтік өріс. Мұндай концептілер халықтың мәдени кодының ажырамас бөлшегі ретінде қызмет атқарады және ұлттық тілде стереотиптер мен архетиптер түрінде көрініс табады. Мәселен, қазақ тіліндегі «ақ» түс – тазалық, ізгілік, адалдық концептімен, ал «қара» – ауырлық, құдірет, жер, қайғы және тұрақтылық концептімен астасып жатады. Қазіргі тіл білімінде тілдің антропоэзектік (антропоцентристік) парадигмасы аясында түр-түс атауларының семантикалық өрісін кеңейте отырып, олардың прагматикалық, дискурстық және коммуникативтік функциялары зерттелуде. Аталған бағытта тіл – жай номинативті жүйе ғана емес, сонымен қатар мәдени сана мен менталдық құрылымдардың коды ретінде қарастырылады. Түр-түстердің концептуалдануын зерттеу арқылы ұлттық-мәдени стереотиптерді, тарихи жадыны және дүниетанымдық құндылықтарды реконструкциялауға болады. Түр-түс атауларының концептілік табиғатын зерттеу – олардың тек лексикалық мазмұнын емес, сонымен қатар символикалық, мифопоэтикалық және эмоционалдық әлеуетін де анықтауға бағытталған. Мұндай зерттеулер когнитивтік ғылымның басқа да салаларымен – психоллингвистика,

этнолингвистика, семиотика, дискурс теориясымен тоғыса отырып, күрделі пәнаралық синтез жасайды.

Когнитивтік лингвистикада концепт ұғымы адам санасындағы білім, тәжірибе, эмоция, символ және ассоциациялар жиынтығы ретінде қарастырылады. Концепт тек вербалды таңба ғана емес, ол – халықтың менталды кеңістігіндегі мәдени-танымдық құрылым. Түр-түс атаулары да осы кеңістікте өзіндік орын алып, мәдени жадымен тығыз байланысты. Олардың мағыналық мазмұны ұзақ тарихи процестер барысында қалыптасып, ұлттың ұжымдық санасында тұрақты когнитивтік прототипке айналады. Түр-түс атауларының концептуалдануы мен семантикалық өрісін зерттеу – тек тілдің номинативтік қызметін сипаттаумен шектелмейді. Ұлттың дүниетанымын, менталитетін, құндылық жүйесін, мәдени тәжірибесін тануға мүмкіндік беретін кешенді когнитивтік-мәдени талдау нысаны арқылы тіл мен мәдениет арасындағы терең сабақтастық, адамның әлемді қабылдау модельдері мен танымдық жүйелері айқындалады.

Зерттеу барысында түр-түс атауларының тек визуалды сипаттан тыс, ұлттық мәдениет пен тілдік санадағы концептуалдық, символдық және когнитивтік мағыналары айқындалып, олардың қазақ халқының дүниетанымы мен рухани мәдениетін бейнелейтін маңызды құрылымдар екені анықталды. Зерттеу жұмысымыздың бұл тарауында түр-түс атауларының лингвистикалық репрезентациясы арқылы ата-бабамыздың әлемді қабылдау ерекшеліктерін, мәдени кодтар мен тілдік сана құрылымдарын тануға жол ашылып, осыған байланысты олардың когнитивтік лингвистикадағы орны – әлемнің тілдік бейнесін модельдеудегі маңызды концептілік базис ретінде айқындалды.

Қорыта келе, түстердің концептуалды мәні әрбір халықтың мәдени-тарихи тәжірибесіне сүйене отырып қалыптасатынын аңғардық. Басқа ұлттарды қайдам, алайда біздің ата-бабаларымыз табиғаттың әрбір жаратқан түсіне терең мән беріп, оны өз өмірімен үйлестіре білген. Сол арқылы олар түстердің өзіндік жүйесін, ерекше дүниетанымын қалыптастырған. Бір түстің әртүрлі мәдениеттерде қарама-қарсы символикалық мағынаға ие болуы – әлемнің концептуалды бейнесінің көпқырлылығын көрсетеді. Мысалы, ақ түс бір мәдениетте тазалық пен пәктік, ал басқа мәдениетте қайғы мен мұңның белгісі болуы мүмкін. Қара түс билік пен азаны, қызыл түс бақыт пен қауіптіліктің символы ретінде қабылданады. Көк түс рухани күшпен, ал сары түс байлық пен даналықпен тығыз байланысты. Осылайша, түстер – тек визуалды қабылдау ғана емес, мәдени кодтар мен когнитивтік құрылымдардың маңызды элементтері. Түр-түстердің семантикалық және концептуалдық аспектілері жан-жақты әрі терең талдануда. Қазіргі лингвистика мен мәдениеттануда түр-түс атауларының зерттелуі маңызды бағыттардың біріне айналды. Бұл зерттеулерде түр-түс атаулары тек тілдік жүйе шеңберінде ғана қарастырылмайды, сонымен бірге олардың әлеуметтік, мәдени және психологиялық контекстегі рөлі мен мағынасы да жан-жақты зерттелуде. Мұндай кешенді талдау тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығын түсінуге, сондай-ақ түр-түс атауларының мағынасын толыққанды ашуға

мүмкіндік береді. Өйткені, түстерді зерттеу – тіл мен мәдениеттің байланысын тереңірек түсінудегі маңызды қадамдардың бірі.

### **1.3. «Көк» концептісінің геосимволикалық тарихи-мәдени мәні**

Түр-түс атаулары әлемдік лингвистикада кеңінен зерттелген категория. Олар көбінесе сын есімдер категориясына жатқызылады және тіл білімінде лексика-грамматикалық әрі мағыналық тұрғыдан қарастырылады. Көне замандардан келе жатқан бұл ұғымдар тілдің даму тарихымен тығыз байланысты. Түр-түс атаулары, әр түрлі елдерде әртүрлі семантикалық қырларымен сипатталады. Мысалы, А.Д. Терентьев, П.М. Мелиоранский, Н.И. Катаринский секілді ғалымдар түркі тілдері бойынша жүргізілген зерттеулерінде түркі елдеріндегі бір ғана көк түсінің көп мағыналылығы анықтаған, бұл мәселелер әртүрлі ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Түс мәдениеті мен символикасы – адамның тарихи және әлеуметтік тәжірибесімен тығыз байланыста қалыптасқан күрделі феномен. Әсіресе түс геосимволикасы – белгілі бір түстердің кеңістік, табиғат, әлеуметтік құндылықтар және рухани әлеммен байланысын зерттейтін бағыт. Қазақ мәдениеті мен тілінде түстер тек көркемдік эстетикалық мәнге ие болумен шектелмей, олар халықтың дүниетанымы, мифологиялық түсінігі, діндік сенімдері және тарихи тәжірибесімен астасып, терең символикалық мағынаға ие.

Түс геосимволикасының тарихи-мәдени негізі – түстердің халық сана-сезімінде қалай қабылданғанын, олардың мәдени рәміздер мен салт-дәстүрлерде қандай функция атқарғанын зерттеу арқылы айқындалады. Мысалы, көк түс түркілер танымында аспан мен Тәңір, кеңістік пен биіктікпен байланысқан символ ретінде көрінсе, қызыл түс – қуаныш, шешендік, өмірлік күш пен эмоционалдық өрлікті білдіреді. Осылайша, түстердің тарихи-мәдени негізі олардың семантикалық, мифологиялық, әлеуметтік және эстетикалық функцияларын біріктіретін кешенді құрылым ретінде қарастырылуы мүмкін. Зерттеу барысында түстердің геосимволикалық сипатын талдау арқылы олардың әр түрлі халықтық танымдағы рөлі, рухани және мәдени мәні айқындалады, бұл өз кезегінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Әрбір тілдегі түр-түс атаулары сол халықтың мәдениетін, дүниетанымын және әлеуметтік құрылымын бейнелейтін айна іспеттес. Түркі тілдеріндегі түр-түс атауларының қалыптасуы мен дамуы осы халықтардың тарихи өзгерістерімен, өмір салтымен және мәдени мұрасымен тығыз байланысты. Олар тек түстік реңкті білдіріп қана қоймай, сонымен қатар ұлттық болмыс пен дүниетанымның маңызды бөлігі ретінде қызмет етеді. Түр-түс атаулары тек түсті сипаттайтын лексикалық бірліктер ғана емес, сонымен қатар әлемді қабылдау, концептуалдану және категоризациялау үдерістерін көрсететін когнитивтік құрылымдар. Зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауында түр-түс атауларының когнитивтік құрылымы, олардың ұлттық тілдік санадағы орны

мен маңызы, сондай-ақ концепт ретінде қалыптасу үрдістері талданды, сонымен қатар түр-түс атауларын зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектері қарастырылса. Екінші тарауда түр-түс атауларының семантикалық трансформациясы мен мәдени мазмұны анықталды. Ал үшінші тараушада түр-түс атауларының геосимволикалық негіздері жан-жақты айқындалып, олардың кеңістіктік және мәдени мағыналық жүйедегі орны кешенді түрде зерттеледі. Геосимволика тұрғысынан түстер кеңістік, бағыт, табиғат элементтері және әлеуметтік құрылымдармен тығыз байланыста қарастырылады. Әрбір түс ұлттардың рухани дүниесі мен мәдени идентификациясында маңызды символдық функция ролін атқарып, географиялық кеңістіктегі ерекшеліктерімен үйлесімділік табады. Бұл бөлімде түстердің әр түрлі мәдени кеңістіктерде бейнелеуіне ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, түстердің геосимволикалық мағыналары ұлттық дәстүрлер, мифология, әдет-ғұрыптар мен тарихи тәжірибелер негізінде қалыптасқанын көрсетеді. Осы арқылы түр-түс атаулары ұлттардың әлемді қабылдау және оны тілде бейнелеу ерекшеліктерін ашады, мәдени кеңістіктің тілдік және когнитивтік картасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Когнитивтік лингвистика тұрғысынан түр-түс атаулары адамның ойлау жүйесінде белгілі бір концептуалды модельдерге сүйенеді. Түркі тілдерінде түр-түс атауларының құрылымы прототиптік және радиалды семантикаға негізделген. Мысалы, «ақ», «қара», «көк», «қызыл» сияқты негізгі түстер прототиптік деңгейде қабылданса, туынды мағыналар (мысалы, «көгеру» – өлу, «қара ниет» – зұлымдық) когнитивтік метафоралар арқылы дамиды. Түс әлемі көптеген этностардың дүниетанымын, эстетикалық, моральдық құндылықтарын білдіретін және түсінік жүйелерінде ерекше орын алатын компонент ретінде қарастырылады. Әрбір халық өз көркемдік шындығын, қоршаған әлемнің нақты сипаттарын беру арқылы түстерді этикалық және эстетикалық тұрғыда бағалауды жүзеге асырады, осылайша олар ұлттық дүниетанымның элементі. Әртүрлі тілдік жүйелердегі түстерді қабылдау ғылыми көзқарастан өзгеше, себебі түстердің тілдік бейнелері адамның физикалық және психологиялық қабылдау заңдылықтарымен, сондай-ақ әлем туралы білімдермен тығыз байланысты. Осылайша, түр-түсті сипаттаудың тілдік әдістері әлемді қабылдаудың әртүрлі мәдени көзқарастарын көрсетеді. Түстік сезімдерді вербализациялау барысында шындық, сана және тіл өзара тығыз байланыста әрекет етеді. Белгілі бір халықта пайда болған түр-түс атаулары нақты атаулар арқылы беріледі. Мысалы, қазақ тілінде ақ, сары, қызыл, қара, жасыл, көк. Атаулар түстерді жеке, айқын элементтер ретінде қабылдап, оларды бір-бірінен нақты ажыратады. Екінші жағынан, халық танымында түстер бір-бірімен үйлесіп, біртіндеп өзгеріп реңктер ретінде қабылданады. Түстердің реңктері арқылы сарғыш – аздап сары, сарғылт – сарылау, қызғылт – қызылға ұқсас, бірақ ашықтау, ашық көк – көктің ашық, жарық реңкі т.б. түр-түс атауларының реңтері пайда болады. Түстік кеңістікті вербализациялау объективті шындыққа негізделгенімен, ол тілдік, әлеуметтік және психологиялық факторлармен күрделене түседі. Күрделілік әртүрлі

мәдениеттердегі түстердің семантикалық жүйелеріндегі айырмашылықтарды тудырады, сондай-ақ түстердің тіл иесі үшін жеке қабылдануын көрсетеді.

Әлемнің түстерді қабылдауын зерттеу – тіл, мәдениет және психологияны тереңірек түсінуге жол ашатын маңызды сала. Түрлі мәдениеттердегі түстердің алуан түрлілігі ұлттық дүниетанымға, қарым-қатынас стиліне және символдық мағыналарына тікелей әсер етеді. Түстер мен тіл арасындағы байланыс ерекше күрделі әрі қызықты. Мәдениетаралық айырмашылықтар түстердің символикалық мәніне ықпал етіп, олардың қоғамда қабылданған мағыналарын өзгертеді. Әрбір тілдегі түстер белгілі бір мәдени контексте өзгеше түсінікке ие болуы мүмкін. Мысалы, бір халық үшін көк түс тыныштық пен қауіпсіздікті білдірсе, басқа мәдениетте ол суықтық немесе қайғы-қасіреттің белгісі болуып келеді. Түстердің қабылдануы мен мағыналары тарихи, әлеуметтік және саяси факторларға байланысты қалыптасады. Олардың адам психологиясына әсер ететінін көрсетеді. Қызыл түс көбіне күш, батылдық немесе қауіптілікті білдірсе, көк түс тыныштық, сенімділік пен тұрақтылықтың символына айналады. Әр қоғамның әлеуметтік қатынастары мен мәдени құндылықтары осындай түсініктердің қалыптасуына ықпал етеді.

Әлемнің әртүрлі елдерінде түстерді қабылдаудағы айырмашылықтар тек тілдік ерекшеліктермен ғана емес, сонымен қатар мәдени дүниетаныммен, тарихи тәжірибемен және әлеуметтік дамумен тығыз байланысты. Әрбір халық түстер арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастырады, ал олардың мәдениеті мен дәстүрлерінде көрініс табады. Түр-түс атаулары – концепт мазмұнын танытатын лексикалық бірліктердің бірі саналады, себебі түстік жүйе мәдени, тарихи негіздермен тығыз байланысты. Колоративті лексика ұлттық таным құрылымына, мәдени тәжірибеге және дүниетанымдық үдерістерге қатысты маңызды анықтама береді. Түр-түс атауларын концепт аясында талдау ұлттық когнитивтік ерекшеліктерді және әлемді қабылдау тәсілдерінің қырларын ашады.

Түр-түс атаулары – белгілі бір концептіні білдіретін лексикалық бірліктердің бірі, себебі мәдениетті, тарихты және дәстүрді түстерсіз елестету мүмкін емес. Колоративті лексика деп аталатын түр-түс атаулары белгілі бір ұлттың әлемді тану үдерісін, мәдениетін және дүниетанымын көрсетеді. Түр-түс атауларын концепт аясында зерттеу арқылы сол ұлттың танымдық ерекшеліктерін және әлемді қабылдау тәсілдерін тереңірек түсінуге болады. Түр-түс атаулары ұлттық тіл мен мәдениетпен тығыз байланыста болып, символикалық, ассоциативтік және психологиялық мәндерге ие. Концепт ұғымы когнитивтік лингвистикада маңызды рөл атқарады, себебі ол адам санасындағы ақпаратты өңдеу және ғаламды тану үдерісін бейнелейді. Концептілер арқылы ұлттың дүниетанымдық ерекшеліктері көрініс тауып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы айқындалады. Түстер – әр түрлі халықтар мен мәдениеттердің әлемді түсіну тәсілдері мен құндылықтарын көрсететін адамзат қоғамында маңызды символикалық мәнге ие әмбебап ұғым. Олар тек визуалды қабылдаумен шектелмей, мәдениеттің,



дүниетанымның және әлеуметтік қатынастардың ажырамас бөлігі ретінде қызмет етеді. Түстердің мағыналары әр мәдениетте әртүрлі түсіндіріліп, олардың символикасы мен эмоционалдық әсерлері әлеуметтік, тарихи және мәдени факторларға байланысты қалыптасады. Осыған байланысты, мәдениетаралық коммуникацияда түстердің мағынасы мен символикалық рөлі ерекше маңызға ие. Түстердің символикалық мағынасы әрбір мәдениеттің дүниетанымы мен құндылықтарына негізделеді. Әрбір мәдениетте түстердің өзіндік символикасы қалыптасқан, ол қоғамның әлеуметтік, тарихи және экономикалық жағдайларына, сондай-ақ тілдік ерекшеліктеріне байланысты дамиды. Әр түрлі халықтардың әлемді қабылдауы мен табиғат құбылыстарына деген түсініктері ерекшеленеді, бірақ олардың әрқайсысында белгілі бір түстер мен табиғи элементтер арасында тығыз байланыс орнатылған. Ежелгі дәуірлерде көптеген халықтар, оның ішінде үнділер, ирандықтар, америкалық үндістер, қытайлықтар мен басқа да көптеген мәдениеттер әлемнің төрт бұрышы мен оның әр түрлі бағыттарын сипаттайтын түс белгілерін пайдаланып, осы белгілер арқылы өздерінің әлемге деген көзқарасын, діни сенімдерін, сондай-ақ космогониялық түсініктерін символикалық түрде бейнелеген. Әрбір мәдениет өзіндік геосимволикалық жүйелерді қалыптастырып, әлемнің құрылымын түс арқылы сипаттау арқылы адамның дүниетанымы мен мәдени мұрасын нақтылаған.

Ежелгі Осман империясы мен Византияда қызыл түс маңызды мемлекеттік мәселелерді шешудің символы ретінде маңызды шешімдер қабылданатын орындарға қызыл кілем төселген. Үнді мәдениетіндегі түс символикасы да ерекше мәнге ие болды, белгілі бір аймақтарды сипаттап қана қоймай, олардың ішкі әлемді және табиғатпен тығыз байланысын көрсетеді. Әрбір түске байланысты философиялық, мифологиялық мағыналар қалыптасқан Қытайлықтар мен ирандықтарда көк түс батысты, сары түс орталықты, ал қызыл түс оңтүстікті білдірсе, ақ түс шығысты және қара түс солтүстікті белгілеген. Әрбір бағытқа тән түстердің астарында әлемнің табиғи және мәдени құрылымдары мен элементтерінен тұрады. Қытайлықтар мен ирандықтардың түс белгілеу жүйелері діни-метафизикалық ұғымдарға негізделіп, әр түрлі табиғи және космологиялық элементтермен байланыстырыла қолданылған. Сары түс императордың түсі болып, орталықтың символы ретінде ерекше орын алған. Түс таңбалары сол халықтардың мәдениеті мен дүниетанымындағы маңызды орынға ие болған Америкалық үндістер мен калмык халықтарының мәдениеттерінде ұқсас жүйелер бар. Калмык халқы шығысты ақ түспен, оңтүстікті көкпен, батысты қызылмен және солтүстікті сары түспен белгіленген. Түстердің әрқайсысы әртүрлі халықтар мен мәдениеттердің табиғатқа, қоғамға және әлемнің құрылымына қатысты түсініктерін білдіреді.

Моңғол жазбаларында да түс пен халықтардың арасындағы өзара байланыстар туралы мәліметтер кездеседі: көк түсті моңғолдар, қызыл түсті қытайлар, қара түсті тибеттіктер, сары түсті түркістандықтар және ақ түсті корейлер көрсетілген.

Көк түс батыста адалдық пен тұрақтылықтың символы ретінде қарастырылады («true blue» – адалдық), сонымен бірге мұң мен күйзелісті білдіретін мағынасы да бар («feeling blue» – мұңдану). Қытайда көк түс өмір күші мен жаңаруды білдіреді. Көк айдаһар бейнесі көктем мен табиғаттың жаңғыруын сипаттайды. Алтайлықтар *ақ, қара, қызыл, көк* (қосымша – *жасыл, қоңыр*) секілді түстерді *сары-қызғылт, сары және сұр* түстерді ең маңызды түстер санайды. «Ахроматикалық гаммада ақ және қара түсі әртүрлі қабылданады. Алтай буддизімінің дін басыларының киімдері сүтті түсті (ақ түс)». Ақ түс сенім мағынасын білдіреді [73, б. 22].

Әрине, түс символикасы әр халықтың мәдени және табиғи ерекшеліктеріне байланысты түрліше интерпретацияланғанымен, түстердің символикалық мәні көбінесе сол халықтардың дүниетанымына, діни сенімдеріне және табиғатқа деген көзқарастарына негізделгенін көрсету маңызды. Түстік белгілер жүйесі әлемнің әр аймағын сипаттап қана қоймай, сол аймақтардың мәдениеті мен табиғат құбылыстарына деген терең символикалық мағыналар мен түсініктерді білдіреді.

Түстер белгілі бір жануарлармен байланыс орнатылған. Мысалы, шығыс аймағының көк түсіне байланысты айдаһар символы, батыс үшін ақ түспен жолбарыс символы, оңтүстік қызыл түс үшін қызыл тырнақ құсы, ал солтүстік қара түс үшін жылан бейнесі қолданылған. Түркі көшпелі халықтарының космогониялық түсініктеріне сай осы түстер жүйесі олардың мәдени және дүниетанымдық құрылымын айқындап көрсеткен. Түстердің алғашқы мәнінен алыстап кеткенмен, қоғамның мәдени өміріне әсерін тигізіп, жаңа мағынада қолданылуда. Түстік геосимволиканың ұмытылып, қолданыстан шыққанымен, оның ескі ұғымдары мен түсініктері қайтадан жаңаша түсіндіріліп, қазіргі қоғамда жаңа мағынамен өмір сүруін жалғастыруда. Түстердің бастапқы мағынасы мен символикасының өзгеруі көптеген жағдайларда халықтың мәдениетінде, әсіресе тұрмыстық әрекетінде сақталып қалады. Түркі халықтарының арасында түстік геосимволика уақыт өте келе сызықтық-кеңістіктік бағдарлармен алмастырылғанымен, түстердің мәдени өмірдегі рөлі мен маңызы зор. Әр түрлі халықтар мен мәдениеттердің арасында әлемнің төрт бұрышына қатысты түс белгілерінің өзгеруіне қарамастан, түстер халықтың тілінде, мәдениетінде және тұрмысында сақталып келеді. Түстік жүйелерді зерттеу осы халықтардың дүниетанымы мен мәдениетін түсінуде маңызды құрал. Түстік геосимволика бойынша зерттеу жұмысы кейбір кеткен олқылықтың орнын толтыруға арналған және түркі халықтарының мәдениеті мен дүниетанымына қатысты маңызды тұжырымдар жасайды. Түркі халықтарының тарихында және атауларында түс белгілерінің жиі қолданылуы ғалымдардың назарын аударып келеді, бірақ осы уақытқа дейін олардың жүйелі зерттеуін жүргізетін біртұтас ғылыми мектеп қалыптаспаған еді. Түстік геосимволика әлемнің төрт бұрышын сипаттау арқылы, әр халықтың табиғат пен қоғамға деген көзқарасын бейнелеген, әрі жүйелер халықтардың дүниетанымдық құрылымдарын айқындап, олардың мәдениетінде маңызды рөл атқарған. Түстер ұғымы – ежелгі түркі

халықтарының дүниетанымдық моделінде маңызды танымдық, символикалық және мифопоэтикалық қызмет атқарған күрделі мәдени-тілдік феномендердің бірі. Түркі дүниесінде түстер тек визуалды сипаттағы белгілер ғана емес, олар кеңістікті бағдарлаудың, әлемді семантикалық модельдеудің және діни-мифологиялық жүйені түсіндірудің құралы ретінде қызмет еткен. Көне түркі жазба ескерткіштерінде, атап айтқанда, Орхон-Енисей мәтіндерінде – *ақ, қара, көк, қызыл, сары, жасыл* сияқты базалық түстік лексемалардың жиі кездесуі олардың байырғы түркі тілінде де семантикалық тұрғыда терең орныққанын дәлелдейді. Түстер әлемнің төрткүл дүниеге сәйкес топтастырылған, *көк – шығыс, қызыл – оңтүстік, қара – солтүстік, ақ – батыс*. Аталған түстер-бағыт сәйкестігі түркілік дүниетанымдағы космологиялық дуализмді, яғни адам мен әлем, табиғат пен руханилық, кеңістік пен уақыт арасындағы өзара байланысты танытады. Көк түс аспанмен, Тәңірмен, мәңгілікпен ассоциацияланса, қызыл түс күн, от, өміршеңдік пен құнарлылықтың символы ретінде түсіндіріледі.

Түстердің семантикалық өрісі ұлттық мәдени кодпен, халықтық дүниетаныммен және тілдік сана құрылымымен тығыз байланысты. Зерттеу барысында әр түстің әрбір халықтың дүниетанымында қандай танымдық роль атқаратынын дәлелді және салыстырмалы көрсету үшін төмендегідей кесте ұсынды жөн көрдік. Төтендегі берілген кесе әр түстің әртүрлі халықтар арасында қандай мәнге ие екенін көрсеткенімен қатар, салғастырмалық тұрғыдан айырмашылықтарын да дәйектейді.

| <b>Түр-түс атауы</b> | <b>Түркі дүниетанымында</b>   | <b>Қытай дүниетанымында</b> | <b>Жапон дүниетанымында</b> | <b>Европа дүниетанымында</b> | <b>Үнді дүниетанымында</b>   |
|----------------------|-------------------------------|-----------------------------|-----------------------------|------------------------------|------------------------------|
| көк                  | Шығыс, аспан, киелі, мәңгілік | Аспан, сенімділік, тұнықтық | Сенім, тыныштық, су         | Сенімділік, сабырлылық       | Құдайлық, рухани тазалық     |
| қара                 | Солтүстік, құпия, қуат        | Қуат, құпия, қайғы          | Қайғы, жер, ауырлық         | Қайғы, өлім, формалдылық     | Тіршілік, өлім, жамандық     |
| ақ                   | Батыс, тазалық, адалдық       | Тазалық, қайғы (қайғылы)    | Тазалық, өлім               | Тазалық, ақиқат, бейбітшілік | Тазалық, қасиеттілік         |
| қызыл                | Оңтүстік, от, ерлік, қуат     | Бақыт, сәттілік, байлық     | Бақыт, қуаныш, сәттілік     | Қуат, махаббат, қауіптілік   | Қуат, құдайшылық, той-мереке |

|        |                                         |                                 |                      |                              |                                          |
|--------|-----------------------------------------|---------------------------------|----------------------|------------------------------|------------------------------------------|
| сары   | Орталық,<br>жер,<br>молшылық            | Император<br>лық түс,<br>байлық | Байлық,<br>мәртебе   | Байлық,<br>жылулық           | Жарқынды<br>қ, білім,<br>рухани<br>жарық |
| жасыл  | Өсімдік,<br>тыныштық,<br>жаңару         | Өмір,<br>өсімдік,<br>тыныштық   | Табиғат,<br>тыныштық | Табиғат,<br>өсу,<br>тыныштық | Өмір,<br>жаңару,<br>үйлесім              |
| күлгін | Рухани ізденіс,<br>өткіншілік,<br>билік | Рухани,<br>байлық               | Рухани,<br>құпия     | Рухани,<br>құндылық          | Рухани,<br>трансформ<br>ация             |

Кесте 1. Әр халықтың түстерді қабылдауда өзіндік дүниетанымы

Кестеден байқағанымыздай кей-кездерде түс тануға келгенде өркениеттер арасында өзіндік тоғыс арналарының бар екендігі, көзқарастары мен дүниетанымдарында айырмашылықтары да байқалады. «Көк/көгілдір әлем мәдениетінде маңызды рөл атқарады: Еуропада бұл адалдық пен құпиялылықтың түсі болып табылады, ал французша «un sang – blue» (көгілдір қан) сөз тіркесі ақсүйектерге қатысты қолданылады. Көне заманда поляктар болашақ қалыңдықтың үйін көк түске бояу дәстүрін қолданды; көк – Сахараның кейбір тұрғындары туарегтердің киімінде көрінетін қасиетті түс; қытай өнерінде көк бет рухтар мен аруақтарға және т. б. тиесілі» [68, б. 198].

Қазіргі қазақ тілінің қолданысында *қоңыр, сұр, көгілдір, күлгін, қызғылт* секілді туынды немесе күрделі түстердің атаулары да кең таралған, алайда олардың символикалық жүктемесі базалық түстерге карағанда әлдеқайда шектеулі. Түстер концептісінің қазақ тіліндегі көріністерін талдау арқылы ұлттық тілдік сананың когнитивтік және мәдени ерекшеліктерін айқындауға болады. Түстер – бұл тек физикалық көрініс емес, сонымен қатар тілдік әлем бейнесін құраушы семиотикалық элемент, ұлттық символика, мәдени жады және дүниетанымдық категория. Қазақ халқының танымында түстер жүйесі дүниенің төрт тарабына, тіршілік пен руханиятқа, жақсылық пен жамандыққа қатысты күрделі мағыналар жүйесін түзіп, ұлттық санада орныққан мәдени кодтардың бірі ретінде қызмет етеді. Түр-түс символикасы – белгілі бір халықтың тарихи танымы мен мәдениетінің айнасы. Әрбір түс қоғамда қалыптасқан мәдени және рухани құндылықтармен астасып, белгілі бір ұғымдармен байланысады. Түр-түс атауларының символикалық мәні әр халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, мифологиясына және эстетикалық көзқарасына негізделген. Көптеген халықтарда түстер тек физикалық құбылыс ретінде ғана емес, мәдени-танымдық таңба ретінде қабылданады. Түркі халықтарында, әсіресе қазақ мәдениетінде түстердің мағынасы белгілі бір ұғымдарды білдірумен қатар, әлеуметтік және рухани рөл атқарады. Қазіргі таңда әлемдік лингвистикада түр-түс атауларына ерекше көңіл бөлінуде. Бұған бірнеше негізгі себеп бар: ең алдымен, көптеген зерттеушілер бұл құбылысты адамның психологиялық үдерістерімен байланыстырады.

Түр-түске деген қызығушылық әртүрлі ғылыми салаларда байқалады. Физика ғалымдары оның энергетикалық табиғатын зерттесе, физиологтар адам көзі арқылы түстердің қабылдануын зерттейді. Психологтар түстердің адам психикасына әсерін, эмоциялармен байланысын қарастырса, гуманитарлық ғылымдарда, әсіресе әдебиет пен өнер саласында, түстердің эстетикалық қызметі маңызды орын алады. Лингвистикада, әсіресе когнитивтік лингвистикада, түр-түс атаулары белгілі бір халықтың әлемді тану ерекшеліктерін, мәдени-рухани құндылықтарын көрсететін тілдік дереккөз ретінде қарастырылады. Л. Уорф пен Э. Сепир еңбектері негіз болды. Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларын зерттеуге Н.Н. Айтова, Ш.Қ. Жарқынбекова секілді ғалымдар өз үлесін қосты. Тілді белгілі бір халықтың танымдық құрылымы мен ойлау жүйесінің көрінісі ретінде қарастыру В. фон Гумбольдттың «Избранные труды по языкознанию» [74] еңбегіндегі тұжырымдамаларымен тығыз байланысты.

Түстер лексикасы тілдік санада тек денотативтік мәнімен ғана емес, сонымен қатар коннотациялық, символикалық және мәдени кодтар жүйесімен астасып жатады. Зерттеушілер кейде бұл қатарға ала (аралас, пестрый) түсті де қосып, оның синкреттік сипатқа ие екенін атап өтеді. Орхон мәтіндерінде кездесетін *ak, kara, kök, sarıg, jaşıl* [75] формаларындағы түстер лексемалары – көне түркі тілінде түстік атаулардың тарихи континуумда тұрақты әрі өнімді лексика-семантикалық категория болғанын көрсетеді. Қазіргі қазақ тілінде базалық түстер жүйесі *ақ, қара, көк, қызыл, сары, жасыл* атауларымен қалыптасқан.

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулерде түр-түс атауларына қатысты зерттеулер әлемнің тілдік бейнесі, тіл және қоғам, тіл және ойлау сияқты маңызды мәселелерді талдауға жол ашады.

Сонымен қатар, олардың мәні этномәдени ерекшеліктермен тығыз байланысты болғандықтан, мәдениетаралық коммуникацияда да маңызды орын алады. Осыған байланысты түр-түс атаулары мәдениеттің айнасы ғана емес, оны қалыптастыратын маңызды факторлардың бірі. Лингвистер бұл саладағы зерттеулерге ерекше мән беріп, түр-түс атауларының әртүрлі аспектілерін жан-жақты қарастыруда.

Ұлттық мәдениеті мен тарихы, халықтың сенімі мен салт-дәстүрі, әлем бейнесі түр-түстік символдар арқылы көрініс табады. Кез келген символдар халықтың баға жетпес лингвистикалық қазынасы. Мәдениет ұғымы кең мағынада қолданылып, тілдің даму жолында өрбіген түр-түстік атаулар соның негізінде қалыптасқан. Сөздің атауыш мағынасы ғана емес, оның ішкі, жасырын мағыналары да ерекше рөл атқарады. Символдық мәнге ие сөздер ұлттық дүниетаныммен, мәдени-танымдық фонмен және халықтың әлемді бағалау жүйесімен тығыз байланысты. Сөздің көзге көрінбейтін, астарлы мағынасы көбіне фразеологиялық бірліктерде айқындалады. Әлеуметтік факторлар (діни наным, табу, эвфемизмдер, дәстүрлік ерекшеліктер) белгілі бір түстік ұғымдардың символдануына ықпал еткен.

Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының қызметі мен мәні сан алуан. Олар тікелей түстік мағынадан тыс, ауыспалы қолданыста да үлкен рөл атқарады. *Ақ отау, ақ сүт, қара қазан, сары алтын* тіркестері негізгі түстік мағынасына жақын болса, *ақ ниет, қара көңіл, қара қағаз, қара халық, сары арқа, сары уайым* сияқты тіркестер бастапқы семантикалық байланыстан алыстап, жаңа мағыналық реңктерге ие болған. Түр-түс атауларының мәні халық дүниетанымында, салт-дәстүрде, ұлттық мәдени тәжірибеде және жеке тұлғаның қабылдауында айрықша орын алады. Әрбір этнос пен ұлт түсінігінде түстердің өзіндік мағынасы мен таңбалық сипаты бар. Бүгінгі күні халықтардың мемлекеттік рәміздері мен нышандары, символикасы ұлттық дәстүрімен, салт-санасымен, әдет-ғұрпымен тығыз байланысты. Ежелгі дәуірлерде әр рудың, тайпаның өзіне тән таңбалары, ұрандары, тулар мен мөрлері, ен-таңбалары болғаны белгілі. Этностық белгілер түстер арқылы бейнеленіп, халықтық дәстүрге сай мәнге ие болған. Түстер қоғамдық-әлеуметтік дәрежені аңғартып, жалпы этносқа ортақ таңба, белгі, символ қызметін атқарған. Ақ пен қара, көк пен жасыл, сары мен қызыл түстердің бастапқы номинативтік мағынасы уақыт өте дерексізденіп, олардың заттық әрі материалдық ауыс мағыналары кеңейіп, қолданылу аясы барған сайын ұлғая түскен. Қай халықтың болсын тұрмыс-тіршілігі мен танымы сол халықтың жадында сақталып, ең алдымен тілінде бейнеленеді. Тіл арқылы біз халықтың мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін, мінезін, менталитетін танимыз. Дүниетаным негізінде қалыптасқан мәдениеттің терең сырлары көбіне символдық мәнге ие сөздерде көрініс табады. Қазақ халқының ұлттық санасында орныққан әрбір түр-түстік символ халықтың рухани әрі материалдық мәдениетінде, салт-дәстүрінде ерекше орын алады. Әр халықтың түр-түсті өзінше танып, өзіндік атау беріп, күнделікті қолданыстағы тіркестер арқылы қасиетті ұғымдармен аталған құбылыс сабақтастырып қолдануымен түсіндіріледі.

Ғаламның тілдік бейнесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын концептілік өрісті құрайтын мағыналық компоненттер – концептілерді талдау ұлттық менталитеттің тілдік ерекшеліктерін тереңірек ашады. Зерттеліп отырған мәселе бойынша айтарлықтай еңбектер орын алғанына қарамастан, тіл мен мәдениеттің өзара байланысына деген ғылыми қызығушылық бәсеңдеген емес. Мұны осы диссертацияның теориялық негізін құраған көптеген ғылыми ізденістер дәлелдейді. Атап айтқанда, ғаламның тілдік бейнесіне арналған іргелі зерттеулер Ресей ғалымдары Н. Бахилина, А. Вежбицкая, В. Воробьев, А. Маслова, Ю. Степанов, Р. Фрумкина еңбектерінде жан-жақты қарастырылса, олардың бағыттарын қазақ ғалымдары Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, Б. Ақбердиева, А. Сейілхан, С. Керимова, Н. Аитова, М. Күштаева, А. Байғұтова, М. Абдрахманова, Б. Динаева, Ж. Қошанова, Ә. Бияздықова және басқалары ілгерілетті. Ал концепт ұғымын теориялық тұрғыдан дамытуға Н. Болдырев, С. Воркачев, А. Залевская, Е. Конкова, Е. Кубрякова, В. Маслова, М. Никитин, Б. Серебренниковтардың еңбектері айрықша үлес қосты. Сонымен қатар, түр-

түс лексикасының семантикалық, этимологиялық және лингвомәдениеттанымдық ерекшеліктерін арнайы қарастырған академик Ә. Қайдар бастаған ғалымдар легінің зерттеулері бұл бағыттағы еңбектердің ғылыми маңызын арттыра түседі.

Когнитивтік лингвистика өкілдері ғаламның тілдік бейнесі адамзаттың әлем жөніндегі ұғым-түсініктеріне негізделетінін орынды дәлелдейді. Егер «әлем» ұғымын адамзат баласы мен оның қоршаған ортамен өзара байланыс жүйесі ретінде қарастырар болсақ, онда ғалам бейнесі осы орта мен адам туралы ақпаратты өңдеудің нәтижесі. Демек, тілдік формада көрініс тапқан ғаламның концептуалды бейнесі адамның физикалық тәжірибесіне ғана емес, сонымен бірге мәдени-әлеуметтік тәжірибесіне де тәуелді, әрі олармен тығыз сабақтас [73, б. 64]. Ұлттық дүниетанымды түсінудің басты құрамдас компоненттерінің бірі – концепт. Ол – этномәдени санада сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін, мағынасы терең әрі құрылымы күрделі категория. Дегенмен, оның сыртқы құрылымдық бейнесі ықшамдылығымен ерекшеленеді. Алғашында математикалық логикада қолданылған бұл термин уақыт өте келе психология, мәдениеттану, философия және когнитология салаларына еніп, когнитивтік лингвистиканың іргелі ұғымдарының біріне айналды. Тіл білімінің ғылыми айналымына ХХ ғасырдың 20-жылдарында енгізіле бастағанымен, 1980 жылдары ағылшын тілді зерттеушілердің еңбектерінің аударылуына байланысты «концепт» ұғымы отандық ғылымда нақты термин ретінде орнықты. Ал 1990 жылдардың басынан бастап ол лингвокогнитология саласында белсенді қолданысқа түсті.

Адамға табиғат берген ең күрделі қасиеттердің бірі – қоршаған ортадағы түстердің семантикалық мәнін түсіне білу қабілеті. Күнделікті өмірде адам түрлі түстерге үйреніп кеткенімен, сол түстердің ортасында ұзақ қалса, олар сенімсіздік, белгісіздік немесе психологиялық ыңғайсыздық сезімін туғызуы мүмкін. Зерттеулерге сәйкес, әлемде жеті миллионға дейін түс бар. Антрополог Б. Берлин мен лингвист П. Кей өз зерттеулерінде әртүрлі халықтардың тілдерінде түстерге қатысты ұқсас үлгілердің қалыптасқанын анықтаған. Олар тоқсан сегіз тілде жүргізген эксперимент барысында түстерді ақ-қара, қызыл-жасыл, сары-көк, қоңыр, қызғылт сары, сұр, күлгін және қызғылт сияқты бес негізгі топқа бөлген. Түр-түстің алуан түрлі және қайталанбас үйлесімі әр халықтың дүниетанымында ғаламның концептуалды бейнесін көрсетіп, «халықтың мәдени өмір салтына байланысты тәжірибелік және жинақталған білім деңгейінің маңыздылығын» сипаттайды [32, б. 66]. Сонымен қатар түстерді қабылдауға халықтың тарихи тәжірибесі, этникалық топтың географиялық мекені, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, материалдық мәдениет элементтері, өмір салтының ерекшеліктері, сондай-ақ тіл мен мәдениет иелерінің әлеуметтік-психологиялық, этикалық және адамгершілік аспектілері де әсер етеді. Жер бетінде қанша халық болса, түстерді қабылдау мен түсіндіру де соншалықты әртүрлі болады. Мысалы, ежелгі Византия мен Осман империясында қызыл түс маңызды мемлекеттік мәселелерді шешудің

символы ретінде қаралып, маңызды оқиғалар мен рәсімдерде қызыл кілем төселген.

Колоративті лексика – белгілі бір тілдегі түр-түс атауларын білдіретін сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы. Ол тек түстерді сипаттаумен шектелмей, сол халықтың дүниетанымы, мәдениеті, ұлттық ерекшеліктері мен тарихи тәжірибесін де көрсетеді. Қазақ тілінде колоративті лексикаға ақ, қара, қызыл, көк сияқты негізгі түстер ғана емес, олардың реңктері мен астарлы мағыналары да жатады. Ғалымдар түстердің атауларын адамның когнитивтік әрекеті, мәдениеті және ұлттық ерекшеліктерімен байланыстырған түрде зерттеп, түстерді тану саласын дамытуда. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан бай мұрасы – оның тарихы, мәдени дәстүрлері, салт-ғұрыптары мен әдет-ғұрпын қамтиды. Түр-түс атауларына қатысты тілдік таңбалар мен бірліктер мәдени ақпарат тасымалдаушы ретінде көпқырлы мағыналар мен сипаттамаларға ие. Олар тек түсті білдіріп қана қоймай, халықтың дүниетанымы, салт-дәстүрі, наным-сенімі мен тарихи тәжірибесін де бейнелейді.

Түр-түс атауларының лингвистикалық кеңістіктегі эволюциясы жайлы зерттеулер ғалымдардың назарын өзіне аударып келе жатқаны белгілі. Түр-түстердің шығу төркініне қатысты ғалымдар әртүрлі көзқарастар ұсынып, сан түрлі болжамдар жасап келеді. Кейбір зерттеушілер түр-түс атауларының шығуын адамның қоршаған ортаны қабылдауымен және танымдық үдерістерімен байланыстырса, енді біреулері оларды белгілі бір халықтың мәдениеті мен тұрмыс-салтының ықпалымен қалыптасқан деп есептейді. Сондай-ақ, түр-түс атауларының пайда болуын мифологиямен, діни наным-сенімдермен және тарихи-әлеуметтік факторлармен сабақтастыратын пікірлер де бар. Түр-түс атауларын зерттеген әлемдік ғалымдар әртүрлі ғылыми бағыттарда жұмыс істеп, тіл білімі, психолингвистика, антропология және мәдениеттану салаларында маңызды еңбектер жазды. Әлемдік ғылымда Б. Берлин және Р. Кей 1969 жылы жарық көрген «Basic Color Terms: Their Universality and Development» атты еңбектерінде әлем тілдеріндегі негізгі түстердің әмбебап заңдылықтарын зерттеп, түстердің эволюциялық даму теориясын ұсынды [32]. Түр-түс атаулары адам танымында ерекше орын алатын когнитивтік және мәдени-әлеуметтік феномен. Түрлі мәдениеттерде түстердің символикалық мәні олардың дүниетанымдық, діни және тарихи ерекшеліктеріне байланысты зерттеуде ағылшын, қытай және түркі мәдениеттеріндегі негізгі түстердің концептуалды мәні салыстырмалы түрде талданып, олардың лингвомәдени ерекшеліктері айқындалады. Түр-түс атаулары – әрбір халықтың мәдени кодының маңызды бөлігі. Түркі тілдеріндегі түстердің семантикасы көшпелі өмір салты, дүниетаным мен мифологиялық ұғымдармен тығыз байланысты. Түркі тілдерінде *қызыл, сары, жасыл, көк, күлгін, қоңыр, қара, сұр, боз, ақ* сынды түр-түс атаулары бар. Кейбір түстердің атаулары қазақ, қырғыз, түрік, өзбек, ұйғыр және басқа да түркі халықтарында ортақ немесе ұқсас келеді. Түркі халықтарындағы түр-түс атауларының шығу төркіні көне түркілік лексикалық қабатпен



байланысты. Мысалы, «Көне түркі сөздігінде» *«aq белый, kök голубой, синий, сизый, qara черный, sarı желтый, yas, yaşıl зеленый, голубой, boz серый, ar рыжий, бурый, красноватый сияқты түр-түс атауларын кездестіреміз [64, бб. 50, 115, 245-246, 312, 422]. Түркі халықтарының тілдерінде түр-түс атаулары ұқсас немесе ортақ тамырға ие. Олар көбінесе көне түркі тілінен сақталып қалған және мағыналық жағынан үлкен өзгеріске ұшырамаған.*

Түркілік дүниетанымда «көк» концептісі тек түстік категорияны білдіретін лексема емес, кең мағыналы геосимволикалық мәнге ие күрделі мәдени код ретінде қалыптасқан. Қазақ тілінің сөз байлығында ерекше топ ретінде қалыптасқан түр-түс атауларының негізгі тұлғалары аса көп болмағанымен, олардың білдіретін мағыналары мен мәндерінің қолданыс аясы өте кең. Қазақ тіліндегі түстердің барлығы тек өзінің негізгі мағынасында ғана қолданылмай, қосалқы ауыспалы мағынасында да жұмсалып отырады. Түр-түс атаулары әрбір халықтың материалдық-рухани мәдениеті, әдет-ғұрпы, тарихы, намыс-сенімдері жайлы ақпарат береді. Түр-түс әлеміне қатысты тілдегі атаулар олардан туындаған тілдік бірліктердің қалыптасуы мен мағына-мәнінің дамуы, қолданыс аясы қашанда ғалымдардың назарын өзіне аударған мәселелердің бірі.

Геосимволикалық мән – белгілі бір табиғи кеңістік элементінің (аспан, жер, су, тау) ұлттың мәдени жадында сакралды рәмізге айналып, әлеуметтік, мифологиялық, ғарыштық жүйелермен байланыста символдық деңгейге көтерілуін білдіреді. Түркі халықтарының кеңістік моделі «жоғары – төмен» бинарлық оппозициясына негізделген. Мұндағы «жоғары» – көк, аспан, Тәңір – әлемнің тәртіп пен үйлесім орнаған, барлық нәрсенің бастау алатын сакралды қабаты. Осы дүниетанымдық құрылым «көк» лексемасының семантикалық эволюциясына да әсер етіп, оның этнонимдік, символдық, онтологиялық мазмұнын кеңейтті. Мәселен, Орхон жазбаларындағы *kök türk* тіркесі тек халық атауы емес, «еркін», «тәуелсіз», «аспанның қорғауындағы» халық деген концептуалдық мазмұнды көрсетеді. Бұл «көк» концептісінің геосаяси сипатының да болғанын айғақтайды. Сонымен қатар, «көк» концептісі көшпелі мәдениеттің табиғатпен тікелей байланысын бейнелейтін геосимвол ретінде қалыптасты. Көшпелілер өмірінің ажырамас бөлігі болған кең дала, шексіз көкжиек, биік аспан олардың әлемді қабылдауында басты эстетикалық және экзистенциалды өлшем болды. Осыған байланысты «көк» сөзі кеңістік сипаттамаларын білдіретін метафоралық құрылымдарға жиі енеді: *көкжиек, көкке самғау, көкке жету, көк мұнар, көк дауыл, көк аспан* т.б. Мұнда «көк» әлемнің қозғалысы мен кеңеюін, еркіндік пен биіктікті, рухани өрлеуді білдіретін символдық мәнге ие.

Геосимволикалық мәнің тағы бір қыры – «көк» лексемасының әлеуметтік-мәдени рәміздерге айналуы. Қазақ мәдениетінде «көк» түс пен аспан образы мемлекеттік идеялардың өзегінде тұрады: *көк байрақ, көк ту, көк түріктер мұрасы, көк бөрі* символы – барлығы көк концептісінің тарихи-мәдени жадтағы тұрақты кодқа айналғанын дәлелдейді. Бұл рәміздерде көк түс еркіндік, біртұтастық, тәуелсіздік, рух асқақтығы сияқты құндылықтармен

байланысқан. Жалпы алғанда, «көк» концептісінің геосимволикалық тарихи-мәдени мәні – оның түркілік әлем бейнесіндегі ғарыштық, саяси, рухани, этномәдени мағыналардың түйісу нүктесі болуында.

«Көк» сөзі ұлттық мәдени жадтағы уақыт пен кеңістіктің, билік пен рухтың, табиғат пен мифтің символдық тұтастығын көрсететін архетиптік бірлік ретінде қызмет етеді. Осы тарауда талданған материалдар «көк» концептісінің түркілік дүниетанымдағы орнын оның жай түстік атау ғана емес, көпқабатты геосимволикалық мәнге ие мәдени рәміз екенін дәлелдейді. «Көк» лексемасы бастапқыда аспанның түпсіз кеңістігін білдіргенімен, уақыт өте келе түркі халықтарының әлеуметтік, саяси, мифологиялық және рухани тәжірибесін жинақтаған семиотикалық кодқа айналды. Сонымен қатар, «көк» концептісі көшпелі өмір салтының табиғатпен тұтасқан эстетикалық және экзистенциалды кеңістік түсініктерін бейнелейді. Көк аспан – шексіздік, биіктік, қозғалыс, әлемді сезінудің тереңдігі сияқты ұғымдардың символдық-когнитивтік өзегіне айналған. Бұл қасиет лингвомәдени қолданыста да кең көрініс тапқан *көкке жету, көк бойлау, көкжиек, көк ту, көк бөрі* тәрізді тіркестер арқылы да көрініс табады. Осылайша, «көк» концептісінің геосимволикалық тарихи-мәдени мәні оның түркі халықтарының әлемді тану жүйесінде тек түстік немесе табиғи кеңістік атауы ғана емес, ұлттық руханияттың, тарихи жадтың, дүниетанымдық құрылымның негізін қалыптастыратын кең көлемдегі концептуалдық бірлік екенін көрсетеді. Бұл «көк» концептісін түркі мәдени-танымдық әлем бейнесінің ең көне әрі ең тұрақты түр-түс атауларының бірі екендігін дәлелдейді.

## **1-тарау бойынша тұжырым**

**1.1 «Лингвистикалық зерттеулердегі концепт мәселесі және түр-түс атауларының зерттелуі»** тараушасында «концепт» ұғымының лингвистикалық ғылымдағы орны мен табиғаты сараланды. Концепт – адамның танымдық әрекетінің нәтижесінде қалыптасқан, мәдени-тарихи жадымен тығыз байланысқан көпқырлы құрылым ретінде сипатталды. Түр-түс атаулары белгілі бір концепт ретінде зерттеліп, олардың ұлттық дүниетанымдағы, когнитивтік санадағы орны мен мағынасы айқындалды. Түр-түстердің концепт ретіндегі қызметі тек лексикалық мәнімен шектелмей, мәдени, символдық, кеңістік мазмұнға ие екені анықталды. Лингвистикалық талдау әдісі – концепт ұғымының тілдік құрылымдағы орнын анықтау үшін; Когнитивтік әдіс – концепттің санадағы қалыптасуын және құрылымын талдау үшін; Лингвомәдениеттанымдық тәсіл – түр-түс концепттерінің мәдени контексте қалай қызмет ететінін зерттеу үшін.

**1.2 «Қазақ тіліндегі «көк» дексемасының семантикалық трансформациясы мен ассоциациялық өрісі»** тараушасында түр-түс атауларының тарихи даму барысында мағынасының кеңейіп, тарылып, ауысып отыратыны анықталды. Түр-түс атаулары бастапқы түстік сипатынан алыстап, символдық, эмоциялық, саяси және моральдық реңктерге ие бола бастаған. Мысалы, «ақ» – тек түс емес, сонымен қатар тазалық, адалдық,

жақсылық ұғымдарының концепті ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, тілдік қолданыстағы метафоралық және фразеологиялық бірліктер арқылы түстердің мәдени мазмұны ашылды. Семантикалық талдау әдісі – түстердің мағыналық өзгерісін зерттеу үшін; Контекстуалдық талдау – түс атауларының нақты мәтіндердегі қолданысын саралау үшін; Этнолингвистикалық тәсіл – мағына өзгерісінің мәдени себептерін анықтау үшін; Салыстырмалы әдіс – түркі тілдеріндегі ұқсас/ерекше семантикалық өзгерістерді салыстыру үшін.

**1.3 «Көк» концептісінің геосимволикалық тарихи-мәдени мәні»** тараушасында түр-түс атауларының кеңістікпен байланысы мен тарихи-мәдени мәні талданды. Өртүрлі ұлттардың дүниетанымында түстер кеңістік пен уақыттың символдық көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Бұл түсініктер ұлттардың мифологиясында, аңыз-ертегілерінде, салт-дәстүрлерінде, архитектурасы мен киім үлгілерінде көрініс табады. Түр-түс атауларының геосимволикалық негізі – бұл түстердің кеңістіктегі орналасуы мен ұлттық мәдени кеңістіктегі мән-мағынасының үйлесімі. Олар халықтың тарихи тәжірибесі мен табиғатпен байланысының нәтижесінде қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Бұл бөлімде зерттелген тарихи-мәдени факторлар түр-түс атауларының тек тілдік номинация емес, ұлттық мәдениеттің рухани, әлеуметтік және символдық құрылымдарын көрсететін кешенді феномен екендігін дәлелдейді.

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында түр-түс атауларының концептілік сипаты, мағыналық өзгерістері және геосимволикалық мазмұны үш түрлі қырынан жан-жақты қарастырылды. Түр-түс атаулары – тек лексикалық бірлік емес, тарихи-мәдени жадының, кеңістік бағдарлаудың және ұлттық болмыстың көрінісі екені дәлелденді. Қолданылған әдістер зерттеу нысанын көпқырлы тұрғыдан ашуға мүмкіндік беріп, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ғылыми негізде талдауға жол ашты.

## **2 ЛИНГВОМӘДЕНИ КЕҢІСТІКТЕГІ «КӨК» ТҮСІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ӨРІСІ МЕН ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ**

### **2.1 «Көк» концептісінің тарихи тамыры және этимологиялық дереккөздері**

Тіл білімінің лингвомәдениеттану саласы әртүрлі этнос өкілдерінің ойлау, мәдени және психикалық ерекшеліктерін талдау арқылы олардың мәдени құндылықтарын, материалдық және рухани әлемінің концептілерін анықтауға мүмкіндік береді. Тіл мен мәдениет арасындағы байланыс мәселесі бірнеше ғасыр бұрын-ақ отандық және шетелдік лингвисттердің еңбектерінде көрініс тауып, қазіргі таңда өзекті мәселеге айналғаны аян. Семасиологиялық және ономасиологиялық теориялардың дамуына байланысты тіл адамның менталды құрылымдарын зерттеуге мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастырылады. Г.О. Винокур «Белгілі бір мәдениеттің тілін зерттейтін кез келген тілші сол мәдениеттің де зерттеушісі болады», – деп атап өткен [76, б. 211].

Тіл – халық мәдениетінің, психологиясы мен философиясының бейнелейтін рухани-мәдени код. Ол ұлттың тарихы жадысы, рухы, дүниетанымының құралы әрі, көрінісі. Осы идея лингвомәдениеттану ғылымының негізіне айналды. Лингвомәдениеттану – тілтану және мәдениеттану ғылымдарының тоғысуы нәтижесінде туындаған ғылым саласы. Оның теориялық негізін неміс ғалымы В.Ф. Гумбольд еңбектерінен бастау алып, Ф. Боас, Э. Сепир, Б. Уорф, Э. Сепфир, Н.И. Толстой, Е.Ф. Карский, А.А. Потебня, А.И. Соболева, ал қазақ тіл білімінде Ә.Т. Қайдар, Е. Жанпейісов, Р.С. Сыздық, Н. Уәли, Б. Тілеубердиев, А.Ж. Манкеева, Г.Н. Смағұлова секілді ғалымдар еңбектеріне жалғастығын тапты.

Лингвомәдениеттанудың объектісі – тілдің дискурстық қызметі, яғни оның мағыналық және құндылықтық мазмұны тұрғысынан қарастырылады. Бұл анықтама В.Ф. Гумбольдтың концепциясына негізделген. Осыған сәйкес, тіл – әлемді бастапқы концептуалданудың әмбебап формасы, бейсаналы білімнің тасымалдаушысы және әлеуметтік тұрғыдан маңызды оқиғалардың тарихи жады. Бұл термин XX ғасырдың екінші жартысында ғылыми айналымға енді. Бұл ғылым тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, олардың диалогын зерттейді. Ол лингвистика мен мәдениеттанудың түйіскен тұсында пайда болып, тілде көрініс тапқан мәдени элементтерді зерттейді. Бұл ғылым саласы этнолингвистика және социоллингвистика, когнитивті лингвистикамен тікелей тығыз байланысты.

Концепт пен концептосфера – лингвомәдениеттанудың басты ұғымдары. Концепт – белгілі бір халыққа тән, ұлттық-мәдени мазмұнмен толыққан менталдық құрылым. Ал концептосфера – концепттердің жиынтығы, яғни тілдік тұлғаның мәдени әлемін сипаттайтын құрылым.

Диссертациямыздың бірінші тарауында концепт ұғымын лингвистикалық негізде қарастырған авторларға арнайы тоқталып, қай ғалым

қандай бағытта қарастырғандығы туралы мәлімет бергенбіз. Бұл тарауда концептілік ұғымдардың лингвомәдени сипатын қарастыра отырып, көк концептісінің тарихи сипаты мен этимологиялық негізін анықтауды жөн санадық. Ол үшін этимологиялық талдау, тарихи семантикалық, лингвомәдитанымдық, салыстырмалы талдау секілді әдіс-тәсілдерді қолдандық.

Л.О. Чернейко концептті: «Ұғымнан кеңірек, ол тілдік бірліктің барлық денотативтік, коннотативтік мазмұнын қамтиды» деп сипаттайды [77, бб. 89-99]. Бұдан шығатын қорытынды лингвомәдениеттану – мәдениет пен тілді өзара байланыста зерттейтін, олардың өзара ықпалын, этномәдени ақпаратты тіл арқылы тануға мүмкіндік беретін пәнаралық ғылым саласы екендігінде. Этнолингвистика мен лингвоелтану сияқты ғылымдармен байланысты, бірақ олардан өзінің зерттеу объектісі мен әдістемесі бойынша ерекшеленеді. Лингвоелтанудың негізін салғандар орыс ғалымдары Л.В. Щерба [78], В.В. Виноградов [79] секілді ғалымдар.

«Тіл дамуы – көнеден келе жатқан күрделі әрі кешенді құбылыс. Оның қалыптасқан өзіндік ішкі және сыртқы даму заңдылықтары бар. Тілдің ішкі дамуын салалық заңдар анықтаса, когнитивті тұрғыдан қарастыру арқылы – адамның қоғам мен өмірді тануын, танымның уақыт аралығында болатынын, зат пен ұғым, ұғым мен сөз – таңба арасындағы байланыстарды зерттеуге болады» [14, б. 6].

Ғ. Айдаров Орхон, Енисей, Талас бойынан табылған жазба ескерткіштер тілінде ешбір қосымшасыз, түбір күйінде қолданылып-ақ заттың түр-түсін білдіретін *ақ, көк, қара, қызыл, өрүң* (ақ, ағарған), *сарығ* (сары) тәрізді сапалық сын есімдердің жиі кездесетінін атап көрсетеді. Бұл деректер түр атауларының түп негізі көне түркілік дәуірде қалыптасқанын, олардың қазақ тіліндегі қазіргі түс атауларының тарихи-мәдени сабақтастығын дәлелдейді [80, б. 102].

«Көк» концептісі түркі халықтарының танымдық жүйесінде маңызды орын алады және оның тарихи қалыптасуы мен этимологиялық дамуы күрделі үдерісті қамтиды. Аталған ұғым тек түстік мәнде ғана емес, сондай-ақ кеңістік, мифологиялық және сакральдық мағыналармен тығыз байланысты. Көне түркілердің басты құдайы – Тәңірмен байланысты болғандықтан, қасиетті ұғым саналған. Бұл сөздің шығу этимологиясы көне түркі тілдеріне барып тіреледі. Өйткені ежелгі түркілер дүниетанымында аспан әлемі – киелі ұғымдар саналған. Олар үшін көк – тек физикалық кеңістік емес, жоғары күштің, тәңірлік биліктің, рухани бастаманың символы. Сондықтан да көк сөзін Тәңір, билеуші, киелі кеңістік, шексіздік сияқты ұғымдармен тығыз байланысты қолданылып, тілдік қоланысымызда синонимдік қолданыс тапқан. «Көк» сөзі көне түркі тілінде *kök* немесе *dök* формасында кездеседі және қазіргі түркі тілдерінде негізгі лексикалық мағынасын сақтап, аз-кем фонетикалық өзгерістерге ұшыраған.

| Тіл        | Жазылуы | Мағынасы            |
|------------|---------|---------------------|
| Қазақ тілі | Көк     | Аспан, көгілдір түс |

|               |      |                 |
|---------------|------|-----------------|
| Қырғыз тілі   | Көк  | Аспан, көк түс  |
| Түрік тілі    | Gök  | Аспан, көгілдір |
| Өзбек тілі    | Ko'k | Аспан, көк түс  |
| Ұйғыр тілі    | Kök  | Аспан, көк түс  |
| Татар тілі    | Күк  | Аспан, көк түс  |
| Башқұрт тілі  | Күк  | Аспан, көк түс  |
| Түрікмен тілі | Gök  | Аспан, көгілдір |
| Чуваш тілі    | Кук  | Аспан, көк түс  |

Кесте 2. Көк ұғымының қазіргі түркі тілдерінде кездесуіндегі дыбыстық айырмашылықтары

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген деректер әртүрлі түркі тілдеріндегі «көк» түбірінің фонетикалық нұсқаларын салыстыруға мүмкіндік береді. Бақылау нәтижесі бұл лексеманың семантикасы тарихи даму барысында өзгеріссіз сақталып, тек фонетикалық вариациялар арқылы түркі тілдерінің ішкі заңдылықтарына бейімделгенін айғақтайды. Сөз басындағы *к/г* алмасуы, сөз ортасындағы *ө/ү/о* дауыстыларының алмасуы – түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіндегі табиғи заңдылықтар болып табылады. Бұл өзгерістер мағынаға әсер етпей, тек дыбыстық бейімделу және артикуляциялық ерекшеліктерді көрсетеді [81].

Көне түркі жазбаларында, әсіресе Орхон-Енисей мәтіндерінде, бұл сөздің *kök* түріндегі архаикалық формасы «Тәңір», «Аспан» мағынасында қолданылады. Көне түркілік *kök* термині тәңірлік дүниетанымның іргелі концепті ретінде аспан кеңістігін, шексіздікті, құдіретті бастау мен әлемдік тәртіпті білдіреді. Түркі тілдерінің өз ішінде бұл түбір «гөк», «көг», «көк» тәрізді бірнеше фонетикалық нұсқада сақталып, семантикалық тұрақтылығын жоғалтпағаны кесте деректерінен де айқын байқалады. «Көк сөзіне келетін болсақ, оның түркі тектестігі, тіпті монғол, оның ар жағында бүкіл алтай (тұңғыс-маньчжур, жапон, корей) тілдеріне ортақ дүние екендігі көп талас тудырмайтын сияқты. «Көк» сөзі әр түрлі фонетикалық және семантикалық вариант ретінде бұл тілдердің бәрінде де кездеседі. Олай болса, бұл сөз өзінің тегі жағынан бүкіл алтай әлеміне ортақ дүние болып саналады» [38, б. 39]. Ғалымның тұжырымдауынша, «көк» сөзі тек қазақ немесе түркі тілдеріне ғана тән емес, оның фонетикалық және семантикалық нұсқалары монғол және бүкіл алтай тілдеріне ортақ. Бұл оның тарихи-тілдік тамырының кең ауқымды екенін, яғни «көк» түсіне қатысты ұғымның түркі, монғол және алтай тілдерінде мәдени және лексикалық сабақтастықпен жалғасып келе жатқанын көрсетеді. Демек, «көк» сөзі тек жеке тілдік бірлік емес, бүкіл алтай тілдік дәстүрінде ортақ ұғым ретінде қарастырылатын мәдени-танымдық феномен болып табылады.

Бұл құбылыс тек түркі тілдік ортаға ғана тән емес. Үндіеуропа тілдеріндегі параллельдер де «аспан – көк» ассоциациясының әмбебап семантикалық модель екенін көрсетеді: лат. *caeruleus* («көкшіл, көк түсті аспан»), ағылшын тіліндегі *sky blue* тіркесі табиғаттағы реңкті аспандық

кеңістікпен байланыстырады. Мұндай ұқсастықтар адамзаттық танымдағы «аспандық көк» концептісінің терең, архетиптік сипатқа ие екенін дәлелдейді.

Профессор А.Н. Кононов «Грамматика языков тюркских рунических памятников» еңбегінде *kök* сөзінің тек табиғи-ғарыштық ұғым ғана емес, саяси-идеологиялық мәнге де ие болғанын атап өтеді [82]. Түркілер үшін *Көк Тәңірі* – әлем тәртібін реттеуші, биліктің заңдастырушылық негізі саналған. Осыған сәйкес қаған – Тәңірінің жердегі өкілі, «көктен келген» қасиетті билік иесі ретінде қабылданған. Бұл түсінік түркі мемлекеттік идеологиясының өзегіне айналып, қағанның саяси легитимділігін аспанмен, яғни «көкпен» тікелей байланыстырады. Демек, *көк* сөзі көне түркі мәдениетінде космологиялық мағынадан бөлек, биліктің құт-берекесі, тәңірлік миссия және мемлекеттілік концептісімен де сабақтасқан.

Осылайша, «көк» концептісін салыстырмалы-тарихи, семантикалық және мәдени-символдық қырларынан қарастыру оның түркі дүниетанымындағы көпқабатты әрі күрделі жүйе екенін айқын көрсетеді. Біріншіден, «көк» лексемасының фонетикалық өзгерістері табиғи тілдік эволюция нәтижесінде жүзеге асқанымен, оның түбірлік негізі сақталып, түркі тілдерінің тарихи сабақтастығын дәлелдейді. Бұл құбылыс «көк» атауының көне түркілік кезеңнен бастау алатын тұрақты лексема екендігін айғақтайды. Екіншіден, семантикалық тұрғыдан алғанда, «көк» ұғымы өзінің бастапқы мәнін жоғалтпаған концепт ретінде ерекшеленеді. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «көк» – аспан, құдірет, биіктік, мәңгілік мағыналарында қолданылса, бүгінгі қазақ тілінде де осы семантикалық өзек сол күйінде сақталған. Семантикалық тұрақтылық концептің танымдық негізінің берік қалыптасқанын, сондай-ақ оның этномәдени код ретіндегі қызметінің үзілмей жалғасқанын көрсетеді. Үшіншіден, «көк» түсінің мәдени мәні бірнеше деңгейден тұрады. Космологиялық деңгейде ол – аспан, әлем кеңістігі, болмыстың жоғарғы қабатының белгісі. Теологиялық деңгейде «көк» Тәңір ұғымымен сабақтасып, жаратушы күштің рәмізіне айналады. Ал саяси деңгейде «көк» түсі билік, титул атауы ретінде көрініс табады. Мұндай көпқабатты мәдени код «көк» концептісін тек түстік атау емес, түркілік мәдени архетиптің маңызды компоненті ретінде тануға мүмкіндік береді. Жоғарыда келтірілген тұжырымдар «көк» терминін зерттеудің ауқымы тар лингвистикалық шеңберден әлдеқайда кең екенін дәлелдейді. Ол тек тілдік бірлік ретінде ғана емес, түркі халықтарының мифологиялық түсініктерін, дүниетанымдық құрылымын, тарихи-рухани тәжірибесін қамтитын мәдени-идеологиялық феномен ретінде қарастырылуы қажет. Осылайша, «көк» концептісінің көпқырлы табиғаты оның түркі өркениетіндегі орны мен рөлін тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Біз диссертациялық жұмысымызда «көк» түсінің уақыт өте келе символдық және танымдық мәнге ие болғанын, сондай-ақ оның мәдени-рухани құндылықтар жүйесінде маңызды концепт ретінде орныққанын көрсетуге ұмтыламыз. Өйткені бұл ұғымның тарихи дамуы көне түркі

дәуірінен бастау алып, қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысқа дейінгі кезеңдерді қамтиды.

Этимология – 1) сөздің шығу тегін зерттеумен айналысатын тіл білімінің саласы; 2) сөздің шығу тегін анықтаудағы зерттеу тәсілдері, зерттеудің нәтижесі; 3) сөздің шығу тегі [82, б. 275].<sup>83</sup> болу керек. Этимологияның зерттеулер тек қана күнделікті қолданыстағы сөздер емес, сонымен қатар қолданыстан шыққан, белсенділігі жоғары және жиі қолданылатын сөздер де қарастырылуы мүмкін. Құрамы айқындала бастаған, мағынасы күңгірттене бастаған, құрамдық бөлшегі белгілі бола бастаған сөздердің барлығы өз ретімен этимологиялық талдауға түсіп отырады. Сөздердің жасалу тарихы мен дамуына, яғни этимологиясына қатысты мәселелер ерте уақыттан-ақ адам баласын қызықтырған. Этимологиялық зерттеудің басты мақсаттарының бірі – сөздің шығу төркінін табу. Сөз мағынасында әр тілдің өзіндік ерекшелігі, ұлттық бояуы бар. Сананың дамуына сәйкес ұғым өрісі кеңейіп, бұл процесс сөз мағынасының өзгеруіне әсер етеді. Сөз мағынасы дамыған сайын кеңейіп немесе тарылып отырады. Оның дамуына сыртқы және ішкі себептер ықпал етеді. Сыртқы себептерге қоғамның, өндірістің, мәдениеттің өзгерістері жатады, олар тілге жаңа сөздер мен тіркестердің қосылуына әкеледі. Сөз мағынасының кеңейуі – сөздің негізгі тұлғасын өзгертпей, бұрыннан белгілі мағынаның үстіне қосымша мағыналар енгізу процесі. Қазіргі қазақ тілінде қолданыс тауып жүрген көк сөзінің лексикалық-семантикалық мағынасы кеңейіп, бүгінгі таңда көк сөзі әртүрлі сипатта қолданыс тауып жүр.

Қазақ тіл біліміндегі сөздерді этимологиялық ерекшеліктерін академик Ә. Қайдар бастаған ғалымдар тобы зерттеген. Оның еңбектерінде этимологиялық зерттеу үнемі жаңарып, жаңа фактілермен толықтырылып отыратын тірі процесс ретінде қарастырылады. Этимологияның басты міндеті – сөздер мен сөз тіркестерінің төркінін анықтау болса, кейде этнолингвистика да осы зерттеуге мұқтаждық туғызады. Тілдің тарихи дамуын зерттегенде, мағына бірліктерінің мәнін ашу, олардың жасалу себептері мен қолданыс аясын айқындауда этнолингвистика көмегіне жүгінуге тура келеді. Қазақ тілінің лексикалық бірліктеріне этнолингвистикалық талдау жүргізу барысында этимологияның ерекше қызметі байқалады.

Көк сөзінің шығу тарихына көз салсақ оның негізі көне түркілік танымдарға барып тірелетінен көреміз. Э.В. Севортян «көк» сөзінің ең көне, бастапқы платформасы туралы А.М. Щербактың болжамын келтірген. А.М. Щербактың тұжырымдауынша, «көк» сөзі «тамыр», «негіз» («корень») және «жіппен тігілген орын» («шов») мағыналарындағы омонимдік лексемалармен байланысты туындаған. «А.М. Щербак (Щерб. СФ 195) восстанавливает праформу көк, одинаковую для омонимичных лексем со значением «корень» и «шов» [36, б. 91]. «I КӨК 1. Шов – аз. (строчка); наметка (нити) – турк., уз.; шитье, пошивка – алт.; 2. Ремешки из верблюжьей кожи, тонкие ремешки, тонкие кожаные тесемки (напр., приготовленные для плетения) – кир.; кожаные ремешки выючного седла – тув. диал. Чад.; планки



седла – ДТС (МК); тесьма седла; кожаная тесьма, употребляемая вместо дратвы – кир.; тесьма из сырой кожи (для связывания; скрепления чего-л.) – турк.; кожаная тесьма, которой скрепляют деревянные части остова юрты – ккал.; кожаная сшивка для «кереге» - кир.; скрепа из сыромятной кожи в решетках юрты – каз.; 3. *Гвоздь*. II КӨК 1. *корень* во всех источниках кроме аз. Диалекта; 2. *основа*, тур., аз., Хор.П., основание; 3. *происхождение* тур., каз., (+ парода, родословная)» [36, б. 91].

Э.В. Севортян өзінің «Этимологическом словаре тюркских языков» атты еңбегінде «көк» сөзінің бірнеше омонимдік мағынасын атап өтті. «Көк I «шов»; II «корень»; III «шутка»; IV «здоровый»; V «голубой» [36, бб. 90-93]. Сонымен қатар Э.В. Севортян өзінің «Этимологическом словаре тюркских языков» атты еңбегінде «гөк» көк сөзінің лексика-семантикалық мағынасының өрісін ашып көрсеткен. «1. Небо; 2. Вторичные значения: траур (платье темно-синего или синего цвета) – уз.; синька – кум. 3. голубой, лазурный, лазоревый; 4. Зеленый; 5. Незрелые фрукты; 6. трава, зелень; 7. серый; 8. седина – тув.; 9. багровый – буд.; 10. черный – Zen.; 11. Часто встречающийся в эпосе богатырей – кир.; 12. бог – алт.; 13. Ночь – Caf. EUS» [36, бб. 90-93].

Ғалым «көк» сөзі мен «корень» және «шов» сөздерінің байланысын зерттей келе, «көк» сөзінің түркі-моңғол тілдеріндегі тарихи-семантикалық дамуын және әртүрлі диалектілердегі қолданысын айқындайды. Көкте сөзінің түбірі мен - ле, -те аффикстарының негізінде жасалынған көкле – кар.к., кум., ног.; көклә – уйг.; көкте – хак.; көктө – алт. сөздерін мысалға келтіреді. Көкте сөзінің мағыналарын ««приметывать» - кар.к.; «метать» - кум., ног. (+ обметывать), уйг.; прошивать крупными стежками, строчками – кум., ног., уйг.; «шить» - алт. (+сшивать, подшивать); продевать, прошнуровать, стегать, шить что-л. кожаное – кир, каз.; сшивать сбрую ремнем – хак.; пригвоздить – чаг» деп көрсетеді [36, б. 91].

Э.В. Севортян «көк» сөзінің екінші мағынасын «корень», «основа», «происхождение» сөздерімен байланыстырады. Ғалым «көк» сөзінің үшінші мағынасын «шутка, смешная история» (ДТС), «забава, развлечение» (тув.), «веселье» (хак., тув.) «радость» (тувн), «веселый, радостный, в хорошем расположении духа» (турк.) деп көрсетеді. [36, б. 92]. Ғалымның зерттеуінде «көк» сөзі түрік диалектілерінде «здоровый», «толстый», «жирный», «упитанный» (аз.), «сильный», «большой» деген мағыналарды береді. «Көк» сөзінің бесінші мағынасын «КӨК «голубой» ГӨК «небо» деп көрсетеді [36, б. 93]. Э.В. Севортян «Этимологический словарь тюркских языков» еңбегінде түркі сөздерінің этимологиясына жан-жақты талдау жасайды. Сөздікте келтірілген сөздің әртүрлі мағыналары мен қолданыстары түркі халықтарының мәдениетімен тығыз байланысты екені көрсетіледі. Этимологиялық салыстырулар арқылы бұл сөздің көне екендігі және түркі-моңғол тілдік байланыстарын көрсететін маңызды лексема екендігі дәлелденеді. Ғалым бұл сөздікте тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана отырып, түркі тілдеріндегі сөздердің шығу тегін, дамуын және мағынасын

зерттейді. Түркі тілдері арасындағы байланыстарды көрсетіп, ортақ түбірлерді анықтайды. Сөздердің дыбыстық өзгерістер мен мағыналық дамуларды қарастырады. Түркі сөздерінің басқа тілдермен байланысын (қарастырып, кірме сөздердің пайда болу жолдарын зерттейді. Ғалымның бұл сөздігінде «көк» сөзінің пайда болуы мен шығу төркіні, тарихи даму жолдары ғылыми тұрғыда талданған.

Ш. Уәлиханов өзінің «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» атты мақаласында: «Аспан – бұл шамандықта ең жоғарғы құдірет. Көк Тәңірі – көк аспан. Қырғыздарда бірінші сын есім ретінде көк сөзі көрінетін заттық нәрсені білдіреді, ал тәңірі зат есімі Алла және Құдай сөздерінің синониміне айналған», – деп жазады [84, б. 62].

В.В. Радлов «Опыт словаря тюркских наречий» атты еңбегінде көк сөзінің (kök ~ gök) бірнеше мағынасын ашып көрсеткен. «1 kök ~ gök 1. Синий, голубой, небесного цвета, светло-зеленый, цвет молодой зелени; 2. небо; 3. Трава (особенно молодая трава); 2 kök 1) шовь; 2) гвоздь; 3 kök корень, основание, фундамент, происхождение; 4 kök 1) согласие звуков, гармония, строй, настроение; 2) тон; 5 kök кукушка; 6 kök клеймо» [37, бб. 1218-1222] (в пер.). Ғалым көк сөзінен жасалған köklä, köklän, kökläm, köklö, kögön, kögörşün, kögöt, т.б. сөздердің мағынасын ашады. Көк сөзінің тілімізде өте ертеден келе жатқандығына ежелгі түркі жазба ескерткіштері және қазіргі кейбір түркі тілдері деректері куә. В. Радловтың көрсетуінше, телеүіт тілінде көгі сөзі тек мағынасында да қолданылатындығын байқаймыз [37, б. 1232].

Түр-түс атауларының шығу тарихы туралы ғалым А.Н. Кононов «Семантика цветообозначений в тюркских языках» атты еңбегінде қара, ақ, көк, сары, қызыл, ала сияқты түркі халықтарына ортақ түс атауларының шығу тарихына, лексика-семантикалық мағыналарының кеңеюіне, олардың түркі халықтары үшін маңыздылығына тоқталады. Ғалым А.Н. Кононов жоғарыда аталған еңбегінде «көк» түсінің бірнеше мағынасын ашып, оның аясын көрсетеді. «Kök ~ gök в современных тюркских языках известно преимущественно в следующих значениях: 1) «Синий», «голубой», «лазурный», «светло-зеленый», «сизый», «небесного цвета», «цвет молодой зелени», «серый», «сивый»; 2) «небо», «молодая трава», «зерень», «луг». Синонимом kök ~ gök иногда выступает слово йашыл «зеленый», «голубой». Слово kök употребляется как первый компонент: 1) в личном ономастике: Kök таш, Kök бөри; 2) в этнонимах: kök түрк и др; 3) в географических названиях (гидронимы и оронимы): Kök ~ Гök-су (название многих рек в Средней Азии и других местах); Кокчетав (kök+че-тау «Синеватая ~ Голубоватая гора»); 4) в названиях птиц, животных, растений» [35, б. 172].

«Көк» сөзінің шығуы мен тарихы жайлы Махмұд Қашқаридан бастап көптеген зерттеушілер мен ғалымдар сөз қозғады. М. Қашқаридың Түркі сөздігі түркі дүниесінің әлемдік ғылым қазынасына қосқан ұлы мұрасы. М. Қашқаридың «Түркі сөздігінде» көк сөзінің үш түрлі мағынасы көрсетілген.

М. Қашқари 3-том сөздігінде 3 мағынасы берілген:

1) Көк, аспан. Көкке түкірсе, жүзге түсер. Бұл мақал: «басқаға жамандық істесең, өзіңе қайтады» дегенді меңзеп айтылған;

2) рең: түс;

3) көк. Кент көкі – Кент көгі; Қаланың көк баулары, көк ағаштар [1, 188]. Ал М. Қашқаридың 2-томда көк сөзінің 2 мағынасы көрсетілген: 1) Көкің кім? – Тегің кім? Яғни, қай елсін, тегің қандай? деген мағынада (Оғызша, қыпшақша); 2) тамыр, ағаштың тамыры, түбірі [85, б. 411]. Қазақ халқының сөздік қолданысында көгі жақсы, көгі жаман сияқты тіркестерде де кездеседі. Осы тіркестердің негізі М. Қашқари сөздігінде кездесетін «сенің шыққан тегің қандай» дегенді білдіретін «кәкүң кім» тіркестімен байланыстыруымызға болады. Көгі жаман, көгі жақсы тіркестері шыққан тегі жаман, шыққан тегі жақсы деген мағыналарды береді. Сонымен бірге М. Қашқари сөздігінде көк сөзі аспан сөзімен мағыналас келеді.

Этнографиялық тұрғыдан қарағанда, «көк» сөзі қазақ ұғымында аспанның символы ретінде түсіндіріледі. Түркі халықтары үшін бұл сөз аспан мен Тәңірді білдіреді. Сол себепті олардың тілдік санасында аспан, көк және Тәңір ұғымдары біртұтас бірлікте көрініс тауып, көне дәуірдің дәстүрлі әлем бейнесінің семантикалық парадигмасын құрайды. Түркілердің тілдік түсінігінде Көк және Тәңір ұғымдарының лексикалық мәні бірдей болып, аталмыш жәдігерлерде ең көп қолданылатын лексема. Халық танымында көк түсінігіне байланысты сан алуан ұғымдық белгілер бар. Мысалы, Күлтегін жырында: «екі аралықта жүрген иесіз Көк Түріктерді осылай қоныстандырған екен» [86, б. 46], – деп келтірілген сөйлемде «көк» сөзі аспан мағынасында қолданылып, Аспан түркілері ұғымын білдіреді. Сонымен қатар, «көк бөрінің ұрпағы» деген мифологиялық ұғым Ашина аңызы арқылы ел арасында кең тараған. Алтын Орданың шығыс бөлігі Көк Орда деп аталып, қазіргі мемлекеттің туының көк түсінің сыры да тарих қойнауында жатыр.

Kök (көк) көк сөзі орта ғасырлық «Кодекус куманикус» жазба ескерткіш мәтінінде бірнеше мағынада кездеседі. «I сындық 1) көк түс-реңкті: Kök yibekim čirmadim (көк йібекім чырмалдым) көк жібекке шырмалдым; 2) сұр түсті білдіреді, kökčä ulaχim kögende semirir (көкчә улахым көгенде семірір) сұр лағым көгенде семірді; II зат., аспан әлемі, жаратушы мағынасында kökkä seni uzatlar (көкке сені узатлар) көкке сені ұзатты, kim ačiqıtın, ažiχ tiley kökgä kirdin (кім ачықтың, азых тілей көкке кірдің) көкке азық тілеп кірдің, kök ötmäkin häm tatirdin (көк өтмәкін һәм татырдың) көктің нанын татырдың, kökniñ nurı etiz keydi (көктің нуры етіз кейді) көктің нұры бойыңа кірді; III заттық ауыспалы мағынада «Тәңірі» köktägi хан (көктәгі хан) көктегі хан, kökni-yerdi sen yarattın (көкні-йерді сен йараттың) көкті жерді сен жараттың, kökniñ nürı (көкнің нуры) көктің нұры; IV «тамыр, туысқан» köküm-tür (kukum-tür) менің туысқаным, менің туысым мағынасында көрініс тапқан» [87, б. 62].

А.К. Құрышжановтың «Исследование по лексике старокыпчакского посьменного памятника XIII в. – «Тюркско-арабского словаря» атты еңбегінде де орта ғасырлық түркі тілдеріндегі көк сөзінің лексика-семантикалық сипаты ашылып көрсетілген. Бұл еңбекте «көк» сөзінің бірнеше мағынасы берілген.

«Көк (كك): небо; 2) синий, голубой; 3) род, вид, сорт, пол, порода, разновидность; 4) корень, основа; 5) семя, сперма; көкде в небе» [88, б. 147].

«Түрік-араб сөздігінде» «көк» сөзінің «синий, голубой», «салом» деген мағыналары да көрсетілген. «Көк (كوك) синий, голубой; көзкөк совершенно синий. Көк (كوك) салам-саман солома. АФ гөг; Абу Х. көк Ср.МК. күвүк; тат. күк мякиня; каз. көк трава» [89].

Ұлттық таным мен тілдің өзара байланысы ежелден зерттеуші ғалымдардың назарындағы маңызды ғылыми-теориялық мәселелердің бірі. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының, соның ішінде «көк» сөзінің шығу тегі мен даму жолы әлі күнге дейін толық шешімін таппаған. Кейбір атаулардың табиғатын этимологиялық әдістермен түсіндіруге мүмкіндік болса, енді бірқатарына қатысты мағыналық қабаттарды ашу үшін кең көлемді тарихи-лингвистикалық зерттеулер қажет. Жалпы, қай тілдің болмасын этимологиясын сөз еткенде, сол тілдің тарихи дамуын ескермей тұрып ғылыми қорытынды жасау мүмкін емес. Себебі тіл – қоғамдық құбылыс. Ол халықтың тарихымен, рухани мәдениетімен, әлеуметтік болмысымен тығыз байланыста дамиды. Осы тұрғыдан алғанда, тіл білімінің маңызды салаларының бірі – этимология, әлі де толық зерттелмеген, әрі болашақта да терең зерделеуді қажет ететін кең ауқымды ғылыми бағыты.

«Көк» концептісі – түркі халықтарының мәдениетінде, дүниетанымында ерекше орын алатын символдық мәні терең ұғымдардың бірі. Концепт тарих бойында тек түс атауы ретінде ғана емес, сонымен қатар кеңістік, билік, рухани және мифологиялық ұғымдармен астасып жатқан кешенді танымдық құрылым ретінде қалыптасты. «Көк» концептісі түркі халықтарының тарихи санасында маңызды рөл атқарып, билік, табиғат, руханият және ұлттық бірегейлікпен байланысты көпқабатты ұғымға айналған. Оның семантикалық өрісі уақыт өте келе кеңейіп, мәдениет пен тілдің әртүрлі салаларында көрініс тапқан.

Зерттеу жұмысымыздың барысында «көк» сөзінің белгілі этимолог ғалымдар Э.В. Севортян, А.М. Щербак, В.В. Радловтардың ғылыми тұжырымдары негізге алынып, көк сөзінің шығу төркіні, көне (Орхон-Енесей), ортағасырлық мұраларда («Диуани-лұғат ат-түрік», «Кодекс Куманикус»), түркі тілдерінде (қазақ, қырғыз, түрік, өзбек, ұйғыр, татар, башқұрт, түрікмен, чуваш) қолданылу контексті анықталды. Сонымен қатар бұл сөздің қазақ халқының дүниетанымы, мәдени болмысы, табиғатқа деген қарым-қатынасымен тікелей байланысы бар кең мағыналы, көпқабатты көне түркілік бірлік екені анықталды. Бұл ұғым тек лексикалық мағынамен шектелмей, ұлттық сана, таным, рухани-мәдени құндылықтармен тығыз астасқан екен. Сонымен қатар кең семантикалық өріске ие – табиғи құбылыс (аспан, өсімдік, түс), мифологиялық түсінік, материалдық мәдениет және символдық мағынада да қолданылады. Зерттеу барысында ұлттық болмысты танытатын көне тілдік элементтердің бүгінгі ұрпақ арасында сирек қолданылатыны байқалды, бұл тарихи-мәдени контекстен алшақтау үдерісін байқатады.

## 2.2 Қазақ лингвомәдениетіндегі «көк» концептісінің семантикалық өрісі

Қазақ лингвомәдениетінде көк түсі тек көркемдік сипат қана емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымы, мифологиялық түсінігі, рухани және әлеуметтік тәжірибесімен тығыз байланысқан символикалық мәнге ие. Тілдік қолданысымызда «көк» концептісі лексикалық және фразеологиялық бірліктерде әртүрлі мағыналық деңгейлерде көрініс табады. Демек, «көк» концептісі қазақ тілінде полисемантикалық сипатқа ие болып, ұлттық мәдени кодтың бір бөлшегі ретінде ауыз екі тілде де, әдеби тілде де ерекше орын алады. Ол арқылы халықтың табиғатпен үйлесімі, мифологиялық санасы, діни сенімі мен әлеуметтік қатынастарында көрініс табады.

Бұл тараушада «көк» концептісінің қазақ лингвомәдениетінде қандай семантикалық өріске ие екені, оның мәдени, мифологиялық, табиғи және символдық қырлары жан-жақты талданады. Бұл зерттеу қазақ мәдениетіндегі түстердің когнитивтік және семантикалық құрылымын, сондай-ақ олардың тілдік және мәдени мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

«Көк» концептісінің сөздіктегі негізгі мағынасы өзекті құраса, өзекке жақын немесе шеткі орналасқан ұғымдар көк лексемасымен байланысты ассоциациялар мен коннотациялар. «Көк» түске қатысты концептіні сипаттауда В.А. Маслова ұсынған құрылым негізге алынды. Құрылым үш қабаттан тұрады.

- концептілік шеңбердің ортасында орналасқан ядролық белгі;
- ядроға жақын орналасқан негізгі белгі;
- шеткі аймақта орналасқан белгі [25].

Шеткері мағыналары – символикалық, мифологиялық, әлеуметтік, және мәдени мәндер. Олар қазақ дүниетанымына, әлеуметтік тәжірибеге, және тарихи түсініктерге байланысты қалыптасқан. «Көк» концептісінің семантикалық өрісін зерделеу арқылы қазақ халқының дүниетанымын, мәдени құндылықтарын және әлеуметтік қатынастарын тереңірек түсінуге болады. Сонымен қатар, оның тарихи ерекшеліктерін және этимологиялық негіздерін талдау арқылы түркі халықтарының мифологиялық жүйесін, діни сенімдерін және мәдени болмысын анықтауға мүмкіндік туады. Этнос мәдениетін тануда концептілік өрісті тілдік бірліктер негізгі тірек ретінде қарастырылып, тілдік оралымдардың мағыналық жіктелуі семантикалық парадигмалар жүйесі арқылы айқындалады. «Көк» концептісінің лексикалық өрісі құрамына жеке сөздер, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, бата-тілек және қарғыс мәнді сөздер, сондай-ақ көркем шығармалардың тақырыптары кіреді.

«Көк» сөзі заттың түсін білдірумен бірге, қазақ халқына тән ұлттық ойлау стереотиптерін де айқындайтын лексема. «Көк» сөзі синкретті түбірге жатады. Сондықтан да қазақ лингвомәдениетінде күрделі семантикалық өріске және көпқабатты құрылымдық ерекшеліктерге ие. Ол бірнеше мағыналық қабаттардан тұрады:

- Түстік мағынасы. «Көк» сөзі ең алдымен түстік мағынада қолданылады. Ол аспанның түсін, көгілдірлікті, және жасыл табиғаттың

реңкін сипаттайды. Мысалы, *көк аспан* – ашық, таза аспан; *көк шөп* – жасыл шөп; *көк көл* – мөлдір, көгілдір түсті көл.


- Символикалық мағынасы. Қазақ дүниетанымында символикалық мағынаға да ие. Ол құдіреттілік, мәңгілік, және Тәңірлік ұғымдар.

- Қасиеттілік ұғымдарын бейнелейді. Мысалы, *Көк тәңірі* – ежелгі түркілердің түсінігіндегі аспан құдайы, жаратушы күш; *Көк ту* – тәуелсіздік пен егемендіктің символы; *Көк бөрі* – қорғаушы рухтың және түркілердің мифологиялық атасының бейнесі.

- Мифологиялық және діни мағынасы. «Көк» түсі мифологиялық және діни символикада ерекше орын алады. Ежелгі түркілерде ол аспан әлемімен, құдайлық құдіретпен және қорғаушы күштермен байланыстырылады. Мысалы, *Көк аспан* – жоғарғы әлемнің мекені; *Көк тәңірі* – аспан құдайы, жаратушы күш; *Көк соққан* – қасиетті күштің әсеріне ұшырау;

- Әлеуметтік және мәдени мағынасы. «Көк» сөзі қазақ халқының әлеуметтік және мәдени өмірінде де маңызды рөл атқарады. Мысалы, *көкпар* – ұлттық ат спорты, батылдық пен ерлікті көрсететін ойын. *Көк өгіз* – еңбектің символы, шаруашылықтың белгісі.

«Көк» концептісінің семантикалық өрісін зерттеу барысында, ең алдымен оны құрайтын компоненттік концептілерді визуалды сызба түрінде төмендегідей жіктеу ұсынамыз.



Сызбада көк концептілік өрісінің бірнеше макроконцептілерін бердік. Әр макроконцепт – көк сөзінің негізгі семантикалық бағыттарын көрсететін топ. Олар бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ әрқайсысының өз ерекшелігі бар:

*Табиғатқа қатысты концептілер* – аспан, көк аспан, көктем, көгал, жердің көгі сияқты ұғымдарды қамтиды, көк сөзі табиғат құбылыстарымен, биіктік пен кеңдікпен байланысады. Көк аспан мен көгал арқылы қазақ халқының табиғатқа деген көзқарасы, эстетикалық сезімдері көрініс табады.

*Тұлғаға және мінез-құлыққа қатысты концептілер* – көк есек, көк жұлын, көк бет, көк желке сияқты фразеологиялық бірліктерді қамтиды. Көк сөзі адамның мінез-құлқын, қасиеттерін сипаттау үшін қолданылады, мысалы шыдамдылық, төзімділік, қайсарлық немесе жалқаулық.

*Мифологиялық және діни концептілер* – көк Тәңір, көк бөрі, көк түрік сияқты ұғымдар. Көк сөзі жоғары әлеммен, киелі, қасиетті күштермен байланыстырылады. Макроконцепт арқылы қазақ халқының мифологиялық дүниетанымы мен діни сенімдерін көруге болады.

*Әлеуметтік және мәдени концептілер* – көк өрім, көк алма, көк кәріне ұшырады сияқты тіркестер. Көк сөзі әлеуметтік жағдайларды, мәдени құндылықтарды, дәстүрлерді бейнелейді. Сызба арқылы көк концептілік өрісін қарастыру көк сөзінің көпқырлы мағынасын жүйелі түрде ашады. Әр макроконцепт қазақ халқының дүниетанымы, мәдениеті, әлеуметтік өмірі, табиғатқа көзқарасы мен мифологиялық түсініктерімен тығыз байланысты екені көрінеді. Көк концептілік өрісіндегі макроконцептілер қазақ халқының табиғатқа, әлеуметтік өмірге, мифология мен діни сенімдерге, адамның мінез-құлқына деген танымын көрсетеді. Көк сөзінің семантикалық кеңдігі мен көпқырлы мағынасын айқындайды.

*Аспан концептісі.* Көк сөзі қазақ тілінде негізінен аспан мен аспан әлемін бейнелейді және аспан әлемін жайлайтын Тәңірімен тығыз байланыста қолданылады. Мысалы, «төбесі көкке жету» тіркесі ерекше қуанышты білдірсе, «көктен тілегені жерден табылу» тіркесі күтпеген мол табысқа кенелу немесе қуанышты жағдайды сипаттайды. «Көктен түскендей» тіркесі тосыннан пайда болған жағдайды, ал «күлі көкке ұшты» сөзі қирау немесе жойылу мағынасын береді. Сондай-ақ, «көк соққыр» тіркесі көктегі Тәңірдің қаһарына ұшырауды білдірсе, «көкке көтеру» тіркесі жоғары бағалау немесе мақтау мағынасында қолданылады.

Көк пен Тәңір сөздері аспан мағынасында синонимдік байланыста болады. Бұл тұжырымды М. Қашқари сөздігі де растайды: көк сөзі бірнеше мағынада қолданылған, оның бірі – аспан, ал тәңір номинативі де аспан мағынасын білдіреді [1, б. 254]. Сондай-ақ, Ш. Уәлиханов «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбегінде аспанның шамандық дүниетанымдағы ең жоғары құдірет ретінде танылғанын көрсетеді. Қырғыздарда «көк» сөзі бірінші сын есім ретінде заттық нәрсені білдірсе, Тәңірі – Алла мен Құдайдың синонимі ретінде қолданылады ([84, б. 62].

*Шөп концептісі.* Көк сөзі шөп, көгеріп тұрған өсімдік мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде бұл мағына түрлі тіркестерде көрініс табады: көк шөп, көк ату, көк балауса, көк майса, көк орай шалғын, көкке аузы ілігу, көктеу, көктей орылу, көкпек, көкке шығу, көк ату, көкке жайылу, көсегең көгеріп, көрпең ұлғайсын, көгеру, көктем, көсегең көгеру және т.б. Фразеологизмдерде «көк» сөзі Көк Тәңірі ұғымымен байланысқан алғашқы компонент ретінде әсер етуі мүмкін. Мысалы, «көк шықты» деген тіркесте «көк» сөзі шөптің көктегенін, жаңадан өскенін білдіреді. Шөппен қатар қолданылғанда «көк» сөзі көктем мезгілі мен жаңа тіршіліктің басталуын білдіретін символдық мәнге ие болады. Ғалым С. Қондыбай бұл пікірге қосымша: «Мағыналық нақтылану барысында «көк» сөзі жаңа туынды мағынаға ие болды: бастапқыда көк – синий, жасыл – зеленый деген түсті білдірсе, кейін өсімдіктер дүниесінің негізгі реңі жасыл болғандықтан, «көк» сөзі жалпылама атау ретінде қолданылды» деп атап көрсетеді [90]. Сонымен қатар «көк» сөзі көне түркі тілдерінде туыстық қатынасты білдіру үшін де қолданылған. Мысалы, М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат түрік» сөздігінде «Көгің кім?» деген сұрақ «шыққан тегі қандай?» деген мағынада түсіндіріледі [85].

Қазақ мәдениетінде бата-тілек маңызды рөл атқарады. «Батаменен ер көгерер, жаңбырменен жер көгерер» деген мақалында батаның күші айқын көрсетіледі. Қазақ тілінде батаға қатысты тұрақты тіркестер жеткілікті. Мысалы, көсегең көгеріп, көрпең ұлғайсын, көсегең көгеріп, көрпең ұзарсын сияқты фразеологизмдер. Мұндағы «көсеге» сөзі қыздың шымылдық ішіндегі төсек-орнын білдіреді; қыз бойжетіп ұзатылғанда көсегесін жасауымен бірге алады.

«Көсеге» сөзі «көгеру» сөзімен қатар қолданылуы тіл дәстүрінде заңдылыққа сәйкес келеді: түркі тілдеріндегі көк, көгеру, көктеу сөздері тек түсті білдіріп қана қоймай, өсу, өркендеу, дамудың символдық мәнін де иеленеді. Осы себептен, «көсегең көгерсін» сияқты тіркестерде сөздің мағынасы кеңейіп, өмірдің ұзақтығы, отбасының өркендеуі және бала-шағаның көбейуі жөніндегі игі тілекке айналады [91, б. 678].

*Жас концептісі.* Жас концептісінде «көк» сөзі жеміс пен көкөніс, кейде баланың шикі, піспеген, толық жетілмеген қалпын білдіреді. Мысалы, көк қауын, көк сағал (шала піскен), көк түйнек, көк алма, сондай-ақ көк өрік (піспеген өрік), көк сабақ (толық піспеген), көк өрім (бала кез, өмірге әлі енбеген шақ), көк асық (шынықпаған) сияқты тілдік бірліктер бар. Адамға қатысты қолданылғанда, «көк өрім» тіркесі әлі өмірлік тәжірибесі жоқ, аңғал әрі кейде ақымақ жас баланы сипаттайды. Бұл тіркестің мағынасы контекстке байланысты жағымды да, жағымсыз да коннотацияға ие болуы мүмкін. Адамға қатысты қолданылғанда, «көк өрім» тіркесі әлі өмірлік тәжірибесі жоқ, қылшылдаған жас баланы сипаттайды. Бұл тіркес контекстке байланысты жағымды немесе жағымсыз коннотацияға ие болуы мүмкін.

*Ауқатты концептісі.* Ауқатты концептісі адамның байлығы мен материалдық жағдайын білдіреді. Бұл концепт көбіне «көк етікті кез келмей,



көне етіктіні көзге ілмей» тұрақты тіркесте кездеседі. Мысалы, «бойжеткен қыздың бай-қуатты жігітті таңдап, қолы қысқа жігітті менсінбей, бірін теңсінбей кергіп, уақыт өткізіп алатынына» қатысты айтылады. Көркем шығармада: «Көң етіктіге бермей, көк етікті кездеспей, үйде көп отырып қалған қызына Наушарбан аянышпен қарады» [92, б. 264] деген мысал келтіріледі. Бұл фразеологизмде етіктің өзі емес, оның символикалық мәні – бай-қуатты, әл-ауқатты адамды меңзейді. Ауызекі тілде және әдеби мәтіндерде бұл тіркес материалдық жағынан жағдайы жақсы азаматты іздеген, бірақ әлі кездестірмеген қыздарға қатысты кекесін немесе өкінішті сипаттау үшін қолданылады.

*Арық концептісі.* «Көк» концептісініндегі арық макроконцептісі көбіне төрт түлік малға қатысты қолданылады. Қазақ түсінігінде соғымға арналған малдың семіздігі жоғары бағаланғандықтан, «көк» сөзі «сорпаға шығары жоқ майсыз ет, дәмсіз сорпа, арық мал, жілігі татымаған арық ет, арық мал, жасық ет» деген мағыналарда қолданылады. Мысалы, фразеологизмдердегі көк бақа, көк жасық (арық, майы жоқ ет); көк қарын (арық мал); көк бақа қозы (арық, ет алмаған қозы); көк шалап (майсыз, сұйық айран немесе сусын). Сонымен қатар, кейде көк бақа тіркесі, тыриған, арық адамға да қатысты айтылады.

*Көнбіс концептісі.* «Көк» сөзі шыдамды, көптің бірі, көнбіс, елеусіз деген мәнді білдіреді. Мысалы, «көк жұлын» (шабысқа шыдамды жылқы); «көк есек» (айтқанға көнетін, айдағанға жүре беретін көнбіс адам); «көлденең жүрген көк атты» (кез келген шақта, елеусіз өз бетінше жүрген адам). «Көк» концептісі көркем шығармаларда да қолданылады. А. Байтұрсынұлы түрмеде жүрген кезінде надандарды көк есек бейнесіне теңеп, «Көк есектерге» атты өлең жазған:

«Көң тасыған көк есектер, бәріңе,  
Қалдырмастан жағалай жас-көріңе,  
Үрім-бұтақ нәсіліңе қалғандай  
Нық басылар кетпейтін мөр тәңіне...» [93, б. 45].

*Адуын концептісі.* «Көк» концептісі мінездің қаталдығын, ашуға жақындығын, ұрысқақ, өктемдік, айлалы әрекеттерді сипаттайды. Мысалы, «көк долы» немесе «көк айыл» тұрақты тіркестері адамның ашуы қатты, ашушаң екенін көрсетеді. «Көк бет» – төбелесуге бейім, ұрысқақ мінезді бейнелейді. Сондай-ақ, «көк жендет», «көк дауыл», «көк пері» тіркестері бет қаратпас ұрысқақ әрекетті, төбелесуге дайындықты білдіреді. Ауызекі тілде «аузынан ақ ит кіріп, көк ит шықты» деген тұрақты тіркес адамның ашуының шектен шыққанын, қарғап-сіледі дегенді меңзейді. «Көк мүйіз» – қатал мінезді, басқаға күн көрсетпейтін адамға қатысты қолданылады. «Көк азу» – бетіне адам келтірмейтін адуынды, азуы алты қарыс адамды сипаттайтын тіркес. Осылайша, адуын концептісі арқылы «көк» сөзі адамның мінезін, оның ашушандығы мен өктемдігін бейнелейтін маңызды семантикалық мағына екенін айқындайды.

*Мылжың концептісі.* Мылжың концептісі арқылы «көк» сөзі мылжың, көкіме, қазымыр, езбе, көп сөйлейтін адамды бейнелейді. Мысалы, «көк езу»,

«көк мылжың», «көк малтасын езу», «көк ауыз», «көк ала мылжың» тұрақты тіркестері бір айтқанын қайта айтып, елдің аузын аштырмайтындар деген мағына береді. Осылайша, мылжың концептісі арқылы «көк» сөзі адамның сөзге араласу, көп сөйлеу қасиеттерін бейнелейді.

*Жалқау концептісі.* Жалқау концептісі арқылы көк сөзі кер жалқау, еріншек, топас адамды сипаттайды. Мысалы: «көк желке болу», «көк жұлын болу» (титықтау, қалжырау); «көк жалқау» (аяғын бір баспайтын еріншек); «ак тер, көк тер болу» (шаршап-шалдығу); «көк ми» (айтқанға түсінбейтін топас, өз бетінше ойлана алмайтын, милау) т.б.

*Найзағай концептісі.* Найзағай концептісінде «көк» - найзағай (көктен түсетін от) мағынасында қолданылады. Мысалы:

«Ат байлаған ақырды,  
Көк түскен жер тақырды.  
Көп дұшпанның ішінде,  
Атын айтсам білер деп,

«Атқосшы кел» деп шақырды» [94, б. 25]. Сонымен қатар «төбесінен көк (жай) түскендей болу» (қатты таңғалу, күтпеген жерден жайсыз хабар есту, қатты қорқу). Бұл жерде «көк» сөзі қазақ тіліндегі найзағай, нажағай, жай, жасыл сөздерінің қатарындағы синоним ретінде тұр [38, б. 70].

«Көк» концептісіне жүргізілген концептуалдық-семантикалық талдау оның бірнеше ұғыммен байланысатынын көрсетті. «Көк» сөзі сан қырлы мәнге ие болып, түрлі қолданыстардағы мысалдар арқылы мағыналық өрісі кең екені анықталды. Түр-түстік мағынасынан бөлек, «көк» сөзі өз алдына жеке концептілік өріс қалыптастырғаны және трансформацияға ұшырағаны байқалды. Нәтижесінде «көк» концептісі өзіне тән макроконцептілер жүйесін құрап, халықтың өмір салты, мінезі, этномәдени болмысы мен танымдық кеңістігі тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Осыған сәйкес қарастырылған макроконцептілер «көк» концептісінің мағыналық әрі ақпараттық өрісін айқын бейнелейтін құрылымдар ретінде сипатталады. Зерттеу міндеттері бойынша «көк» концептісінің когнитивтік қырлары сараланып, оны танытатын тілдік бірліктердің коннотациялық мәні айқындалды. Концептіге қатысты жинақталған тілдік материалдың санадағы таңбалық көрінісі антропоцентрлік бағытқа сүйене отырып талданды. Бұрынғы еңбектердегі көзқарастарды салыстыру нәтижесінде «көк» концептісінің лингвомәдени және танымдық сипаты нақтыланды.

Когнитивтік лингвистикада кез келген концептінің мәдени реңкі маңызды сипат ретінде қарастырылады. Ұлттық дүниетанымды тануда да, ғаламның тілдік бейнесін анықтауда да концептінің орны ерекше. Этномәдени санасында сақталып, ұрпаққа ықшам түрде жететін құрылым концепт ретінде танылады. «Көк» сөзіне қатысты тұрақты тіркестерді талдау оның тілдік қолданыста кең таралғанын және белсенді екенін байқатады. Халықтың тілдік қорында қалыптасқан осы үлгілер ғаламның тілдік бейнесін құрауға қатысатын модельдер ретінде бағаланады. Тілдік тұлғаның тәжірибесі мен аялық білімі олардың мәнін түсінуде негізгі тірек бола алады.

Қазақ мәдениетімен астасып пайда болған таңбалардың тереңінде ұлттық танымның белгілері байқалады. Ұлт тілі – сол мәдениеттің ажырамайтын бөлігі, ал тілдік бірліктерді талдау – мәдениетті танудың өзекті жолы. Осыған сүйене отырып, «көк» концептісінің тілдік көріністері қазақ халқының көне дәуірден жалғасқан танымдық жүйесін танытады және ғаламның тілдік бейнесін анықтауға үлес қосады. «Көк» концептісінің мазмұны мен құрылымы тіліміздегі тұрақты тіркестер арқылы көрініс беріп, қазақ дүниетанымының кеңдігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмысымызда «көк» сөзіне қатысты жалпы 113 сөз және тіркес жинақталды. Бұл сөздер семантикалық, мифологиялық, табиғи және символдық мәндерге ие болып, қазақ лингвомәдениетінде «көк» концептінің көпқырлығын көрсетеді. Мысалы, көкке байланысты *көксұңгі, көк сеңгір, көк салпақ, көк тұман, ақ қар, көк мұз, көк аспан сынды, көк нөсер, көк тұман, көкаяз, көкжілтім, көкжойқын, көкмұздақ, көкөзек, көксіреу, көктайғақ, көк балдақ, көк құрышты, көк найза, көк сауыт, көк темір, көксерек, көксұңгі, көк семсер, көк өрім, көкжақ, көкқанаттан, көк асық, көк аяз, көк түйнек, көк есек, көкбармақ, көкезу, көкми, көкмойнақ, көксім, көксоққан, көкауыз, көкмылжың, көкірегі қара майдан, көк малта, көгайыл, көк долы/дауыл, көк қожасы/көк тәңірі, көксерек, көкжсендет, көк семсердің жүзі, көк жайқын, көк майса, көк мөлдір, көк өзен, көк теңіз, көк өгіз, көк солық, көк сабақ, көк сақал, көксақал, көк айран, көк сүт, көк жасық, көк қарын, көк жамбас, көк азық, көк жалқау, көк жселке, көк қасқа машина, көк құс, көк майдан, көк сең, көк сеңгір, көк шыныдай, көк теңгедей, көк тиын, көк төбет, көк тұқыл, көк тұйғындай, көк түтін, көкбақа, көкбазар, көкберен, көкбет, көкбопай, көкжал, көкқағаз, көкқасқа, көкқұлақ, көкқұмар, көкмойын, көкнарпаз, көкорай/көгорай, көксал, көксалпаң, көксіл, көкшелеу, көктас, көктік, көктөбел, көлденең жүрген көк атты, көк ала, көгалалы, көк бурыл, көк шұбар, көкшулан, көк терек, көк теңбіл, көк торғын, көк зеңгір т.б. сөздер диссертациялық жұмыс барысында жинақталды. Сонымен қатар «көк» түсіне қатысты «көк» түсінің атаулары жалпы 39 сөз және тіркес жиналды. Мысалы, жасыл көк, ал қара көк, жұтпа қара көк, қара көк, ніл қара көк, қызыл көк, көгалжым, көгебай, көгерен, көреріңкі, көгерістен, көгілдір, көгілдірлеу, көгілдір көкіш, көгілдір күлгін, көгілжі, көгілжім, көгірек, көгіс, көк, көк ала, көк ала шұбар, көк барқын, көк сұр, көкше, көкіш, көкішildeу, көкіш күлгін, көкішілтім, көкішірей, көкіши, күңгірт көк, ніл көк, көктей*

| № | Тілдер          | Мысалы                                                                                                                        |
|---|-----------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Ағылшын тілінде | көк – өзі жас, тәжірибесіз адвокат<br>көк үй – жылыжай (теплица)<br>көк ат – мінілмеген асау ат<br>көк қол – тәжірибесіз адам |
| 2 | Орыс тілінде    | көк (зеленый) – әлі тәжірибесі жоқ уыздай жас адам                                                                            |
| 3 | Француз тілінде | көк хабар – жағымсыз хабар                                                                                                    |

|   |                     |                                                                                                                   |
|---|---------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | Моңғол тілінде      | көк – бірде қадір, құрмет; біресе ажуа, ащы күлкі<br>көк дауыс – жағымсыз құлаққа түрпідей тиетін<br>тарғыл дауыс |
| 5 | Неміс тілінде       | тазалықтың символы, ұл баланың белгісі,<br>ақсүйектің қаны                                                        |
| 6 | Қытай тілінде       | талантты, өнерпаз, текті, тәрбиелі мағынасынла                                                                    |
| 7 | Үнді европа тілінде | жану                                                                                                              |

Кесте 3. «Көк» сөзінің әр түрлі тілдердегі семантикалық реңктерінің қолданылуы

Жоғарыдағы кестеден «көк» түсінің әлем халықтарының тілдерінде де тек түстік атау ғана емес, сонымен қатар символдық, метафоралық, әлеуметтік мәнге ие күрделі мәдени бірлік екендігін көреміз. Кестедегі мысалдардан көк түсінің әр мәдениетте әрқалай танылатыны анық байқалады.

«Көк» концептісіне концептуалдық-семантикалық талдау жүргізу барысында бірнеше негізгі ұғымдар мен ассоциациялық байланыстар анықталды. «Көк» концептісі көпмағыналы болып, әртүрлі мысалдар арқылы оның семантикалық ауқымы дәлелденді. Қазақ тіліндегі «көк» сөзі семантикалық кең өрісте қолданылып, тілдік бірліктерде әртүрлі мән-мағынаға ие. Мұны академик Ә. Қайдар мынандай тақырыптық топтарға бөледі. Ғалым өсімдіктер әлемінің түрі мен саны қаншалықты көп болса, олардың түсі мен реңкі, бояуы мен түрлік ерекшеліктері де соншалықты алуан түрлі екенін атап көрсетеді. Ол өсімдік атауларын бірнеше топқа жіктеп, бірінші орында – қара түске, екінші орында – ақ түске, ал үшінші орында – «көк» түске байланысты атаулардың жиі кездесетінін анықтайды. Сонымен бірге өсімдіктердің көпшілігі жасыл түсті болғандықтан, түс атауларының ішінде жасыл түстің басымдыққа ие болатынын күткенін де жасырмайды. Алайда жасыл түстен қарағанда «көк» түсінің басымдық бергенге таңғала отырып оны ғылыми неізде «ертедегі түркі тайпаларының, соның ішінде қазақ ру-тайпаларының жасыл түсті көк түстен ажырата алмауы, яғни белгілі дәрежеде дальтонизмге бейімділігі жасыл атауының көк атауынан әлдеқайда кейін пайда болуына әсер еткен болуы мүмкін» дәлелдейді [38]. Зерттеу барысында ғалым өсімдік атауларында кездесетін «көк» түске қатысты бірқатар бірліктерді анықтайды: *көк бұршақ, көк гүл, көк желек, көк кекіре, көк қызғалдақ, көк майса, көк өрім, көк пияз, көк тал, көк тамыр, көк түйнек, көк тұқыл, көк тікен, көк шай, көк шалғын, көк шешек, көк шөп, көкдәрі, көк дөнен, көке марал, көкбас райхан, көкбас шөп, көкжаулық, көкзең, көкзеңгір, көкнәр*. Жан-жануарлар дүниесінде де «көк» түсі *көкайыл (қасқыр) көкжал (атқасқыр), көк кептер, көк көгершін, көк көбелек, көк қарға, көк қасқа (ат), көкмойнақ, көксерек (қасқыр), көк мойнақ (ит), көксерке (ешкі), көкайғыр, көк тайлақ, көк қой, көк тырна, көк үйрек, көк шағала, көк шаға, көк шақа (балапан), көк бөрі, көк шұлан(қасқыр), көк шыбын, көк шымшық* мысалдар келтіреді. Сонымен қатар ғалым назарынан аспан әлемі де тыс қаламайды. Мысалы, «аспан әлемі дегенде біз ең алдымен тіршілік көзі – күнді, көккүмбез

астындағы ай мен жұлдыздарды, көз алдымызға келтіреміз. Аспан денелерінің көріну көрінбеуіне байланысты болатын қараңғы мен жарық тағы басқа түр – түс құбылыстары да осы салаға жатса керек» дей келе автор «көк» түсіне қатысты космонимдік атауларды да атап өтеді. Олар, *көк күмбез, көк аспан, көгілдір аспан, көк әлем, көк тәңірі, көк жұлдыз, көк сәуле*. Сонымен қатар «аспан әлеміне қатысты тілдік фактілерге сүйене отырып айтарымыз «жер бетіндегі дүниенің бәріне өзінің жарық сәулесін төгіп, олардың түр-түсін өз бояу нақышымен көрсетуші – күн болғандықтан аспан әлеміндегі басқа денелердің бәрі негізінен жарыққа, қараңғыға байланысты *ақ, қара және көк* (көгілдір) түрінде ғана жарқырап не қарауытып, көрінетіндігі байқалады» деген тұжырымға келеді.

Табиғат құбылыстарына байланысты түр-түстерден көбіне негізгі ақ пен көк көп қолданылатындығын айта келіп, басқа түстерден тіркесуінен басталатындығы аз екендігін айтады. Көк түске қатысты *көк дауыл, көк мұз, көк сағым, көк тайғақ, көк тұман, көктем, көкше мұз, көкжиек, көкмұнар, көктүтін, көктолқын, көкжауын, көкнөсер, көкөрт, көкжалын(от), көкағыс көкаяз, көкбұлт, көк долы(жел) көксалқын, көксең, көкұшықын* секілді мысалдар келтіреді. Жер мен оның бедеріне қатысты *көкзеңгір (тау), көктөбе, көктас (малахит), көктемір, көкшойын, көктеңіз, көккөл, көкбұйрат, көкөзек, көкшым, көкадыр, көк айдын көкалқап, көкалмас, көкарал, көкбел, көкбелес, көкболат, көкбұлақ, көк дала*. Адамға байланысты түр-түстер алдымен «дене мүшелері сыртқы тұлғасы іс-әрекетін, физиологиялық қасиеттерін ішетін тамағы мен киімін ойлау, сөйлек қабілетін, туыстық қатынастар, аурудың ерекшеліктері енеді» деп *көк ауыз, көкбас, көкбарыт, көкбет, көкезу, көккөз, көкбауыр, көкдолы, көкерін, көк ет, көк етік, көкжесейде, көкжелке, көкжөргек, көккесе, көккөйлек, көккөрпе, көккіреуке, көкмасаты, көкмауыт, көкми, көкмылжың* мысалдар келтіреді. Бұдан шығатын қорытынды «көк» сөзі қазақ тілінде көпмағыналылығымен, символдық және мәдени мәнімен ерекшеленеді. Табиғат, тұрмыс, мінез-құлық, материалдық және мифологиялық тақырыптарды қамти отырып, макроконцепт ретінде когнитивтік және мәдени ақпаратты жинақтайтын құрал. Түстің атаулары арқылы «көк» концептісі көркемдік және визуалды рендерін айқын көрсетеді. Деректерге сүйене отырып, «көк» концептісінің қазақ тілінде кең семантикалық өріске ие, мәдени және когнитивтік тұрғыдан маңызды құрылым екенін айқын көре аламыз. Жоғарыдағы академик Ә. Қайдардың зерттеулерінде «көк» сөзі – қазақ тіліндегі көп мағыналы, кең қолданылатын, бай тарихи-мәдени жүк арқалаған сөздердің бірі ретінде қарастырылады. Біз өз зерттеуімізде «көк» сөзінің семантикалық өрісінің кеңейтілген лексикологиялық-тақырыптық топтарын ұсынуды жөн көрдік.

| Топ/Саласы       | Сөздер | Мағынасы / Түсіндірме                                          |
|------------------|--------|----------------------------------------------------------------|
| Негізгі мағынасы | Көк I  | Түпсіз тұңғыық аспан әлемі, әуе. Құс алған көкке қарар (Мақал) |

|                                         |             |                                                                                                                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------|-------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                         | Көк II      | Киіз үйдің керегесін т.б. көктейтін түйенің терісінен істелген таспа, қайыс. Қарап тұрдым керегенің көгінен (С. Сейітқазин)                                                                                                                |
|                                         | Көк III     | 1.Заттың көгілдір аспан тәрізді түсі. – ат (– сиыр, – есек). 2. Көгеріп шыққан өсімдік; өскен шөп. – шалғын (– шөп). 3. Жеміс-жидек, көкөніс. Бала көкке құмар болады (Қалдыбаев)                                                          |
| Табиғат пен кеңістік, ауа райы құбылысы | Көкжиек     | Аспан мен жердің көз жететіндей түйіскен жері, горизонт. Көкжиекпен ұштасады кең жазық (М. Қаназов)                                                                                                                                        |
|                                         | Көкорай     | Жайқалған көк шөпті, шалғынды жер                                                                                                                                                                                                          |
|                                         | Көксүңгі    | Жаңбыр аралас қар жауып, шөп басына мұз қатуы                                                                                                                                                                                              |
|                                         | Көксіреу    | Көксіреу мұз; тұтасқан қалың мұз                                                                                                                                                                                                           |
| Өсімдік атауы                           | Көкбалауса  | Өсіп жетілген балғын шөп. Жүгерінің көкбалаусасы                                                                                                                                                                                           |
|                                         | Көкбас бот  | Биіктігі жарты метрге жуық көп жылдық шөп                                                                                                                                                                                                  |
|                                         | Көкбиік бот | Қыраттау, қуаң жерге шығатын шөп                                                                                                                                                                                                           |
|                                         | Көкқауыс    | Өсімдік аты                                                                                                                                                                                                                                |
|                                         | Көкнәр      | 1.Апиын шығаратын өсімдік, апиынның көк қауашағы; мак. 2. Көкнәр өсімдігінің қауашағы қайнатқанда шығатын сөл. 3. Ұзын сабақты қызыл гүлдің, анардың басы, дәні. 4. Апиын – көкнәр өсімдігінің түйінін тіліп, содан шыққан сөлден жасалады |
|                                         | Көкөніс     | Тамаққа пайдаланылатын сәбіз, капуста, қызылша сияқты бақша дақылдарының ортақ атауы                                                                                                                                                       |
|                                         | Көкпек      | Аласа боп өсетін, дәмі ащы, қатты шөп. Көкпек десе, түйе төзбес (Мақал)                                                                                                                                                                    |
|                                         | Көктікен    | Өсімдік аты                                                                                                                                                                                                                                |
|                                         | Көксағал    | Тарының әлі пісіп жетілмеген, сарғыш тартқан түрі                                                                                                                                                                                          |
|                                         | Көксағыз    | Каучик жасайтын көпжылдық шөпті бақбақ өсімдігі                                                                                                                                                                                            |
|                                         | Көксерке    | Қауынның дәмі тәтті бір түрі                                                                                                                                                                                                               |

|                            |            |                                                                                                                                           |
|----------------------------|------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                            | Көктөбет   | 1. Дәрілік улы қасиеті бар, маңқа ауруына қарсы қолданылатын шөп.<br>2. ауыс. Қырма сақал қырқылжың адамға ұрысқанда қолданылатын сөз     |
|                            | Көкшағыр   | Жусан тұқымдас өсімдік түрі                                                                                                               |
|                            | Көкшешек   | 1. Екі жылдық шөптесін өсімдік.<br>2. Сақа жеңгелердің ұрысқанда айтатын сөзі                                                             |
|                            | Көкпектен  | Көкбек басу. Жазың су көрмей көкпектеніп кеткен                                                                                           |
|                            | Көкпекті   | Көкпен мол өскен, көкпегі көп                                                                                                             |
|                            | Көкшолақ   | Жайылымдық шөп                                                                                                                            |
| Құс атауы                  | Көкжөре    | Қаршыға тұқымына жататын жыртқыш құс                                                                                                      |
|                            | Көкқұтан   | Ұзын сирақты көк түсті құс                                                                                                                |
|                            | Көксіл     | 1. Алғыр қыран. Қос көксіл таудан ұшып талпынғанда (Жароков).<br>2. ауыс. Қажымас қайсар. Оғы көктей өтіп кеткен көксілім ғой (Есенжанов) |
| Жәндік атауы               | Көкқасқа   | Көкқасқа шегітке – топ-топ боп ұшып жүретін ауыл шаруашылығына, әсіресе егінге зиянды жәндік                                              |
| Сауда орны                 | Көкбазар   | Жеміс-жидек, көкөніс өнімдерін, сондай-ақ басқа да азық-түлік түрлерін сататын үлкен сауда орны                                           |
| Таза етіп крахмалдап жуу   | Көкбаразда | Киімшегін көкбараздады                                                                                                                    |
| Ауру аты                   | Көкбауыр   | Түйеде болатын, бауыры көгеріп өлетін ауру                                                                                                |
|                            | Көкжорға   | Түйе кеселі                                                                                                                               |
|                            | Көкжөтел   | Үсті-үстіне жөтелдіретін балалардың жұқпалы ауруы                                                                                         |
|                            | Көксау     | Өкпесін суық шалып көп жөтелетін көкірек ауруы                                                                                            |
|                            | Көксаулан  | Көп жөтелу, көксауға айналу                                                                                                               |
|                            | Көксаулық  | Көксау болушылық, көп жөтелушілік. Осы бір көксаулық итше еріп арылмады (Бөкеев)                                                          |
| Астрономиялық атау         | Көкбозат   | Темірқазық пен Жетіқарақшының аралығындағы қос жұлдыздың бірі                                                                             |
| Аң-құстар және балық атауы | Көкжал     | 1. Азулы жыртқыш, қасқырдың арланы. Кішігірім тайыншадай көкжал арлан                                                                     |

|                            |            |                                                                                                                                       |
|----------------------------|------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                            |            | 2. ауыс. Барынша өктем, бет қаратпас озбыр. Ешкімнің ырқына көнбей кеткен көкжал (Жансүгіров)                                         |
|                            | Көксерек   | Жас қасқырдың мықты, қайраттысы. Мен даланың көксерек, көкжал мықтысымын (М. Сатыбалдиев)                                             |
|                            | Көксерке   | 1.Қызыл балық тұқымдасына жататын жыртқыш балық                                                                                       |
|                            | Көкше      | Көгілдір түсті, орташа салмағы 600 граммға жететін балық                                                                              |
| Мінез-құлық                | Көкжалдық  | Көкжал болушылық; озбырлық, өктемдік, азулылық. Ағасының көкжалдығынан інілері де шошынды (Хұсайынов)                                 |
|                            | Көксіген   | Жерінен жеріген, безген, туған жер өлкесін тастап кететіндер. Алма мойын сам үйрек, ана Еділден көксіген (Айтыс)                      |
| Дене мүшесі                | Көкжелке   | Мойынның ту сырты. Көкжелкеден қойып-қойып жіберді (Нұрпейісов)                                                                       |
| Малдың түлеуі              | Көкжелік   | Малдың көктемде түлеуі                                                                                                                |
| Ұлттық мәдениет және спорт | Көкпар     | Бауыздаған ту серке не ешкіні, екі жікке бөлініп, ат үстінде тартысатын ұлттық ойын. Көкпар тартты – көкпар сайысына түсті (Баязитов) |
|                            | Көкпарлы   | Көкпар тартатын, көкпары бар, көкпар сайысына түсетін. – қазақтар                                                                     |
|                            | Көкпаршы   | Көкпар тартушы, көкпар сайысының шебері                                                                                               |
|                            | Көкпаршыл  | Көкпарды ұнататын, көкпар құмар, көкпар ойынының шебері                                                                               |
|                            | Көкпаршыла | Көкпар сайысына түсу. Сабазың әлі көкпаршылап жүр (О. Сәрсенбаев)                                                                     |
|                            | Көксерек   | Ұлттық спорт ойындарының бір түрі                                                                                                     |
| Түстер, реңктер            | Көкпеңбек  | 1. Ашық көк, тым көк. 2. Көкорай, жасыл шалғынды                                                                                      |
|                            | Көкшіл     | Көк түстілеу, көгілдір                                                                                                                |
|                            | Көкшілден  | Көкшіл түске ену, көкшіл тарту. Барады көкшілденіп нұрлы жүзің (Хакімжанова)                                                          |
|                            | Көкшілдеу  | Көкшіл түстілеу, көгілдірлеу                                                                                                          |
|                            | Көкшілтім  | Көкшіл тартқан, көгілдір түстілеу                                                                                                     |
|                            | Көкшулан   | Көкшіл тартқан, бурыл                                                                                                                 |



|                 |                                                |                                                                                                                                                                                                                                     |
|-----------------|------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                 | Көктік                                         | 1.көк түсті болушылық. Көктігі шымқай көк барқыттай (С. Мұқанов).<br>2. ауыс. Пісіп жетілмегендіктен, әлі жастық. Жас көктікті де піскесін (Бегалин)<br>3. ауысп. Ызақорлық, долылық. Қайсар көктікпен қадала түсті (Ө. Нұршайықов) |
|                 | Көктей                                         | Көк түтінді, шикідей; кеппеген, көк қалпы. Жиденің мәуесін көктей-ақ жеп тауысамыз (Канахин)                                                                                                                                        |
|                 | Көктілі                                        | Көк түс аралас. Көктілі, көкалалы төске толған (Байзақов)                                                                                                                                                                           |
|                 | Көкши                                          | Көкшілдену, көгеру. Көк көзі одан бетер көкшіие түсті (Жылқышиев)                                                                                                                                                                   |
|                 | Көкше                                          | Көкшіл түсті, көгілдір тартқан                                                                                                                                                                                                      |
|                 | Көктен                                         | Көк түске айналу, көкшілдену. Әуелі көктеніп, сосын күлгін түске енді (Кекілбаев)                                                                                                                                                   |
| Зат             | Көксауыр                                       | Көк бояумен боялған былғары.                                                                                                                                                                                                        |
|                 | Көксауырла                                     | Көксауыр былғарымен әшекейлеу, ою-өрнек салу                                                                                                                                                                                        |
| Армандау, аңсау | Көксе                                          | Аңсау                                                                                                                                                                                                                               |
|                 | Көксеушілік                                    | Арман етушілік, аңсаушылық                                                                                                                                                                                                          |
|                 | Көксіре                                        | Көк жегісі келу, көкті құмарту                                                                                                                                                                                                      |
| Минерал / зат   | Көктас                                         | Көмір қышқылды, мыс тұзынан құралған ашық жасыл түсті минерал                                                                                                                                                                       |
| Адам аттары     | Көкбай                                         |                                                                                                                                                                                                                                     |
| Жер-су аттары   | Көкшетау,<br>Көксәйек,<br>Көкбалақ<br>Көктерек |                                                                                                                                                                                                                                     |

Кесте 4. «Көк» сөзінің семантикалық-лексикологиялық топтары мен қолдану салалары

Біз ұсынған кестеде «көк» сөзінің семантикалық өрісінің кеңеюі айқын көрініс тапқан. Кестеде келтірген мысалдардан академик Ә. Қайдар ұсынған тақырыптық топтардың қазіргі қазақ тілінде одан әрі кеңейгені байқалады. Тіл үздіксіз дамып отыратын тірі процесс, сондықтан уақыт өте келе бір сөздің мағыналық ауқымы кеңеюі немесе тарылуы заңды құбылыс болып саналады. Бұл тілдің табиғи эволюциясын көрсетеді және «көк» сөзінің көпқабатты, терең мағыналық құрылымға ие екендігін дәлелдейді.

Когнитивтік модельдеу әдісі арқылы «көк» концептісінің мағыналық кеңістігін құруға болады. Бірнеше негізгі когнитивтік модельдер

қолданылады: Когнитивтік модельдеу – белгілі бір концептінің құрылымдық және мағыналық жүйесін анықтауға мүмкіндік беретін әдіс, оны қолдану арқылы «көк» концептісінің семантикалық кеңістігін жүйелеуге болады. Когнитивтік модельдеу барысында төмендегі негізгі когнитивтік модельдер қолданылады:

| <b>Когнитивтік модель</b> | <b>Негізгі мазмұндық қырлары</b>                          | <b>Мысалдар</b>                                                               |
|---------------------------|-----------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|
| Фреймдік модель           | Түс, кеңістік, мифология, эмоция                          | Көгілдір, қою көк; көк аспан, көк теңіз; Көк Тәңірі, көк бөрі; көгеру, көктеу |
| Гештальт-модель           | Жаратылыс, тылсымдық, қасиеттілік, тұрмыстық өріс         | Көк аспан, көк теңіз; көк Тәңірі; көк ту, көк бөрі; көк шөп, көк көз          |
| Семантикалық өріс моделі  | Негізгі, метафоралық, тұрмыстық, негативті қабаттар       | Көк аспан, көк теңіз; көк Тәңірі; көк шөп; көк ет                             |
| Ассоциативтік модель      | Табиғи құбылыс, мифологиялық бейне, рәміз, эмоциялық реңк | Көк аспан, көк теңіз; көк Тәңірі, көк бөрі; көк ту; көгеру, көктеу            |
| Метафоралық модель        | Билік, мәңгілік, руханилық, еркіндік, шексіздік символы   | Көк түріктер, көк ту; көк Тәңірі; көк аспан, көк теңіз                        |

Кесте 5. «Көк» концептісінің когнитивтік модельдері

Когнитивтік модельдеу әдістерін қолдану арқылы «көк» концептісінің мағыналық кеңістігін жан-жақты талдауға болады. Концепт тек түс атауы ғана емес, мифологиялық, символдық, мәдени және эмоционалдық мәнге ие күрделі когнитивтік құрылым екенін көрсетеді. Түркі мәдениетінде «көк» түсі тек табиғи бояу емес, ұлттың тарихи жадында, дәстүрінде маңызды орын алатын символ. Қазақ тіліндегі «көк бөрі», «көкпар», «көк майса» тіркестері бұл концептінің мәдени маңыздылығын көрсетеді. Әлемнің басқа тілдерімен салыстырғанда, түркі тілдерінде «көк» түсінің символикалық мәні ерекше дамыған. Мысалы, ағылшын тіліндегі *blue* сөзінің эмоциялық мәні (мұң, көңілсіздік) түркі тілдеріндегі «көк» концептісіне сәйкес келмейді. «Көк» түсінің әр тілде әртүрлі когнитивтік модельдеуден өткенін көрсетеді.

«Көк» концептісін семантикалық-когнитивтік модельдеу оның мағыналық кеңістігін, тарихи эволюциясын және метафоралық интерпретацияларын айқындайды. Концепт тек түр-түс атауы ғана емес, түркі халықтарының дүниетанымы мен мәдени жадында ерекше орын алатын символдық құбылыс. Түр-түс атауларының семантикалық және когнитивтік модельдеуі адамның танымдық жүйесінде белгілі бір концептілерді қалыптастыру және категориялау үдерісімен тығыз байланысты. «Көк» концептісі түркі халықтарының мәдениеті мен дүниетанымында маңызды

орын алатын, символдық, кеңістіктік және мифологиялық мағыналарға ие көпқабатты құрылым. Концепт тек түсті білдірумен шектелмей, аспан, билік, тәңіршілдік, еркіндік сияқты мағыналық өрістерді қамтиды. Семантикалық-когнитивтік модельдеу «көк» концептісінің мағыналық құрылымын, тарихи дамуын және символдық интерпретацияларын айқындайды. Түр-түс атауы ғана емес, түркі халықтарының мәдени жадында, рухани әлемінде және мемлекеттік рәміздерінде ерекше орын алатын көпқабатты құбылыс концепт.

«Көк» түсі – түркі халықтарының Тәңірлік сенім жүйесінде аспанның, руханилықтың және мәңгіліктің символы. Бұл түс арқылы табиғат құбылыстары мен ғарыштық дүниетаным бейнеленіп, адамның Жоғарғы Күшпен байланысы көрініс табады. Тәңірге табыну дәстүрінде *көк аспан* әлемнің жоғары деңгейі ретінде қарастырылып, сакральді кеңістік ұғымын қалыптастырған.

*Этнолингвистикалық код ретінде «көк» түсі* қазақ және түркі тілдерінде ұлттық дүниетанымды, этностық ерекшелікті білдіретін фразеологиялық бірліктерде ерекше рөл атқарады. «*Көк тәңірі*», «*көк аспан*», «*көк бөрі*» тіркестері ұлттық құндылықтардың символикасын бейнелейді. Ұлттық сана мен мәдениеттің когнитивтік құрылымындағы маңызды элементтерді бірліктер айшықтайды.

*Тарихи-көркем мәтіндердегі рөлі* – тарихи деректер мен әдеби шығармаларда көк түс еркіндік, батырлық, және құндылықтардың эстетикалық нышаны ретінде қолданылады. «*Күлтегін*» жазбаларында «көк» аспанның рәмізі арқылы қағанаттың мәңгілік идеологиясы бейнеленсе, қазақтың ауыз әдебиетінде «көк» түсі эпикалық батырлардың рухани еркіндігін көрсетеді.

«*Көк» түсі және мәдени-рухани бірегейлік* – «көк» түсі түркі халықтарының мәдениетіндегі этномәдени және рухани бірегейліктің көрсеткіші. Көшпенділер мәдениетінде ол кеңістік еркіндігі мен табиғатпен үйлесімділіктің символы ретінде қызмет етеді. Ұғымдар ұлттық фольклор мен мәдени дәстүрлерде өз орнын тапқан.

«*Көк» түсінің когнитивтік моделі* – «көк» түсі тек символдық мән емес, сонымен қатар когнитивтік құрылым ретінде қазақ мәдениетінде кеңінен таралған. Ол адамның кеңістікке, уақытқа және рухани әлемге қатысты танымдық тәжірибесін көрсететін модель әлемнің ұлттық бейнесін қалыптастырудағы басты когнитивтік құралдардың бірі.

*Поэтикалық және эстетикалық құндылық* – көркем әдебиетте «көк» түс символизм мен метафоралық бейнелеудің эстетикалық құралы ретінде маңызды орын алады. Мұхтар Әуезовтің шығармаларында «көк» түс табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті бейнелейді. Поэзияда ол еркіндік пен шексіздіктің символына айналады.

Фразеологиялық жүйенің қызмет етуіндегі айырмашылықтар түрлі факторларға байланысты, түс белгілерінің символикалық мәнінің ауқымы, тіл иелерінің түс белгілерін қолданудың жеке ерекшеліктері, әдеби көздерде қолданудың жиілігі, ассоциативтік байланыстар, этимологиясының көне

болуы, категориялық мүкүтсіздік және т.б. Неміс тілінде schwarz «қара» және blau «көк» түс компоненттері жиі қолданылса, ағылшын тілінде black «қара», blue «көк» және red «қызыл» түстері жиі кездеседі. Француз тілінде blanc «ақ» және noir «қара» түс лексемалары үлкен номинативті потенцияларға ие, орыс мәдениетінде маңызды түстер ақ, қара және қызыл түстер, татар мәдениетінде – қара «қара» және ақ «ақ» түстері.

Зерттеу нәтижелері «көк» сөзінің қазіргі қазақ тілінде бірнеше семантикалық өрісінің бар екендігі анықталды. Семантикалық өріс дегеніміз мағыналық ортақтығы бар сөздер мен сөз тіркестерінің жүйесі. Бұл өріс белгілі бір концептінің (ұғымның) тілдік бейнесін қалыптастырып, сол мәдениетке тән дүниетаным мен әлеуметтік тәжірибені танытады. «Көк» сөзі тек түстік категориямен шектелмей, аспан мен кеңістік, табиғат құбылыстары, мифологиялық бейнелер, адамның мінез-құлқы мен эмоциялық-сезімдік сипаттар, сондай-ақ символдық және метафоралық мәндер арқылы халық мәдениетінің көпқырлы танымын көрсетеді. Зерттеу барысында семантикалық-когнитивтік талдау арқылы «көк» концептінің бірнеше негізгі мағыналық деңгейлерін айқындадық. Мысалы, түстік сипат, кеңістік пен аспанға қатысты мағына, табиғатпен байланыс, тарихи-мифологиялық мағына, эмоционалдық-экспрессивтік және символдық / метафоралық реңктер. Сонымен қатар, «көкке байланысты сөздер» мен «көкке байланысты түстің атаулары» да қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің концептінің мағыналық құрылымын бейнелейтінін көрсетті. Сондай-ақ «көк» концептісінің келесі мағыналық қырлары (ішкі концептілері) айқындалды: аспан – «көк аспан», «көк күмбез», «Көк Тәңірі» тіркестері арқылы Жоғарғы әлем, кеңістік пен жаратылыс символы; Шөп, өсімдік әлемі – «көк шөп», «көктем», «көгеру», «көк майса» тіркестерімен табиғаттың жаңаруын бейнелейді; туыстық қатынас – тарихи жазбаларда «көгі» (туысы), қазіргі тілде «көке» формасы арқылы әлеуметтік қатынасты көрсетеді; өркендеу, көбею – «көсеген көгерсін», «ер көгерер» секілді тілдік бірліктерде өмірдің жақсаруы, ұрпақ жалғасуы мағынасында; жас, әлсіздік – «көкөрім», «көк шыбық» арқылы жастық пен тәжірибесіздік бейнеленеді; ауқатты, бай – «көкесі күшті» тіркесімен байланысып, әлеуметтік ықпалдылықты көрсетеді; арық, әлсіз – «көк жілік», «көк қасқа» тіркестерімен дене пішіні немесе жағдай сипатталады; көнбейтін, адуын мінез – «көк долы», «көкмылжың», «көкжал» сөздері арқылы мінез-құлық сипатталады; мылжың, жалқау – «көк мылжың», «көк жалқау» тіркестерімен жағымсыз мінез сипаттары беріледі; найзағай, табиғат құбылысы – «көк найзағай» арқылы табиғаттың қараһы мен күдіреті бейнеленеді.

Қорыта келе, «көк» концептісі қазақ тілінде полисемантикалық сипат алып, әртүрлі когнитивтік домендерде (табиғат, адам, қоғам, мифология, мораль) қызмет атқаратыны дәлелденді. Бұл қазақ халқының дүниетанымындағы түстердің тек көркемдік қана емес, терең символдық жүк арқалаушы құрал екенін көрсетеді. Қазақ мәдени дәстүрімен сабақтас қалыптасқан тілдік таңбалардың тереңінде ұлттық дүниетанымның белгісі

байқалады. Ұлт тілі – сол мәдениеттің құрамдас бөлігі, ал тілдік бірліктерді қарастыру мәдени жүйені танудың маңызды тәсілі болып саналады. Осы негізде «көк» концептісінің тілдік қолданысы халқымыздың ежелден қалыптасқан танымдық қырларын көрсетіп, ғаламның тілдік бейнесін айқындайды. Сол себепті «көк» концептісінің когнитивтік мазмұны мен құрылымдық негізі тіліміздегі орныққан тұрақты оралымдар арқылы талданады. Қорытындылай келе, қазақ тіліндегі көк концептісі өз дамуы бар, ұлттың дүниетанымдық кеңістігін бейнелейтін ауқымды құрылым ретінде танылады.

### **2.3 Поэтикалық дискурс контекстіндегі «көк» сөзінің репрезентациясы**

Диссертациялық жұмысымыздың бұл тарауында «көк» ұғымының поэтикалық дискурста, яғни көркем прозалық және поэзиялық мәтіндерде репрезентациялану ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу барысында «көк» концептісінің көркем әдебиеттегі бейнелі, символдық, эмоциялық және мәдени мәні ашылып, оның ұлттық дүниетаныммен өзара байланысы сараланады. Бұл талдау тіл мен мәдениеттің тоғысындағы концептілердің әдеби кеңістікте қалай көрініс табатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Поэтикалық дискурс-тілдік құралдардың көмегімен көркем бейне жасауға, эстетикалық әсер тудыруға және мәдени-рухани мән-мағына беруге бағытталған әдеби-коммуникативтік әрекет. Ал репрезентация – белгілі бір концептінің, мәдени мәннің мәтінде, бейнеде, сөзде, көркем құралдарда нақты түрде көрінуі, бейнеленуі екені анық.

Зерттеу барысында семантикалық, дискурстық, мәтіндік, салыстырмалы, жинақтау, топтау секілді әдістер мен тәсілдер қолданылды. Бұл әдістерді кешенді түрде қолдану біздің зерттеуіміздің теориялық негізін нығайтып, «көк» концептісінің поэтикалық дискурстағы репрезентациясын жан-жақты әрі терең ғылыми деңгейде ашуға мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиетінде «көк» сөзі еркіндікті, рухани тазалықты, батырлықты, сағынышты және ғаламдық үйлесімділік идеясын жеткізетін көркемдік құрал ретінде кеңінен қолданылады. Көркем шығармаларда табиғатты сипаттаудан бастап, философиялық, мифологиялық және эмоциялық реңктерді жеткізуге дейін әртүрлі контексте көрініс табады. Әдеби дискурс контекстінде «көк» сөзі тек түстік белгі ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени, символдық және эмоционалдық мағыналарды білдіретін көпқырлы концепт ретінде көрініс табады. Қазақ әдебиеті мен ауыз әдебиетінде «көк» сөзі аспан мен кеңістік, биіктік пен ар-ұят, рухани тазалық, батылдық және арман сияқты ұғымдарды бейнелеу үшін жиі қолданылады. Сөздің қолданылуы мәтіннің стилистикалық, экспрессивтік және семантикалық құрылымын байытып, әдеби кейіпкерлердің психологиялық және моральдық қасиеттерін көрсетеді.

Рабиға Сыздықова «Абай шығармаларының тілі» атты еңбегінде Абай Құнанбаевтың шығармашылығындағы тілдік ерекшеліктерді, оның ішінде

лексикалық және грамматикалық құрылымдарды жан-жақты талдайды. Ғалымның зерттеуінде Абайдың тілі тек әдеби тұрғыдан емес, сонымен қатар тілдік құрылымдар мен грамматикалық ерекшеліктер тұрғысынан да жан-жақты қарастырылады. Абайдың еңбектерінде «қара» концептісінің сипаты, оның лексикалық және грамматикалық ерекшеліктері терең зерттелген [95]. Ал біз өз кезегімізде зерттелетін тақырыбымызға сәйкес, Абай шығармаларындағы «көк» концептісіне қатысты ақпараттарды талдауға тырыстық. Мәселен, ақынның «Көк тұман – алдындағы келер заман» өлеңіндегі «көк тұман» және «көк ит» тіркестеріне лингвоконцептологиялық және текстологиялық сараптама жасадық:

Көк тұман – алдындағы келер заман,  
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.  
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,  
Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған.  
Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек,  
Көп ит жеңіп көк итті күнде жемек.  
Ғадәлет пен мархамат – көп азығы,  
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек [70, б. 12].

Абай Құнанбайұлының бұл шумағы қазақ әдебиетіндегі «көк» концептісінің символдық, когнитивтік және метафизикалық кеңістігін ашып көрсетеді. Өлеңнің бірінші жолындағы «Көк тұман – алдындағы келер заман» тіркесінде «көк» түсі өзінің табиғи-физикалық мәнінен алыстап, экзистенциалдық, абстрактылық және модальді сипатта көрініс табады. Мұнда «көк» – тек табиғи кеңістіктің немесе аспанның метонимиялық атауы ғана емес, болашақтың көмескілігі мен беймәлімдігін бейнелейтін символға айналған.

1. Көк – метафоралық концепт ретінде «көк» түсі қазақ мифопоэтикалық санасында көбінесе аспанмен, Тәңірмен, мәңгілікпен, сонымен бірге шексіздік, руханилық және еркіндік ұғымдарымен байланысты. Абай бұл өлеңінде дәл осы мәдени жүктемесі бар «көк» концептін метафоралық құрылымға айналдырып, оны уақыт пен кеңістіктің тұтас бір образы ретінде қолданады. «Көк тұман» – когнитивтік метафора тіркесі арқылы Абай болашақты танудың көмескілігін, адамның болашақ алдындағы әлсіздігін, әрі онтологиялық беймәлімдікті суреттейді.

2. Лингвоконцептологиялық құрылым: «көк» + «тұман». «Көк» пен «тұман» лексемаларының тіркесі лингвомәдени кеңістікте екі концепттің тоғысуы арқылы жаңа семиотикалық құрылым жасайды. Мұндағы «көк» – мәңгілік, уақыт, жоғарғы кеңістік; «тұман» – түсініксіздік, белгісіздік, рухани күңгірттік. Қос концепт «болашақ» ұғымының қазақ дүниетанымындағы философиялық-экзистенциалдық түсінігін танытады.

3. Лирикалық субъектінің когнитивтік дискурсы. Өлеңнің лирикалық кейіпкері – болашаққа сенім артушы, бірақ таным шекарасынан асып өте алмай, оны сипатсыз, суретсіз бейне ретінде қабылдаушы. Бұл жерде

когнитивтік диссонанс орын алады: адам көзімен көруге ұмтылатын болашақ – тілмен бейнеленуге көнбей, семантикалық тұман ішінде қалып қойған.

4. Уақыттық (темпоральді) метафора және «көк» концептісі. Абай үшін уақыт – тек хронологиялық өлшем емес, ол философиялық категория. «Көк тұман» – уақыттың метафорасында мәңгілік пен өткіншіліктің шегіндегі адам танымын сипаттайды. Екінші жолдағы «Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған» деген тұста, «көк» тұман ішіндегі сәуле – үміттің когнитивтік символы. Абай ұлттық концептуалдық кеңістікте «көк» пен «сәуле» оппозициясын жасап, «көк» тұманды – шектеу, ал сәулені – ішкі болмыстық бағыт, үміт, жарық нышаны ретінде бейнелейді. Өлеңдегі лексикалық селекция, семантикалық өріс, мәтіндік тұтастық – бәрі «көк» концептісін онтологиялық модель ретінде ұсынуға бағытталған.

А. Құнанбаевтың «Көк тұман – алдындағы келер заман» атты өлеңіндегі «Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек, Көп ит жеңіп көк итті күнде жемек» [70, б. 12] деген жолдарында қоғамдық мінезді, адами психологияны сынға алады. Мұндағы «көк ит» – метафоралық образы бар негативті кейіпкер. Қазақ фразеологиясында «көк ит», «көк жалқау», «көк мылжың» деген тіркестер жағымсыз сипатта, нашар адамды суреттеу үшін қолданылады. «Көк» мағынасы түсті көрсететін, бірақ эмоциялық реңкі бар, пейоративті (жағымсыз) мәнде қолданылған. Өлеңдегі «көк ит» – әлсіз, сорлы, жалқау, әлжуаз дегенді мәнде тұр. «Көп ит» – көпшілік, көптің күшін пайдаланған тобыр. «Көк ит» – әлсіз, бірақ бір ерекшелігі бар (мүмкін, шындықты айтатын немесе басқаларға ұқсамайтын) жалғыз тұлға. «Күнде жемек» – тобыр осындайларды басып-жаншып, жеп отырады [70, б. 12]. Яғни көпшілік әлсіз, бірақ ерекше адамды басып-жаншып, оны күнде «жеп», жүндеп отырады деген ишараны береді. Бұл жерде «көк ит» – қоғамда өзінше ойлайтын, ерекше, бірақ жалғыз қалған адам.

| Тіркес    | «Көк» мағынасы              | Функциясы              |
|-----------|-----------------------------|------------------------|
| Көк тұман | Болашақ, белгісіздік, уақыт | Метафора, философиялық |
| Көк ит    | Әлсіз, ерекше, жалғыз       | Ирония, сатира         |

Кесте 6. Абай өлеңіндегі «көк тұман» және «көк ит» тіркестеріне лингвоконцептологиялық талдау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті «Ахмет Байтұрсынұлы Тіл білімі институты» РМҚК шығарған «Абай тілінің сөздігінде» Абай шығармаларында кездесетін «көк» сөзіне 14 мысал берілген [96, б. 270-271]. Сөздіктегі мысалдардың ішінде «көк» бірнеше мағынада қолданылады. Мысалы, Абайдың 37 қара сөзінде «жер бетіне шығатын жалғыз шөп» мағынасында: «Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?» [97, б. 193] деген тіркес кездеседі. Абайдың «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» атты өлеңінде де «көк» сөзі шөп мағынасында қолданылады. Мысалы:

Біреуі көк балдырған, бірі қурай,

Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз? [71, б. 21]. «Көк балдырған» тіркесі көктемде немесе жазда өсетін жасыл шөпті бейнелейді. Абай шығармаларында «көк» сөзі «шөп» мағынасында 2 шығармасында кездеседі. Абай өлеңдерінде «көк ору» сөзі «қыршыннан қию, өмірден ерте кету» мағынасында да кездеседі. Мысалы, «Немере інісі өлгенде айтқаны» атты өлеңінде: «Көп жасамай, көк орған. Жарасы үлкен жас өлім» [71, б. 196] деген жолдарындағы «көк орған» тіркесі өмірден ерте кеткен деген мағынада келеді.

«Абай тілінің сөздігінде» ақын қолданысында «әуе, аспан» мағынасындағы «көк» сөзіне Абай шығармаларынан мысалдар келтірілген. Мысалы, «Жолға шықтым жым-жырт түнде жалғыз, Тастақ жол жарқырайды буға амалсыз. Елсіз жер тұрғандай боп хаққа мүлгіп, Сөйлесіп ымдасқандай көкке жұлдыз» [96, б. 117].

Абай өлеңдерінде «көк» сөзі ауыспалы «жоғары, паң кеуде» мағынасында да қолданылады. Мысалы, «Көңілдері көкте, көздері аспанға, адалдық, арамдық, ақыл, ғылым, білім – ешнәрсе малдан қымбат демейді» [96, б. 165] деген өлең жолдарынан «көк» сөзі адамның ой-пікірінің, рухани биіктігінің белгісі ретінде көрінеді. «Көкке бақтым «Алла» деп, Тамаша етіп құдіретін, рахматы оның онда көп, Бізге түк жоқ тиетін» [96, б. 148] деген жолдардан «көкке» бағытталған әрекет адамның құдайға табыну, рухани биіктікке ұмтылысын білдіретін символикалық мәнге ие. «Көңілі көкке ұшу – көңілі өсу, шалқу» және «Ұш, көңілім, көкке, кергі енді! Көңілде қайғы, қалың зар, Айтатұғын сөзім бар, Салсын құлақ ұққандар» [96, б. 117] мысалдары «көк» сөзінің эмоциялық, экспрессивтік қызметін көрсетеді. Мұнда «көк» адамның ішкі рухани әлемінің өрлеуін, көңілінің шалқуын, ішкі биіктігін бейнелейді. Осы тұрғыдан қарағанда, Абай шығармаларында «көк» ұғымы лексикалық мәнінен тыс, рухани және символдық мағыналармен байытылып, қазақ мәдениеті мен философиялық ой-санасының маңызды компоненті ретінде көрінеді.

Ақын өлеңдерінде кездесетін «көк» сөзі «жасыл шөп түстес, тотияйын тәріздес» деген мағынаны да береді. Мысалы, «Көк торғындай аспан – көк Білемін, жайнап ашылар» [96, б. 96]. «Батар күнге шымылдық – көк бұлт кең, Толқынды қызыл торғын өртпенен тең» [96, б. 150]. «Көк қанат, бейіс құсындай, Қу ағашқа қонақтап» [96, б. 147].

| № | Абай шығармаларында кездесетін «көк» сөзі | Мағынасы                     | Мысал                                                                                     |
|---|-------------------------------------------|------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Көк ала                                   | Көк пен ақ түс араласқан түс | Көк ала бұлт сөгіліп,<br>Күн жауады кей шақта.<br>Өне бойың егіліп,<br>Жас ағады аулақта. |



|   |            |                                                  |                                                                                                                                                                           |
|---|------------|--------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2 | Көк ит     | Ел бастаған<br>әкімдер                           | Көптің бәрі көп деме, көп те<br>бөлек, Көп ит жеңіп көк итті,<br>күнде жемек. Ғәдәләт пен<br>мархамат – көп азығы, Қайда<br>көрсен, болып бақ соған<br>көмек.             |
| 3 | Көк майдан | Су айдыны                                        | Астында дария – көк майдан,<br>Үстінде сәуле, алтын күн.<br>Қарашы, ол, бүлік, Құдайдан<br>Сұрайды дауыл күні-түн.                                                        |
| 4 | Көк тамыр  | Күре тамыр                                       | Қабағы түйіліңкі, сүйінбейді,<br>Алла бөлек жаратқан түрін<br>дейді. Жиырма сегіз жасында<br>ажым түскен, Көк тамырда<br>қан ойнап дірілдейді.                            |
| 5 | Көк тұман  | Болашақтың<br>белгісіздігі,<br>бұлдырлығы        | Көк тұман – алдындағы келер<br>заман,<br>Үмітті сәуле етіп көз көп<br>қадалған.<br>Көп жылдар көп күнді айдап<br>келе жатыр,<br>Сипат жоқ, сурет те жоқ,<br>көзім талған. |
| 6 | Қара көк   | Қара мен көк<br>араласқан, қара<br>қошқыл түс    | Кәрі Каспий қара көк көзін<br>ашты,<br>Жылы жүзбен Терекке<br>амандасты, Жыбыр қағып,<br>қозғалып, сылқ-сылқ күліп,<br>Қатыңды алды, қитықсыз<br>араласты.                |
| 7 | Көкбай     | Кісі аты                                         | Сорлы Көкбай жылайды,<br>Жылайды да жырлайды.<br>Ол жыламан қайтіп тұрады,<br>Мынау азған қау заман,<br>Қалыбында тұрмайды.                                               |
| 8 | Көкжиек    | Көз ұшындағы<br>жер мен көктің<br>түйіскен жері. | Көлеңке басын ұзартып,<br>Алысты көзден жасырса,<br>Күнді уақыт қызартып,<br>Көк жиектен асырса.                                                                          |
| 9 | Көкек      | Көк сұр немесе<br>сары ала түсті<br>құс          | Жазға жақсы киінер қыз-<br>келіншек,<br>Жер жүзіне оң берер гүл-<br>бәйшешек.                                                                                             |

|    |           |                             |                                                                                                                                                                                            |
|----|-----------|-----------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |           |                             | Қырда торғай сайраса, сайда<br>бұлбұл,<br>Тастағы қосар байғыз, көкек.                                                                                                                     |
| 10 | Көкбеңбек | Көкбеңбек темір             | Сауыт-сайман, қару-жарақ.<br>Жарлық шашты, қол жүрді<br>суды өрлей,<br>Шаһарына жеткенше дамыл<br>көрмей.<br>Көкбеңбек темір киген өңкей<br>батыр<br>Тарттырып жөнеледі сырнай-<br>керней. |
| 11 | Көктей    | Көктей ору                  | Ары кеткен алдағыш,<br>Мені-ақ алда, сөкпейін,<br>Балы тамған жас қамыс,<br>Ормасыңшы көктейін.                                                                                            |
| 12 | Көктеу    | Көгеріп өсу                 | Ғалымнан надан артпас<br>ұққанменен,<br>Тағдыр көрмей қоймайды<br>бұққанменен.<br>О дағы қалыбынан аса<br>алмайды,<br>Жауқазын ерте көктеп<br>шыққанменен.                                 |
| 13 | Көкорай   | Көк майса                   | Жаздыгүн шілде болғанда,<br>Көкорай шалғын бәйшешек.<br>Ұзарып өсіп толғанда,<br>Күркіреп жатқан өзенге<br>Көшіп ауыл қонғанда.                                                            |
| 14 | Көк       | Көк өрім                    | Жасөспірім, жеткіншек.<br>Интернатта оқып жүр<br>Талай қазақ баласы.<br>Жаңа өспірім – көк өрім.<br>Бейне қолдың саласы.                                                                   |
| 15 | Көксеу    | Арман ету,<br>сағыну, аңсау | Дүниеден үмітім жоқ менің<br>деймін,<br>Өмірге өткен шиттей<br>өкінбеймін.<br>Азаттық пен таныштық<br>көксегенім,<br>Ұйықтамақ пен ұмытпақ деп<br>іздеймін                                 |
| 16 | Көксерлік | Ынтызарлық,<br>аңсарлық     | Қашан бір бала ғылым,<br>білімді махаббатпен                                                                                                                                               |

|    |        |                    |                                                                                                                                           |
|----|--------|--------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |        |                    | көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.                                                                                         |
| 17 | Көкшіл | Көгілдірленген түс | Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын, Жер ұйықтап, көкшіл шықпен бу алғанын. Менің не мұнша қапа, қысылғаным? Үміт пе, өкініп не ойлағаным. |

Кесте 7. Абай шығармаларында кездесетін «көк» сөзі

Абай шығармаларында «көк» сөзі әртүрлі семантикалық реңктерге ие болып, тек табиғатпен байланысты ғана емес, адамның рухани, әлеуметтік, мәдени және символдық дүниетанымын да білдіреді. Кестеден көріп отырғанымыздай, ақын шығармаларында «көк» сөзі 17 түрлі мағынада қолданылған. Қазақ тілінде «көк» сөзінің мағынасы тек түспен ғана шектелмей, оның байырғы және метафоралық қолданылуының сан қилы формаларына да ие екендігі айқын. Бұл сөздің семантикасы бірқатар қосымша мағыналармен кеңейіп, қазақ тілінің ерекше ерекшелігін көрсетеді. Әсіресе, халықтың мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне, дүние танымына байланысты әртүрлі контексттерде «көк» сөзі терең мәнге ие болған.

Мұқағали Мақатаев шығармашылығы – қазақ поэзиясындағы терең ой мен тылсым мағыналардың қазынасы. Ақын тілінде қарапайым сөздер күрделі философиялық, мәдени әрі рухани мағынаға ие болады. Мұқағали Мақатаев шығармаларында «көк» сөзі әртүрлі мағынада кездеседі және оның қолданылуы бірнеше негізгі деңгейге бөлінеді. Біріншіден, ақын өз өлеңдерінде «көк» сөзі арқылы табиғат көрінісін, мезгілдік өзгерістерді бейнелейді. Екіншіден, «көк» сөзі ақын қолданысында көк шөп, өсімдік мағынасында келеді. Мысалы, «Көк шығып қалды күнгейге, Көгеріп бәрі кетсе екен» [98, б. 172]. Мұқағали «көк» сөзін аспан, әуе мағынасында қолданады. Мысалы, «Жасыл бақ, тыныш көк пен жер. Мазасын алып кетпеңдер!» [98, б. 204], «Төксе екен көктен ақ жауын» [98, б. 173]. Ақынның поэтикалық қолданысында «көк» сөзі көк жүзі, көкке атылды, көкке құлаш сермеді, көкке өрледі, көкке ұшырды (шығарды), көкке шаншылды, көк күмбезі, көктен түскендей, көктен түскен жоқ (түспеген), көк тіреген деген мағыналарда қолданылған [98]. Төмендегі кестеде М. Мақатаев өлеңдерінде кездесетін «көк» сөзінің қолдануы көрсетілген.

| № | «Көк» сөзінің қолданылуы | Мысал                                                                                                                |
|---|--------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Аспан, әуе               |                                                                                                                      |
| 2 | Көк – көктемгі табиғат   | Көктем, көктем!<br>Қыз-көктем келді ауылдағы!<br>Өлең-жыр, әзіл-күлкі ауыл маңы.<br>Тиянақ таппай ұшқан көк көбелек, |

|    |                                                                           |                                                                                                                                        |
|----|---------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |                                                                           | Көк гүлге қонды дағы дамылдады.                                                                                                        |
| 3  | Көк – шөптің түсі, жасыл                                                  | Көресің көк орманын, жылғаларын...                                                                                                     |
| 4  | Көк – көкшілдеу, аралас түс                                               | Көк сиырға өмір бер деп тіледік...                                                                                                     |
| 5  | Көк айдар                                                                 | Төбелердің төбесінде – көк айдар...                                                                                                    |
| 6  | Көк айран                                                                 | Түскі дамыл, көк айран, ашты қымыз...                                                                                                  |
| 7  | Көк ала                                                                   | Қызыл да жасыл, көк ала...                                                                                                             |
| 8  | Көк аспан                                                                 | Тұңғиық, түпсіз көк аспан...                                                                                                           |
| 9  | Көк белдеу                                                                | Мамық түн майсаға кеп дамылдаған,<br>Құсжолы көк белдеуін сағымдаған...                                                                |
| 10 | Көк бөрі                                                                  | Басқаныңда жалынды, - деді әлгі көк бөрі...                                                                                            |
| 11 | Көк дауыл                                                                 | Көк дауыл көк қырыннан...                                                                                                              |
| 12 | Көк егін                                                                  | Көсіліп жатқан көк егін Көлеңке тартып<br>қалыпты...                                                                                   |
| 13 | Көк жасыл                                                                 | Келсе екен көктем, Көк жасыл шұғыла<br>тартылса...                                                                                     |
| 14 | Көк желік                                                                 | Тулаған өңшең көк желік, Үйірін іздеп<br>барады...                                                                                     |
| 15 | Көк көрпе                                                                 | Оранып көк көрпеге бар өңірлер...                                                                                                      |
| 16 | Көк қасқа                                                                 | Бәйгені бермес көк қасқа...                                                                                                            |
| 17 | Көк құтан                                                                 | Ұзын тұмсық көк құтан да тамсанып...                                                                                                   |
| 18 | Көк майса                                                                 | Алдымен көк майсаға аунап алып...                                                                                                      |
| 19 | Көк өрім                                                                  | Ұрпағыма қараңдаршы көк өрім...                                                                                                        |
| 20 | Көк сүңгі                                                                 | Әкесі мен Ахильдің көк сүңгісі естіген...                                                                                              |
| 21 | Көк тас                                                                   | Керегі не көк тастың?!...                                                                                                              |
| 22 | Көк теңбіл                                                                | Арлан бәрі көк теңбіл...                                                                                                               |
| 23 | Көк түтін                                                                 | Көк түтінге көмілді көрікті жер...                                                                                                     |
| 24 | Көк – көк те емес, жасыл да<br>емес, соларға жақындау,<br>көкшілдеу (түс) | ...Отарлы жан отырып қорек еткен,<br>Көк сиырға өмір бер деп тіледік.                                                                  |
| 25 | көк – шөптің түсі тәрізді<br>(түс), жасыл, өсімдік                        | 1) Көресің көк орманын, жылғаларын,<br>Мөп-мөлдір қайнап шыққан тұнбаларын...<br>2) Көк шығып қалды күнгейге...                        |
| 26 | Көк – аспан, әуе                                                          | Жасыл бақ, тыныш көк пен жер.<br>Мазасын алып кетпеңдер!<br>Тұңғиық, түпсіз көк аспан                                                  |
| 27 | көк жүзі – аспанның бет-<br>бейнесі, әлпеті                               | Ойрандап көк жүзін, жер бетін,<br>Дүние арпалыс жатқан бір. Ер Ана!<br>Ғасырлар перзентін Майданға аттандыр!                           |
| 28 | көкке атылды – жоғары<br>қарай секірді, қарғыды.                          | Көкке кенет атылды қорғамақ боп<br>жынданып, үсті-басы қызыл қан үш Фурия<br>сұрланып,<br>Жеті басты жап-жасыл жалмауызбен<br>шырмалып |

|    |                                                                  |                                                                                                                                           |
|----|------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 29 | көкке құлаш сермеді – аспанға қарай тіктеп өсті, биіктей берді   | Ақ сақалды Алатау Бауырына алып ербеген.<br>Көрік берген бақша-бау,<br>Көкке құлаш сермеген                                               |
| 30 | көкке өрледі – биікке көтерілді, шарықтады                       | Бір мінезім бар еді көкке өрлеген,<br>Батылдықты, шындықты жек көрмеген...                                                                |
| 31 | көкке ұшырды (шығарды) – мақтауын асырды, аспандатты             | Картинаны көкке ұшырдық, картинаны құптадық.<br>Әйтсе дағы суретшінің көңілінен шықпадық                                                  |
| 32 | көкке шаншылды – аспанға қарай атылды                            | Біресе су жағасындағы құрақтай қалтыраса, біресе тымық күнгі құйындай көкке тік шаншылды                                                  |
| 33 | көк күмбезі – күмбезге ұқсап, жер бетіне төңкеріліп тұрған аспан | Күн күлімдейді еркінше нұрын шашып,<br>Дамылсыз көк күмбезін бұл басып.<br>Отыр міне қарт анам ойға шомып,<br>Таянып ұршығына, құты қашып |
| 34 | көктен түскендей – ғарыштан келгендей, көктен түскендей          | Көктен түскендей аяғымды эзер басып,<br>командирдің кеңсесіне қайта оралдым                                                               |
| 35 | көктен түскен жоқ (түспеген) – ғайыптан пайда болған жоқ         | Көктен түсіп келген жоқ дарын маған,<br>Сенің шырын сүтіңмен қабылдағам                                                                   |
| 36 | көк тіреген – биіктеп өсті, көкке өрледі                         | Көз жетпес көк тіреген шыңырау құз,<br>Жалтырап қысы-жазы жамылған мұз                                                                    |
| 37 | Көкжал                                                           | Есесі кеткен аш көкжал аранын ашып,<br>торады...                                                                                          |
| 38 | Көкжалын                                                         | Түтініңнен беріп қой ақжалынға<br>Көкжалынды...                                                                                           |
| 39 | Көкжиек                                                          | Жалт етіп жай отындай көкжиектен...                                                                                                       |
| 40 | Көкмойын                                                         | Атақты көкмойынға салмай құрық...                                                                                                         |
| 41 | Көкпар                                                           | Көкпарды талай ап қашқан...                                                                                                               |
| 42 | Көкпар қылды                                                     | Біреулер көкпар қылып өңгермесін...                                                                                                       |

Кесте 8. М. Мақатаев өлеңберінде кездесетін «көк» сөзінің семантикалық қолданысы

Диссертациялық зерттеу барысында поэтикалық дискурс контекстінде «көк» сөзінің репрезентациясы қарастырылды. Зерттеу нысаны ретінде Абай Құнанбайұлы мен М. Мақатаев шығармалары алынды. Зерттеу барысында автор поэзияда кездесетін «көк» сөзінің 41 қолданысын талдап, олардың семантикалық және символдық реңктерін анықтады. М. Мақатаев шығармаларында «көк» сөзі бір ғана түс атауы ретінде емес, көпқырлы поэтикалық концепт ретінде қызмет етеді. М. Мақатаев шығармаларында ақын қолтаңбасындағы «көк» сөзі әртүрлі семантикалық деңгейлерде көрінеді. Ақын табиғат бейнесін көрсету үшін қолданылады, аспан, көк шөп, жасыл

түсті табиғи көріністерді бейнелейді (*көк орман, көк майса, көктемгі көк көбелек*). Ақынның шығармаларында «көк» сөзі эмоциялық және экспрессивтік мәнге ие батылдық, еркіндік, көтеріңкі көңіл күйді білдіреді (*көкке атылды, көкке өрледі, көкке ұшырды*), символдық және мифологиялық мәнде де қолданылған. *Көк бөрі, көк сұңгі, көк тас* сияқты сөздер ұлттық дәстүрлер, батырлық сипаттар, мифологиялық бейнелерде көрінеді. «Көк» сөзі мәдени және әлеуметтік жағдайларды бейнелеу үшін қолданылады. Қазақ тұрмысы, ұлттық ойындар мен дәстүрлі сусындар арқылы авторлық мәдени мәнді жеткізеді (*көкпар, көкмойын, көкжалын*). Мұқағали еңбектерінде «көк» сөзі символдық және метафоралық мәнде де *көкке өрледі, көкке ұшырды, көктен түскендей* сияқты тіркестер рухани күш, үміт, биіктеу және батылдықты білдіреді. Жалпы, «көк» сөзі Мұқағалидың поэзиясында түстен бастап рухани және мәдени символикаға дейінгі кең семантикалық өрісті қамтиды.

Мұқағали поэзиясындағы «көк» – жай түс атауы емес, ұлттық дүниетаным мен рухани болмыстың көркем концептісі. Ол поэтикалық кеңістікте адам мен әлемнің, ақ пен қараның, жарық пен көлеңкенің арасындағы үйлесім мен күресті бейнелейді. Осы арқылы Мұқағали өлеңі көркемдік деңгейден философиялық тереңдікке ұласады. Мұқағали Мақатаев шығармашылығындағы 12 өлеңнен «көк» сөзін іріктеу барысында аталған ұғымның сан алуан концептуалдануына куә болдық. М. Мақатаев өз шығармашылығында «көк» сөзін кеңінен қолданған. Ақын қолтаңбасындағы көк сөзі тек түсті білдірумен шектелмей, табиғат, жануарлар, заттар, ұлттық дәстүрлер және метафоралық мағыналармен байланыстырылады.

Қортындылай келе айтарымыз, «көк» концептісі тек лексикалық бірлік ретінде емес, ұлттық мәдениет пен дүниетанымның көркем мәтіндегі көрінісі ретінде қарастырудың өзектілігін дәлелденді. Сонымен қатар, бұл бағыт қазақ тіл біліміндегі концептілік зерттеулерге тың серпін беріп, әдеби дискурс пен поэтикалық дискурсқа лингвомәдени тұрғыдан жаңаша қарауға мүмкіндік жасайтын маңызды ғылыми бағыт ретінде бағаланады. Абай мен Мұқағали өлеңдеріндегі «көк» сөзі поэтикалық дискурс контекстінде әртүрлі семантикалық және символдық мәндерге ие екені анықталды. Екі ақынның шығармашылығында «көк» тек түстік атау ғана емес, табиғат, аспан, кеңістік, еркіндік, рухани биіктік сияқты философиялық және эмоционалдық категорияларды білдіретін репрезентация ретінде қолданылған. Демек, поэтикалық мәтінде «көк» концептісі автордың танымдық, эстетикалық және мәдени көзқарасын білдіретін маңызды лексикалық және символдық құрал ретінде қалыптасады.

## **2.4 Ономастикалық кеңістіктегі «көк» түсінің семантикалық және дүниетанымдық ерекшеліктері**

Тіл – тек ақпаратты жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар адамның дүниетанымы мен тәжірибесінің шоғырланған бейнесі. Осы тұрғыдан алғанда,

тіл адамның әлем жайлы танымын материалдандырушы және оны ұжымдық санада сақтау мен тарату тәсілі ретінде қызмет етеді. Демек, тіл – әлем бейнесінің өмір сүруінің негізгі формасы әрі адамзаттың когнитивтік тәжірибесінің көрінісі. Әлемнің тілдік бейнесі – бұл адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттестігінің нәтижесінде санасында қалыптасқан шындықтың тілдік құралдар арқылы көрініс табуы. Яғни, адам санасында өңделген әлем туралы түсінік тілдік бірліктер жүйесінде айқындалады және осы тілдік бірліктер арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі.

Когнитивтік лингвистика табиғи тілді зерттеуге бағытталады, бұл орайда тіл ақпаратты ұйымдастырушы, жеткізуші, өңдеуші құрал ретінде, сондай-ақ адамның танымдық қабілетінің бір түрі ретінде түсініледі. Когнитивтік лингвистиканың негізгі мақсаты – тілдік бірліктерді талдау арқылы адамның санасындағы таным үдерістерін ашу, яғни ақпараттың қалай қабылданатынын, өңделетінін және есте сақталатынын анықтау. Бұл тәсіл тілдің құрылымдық жүйесін ғана емес, адамның ойлау жүйесін, дүниетанымын және тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік береді. Осылайша, тіл арқылы ақпаратты беру, өңдеу және сақтау тетіктерін түсіну тіл үйренудің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ тілдік деректер негізінде когнитивтік модельдер құруға жол ашады. Этнос танымының топонимиялық жүйедегі көріністерін қарастыру алдында таным (этнос танымы немесе этикалық таным), дүниетаным, Әлемнің (дүниенің) аймақтық топонимиялық бейнесі сынды ұғымдарды (категорияларды) айқындап алуымыз қажет.

Қазіргі қазақ тіл білімінде ұлттық тілдің рухани және мәдени мазмұнын, оның ішкі семантикалық әлеуетін тануға бағытталған зерттеулердің маңызы арта түсуде. Сол бағыттардың бірі – ономастикалық кеңістік, яғни тілдегі жалқы есімдердің ұлттық дүниетаныммен, тарихи сана мен мәдени кодпен байланысын зерттеу. Ғаламның ономастикалық бейнесін, ғалам туралы білімдердің жиынтығын, тілдік жеке бірліктерінде нақты тілдік қауымдастықтың ұлттық тарихи-мәдени және әлеуметтік тәжірибесі ретінде елестетуге болады. Адамдарың қандай да бір лингвомәдени қауымдастығының құнды тәжірибесі, ғаламды тануы мен түсінуі тілде жалпы есімдер арқылы ғана емес, сондай-ақ жалқы есімдер арқылы да беріледі [99, б. 24]. Тіл мен мәдениет тұтастығының көрінісі ретінде қарастырылатын ономастикалық атаулар ұлттың болмысын, ойлау жүйесін, құндылықтар жиынтығын бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің ономастикалық жүйесінде жиі ұшырасатын «көк» лексемасы – халқымыздың дүниетанымында ерекше символдық мәнге ие элемент. «Көк» лексемасы ономастикалық кеңістікте тек түстің атауы ретінде емес, қазақ ұлтының дүниетанымдық коды мен мәдени архетипі ретінде көрініс табады. Ол ұлттық болмыс пен тарихи жадты тіл арқылы сақтайтын семиотикалық белгі қызметін атқарады.

| № | Ономастикалық атаулар | Мысал                             |
|---|-----------------------|-----------------------------------|
| 1 | Топонимдер            | <i>Көкжайлау, Көксу, Көкшетау</i> |

|    |                                                                          |                                                                 |
|----|--------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| 2  | Ороним (тау, жота, шың атауы)                                            | Көкшетау, Көкжота, Көкше тау, Көксай тауы                       |
| 3  | Хороним (аймақ, өлке, территория атауы) Белгілі бір өңір, аймақтың атауы | Көк өңір, Көкше аймақ, Көк даласы, Көк белдеу                   |
| 4  | Гидроним (су нысандарының атауы: өзен, көл, бұлақ)                       | Көкөзен, Көктал суы, Көкарал, Көкті көл, Көкбұлақ               |
| 5  | Ойконим (қоныс, елді мекен, ауыл, қала атауы)                            | Көксу, Көкшетау қаласы, Көкбел ауылы, Көкдала                   |
| 6  | Дромоним (жол, бағыт, соқпақ атауы)                                      | Көкжол, Көкбел асуы, Көксоңғы соқпағы                           |
| 7  | Агооним (мереке, ойын, жарыс, шара атауы)                                | Көкпар, Көкмайса тойы, Көкбөрі мерекесі                         |
| 8  | Экклезионим (діни, ғибадат орны атауы)                                   | Көкмешіт, Көкқорған, Көкқұран мазар                             |
| 9  | Антропонимдер (адам аттары)                                              | <i>Көкбай, Көкей, Көкен, Көкжан, Көлбай,</i>                    |
| 10 | Этнонимдер (название родов, племен, народностей)                         | Көк түрік, Көк оғыз, Көкжарлы, Көкбөрі, Көкмойнақ               |
| 11 | Космонимдер                                                              | Көк Тәңірі, Көк аспан, көк кеңістік, көкжиек, көкбозат жұлдызы, |
| 12 | Зоонимдер (жануар аттары)                                                | Көкжал, Көктай, Көкбөрі                                         |

Кесте 9. «Көк» сөзінің ономастикалық атауларда кездесуі

Әлемдік және отандық лингвистиканың қазіргі кезеңде жаңаша антропоэзектілік парадигмада зертелуі ономастикалық материалдың кешенді сипатта, пәнаралық байланысты қарастырыуы қажеттілігін дәлелдеп қана қоймай, күшейтіп, күрделендіре түсетіндігінің куәсі болып отырмыз. Осы орайда ономастиканы когнитивтік аспектіде қарастыру жаңа мүмкіндіктер мен тың деректерге жол ашады. Ономастикалық концептілер тілдік санадағы лингвоменталды құрылым болғандықтан олардың тілдік көрінісі, яғни вербаллану қызметі және менталдық өрісте (кеңістікте) басқа да алуан түрлі қызметтері бар [100, б. 4].

Қазақ ономастикасы мәселелері қашанда ғалымдардың назарын өзіне аударған. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап кейбір қазақ есімдерін, жер-су атаулары мен этнонимдер жайлы аса құнды деректерді Ш. Уалихановтың, орыс ғалымдары П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Н.А. Северцов, И.В. Мушкетов, В.В. Радлов, А.В. Левшин, Г.Н. Потанин т.б. еңбектерінен кездестіруге болады. Сонымен қатар, Кеңес дәуірінің 30-40 жылдары ономастикалық ақпараттарға қазақ ғалымдары да қызығушылық танытып, оның зерттелуіне өзіндік үлес қосқан. Атап айтатын болсақ, Қ.К. Жұбанов, С.А. Аманжоловтың, С. Алиевтің, Н. Баяндин сынды ғалымдар қазақ ономастикасының дамуында көп еңбек етті. Қазақ



ономастикасының, оның ішінде топонимика саласының ғылыми бағыт ретінде қалыптасуына географ-ғалым Ғ. Қоңқашбаевтың 1948 жылы жарық көрген «Қазақтың халықтың географиялық терминдері» атты тақырыпта жүргізген ғылыми еңбегі болды. 1954 жылдан Т. Жанұзақов қазақ антопонимдері жайлы зерттеу жұмыстарын жүргізіп. 1961 жылы «Лично-собственные имена в казахском языке» атты қазақ антопонимдері мәселесіне арнап еңбек жазды. 1974 жылы Е. Қойшыбаевтың «Краткий толковый словарь топонимии Казахстана», 1975 жылы А. Әбдірахмановтың «Топонимика және этимология» және 1979 жылы шыққан «Қазақстан этнотопонимикасы» атты еңбектері ономастиканың дамуына тілдік, тарихи-деректік тұрғыдан дамуына зор үлес қосты. 1976 жылы Т. Жанұзақовтың «Основные проблемы ономастики казахского языка» атты докторлық диссертациясы қазақ ономастикасының дербес сала ретінде қалыптасуына үлес қосты. Ғалымның 1982 жылы шыққан «Очерк казахской ономастики» атты монографиясы ономастика саласындағы аса құнды еңбектердің бірі. А. Әбдрахмановтың «Историко-этимологические исследование топонимов Казахстана» (1991) және Е. Керімбаевтың «Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен» (1992) атты докторлық диссертациялары ұлттық ономастиканың басты салалары этнолингвистикалық, ұлттық-мәдени тұрғыдан жан-жақты қарастырылады.

Е. Керімбаевтың «Атаулар сыры» (1984), «Тюркская ономастика» (1984), «Қазақ ономастикасының мәселелері» (1986), «Қазақ есімдері» (1988), «Есіміңіз кім?» (1989), «Орталық Қазақстанның жер-су аттары» (1989) атты еңбектері қазақ ономастика ғылымының дамуына әсер етті.

Ономастика саласында Г. Мадиева, А. Жартыбаев, Қ. Сембиев, Қ. Рысберген, Б. Тілеубердиев, Ұ. Ержанова, Ғ. Сағидолдақызы т.б. ғалымдардың зерттеулері ономастика саласының дамуына үлкен үлес қосты.

Т. Жанұзақтың «Тарихи жер-су аттарының түптөркіні» атты еңбегі қазақ тіліндегі жер-су атауларының шығу төркінін жан-жақты қарастырған. Ғалым Көкпек сөзінің шығу тарихын көкпеңбек сөзімен байланыстырады,, Көксұн атауының шығу төркінінде «маралы көп, шалғынды, көкмайсалы жер» деген мағына бар деп тұжырымдайды, ал Көкшетау атауын «көк», «аспан» және – ше үстемелі теңеу мәнді қосымша деп атаудың толық мағынасын «көкпеңбек, әдемі, сұлу боп көрінетін тау» мағынасымен байланыстырады [101, б. 110].

Ономастика ғылымын терең зерделеу қазіргі отандық тіл білімінің аспектісінде синхрондық әдіспен қатар диахрондық әдісті қолдануды қажет етеді. Тарихи ономастика мәселесін, жалпы түркітану саласында және соның ішінде қазақ тілінде зерттеу аз жүргізілген. Дегенмен, көне жазба ескерткіштер мен түркі тілдеріндегі түрлі тарихи дереккөздер тарихи ономастика үшін мол материал ұсынады. Мысалы, V-VIII ғасырлардағы көне түркілердің жазба ескерткіштері (бұл ескерткіштер Орхон-Енисей жазбалары деп те аталады), «Оғуз-наме», XI ғасырдағы Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі, XI ғасырдағы Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат

ат-түрк» еңбегі және басқа да шығармалар. Бұл ескерткіштердің фонологиялық құрылысын, сөзжасам тәсілдерін, лексикалық құрамын және ономастикалық қабатын талдау мен зерттеу салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарағанда бізге әртүрлі дәуір мен қоғамдардың даму эволюциясын және ономастикалық жүйенің қалыптасуын анықтауға мүмкіндік береді. Ғалым V–VIII ғасырлардағы түрік ономастикасын талдай келе Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде Көк Оңут топонимдік атауды атап өтеді. [102, б. 187].

V–VIII ғасырлардағы көне түркі жазбаларының ең маңыздысы – Орхон-енисей жазуы. Бұл жазбалар түркі руникалық жазба дәстүрінің тамаша үлгісі болып саналады және ономастикалық материалдарға бай.

Т. Жанұзақовтың пікірінше: «Тарихи тұлғалар мен көне түркі хандары – Күлтегін, Құтлық, Тоныкөк және басқалардың есімдері семантикалық және лексикалық тұрғыдан қазіргі қазақ тіліндегі антропонимдерден көп айырмашылығы жоқ. Мысалы, күл – «зола», құтты – «бақытты», тоң - «берік», көк – «аспан» деген мағыналарды білдіреді. Бұрын ұсынылған Тоныкөк есімдерінің этимологиясына қатысты болжамдарға қосымша ретінде Тоныкөк есімі екі құрамдас бөліктен тұратынын айтуға болады. Бірінші номинативтік компонент – Тон, Тоң, ал екінші компонент – йүкүк / йүк / көк. Тон (Тоң) компоненті көптеген көне түркі тілдерінде әртүрлі формада және мағынада кездеселі. Осылайша, Тоныкөк есімін екі дербес компоненттен құралған, яғни Тон (Тоң) және көк (аспан) деген сөздерден тұратын күрделі атау деп қарастыруға болады. Бұл атау жеке есімнен гөрі лақап ат болуы әбден мүмкін. Ол ұлы, күшті, берік, аспанмен байланысты, яғни данышпан көк, ұлы көк деген мағыналарды білдірген болуы ықтимал. Тарихтан белгілі болғандай, көне түркілер сол дәуірде аспанға (көк, Тәңірі) табынып, оны қасиетті күш деп санаған. Сондықтан дана кеңесші Тоныкөкті аспанмен, яғни көкпен теңестіру – табиғи әрі нанымды құбылыс» [102, б. 181].

Әрбір халықтың болмысы, дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі әрқашан және кез келген жағдайда белгілі бір кеңістікте көрініс табады. «Ономастиканы жан-жақты, терең зерттеудің тіл тарихы мен тарихи этнография үшін мәні зор. Ономастикалық материалдар арқылы көне лексикалық қабаттар, грамматикалық формалар мен синтаксистік құбылыстар, халықтық әдет-ғұрып пен ырымдар т.б. жайттыр толық байқалады» [103, б. 189].

Халықтың бүкіл өмірі мен ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени және рухани қазыналары ең алдымен халықтың тілінде өзіндік өрнегін тауып, атадан балаға жалғасып отырады. Әр халықтың тілінде тарихи және рухани-мәдени ақпараттар сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Мазмұнға бай, танымдық мәні зор тілдік бірліктердің бірі – топонимиялық атаулар. Топонимия – халықтың таным-түсінігі мен дүниетанымынан мол ақпарат беретін маңызды тілдік және мәдени құбылыс. Ол ұлттық дүниетанымның көрінісі ретінде қызмет етіп, белгілі бір халықтың табиғатпен, тарихпен және әлеуметтік құрылыммен байланысын көрсетеді. Топонимиялық кеңістік халықтың рухани және мәдени болмысын бейнелейтін этнотанымдық өріс

ретінде маңызды ғылыми зерттеу нысаны болып саналады. Зерттеу жұмысымыздың барысында «көк» сөзімен байланысты топонимдік атаулардың басқа ономастикалық атаулардан көк екендігі анықталды.

Қазақ топонимиясы кеңістік пен уақыттың терең қабаттарында қалыптасқан және халықтың тарихи-мәдени тәжірибесімен тығыз байланысты. Жер-су аттарындағы түр-түс компоненттері осы күрделі мәдени құрылымдардың ажырамас бөлігі, себебі олар тек географиялық нысандарды белгілеумен шектелмей, халықтың табиғатқа деген көзқарасын, дүниетанымдық және шаруашылықтық ерекшеліктерін де айқындайды. Түр-түс атауларының қолданылуы қазақ жеріндегі экологиялық, климаттық, физикалық және географиялық шарттардың сипатын нақты көрсетеді, әрі олар тұтастай халықтың тұрмыс-салтымен, тіршілік ету қабілетімен тығыз байланысқан.

Түр-түс атаулары топонимияда көбінесе географиялық нысандарды сипаттауда маңызды рөл атқарады. Атаулардың ішінде ерекше орын алатын қара, ақ, көк, қызыл, боз, қоңыр, сары сияқты түр-түс атаулары бір ғана физикалық құбылысты емес, осы аймақтың мәдени және тарихи контекстін бейнелейді. Ақсу, Қаратау, Сарыкөл секілді атаулар жер бедерін немесе судың қасиетін ғана емес, сол аймақтағы халықтың өмір сүру жағдайы мен экологиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Мұндай атаулар арқылы қазақ халқының табиғатпен тығыз байланысы, оның экосистемаға бейімделуі айқын көрініс тапқан.

Жер-су атауларының қалыптасуына әр ұлттың таным-түсінігі мен әлемді қабылдауы айтарлықтай әсер етеді. Географиялық атаулардың (топонимдердің) шығу төркіні мен аталу себептері ғалымдардың назарын ұзақ уақыт бойы өзіне аударып келген маңызды мәселе болып келеді. Қазақ және ағылшын топонимдерінің мағынасы, шығу тарихы, сондай-ақ көпшілікке белгісіз сырлары әлі толық зерттелмеген. Кез келген халықтың өткені мен қазіргі өмірінің сабақтастығы олардың жер-су атаулары арқылы көрініс табады. Адамның танымдық әрекеті оның тілімен тығыз байланыста, ал топонимдердің тілдік санасында қалыптасуы мәдениеті, дүниетанымы, тарихи жадысы және әлеуметтік құрылымын көрсететін когнитивтік негіздерге айналады. Әрбір топоним адамның кеңістік туралы түсінігін, табиғатпен және қоғаммен байланысын, тілдік және мәдени құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді. Топонимиялық кеңістік – әрбір ұлттың когнитивтік картасының маңызды бөлігі. Топонимдер тілдік санада тарихи жадыны сақтаумен қатар, ұлттық болмысты көрсетеді. «Жер-су атаулары – мәдени-тарихи мұра, ұлттық құндылық. Атаулар халықтың тарихын, дүниетанымын, болмысын, табиғат құбылыстары мен кәсібін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын қамтитын көпқабатты мәліметтерді сақтайды» [104, б. 568].

Қазақ топонимикасын зерттеу – қашанда ғалымдардың назарын аударып келген маңызды мәселе. Осы бағыттағы алғашқы жүйелі қадамдардың бірі – Г. Конкашпаевтың «Словарь казахских географических названий» [105] еңбегі, онда қазақ жер-су атаулары жан-жақты қарастырылған. Қазақ

топонимиясы – халқымыздың тарихы, мәдениеті, дүниетанымы мен рухани әлемінің айнасы іспеттес, және бұл саладағы зерттеулер XX ғасырдың ортасынан бастап жүйелі түрде дамып келеді.

Елімізде топонимиканы жан-жақты зерттеген белгілі ғалымдар мен олардың еңбектері ұлттық ономастиканың қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты. Мысалы, Е. Керімбаевтың «Атаулар сыры» [106] еңбегі қазақ жер-су атауларының шығу тегін және мағынасын халықтық таным тұрғысынан түсіндіруге бағытталған. Сонымен қатар, Е. Керімбаевтың «Оңтүстік Қазақстанның топонимикалық кеңістігі» [107] еңбегі аталмыш аймақтың топонимдік жүйесін кешенді түрде зерттеп, жергілікті атаулардың географиялық, тарихи және әлеуметтік мәнін ашып, картографиялық үлгілерін ұсынады. Б. Тілеубердиевтің «Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық лексикасы» [108] еңбегі Оңтүстік Қазақстандағы топонимдерді этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырады. Ғалым өңірлік атаулардың этникалық ерекшеліктері мен тілдік сипаттарын сипаттап, ономастика мен этнолингвистика қиылысындағы тың нәтижелерге қол жеткізді.

Т. Жанұзақовтың «Жер-су атаулары: (этимологиялық анықтамалық) [109] еңбектері өңірлік топонимдерді толық қамтып, әрбір атауға этимологиялық түсініктеме беріп, кейде тарихи деректермен толықтырады. Ғалым тарихи тұлғалар, рулар және табиғи ерекшеліктермен байланысты атауларға ерекше мән берген. Сондай-ақ, «Тарихи жер-су аттарының түптөркіні» [101] еңбегінде еліміздегі жер-су атауларының шығу төркінін терең зерттеді. Ж. Манкееваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» [7] еңбегі этнолингвистика мен когнитивтік лингвистика бағытында жасалған тың зерттеу. Ол қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың ұлттық дүниетанымдағы орнын, мәдени-тарихи мазмұнын және символдық мәнін жан-жақты зерттейді.

Қ. Рысбергенованың «Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана» [110] еңбегі өңірдің топонимдік жүйесін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдайды, атаулардың этимологиясын, құрылымын және тарихи дамуын зерттейді. Қойшыбаев Е. «Қазақстанның жер-су аттары сөздігі» [111] еңбегі – Қазақстан аумағындағы географиялық атаулардың этимологиялық, лексикалық және тарихи сипаттарын зерттеуге арналған алғашқы кешенді жұмыстардың бірі. Сөздік тілдік, тарихи және этнографиялық мәліметтерді жүйелі ұсынады.

Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымында табиғаттың түрлі құбылыстары мен әлемнің жаратылысы көбінесе түстік белгілермен сипатталған. Түс жүйесі белгілі бір көне космогониялық символизмге ие. Қазақ халқының географиялық атауларындағы түр-түс ұғымдарының көпшілігі сол көне түркілік дүниетанымға негізделген. Қазіргі Қазақстан территориясында сақталған ежелгі жазбалар мен ескерткіштер арқылы бұл түстік белгілердің ұзақ тарихи және мәдени дәстүрмен байланысты екендігін

байқауға болады. Өз кезегінде, топонимдердің терең семантикалық қабаттарын ашады.

Тіліміздегі жер-су, өзен-көл атауларын зерттейтін ономастиканың кең таралған бағыты – топонимдер. Олар тек белгілі бір географиялық нысандарды білдіретін атаулар болып қана қалмай, этностың танымдық және мәдени кодтарын сақтаушы ретінде де қызмет атқарады. Осы тұрғыдан қарағанда, этнотанымдық топонимдік қабаттар – белгілі бір этностың дүниетанымына, тарихи-мәдени тәжірибесіне, өмір салтына, рухани және материалдық құндылықтарына негізделген, сондай-ақ осы элементтердің тілдік-менталдық көрінісін көрсететін атаулар жиынтығы болып саналады. Мұндай топонимдер халықтың табиғатқа, кеңістікке және әлеуметтік ортаға деген қатынасын бейнелейді, яғни олар этникалық қауымдастықтың қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктерін көрсететін мәдени-тілдік индикатор ретінде қызмет етеді. Осылайша, топонимдер тек географиялық нысандардың атаулары ғана емес, этностық дүниетанымның тарихи және когнитивтік бейнесін жеткізетін маңызды дереккөз ретінде қарастырылады.

Энотанымдық топонимдер топонимиялық жүйенің құрылымында ерекше орын алады, себебі олар халықтың тарихи жады мен мәдени кодын сақтаушы ретінде функция атқарады. Бұл атаулар дәстүрлі кәсібімен (мысалы, мал шаруашылығы, аңшылық, егіншілік), наным-сенімдерімен, аңыздары мен фольклорлық мұраларымен байланысты қалыптасып, кеңістікті мәдени тұрғыдан тану жолдарын айқындайды. Сонымен қатар, этнотанымдық топонимдерді талдау арқылы тілдің этномәдени мазмұны зерттеліп, этностың әлемді қабылдау модельдері, когнитивтік және символдық санасының ерекшеліктері анықталады. Нәтижесінде, мұндай топонимдер ұлттың кеңістікке деген тарихи көзқарасын, рухани құндылықтарын және мәдени идентификациясын көрсететін маңызды құралға айналады.

Топонимдер, әсіресе түр-түс компоненттерімен жасалған күрделі атаулар, табиғаттың нақты көріністерімен және халықтың шаруашылығы мен өмір салтымен тығыз байланысты. Қазақ халқының көшпелі өмір салты мен оның жерді пайдалану ерекшеліктері топонимдерде көрініс тапқан. «Ақкөл», «Қарасу», «Көкжайлау» сияқты жер-су атаулары тек географиялық орындарды көрсету ғана емес, аймақтың физикалық сипаттамасын, топырақтың қасиетін, су көздерінің мөлшерін, жайылымның жағдайын білдіреді. Мұндай атаулар экологиялық жағдайға бейімделудің белгісі ретінде қарастырылады.

Қазақ тіліндегі жер-су атауларында кездесетін түр-түс ұғымдары тек географиялық нысандарды анықтаумен шектелмейді. Олар халықтың дүниетанымын, табиғатқа деген көзқарасын және әлеуметтік-қоғамдық ерекшеліктерін білдіреді. Қазақ топонимиясы арқылы халықтың шаруашылығы, экологиялық жағдайы, тарихи кезеңдері мен рухани құндылықтары көрініс табады. Түр-түс атауларындағы мазмұндық өзгерістер мен олардың кеңейген мағынасы, ұлттық мәдениет пен тілдің даму тарихын зерттеуде маңызды ақпарат көзі.

Жер-су аттарындағы түр-түс ұғымдары қазақ халқының экологиялық, мәдени және географиялық ерекшеліктерін айқындап, оның ұзақ тарихи дәстүрлерін сақтауға ықпал етеді. Топонимдердегі түс компоненттері тек табиғи құбылыстарды ғана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымын, тұрмыс-салты мен шаруашылығын да көрсетеді. Түр-түс атауларындағы семантикалық кеңею мен мағынасы халықтың мәдениетіне, әлеуметтік құрылымына және дүниеге деген көзқарасына байланысты әртүрлі сипаттармен байытылған.

Қазақ топонимиясында жиі кездесетін «көк» сөзі әртүрлі географиялық, экологиялық және мәдени мағыналарды қамтиды. Аталған сөз тек жердің немесе судың түсін сипаттаумен шектелмей, халықтың табиғатқа деген көзқарасын, экологиялық танымын және өмір сүру ортасының ерекшеліктерін көрсетеді. Түр-түс символикасы қазақ ономастикасында ерекше рөл атқарады, ал «көк» сөзі осы тұрғыдан айрықша мәнге ие. «Көкшетау» атауы тау биіктігінің көкшіл түсін, сондай-ақ таудың аспанмен үйлескен бейнесін сипаттайтын метафора ретінде қарастырылады. «Көк» сөзі аймақтың табиғи ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар түркілік дүниетанымдағы көк аспанмен байланысты қасиеттілік, киелілік мәнді білдіреді. «Көксу» атауы өзен-су көздерінің мөлдірлігі мен табиғи күшін бейнелейді, аймақтың экологиялық жағдайын көрсетеді.

«Көк» сөзі табиғатпен, су көздерімен, таулармен, жайылымдармен және басқа да ландшафт элементтерімен байланысты атауларда кездеседі. Қазақ топонимиясында диссертациялық жұмыста зерттеліп жатқан сөз табиғат элементтері мен географиялық объектілерді бейнелеуде маңызды рөл атқарады. Әртүрлі мағыналық реңктерге ие, көгілдір немесе ашық түсті бейнелеуді, су мен табиғаттың мөлдірлігін көрсетуді, табиғи аймақтың қасиетті немесе киелі мәнін білдіреді. Тауларға қатысты атауларда «көк» тау биігі мен оның көгілдір реңін сипаттайды. «Көкшетау» атауы осындай топонимдік мәнге ие болып, таудың табиғи ерекшеліктерін, оның биіктігін және көкшіл реңін көрсетеді. Өзендер мен бұлақтарда «көк» сөзі судың мөлдірлігін, тазалығын, көгілдір түсін білдіреді. «Көксу» өзені және «Көкбұлақ» бұлағы таза су көздерін бейнелейді.

Жайылымдық аймақтарда және далалық кеңістіктерде «көк» сөзі жердің жасыл, көгерген сипатын көрсетеді. Көкжайлау, Көкжар сияқты топонимдер мал шаруашылығы үшін ыңғайлы, шұрайлы жерлерді бейнелейді. Ормандық аймақтарда «Көктаң» атауы табиғаттың жасыл-көгілдір реңін, орманның табиғи сұлулығын сипаттайды. Шағын көлдер мен су қоймаларының атауларында «көк» сөзі олардың мөлдір, көгілдір суды қамтитынын білдіреді. Қазақ топонимиясында «көк» сөзі тек табиғи түс сипаттамасын ғана беріп қоймай, сол аймақтың экологиялық ерекшеліктерін, халықтың табиғатқа деген көзқарасын, жергілікті өмір салтын, ауылшаруашылық және мал шаруашылығымен байланысты мәдени сипаттарын бейнелейді. Әрбір «көк» сөзі бар топоним белгілі бір табиғи, мәдени және тарихи контексті көрсетіп, халықтың табиғатпен үйлесімді өмір сүретін дүниетанымын сақтап келеді.

Қорыта айтқанда, көк сөзінің қатысуымен жасалған ономастикалық атаулар қазақ халқының дүниетанымы мен рухани мәдениетінде ерекше орын алады. Бұл атаулар тек номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, халықтың табиғатқа, түске, аспан мен киелілік ұғымына деген көзқарасын, наным-сенімін, өмірлік құндылықтарын бейнелейді. *Көк* компоненті қатысқан антропонимдер, топонимдер, этнонимдер және басқа да атаулар арқылы қазақ халқының тарихы, рухани мұрасы мен мәдени коды көрініс табады. Мұндай атаулардағы «көк» ұғымы көбіне биіктік пен тектілікті, ерлік пен рухани күшті, мәңгілік пен киелілікті білдіреді. Сондықтан *көк* сөзінің қатысуымен пайда болған ономастикалық атаулар – халқымыздың тілдік-мәдени болмысын, символдық ойлау жүйесін және ұлттық таным ерекшелігін танытатын маңызды тілдік дереккөз.

Кез келген ұлттың санасында және тілінде қалыптасқан әлемнің тілдік бейнесі этнос танымының нәтижесі мен көрінісі болып табылады, себебі танылған ғана нәрсе тіл мен санада өзінің тиісті орнын табады. Дүниетаным этникалық сипатқа ие, себебі ол – этнос танымы, өзіндік этномәдени (этникалық) ерекшеліктерге ие. Дүниетанымның этникалық сипаттарын қалыптастыратын әр этносқа тән этномәдени факторлар Әлемнің тілдік бейнесі әрқашан этнос танымының нәтижесі мен тілдік көрінісі. Ұлттың дүние (әлем) туралы түсініктері мен ұғымдары сол ұлт дүниетанымына қатысты қалыптасады және оның тілінде өз көріністерін береді. Осыған байланысты, *Әлемнің тілдік бейнесі* сөз етілгенде біз *этнос ғаламының бейнесі* жөнінде айтуымыз керек. *Әлемнің ономастикалық ұлттық бейнесі* әлемнің жалпы халықтық (ұлттық) бейнесінің бір бөлігі (фрагменті) болып табылады және де аталмыш тілдік бейне *жалқы есімдер* деңгейінде танылады, құрылады, қалыптасады. Б.М. Тілеубердиев көрсеткендей: «Егер Әлемнің тілдік бейнесі түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерде әлемнің ұлттық бейнесін көрсетсе, онда ономастикалық деңгейдегі жалқы есімдер әлемнің ұлттық тілдік бейнесінің фрагменті болып табылады да, *әлемнің ономастикалық ұлттық бейнесін* құрай алады деп қисынды түрде айтуға болады» [112, б. 25]. Сондай-ақ ғалым әлемнің ономастикалық (ұлттық) бейнесі жайлы: «Әлемнің ономастикалық (ұлттық) бейнесі» деп, біз ономастикалық концептілердің жүйелі де кешенді жиынтығын атаймыз және ұлт танымының жалқы есімдер деңгейіндегі тілдік көрінісі деп түсінеміз. Ұлттың, адамның тіршілігі, өмірі, шаруашылығы, ой-санасы, эстетикалық талғамы, мифологиялық, діни, этникалық ұғымдары, әлеуметтік тәжірибесі «тіл айнасында», яғни лексикада, фразеологияда – жалпы және жалқы есімдерде тайға таңба басқандай өз өшпес ізін қалдырады. Ол іздер тек тілдік іздер емес, ол іздер – сонымен қатар таным іздері, таным таңбалары» – деп тұжырымдайды [112, б. 195].

Ғалым Б.М. Тілеубердиевтің тұжырымдауынша этнотанымдық сипаты бар *әлемнің ономастикалық бейнесі* өз кезегінде іштей *дүниенің (әлемнің) мифонимиялық бейнесі, дүниенің (әлемнің) антропонимиялық бейнесі, дүниенің (әлемнің) топонимиялық бейнесі* болып бөлінеді. Б.М.Тілеубердиев

«Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері» атты монографиясында атап көрсеткен [112, б. 195].

Қоршаған ортаны тану, оны тілдік тұрғыдан бейнелеу – барлық этностарға ортақ универсалды процестер. Тілдік аталым актісінің негізінде жатқан көру, есту, сезу, қабылдау, салыстыру, тану, сөйлеу сынды менталдық операциялар адам баласына ортақ когнитивтік үдерістердің көрінісі болып табылады. Алайда осы біртұтас когнитивтік жүйеде этномәдени компоненттің алатын орны ерекше. Әсіресе когнитивтік семантикада ұлттық-мәдени ерекшеліктер тілдік бірліктердің вербалды және бейвербалды репрезентациясы арқылы айқындала түседі. Бұл айырмашылықтар, ең алдымен, әрбір халықтың өзіне тән менталитетіне, таным жүйесіне және этнологиялық кеңістікті қабылдау ерекшеліктеріне байланысты. Заттар мен құбылыстарды концептуалдау, оларды белгілі бір ұғымдық категорияларға жатқызу, ұлттық тілдік санада бейнелеу – этностық дүниетанымның айрықша көрінісі ретінде танылады. Осылайша, топонимдік номинацияда когнитивтік әрекет жалпыға ортақ сипаттарға ие болғанымен, оның ұлттық-мәдени өңі әр тілде өзінше көрініс табады.

Қазақ тіліндегі «көк» сөзі тек түсті білдіріп қана қоймай, кеңістік, биіктік, аспан, су сияқты табиғат құбылыстарымен тығыз байланыстағы семантикалық жүйенің құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан «көк» сөзін қамтитын топонимдерге талдау жүргізу арқылы халықтың табиғатты қабылдау ерекшеліктерін, кеңістікке деген қатынасын және мәдени-символдық тұрғыдағы ойлау жүйесін анықтауға болады. Мысалы, Көкшетау көптеген көлдері бар және қарағай қалың өсетін жер. Жер атауының бірінші сыңары «көк» сөзі – «аспан» және екінші сыңары «ше» – үстемелі теңеу мәнді қосымша. Көкшетау тау атаудың толық мағынасы «көкпеңбек, әдемі, сұлу боп көрініп тұратын тау». «таудың Көкшетау аталуы жер табиғатына, оның сұлу көркі мен бедеріне байланысты, тау төңірегін, оның баурайының мәңгі жасыл, көгеріп, алыстан көкшіл болып көрінетін, жыл желең қарағай түсіне орай қойылғаны кімге де болса белгілі» [101, б. 110].

Көкпек елді мекеніні, Көкпек аталатын кең жазық Торыайғыр тауының терістік етегінен басталып, Көкпек сайының етегіне дейін созылып жатқан, ұзындығы 20 шақырымдай жер. Ғалым Т. Жанұзақ бұл атауды *көкпеңбек* сөзімен байланыстырады. Көкпек жазығының бартоғай жағындағы ойпаң жерінен бастау алған бұлақ сай ішімен төмендей ағып, ондаған шақырып жерге барып сіңіп кетеді екен. Ал бұлақтың бас жағындағы кең ойпат үнемі көгеріп, көкпеңбек болып жатады. «Сондықтан да Көкпеңбек жер аталып, замандар бойы айтыла келе, ықшамдалып, сөз арасындағы пең форманты қысқарып әрі түсіп қалып, Көкбек атауына ие болған, кейіннен ұяң дауысты «б» дыбысы үндестік заңы әсерімен «к» дыбысының ықпалына көніп, қатаң «п» дауыссыз дыбысына ауысу салдарынан Көкпек боп қалыптасып, тұрақтанып кеткен деп те қарауға болады» [101, б. 109]. Ғалым Т. Жанұзақ өзінің «тарихи жер-су аттарының түптөркіні» еңбегінде Көксүн (коксун) жер атауының қалыптасуы туралы болжам айтады. Ғалымдардың пікірінше, бір



қарағанда бұл атау Көксу атауымен бірдей, сол атаудағы су сөзінің тұлғасында қалыптасып өзгерген түрі болар деуге болатын сияқты, әйтсе де сун сөзінің дербес мағыналы лексема екендігі сөзсіз дейді. Ғалымдардың пікірінше, таулы алтай тілінде «сығын» сөзі «марал» дегенді білдіреді. Көксүн атауындағы «сүн» сөзі осы «сығын» сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшырап, қазақ тілінде «сүн» формасында қалыптасқан түрі болуы ықтимал. Осы тұрғыдан қарағанда, Көксүн атауы «маралы көп, шалғынды, көкмайсалы жер» деген мәніндегі атау деп жорамал айтады [101, б. 109]. Сол сияқты Көксай – «көк» + «сай», көкке байланысты аңғар, шатқал; Көксу – «көк» + «су», таза, мөлдір су көзін білдіретін атау; Көкмайса – «көк» + «майса», жасыл жайлау, көктемгі шөппен байланысты, табиғаттың жаңаруы мен тіршілігін білдіретін атау. Бұл топонимдер «көк» сөзінің семантикалық өрісінің кеңдігін, яғни тек түстік мағынадан тыс, космологиялық (аспан, биіктік), экологиялық (су, жайлау), рухани (күш-қуат, арландық) және әлеуметтік-көп мағыналық сипаттарға ие екенін көрсетеді. Сонымен қатар, «көк» сөзін қамтитын топонимдер халықтың кеңістікті түсінуі мен табиғатқа деген қатынасын, сондай-ақ тарихи және мәдени тәжірибесін бейнелейді. Қазақ халқының танымында «көк» сөзімен байланысты Көктөбе, Көкпекті, Көкбұлақ т.б. жер-су атаулары ұлттың дүниетанымы мен тарихи тәжірибесінің тілдік көрінісі ретінде қызмет етеді.

«Көк» сөзімен байланысты омонимдік атаулар қазақ халқының табиғатқа, кеңістікке және қоршаған ортаға деген көзқарасын, дүниетанымын және мәдени санасын көрсететін маңызды мәдени-тілдік көрсеткіш болып табылады. Бұл жер-су атаулары тек географиялық нысандарды білдіріп қана қоймай, халықтың тарихи тәжірибесін, символдық ойлауын және кеңістікті тану ерекшеліктерін бейнелейді. Сол арқылы «көк» концептісі қазақ топонимиясында тарихи-мәдени сабақтастықты сақтайтын және ұрпақтан ұрпаққа жеткізілетін когнитивтік және мәдени ақпарат көзі ретінде маңызды рөл атқаратыны айқындалады.

## **2-тарау бойынша тұжырым**

**2.1 ««Көк» концептісінің тарихи тамыры және этимологиялық дереккөздері»** тараушасында «көк» лексемасының шығу төркіні мен тарихи даму жолы қарастырылады. Түркі әлеміндегі «Көк Тәңірі», аспан культі, табиғи-мифологиялық танымдармен байланысы сипатталады. Этимологиялық талдау арқылы сөздің көне түркі тіліндегі мағынасы мен қазіргі қазақ тіліндегі семантикалық өзгерістері анықталады. Қолданылған әдістер: этимологиялық талдау, тарихи-салыстырмалы әдіс, лингвомәдени сипаттама.

**2.2 «Қазақ лингвомәдениетіндегі «көк» концептісінің семантикалық өрісі»** тараушасында «көк» концептісінің ұлттық дүниетанымдағы орны мен оның мәдени-танымдық мазмұны талданады. «Көк» түсі арқылы берілетін символдық мәндер (аспан, рух, еркіндік, көктем, үміт, жастық, т.б.) тілдік бірліктер (фразеологизмдер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер) арқылы ашылады. Қолданылған әдістер: лингвомәдениеттанымдық тәсіл, семантикалық талдау, когнитивтік лингвистика әдісі.

**2.3 «Поэтикалық дискурс контекстіндегі «көк» сөзінің репрезентациясы»** тараушасында көркем мәтіндердегі «көк» сөзінің эстетикалық, символдық және концептуалдық жүктемесі зерттеледі. Қазақ поэзиясында «көк» түсінің табиғат, махаббат, еркіндік, өмір мен өлім концептілерімен байланысы қарастырылады. Ақындардың тілдік қолданысындағы «көк» бейнесі поэтикалық дискурс шеңберінде талданады. Қолданылған әдістер: дискурстық талдау, мәтінаралық салыстыру, көркемдік-эстетикалық талдау.

**2.4 «Ономастикалық кеңістіктегі «көк» түсінің семантикалық және дүниетанымдық ерекшеліктері»** тараушасында ономастикалық атаулар құрамындағы «көк» лексемасының (топонимдер, антропонимдер, гидронимдер т.б.) қызметі мен мағынасы талданады. Атаулардағы «көк» сөзінің мифологиялық, символдық және ұлттық танымға негізделген мағыналары сараланады. Сонымен қатар, бұл лексеманың қазақ халқының рухани-мәдени болмысын танытудағы орны қарастырылады.

### 3 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «КӨК» КОНЦЕПТИСІНІҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

#### 3.1 «Көк» сөзінің мифолингвистика мен наным-сенімдердегі символдық ерекшелігі

Түр-түс атауларын когнитивтік және лингвомәдени аспектіде қарастыру олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, әлемнің тілдік бейнесінің ұлт санасында қалыптасқан үлгісін анықтайды. Түр-түстердің мағыналық аясының кеңдігі олардың тек тікелей номинативтік қолданысымен ғана емес, ауыспалы, бейнелі мағыналарда да жиі қолданылуымен түсіндіріледі. Әр халық белгілі бір түсті өзіндік дүниетанымына сәйкес қабылдап, өз тілінде айрықша атау берсе, олардың геосимволикалық және космогониялық сипаттары этностық ерекшеліктерге орай өзгешеленеді. Түркі халықтарының мәдени тәжірибесінде де түр-түс айрықша мәнге ие, олардың бір бөлігі өзін «көк түрік» деп атағаны осының айғағы. Тілдік бірліктер сияқты түр-түс атаулары да уақыт өте келе тұлғалық дамуға ұшырап, мағыналық тұрғыдан кеңейіп, табиғат пен қоғам өмірінің түрлі салаларында әрқилы қызмет атқарған және жиілігі жағынан да сан алуан қолданысқа түскен.

Тілдегі түр-түс атаулары адамзаттың қоршаған ортаны тану және пайымдау тәсілдерін танытатын маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Түр-түстер дүниенің тілдік бейнесін құруда ерекше қызмет атқарып, эстетикалық, моральдық әрі этномәдени қырларды танытудың мәнді арнасына айналады. Әрбір этноста түстер белгілі дүниетанымдық ұстанымдармен, ұлттық-мәдени тәжірибемен және әлеуметтік өмір салтымен сабақтаса өзіндік мазмұнда қабылданады. Түр-түс атауларының пайда болу негіздерін және олардың лексика-семантикалық ерекшеліктерін зерттеу қазіргі тілтанымдағы маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Колоративтік лексика жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері, түстердің сындық, заттық, сипаттық және символдық мағыналарының пайда болу себептері мен танымдық негіздерін анықтау мәселесі ғалымдардың назарында. Зерттеу нысаны этнос болмысы мен ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін тануға мүмкіндік беретін маңызды тілдік дереккөз ретінде қарастырылады. Түр-түс атауларының мифолингвистикалық қыры айрықша мәнге ие. Түр-түстерге қатысты мифтік түсініктер әр халықтың белгілі бір түсті табиғи құбылыстың белгісі ретінде ғана емес, символдық мәні бар ұғым ретінде қабылдағанын көрсетеді. «Көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» тәрізді тіркестерде көк сөзі қарапайым түстік атаудан кеңірек мағыналық өріс қалыптастырып, киелілік, қасиеттілік, құдірет, қуат, мықтылық сияқты ұғымдарды танытады. Түр-түс атаулары халықтың мифологиялық түсініктерімен сабақтасып, дүниетанымдық және мәдени-символикалық жүйесінде маңызды орын алады. «Көк» сөзі өмір, бастау, жаңару, бақыт, туыстық байланыс, уақыт, аспан тәрізді мәндермен байланысқан биіктікті де қамтиды. Жалпы түркі дүниесінің лингвомәдени кеңістігінде «көк» концептісі табиғатпен тығыз сабақтастықта қалыптасқан. Қазақ тіліндегі *көк мұнар*, *көкжиек*, *көкөніс*, *көктем*, *жер*

*көгерді, көк аспан, көктен тілеу, көгал, көк шықты, көк тұман, көк шай, көк тіреу, көк алма* сияқты қолданыстар осы ұғымның ауқымдылығын айқындайды. Түркі халықтарының табиғатпен біте қайнасып өмір сүргендігі белгілі, сондықтан аспан әлемінің сырын тануға ұмтылу нәтижесінде «көк» сөзінің символдық мәні пайда болуы заңды құбылыс. Көне түркі танымында «көк» ұғымының семантикалық аясы кең болған. *Көк Тәңірі, көк аспан, көк түрік, көк бөрі* тіркестеріндегі «көк» сөзі қасиеттілік, құдіреттілік мағынасын білдіріп, көне түркілердің мифологиялық дүниетанымымен астасады. Түркі халықтары үшін «көк» концептісі жоғарғы әлемді бейнелейтін символдық мәнге ие мәдени-тілдік феномен.

Көне түркі дүниетанымындағы «Көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» концептілері ежелгі мифологиялық дәстүрден бастау алып, Орхон жазбаларында бейнеленген. Ұғымдар кейінірек әдебиеттанушы, фольклортанушы және лингвист ғалымдардың еңбектерінде кеңінен зерттеу нысанына айналды. Түркілердің шығу тегі мен бөріге қатысты мифтер түркологтар тарапынан жан-жақты қарастырылып келеді. Орхон-Енисей жазбаларындағы «Күлтегін» жырының мәтінін М. Жолдасбеков ғылыми тұрғыда талдап, «бөрі» мен «түрік» атауларының танымдық қырлары Ш. Уәлихановтан бастау алып, Ә. Марғұлан, С. Қасқабасов, Қ. Сартқожаұлы, Б. Сарбасов, Т. Жұртбай, О. Жанайдаров сияқты ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Ежелгі ғұндар әлемді төрткүл кеңістік ретінде түсініп, әр бағытқа өзіндік реңк жүктеген: шығыс – көк, батыс – ақ, оңтүстік – қызыл, солтүстік – қара. «Көк» ұғымының негізі аспан тәңіріне табыну дәстүрінен басталып, киелі символдық мәнге ие болды. Түркілік дүниетанымда көк түс «мәңгілік көк аспан» және «Тәңірі» ұғымдарымен сабақтасып, қасиеттілік пен құдіреттілікті танытады. Қазақ халқының мемлекеттік туының түсі де ашық аспан түстес болып таңдалуы «көк» түстің ұлттық мәдениеттегі айрықша орны мен мәнін айғақтайды. Символдық ұғымдардың қалыптасуы мифологиялық таныммен сабақтасып жатқан терең тарихи негізге ие. Түр-түс символикасының пайда болуы да мифтік ойлаудың ықпалымен туындап, тілдік жүйеде орныққан. Символдық мәнде қолданыла отырып, «көк» сөзі әртүрлі семантикалық қырынан көрініс табады. Академик Ә. Марғұлан «Ежелгі жыр, аңыздар» атты еңбегінде көк түсін аспанға табынудың, Тәңірлік дүниетанымның символы ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше: «Ерте замандағы «бөрі құс», «маңғыт» бергі кезде «ит құс», «көктің құсы» деген мағынадан туған» [113, б. 364].

Қазақ үшін «көк» түсі – тазалықтың, қасиеттіліктің, киеліліктің символы. Түркі халықтарының дүниетанымында «көк» түсінің «Тәңір мекені» ұғымымен тығыз байланыста болуымен түсіндіріледі. Көне түрік халқы өздерін «көк бөрі емген, көк Тәңірге сенген түрікпіз» деп атаған. Түріктердің сенімінде Тәңір – аспандағы жалғыз жаратушы Құдай ретінде танылып, оған табыну олардың рухани өмірінің негізін құраған. Көк бөрі мифологиялық тұрғыдан ата-тектің символы болып саналған. Қоршаған ортамен және

табиғатпен тығыз байланыста өмір сүрген көне түріктердің танымдық көзқарастары табиғат құбылыстарымен сабақтасып қалыптасқан. Олар табиғатты Тәңірдің құдіретті туындысы ретінде қабылдап, әр құбылысты қасиетті санаған. Осы себептен түркілердің көптеген салт-дәстүрлері табиғатпен тығыз байланыста дамыған.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің «Тәңірдей Тәңірден жаралған» деп басталуы да заңды құбылыс. Жыр жолдарындағы:

Әкем Елтеріс қағанды,  
Шешем Елбілге қатынды  
Тәңірі төбесіне ұстап  
Жоғары көтерген екен

Әкем қағанға он жеті ер етіпті, – деген сөздерден көне түрік халқының қағанды Тәңірі жаратушы әрі қорғаушы күш ретінде жоғары көтергендігіне сенгенін көруге болады [86, б. 51].

Ш. Уәлиханов 1855 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторымен бірге Семейден Аягөз, Қапал арқылы Алматыға дейінгі сапарға қатысып, қазақ пен қырғыз халықтарының тарихы, ауыз әдебиеті мен этнографиясына қатысты құнды материалдар жинаған. Сол деректер негізінде ғалым «Тәңірі (құдай)» мақаласын жазды. Бұл еңбекте қазақтардағы ислам дінімен араласқан тәңіршілдік, сондай-ақ ұрпақсыздыққа қатысты сенімдер: жын, пері, шайтандарға қатысты ұғымдар баяндалған, мазмұны бай әрі қызықты деректерге толы. [84, б. 81], – деп көрсетіп, қазақ халқының ежелгі наным-сенімдерінің тарихы мен мәнін жан-жақты ашып көрсеткен. Ғалымның тұжырымы бойынша, ислам дінін қабылдаған түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігінде шамандық ұғымдар әлі де сақталған. Халық арасында «Тәңірі» сөзі кеңінен қолданылып, отпен аластау сияқты көне дәстүрлер бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Қазақтың бас ақыны Абай мен алашордалық ақын Мағжан Жұмабаев шығармаларында да «Тәңірі» ұғымының көрінісін байқауға болады. Абайдың өлеңдерінде «Құдай», «Алла», «Тәңірі» сөздері жиі кездеседі. Мысалы, ақынның «Татьяна сөзі» атты өлеңінде: «Тәңірі қосқан жары едің сен...» деген жолда «Тәңірі» сөзі қолданылған [70, б. 127]. Ал Мағжан Жұмабаев өз поэзиясында бұл ұғымды ерекше мәнге ие етіп қолданады. Оның: «Зор Тәңірі, күштісің сен, сенеміз біз, / Әділ деп, әр ісіңе көнеміз біз...» деген жолдары тәңіршілдік түсініктің қазақ дүниетанымында маңызды ұғымдардың бірі екенін дәлелдейді [114, б. 87].

Миф – адамзат ой-санасының алғашқы көрінісі әрі тіл дамуының бастауындағы маңызды құбылыс. Адамның дүниетанымынан, өмір сүру салтынан, тұрмыс-тіршілігінен және қоршаған ортаға қатынасынан туындайды. Мифтік жүйе этностың тарихи-мәдени болмысын, дүниені қабылдау тәсілін айқындайтын тілдік дерек көзі ретінде бағаланады. Мифтерді зерттеу тілдің когнитивтік табиғатын ашуға, тіл мен танымның, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінеді. Мифология – адамзат өркениетінің рухани мәдениетінің ең көне формасы. Қоғамдық сананың алғашқы кезеңінде қалыптасқан мифтер барша халықтардың дүниетанымына ортақ құбылыс.

Табиғаттың тылсым сырларын танып-білуден туған мифтер ең алдымен «әлем қалай пайда болды?», «адам қайдан шықты?» сияқты түпкілікті сұрақтарға жауап беруге ұмтылады. Білімнің жетіспеушілігі мен табиғат құбылыстарының құпиялығы адамдарды оларды тылсым күш иелеріне балауға жетелеген. Әлемнің жаратушысы ретінде Тәңірді мойындау, оған табыну дәстүрі қалыптасқан.

Мифолингвистика – тілдің табиғатын, сөздің мағынасын, оның мифтік мәні мен онтологиялық негізін зерттеуге мүмкіндік беретін сала. Бұл бағытта тілдік бірліктердің семантикалық қырлары мифологиялық ұстанымдармен сабақтаса талданады, сөйтіп сөз семантикасы әртүрлі аспектілерде қарастырылады. Ғаламның тілдегі бейнесін кешенді зерттеуде мифологиялық шығармаларда сақталған мифологемаларды талдау өзекті болып табылады. Мифологемалар – әлем халықтарының мәдениетінде кең тараған мифтік сюжеттер, көріністер мен образдар жүйесі. Көне түрік мифологиясында «көк Тәңірі», «көк аспан», «көк бөрі», «көк түрік», «көк от» тәрізді мифологемалар танымдық модель құрушы негізгі нысандардың бірі ретінде қарастырылады. Тіл тарихын зерттеуде ауыз әдебиеті үлгілерінің дереккөз ретіндегі рөлі маңызды. Мифологемаларды когнитивтік тұрғыдан зерттеген Р.М. Ускенбаева «Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде)» атты еңбегінде мифологиялық шығармалардың тілін зерттеудің когнитивтік моделін ұсына отырып, мифті халық мәдениетінің бастауы және ақиқат болмысты бейнелеудің алғашқы формасы ретінде сипаттайды [115, б. 80]. Түркі дүниетанымындағы мифтер халықтың дүниені қабылдау ерекшеліктерінен және табиғат құбылыстарын пайымдауға деген талпыныстардан туындаған. Осы тұрғыда мифтік таным аясында мифологемалар қалыптасқан. Р. Авакова: «Мифологемалар – ерте дәуірдегі халықтың әдет-ғұрпы мен салт-санасында, наным-сенімінде пайда болған, тілді жасаушы этностың белгілі тарихи кезеңдегі ой-санасы мен рухани дүниесінің көрінісі болып табылатын, эмоционалдық және экспрессивтік мәнге ие тілдік қордың құрамдас бөлігі», – деп тұжырымдайды [116, б. 204].

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері көне түрік мифологиясын жаңа қырынан зерттеуде құнды дерек көзі болып саналады. Бұл ескерткіштер тек әдеби-мәдени және рухани мұра ғана емес, сонымен қатар көне түріктердің өмір салты, дүниетанымы, мемлекеттік құрылымы, салт-дәстүрі және әлеуметтік тұрмысын айқын танытатын маңызды деректерді ұсынады.

Ескерткіштердегі мәліметтер көне түркілердің менталдық ерекшеліктерін, ұлттық рухын танытып, олардың философиялық және діни-мифологиялық көзқарастарын ашуға жол ашады. Орхон-Енисей жазбалары лингвистикалық, этнографиялық және археологиялық тұрғыдан зерттеу жүргізуге негіз болатын баға жетпес мұра. Көк түріктердің адам мен әлем туралы мифологиялық және философиялық танымдары әдеби жәдігер арқылы анықталады. Адам ғұмырының бастауынан оның аяқталуына дейінгі кезең түркілік дүниетанымда Тәңірімен тығыз байланыста қарастырылған. Осыған

орай, тілдік көріністер құрылымында «Тәңірі–Адам», «Тәңірі–Өмір», «Тәңірі–Өлім», «Тәңірі–Ата (қаған)–Құт» сияқты мифологемалар кездеседі. С. Қасқабасовтың еңбегінде: «Тәңірі» – көктегі, яғни жоғарыдағы су, ал «теңіз» – жердегі, төмендегі су ұғымымен байланысты түсіндірілген. Алғашқы кезеңде аспан су ретінде қабылданып, оның «көк», «тәңірі» деп аталуы осы түсініктен туған. Жердегі су да түсі жағынан аспанға ұқсас болғандықтан, «теңіз» атауын иеленген [117, б. 136].

Ой ежелгі түріктердің дәстүрлі танымындағы «көк бөрі» атауының мифологиялық негізін түсіндіруге де қатысты. Түркі халықтарының санасында бөрі – ерекше киелі мәнге ие бейне. Н.А. Баскаков «Орыс-алтай сөздігінде» қасқырды «волк – бөрі, волк в овечьей шкуре – қой терезин кийген бору» деп көрсетеді [118, б. 65]. Ал «Абай тілі» сөздігінде «бөрі» сөзіне «ит тұқымдас жыртқыш аң, қасқыр» деген түсіндірме беріліп, ақын шығармаларынан нақты мысалдар ұсынылады: «*Күшік ит бөрі алар ма жабылса да, Тәңірі сақтар табандап тап ұрса да...*» [96, б. 65]. «Бөрі» сөзіне «көк» компонентінің жалғануы оның мифологиялық сипатын тереңдетеді. Қасқыр моңғол тілінде *шино*, *чинно* деп аталса, түркілік дәстүрде ол «бөрі» немесе «көк құрт» атауларымен берілген. «Көк» – аспан мен мәңгіліктің нышаны, ал «құрт» – «құртылу» сөзімен байланысты түсіндіріледі. Осы танымға сәйкес, көк бөрі түрік тайпаларын ажалдан арашалаған, көк аспандағы Тәңірінің жіберген қасиетті жаратылысы деп қабылданған.

Жалпы түркі халықтарының дүниетанымында «көк» сөзі қасқыр, бөрі лексемаларымен астасып жатады. «Дәстүрлі және қазіргі тілдік санадағы «қасқыр» лексемасының лингвомәдени сипаты» атты еңбекте: «Бөрі (қасқыр) – түркі халықтарының тарихи жадындағы киелі ұғым, қасқырдың жағымды атауы. Аңыз бойынша, бөрілер түріктердің ұрпағын құтқарып қалған. «Оғыз-наме» жырында, «Ергенекон» дастанында, «Ақ қасқыр» атты қазақ ертегісінде бөрі құтқарушы тотем ретінде жиі кездеседі. Себебі қасқырлардың ортасында қалған бабамыз олардың сүтін еміп, күшіктерімен бірге күнелткен. Осы жағдай ата-бабаларымыздың мифологиялық санасында бөрінің киелі жануар, күдіретті күш иесі ретінде танылуына себеп болған. Қазақ тіліндегі «*иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар*» деген тұрақты тіркес те айқындай түседі», – деп көрсетіледі [119, б. 155].

Ежелгі түрік тайпалары қасқырды «көк бөрі» деп қасиет тұтқан. Басты себебі – түріктер қасқырды өздерінің ата тегі санап, оның қасиетін көк аспанмен теңестірген. Түрік дүниетанымында көк аспан – Тәңірдің белгісі. Сондықтан көк аспанға табынған халық көк бөріні де киелі жаратылыс деп танып, оған табынған. Осындай түсініктің негізінде «көк бөріге» қатысты сан алуан аңыздар туып, түрік мифологиясындағы қасиетті ұғымдардың біріне айналды. Көк бөріге байланысты аңыздар тек түріктерде ғана емес, ежелгі үйсіндер мен моңғолдардың мифологиялық дүниетанымында сақталған. Қытай жылнамаларында да көк бөрі туралы деректер кездеседі. Бұл мифологиялық сипаттағы аңыздарды тарихи оқиғаның аңызға айналған нұсқасы ретінде алғаш рет Л.Н. Гумилев қарастырған. Оның пайымдауынша,

Ашина руы – моңғол тектілер. Олар бір кезеңде жаудан қашып, Алтайға келіп, 500 үй болып қоныстанған және жергілікті түркі тілдес тайпалармен араласқан. Кейіннен осы тарихи жайт көк бөріге қатысты аңыздармен астасып, халық жадында мифологиялық сипат алған [120, б. 155].

Аңыз желісі бойынша, түріктердің ата-тегі – бөрі. «Ашина әулетінің шығуы туралы мифте» жаугершілік заманда тұтас бір халық қырғынға ұшырап, тек жаралы күйінде он жасар бала ғана тірі қалады. Қаншық қасқыр жетім қалған баланы асырап, қамқорлық көрсетеді. Бала есейген соң, жаулары оны тауып өлтіреді. Алайда баладан ұрпақ қалған буаз қасқыр Гаочан тауының терістігіндегі үңгірге барып жасырынған екен. Сол үңгірде қасқыр он ұл табады. Он ұл ержетіп, үйленіп, көбейіп, үлкен қауымға айналады. Солардың ішіндегі кішісінің аты – Ашина. Ерекше ақыл-парасаты мен батылдығымен көзге түскен Ашина өз руының беделді басшысына айналады. Осылайша халықтың аты да оның есімімен аталып кеткен. Уақыт өте ұрпақтар үңгірге сыймай, Алтайды қоныс етеді. Ашина руы темір өндірумен айналысып, өз тегін ұмытпау мақсатында байрақтарына қасқырдың басын бейнелеген. Қытай жылнамаларында бұл аңыздың әртүрлі нұсқалары кездеседі. Мысалы, кейбір деректерде «Көк бөрі қасқырға үйленді» деген келемеж сипаттағы мәліметтер бар. Мұндай жазбалардың астарында өзге халықтарды төмендетуге бағытталған императорлық саясат жатқан. Тіпті түркілерді «хүн» – «жабайы» деп кемсіту де осы көзқарастан туындаған. Тек XVIII–XIX ғасырларда ғана қытай ғұламалары мұндай бұрмалауларды түзетуге әрекеттенгенімен, барлығын толықтай реттеп үлгермеген [121].

Көк бөрі бейнесі түркі халықтарының көптеген мифологиялық және эпикалық шығармаларында ұшырасады. Соның ішінде «Оғыз-наме» жырында ерекше орын алады. Жырда Көк бөрі Оғыз қағанның әскерін бастап, оған жол көрсетуші, ақыл беруші киелі бейне ретінде суреттеледі. «Оғыз қаған туралы мифте» Оғыз Тәңірге жалбарынып дұға еткенде, аспаннан нұр түсіп, содан көкжал қасқыр пайда болады. Ол қасқыр Оғызға жол көрсетіп, оның артынан ерткен. Көк бөрі – аспаннан түскен киелі күштің елшісі, Тәңірдің жіберген нышаны іспетті. Жырдағы қасқырдың сипаттамасы да ерекше: «көк түкті, көк жалды еркек» деп беріледі, ол қасқырдың түсіне қатысты анықтама емес. Түркі дүниетанымындағы *Көк бөрі*, *Көк аспан*, *Көк Тәңірі*, *Көк түрік* ұғымдарымен сабақтас, терең символикалық мәнге ие образ. Көк түс – аспанның, тәңірдің, құдіреттің белгісі болса, қасқыр – ерлік пен тәуелсіздіктің, жауынгер рухтың рәмізі. Сондықтан «Оғыз-намедегі» Көк бөрі бейнесі – байырғы түркілердің дүниетанымы мен тәңірлік сенімінің көрінісі [122, б. 15]. Жалпы түркі халықтарының дүниетанымында көк бөрі – киелі аң, жебеуші рух, күнәдан таза бейне, Тәңірдің шапағатына бөленген құдіретті күш иесі. Дала заңына бағынған қайсарлықтың, төзімділіктің, адалдықтың символы әрі түркі жұртының арғы атасы ретінде қабылданған. Қазақ халқы да көк бөріні қастерлеп, батылдық пен батырлықтың, еркіндік пен биіктіктің нышаны ретінде таныған. Түрік қағанаты дәуірінде сарбаздардың байрақтарына көк бөрінің бейнесі салынуы да оның әскери рух пен ерліктің ерекше белгісі



болғанын көрсетеді. Күллі түркі әлемінде бөрі – ерлік пен қайсарлықтың, тәуелсіздік пен өрліктің рәмізі. Халық санасындағы бөрі ұғымы – ежелгі түркілердің мифтік түсініктерімен, тәңірлік сенімімен, жалпы рухани болмыс-бітімімен тығыз байланысты тотемдік символ. Әдебиет тарихына үңілсек, көк бөрі бейнесі ежелгі дәуір жырларынан бастап, кейінгі әдеби мұраларда да көрініс тапқан. Көк бөріні қасиетті санап, оны тотем ретінде қастерлеу дәстүрі қазақ қоғамында да бүгінге дейін сақталып келеді.

Әлем халықтарында өз тегін білу және оны зерттеу – ежелден келе жатқан күрделі құбылыс. Көптеген халықтар өздерінің арғы тегін мифологиялық бейнелермен байланыстырады. Мысалы, тибеттіктер өздерін еркек маймыл мен ұрғашы ракшасадан (орман перісі) шыққан деп санаса, моңғолдар – көк бөрі мен маралдан, телестіктер – қасқырдан және ғұн патшасының қызынан, ал түріктер – ғұн бекзадасы мен қаншық қасқырдан тарағанбыз деп айтады. Соңғы екі миф ежелгі кезеңде, бұл халықтардың Ұлы Гоби шөлінің оңтүстік аймағында өмір сүрген тұстарында пайда болған болуы мүмкін. Қазақ тіліндегі түр-түстер атауларының шығу төркініне қатысты зерттеулерде әртүрлі болжамдар айтылады. Тіл білімі тұрғысынан түр-түс атаулары қазақ халқының ғасырлар бойғы мәдени қазынасы ретінде қарастырылып, олардың тарихы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары жөнінде маңызды ақпарат береді.

Ашина тайпасының шығу тарихына қатысты мифтер шамамен VI ғасырдың орта шенінде қытай жазбаларында алғаш рет хатқа түскен. Ұлы Түрік қағанатын құрған көк түріктердің арғы тегі мен қалыптасуы жайлы әртүрлі аңыздарға негізделген «Көк бөрі» дастаны тарихи-мәдени тұрғыдан аса құнды мұра саналады. Дастанның толық нұсқасы сақталмаған, бізге жеткені – қытайдың көне жылнамаларындағы шағын прозалық үзінділер ғана. Соған қарамастан, «Көк бөрі» дастаны – ежелгі дәуірде өмір сүрген, кейін этностық тұрғыдан түркі халықтарының қалыптасуына ықпал еткен Батыс ғұн тайпалары жөнінде мол дерек беретін, мифтік-аңыздық сипаттағы эпикалық туынды. Эпостағы оқиғалар көне заманның тарихи шындығымен астасып жатыр. Сондықтан да түркілердің ертедегі тарихын зерттеген көптеген ғалымдар «Көк бөрі» дастанындағы Ашина руы туралы аңыздарға ерекше назар аударған. Кей жағдайларда аңыз бен тарихи деректің арасын нақты ажыратып алу да қиындық тудырады.

«Күлтегін» жазба ескерткіштерінде «Тәңірі», «көк», «бөрі» сөздері жиі ұшырасады. Бұл – аталған лексемалардың түркі дүниетанымында ежелден қасиетті ұғым ретінде орныққанын көрсетеді. Мәселен, Күлтегін жазуында:

«Шетте жортып жүр дегенді естіп,  
Қаладағылар тауға өрлепті,  
Таудағылар төмен түсіпті,  
Жиылып жетпіс ер бопты.  
Тәңірі қуат берген соң  
Әкем қағанның әскері бөрідей бопты,

Жаулары қойдай бопты...» [86, б. 51] – деп берілген жолдар бар. Мұнда әскердің күші бөріге, ал жаулар қойға теңеледі. Теңеу түркілер үшін бөрінің батылдық пен айбардың символы болғанын айғақтайды.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері – түркі халықтарының рухани мұрасының ең көне әрі ең құнды үлгілерінің бірі. Ескерткіштер – тек қаған әулетіне арналған естелік жазулар ғана емес, сонымен бірге сол дәуірдің саяси оқиғаларын, әлеуметтік құрылымын, мәдени-рухани өмірін айқындайтын дереккөз. Жазулардан түркілердің дүниенің жаратылысы мен Тәңірге деген сенімі, табиғатқа, қоғамға және адамға қатысты көзқарастары көрініс табады. Осындай мазмұнымен Орхон-Енисей жазбалары көне түркілердің тарихы мен мифологиялық танымын танытатын қайталанбас жәдігер саналады. Көк бөрі образы халық ауыз әдебиетінде де ерекше орын алған. Мәселен, «Ер Тарғын» жырында батырдың айбынды бейнесі қасқырмен теңестіріледі:

Мінді батыр еріне,  
Іздеген жауға көріне,  
Келген қалмақ жолықты  
Тарғын деген бөріге.  
Ай бетінен кіреді,  
Күн бетінен шығады.  
Қойға кірді бір бөрі  
Бөріктіре қырады,  
Талай қалмақ құлады... [123, б. 161-162]

XIX ғасырда өмір сүрген әйгілі ақын Сүйінбайдың «Бөрілі менің байрағым» атты өлеңінде көк бөрі символы батырлық пен өрліктің нышаны ретінде бейнеленеді. Ақын:

Бөрілі байрақ астында –  
Бөгеліп көрген жан емен!  
Бөрідей жортып кеткенде,  
Бөлініп қалған жан емен!  
Бөрілі найза ұстаса,  
Түйремей кеткен жан емен!  
Бөрілі байрақ құласа,

Күйремей кеткен жан емен! [124, б. 24] – деп, халықтың қайсар мінезін, жауға қарсы мызғымас рухын жырлайды. Мұнда бөрі бейнесі қазақ жігіттерінің ерлігі мен намысын айқындайтын ұрандық сипатқа ие.

Көк бөрі бейнесі тек қана мифтік аңыздарда емес, халық ауыз әдебиетінде де кең орын алған. Біз көне түрік жазба ескерткіштерінен бастап, кейінгі дәуір әдеби мұраларынан да образды кездестіреміз. Түрік халықтарына ортақ мұра болып саналатын, XIII–XV ғасырларда хатқа түскен «Оғыз-нама» дастанында «ұранымыз – көк бөрі болсын» деген тіркес айрықша мәнге ие. Көне түріктердің көк бөріні тек қасиетті аң ретінде ғана емес, жауынгерлерге рух беретін айбарлы ұран, жеңіске жетелейтін күш деп танығанын көрсетеді. Байрақтарында бейнеленген көк бөрі сарбаздардың жүрегіне жігер беріп, ерлікке үндеген. Көк бөрі бейнесі «Қорқыт ата кітабында» да көрініс тапқан.

Қазақтың бай ауыз әдебиетінде «бөрі» туралы мифтік түсініктер, оны батырлық пен қайсарлықтың, еркіндік пен айбардың нышаны ретінде бейнелейтін жырлар жиі ұшырасады. Көне түріктердің діни танымдары тотемдік ұғымдардан басталып, шамандық пен тәңіршілдік сенімдер арқылы дамыды. Олар өздерін «көк түрік» деп атап, көк Тәңіріне, көк бөріден тараған тектеріне сенген. «Көк» сөзі түрік тілінде аспанмен, шексіздік пен құдірет ұғымымен сабақтасып, түрік мемлекетін «Құдай қалауындағы ел» ретінде танытты. Руникалық жазбаларда да Тәңірінің қалауымен Түрік қағанатының құрылғаны айтылады. «Көк Тәңірі», «көк аспан», «көк бөрі» түсініктері түрлі мифтердің негізіне айналды. Зерттеушілер қазақ мифологиясының айқын жүйесі жоқ, бірақ ол халық ауыз әдебиеті мен тілдік қазынада сақталғанын атап көрсетеді [125]. Көне түріктердің дүниетанымының негізін тәңіршілдік құрады. Олардың түсінігінде Көк Тәңірі – әлем мен адамды жаратушы, көзге көрінбейтін құдіретті күш иесі. Көк ұғымы аспанмен, шексіздік пен ұлы күшпен астасып, түріктердің рухани мәдениетінде орталық мәнге ие болды. О. Жанайдаров «*Ежелгі Қазақстан мифтері*» еңбегінде көне халықтардың Көкті Тәңірдің көрінісі әрі мекен-тұрағы ретінде қабылдағанын көрсетеді [126, б. 250]. Шындығында, түріктер Көкке (Тәңірге) жаратушы, Жерге тіршіліктің көзі ретінде табынған. Исламға дейінгі дәуірде тәңірлік сенім мен шамандық ұғымдар олардың рухани дүниесінің негізін құрады.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде түрік халқының бірлігі, даңқы мен қаған билігінің өзі Тәңірдің қалауымен түсіндіріледі: «Тәңірі қуат берген соң, Әкем қағанның әскері, бөрідей болыпты...» [86, б. 51].

Әкем қағанды,

Шешем қатынды

Көтерген Тәңірі,

Ел берген Тәңірі... [86, б. 54].

«Көк түріктер» атауы «таза қанды», «Тәңір тектес», «ешкімге бағынбайтын халық» деген ұғымдармен байланысты. Олар өздерін Тәңір қолдаған халық ретінде таныған. «Жұт жайлаған жылдары түрік халқын көк пен жер су сақтап қалған, сондықтан өздерін көк тектестер, көкте туғандар деп атаған» [75, б. 349]. Бұл түсініктің дәлелі – Орхон-Енисей жазба ескерткіштері. «Күлтегін» мен «Білге қаған» жазбаларында халық «көк түрік» деп аталады. Қалай болғанда да, көк түріктер – еркіндік сүйген, әлемнің төрт бұрышына аты жеткен халық. Олардың рухы асқақ, арманы аспанмен астасқан. Осыған орай «көк» сөзі кең мағынаға ие болып, топонимдерде, антропонимдерде және жалпы тілдік қолданыста жиі кездеседі. Түр-түс атаулары ру-тайпа, жер-су аттарында да көрініс тауып, символикалық мәнге ие болған.

«Көк» түсінігі қазақ мәдениетінде және тілінде алатын орны мен символдық мәні өте ауқымды және күрделі. Қазақтың дүниетанымында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, тарихи және психологиялық аспектілерде де ерекше түс маңызға ие. Түс атауларының семантикалық құрылымын терең түсіну үшін, оның әртүрлі мәдени, қоғамдық және табиғи контексттердегі рөліне назар аудару қажет. Оның ең айқын мағынасы – ол табиғаттың жоғарғы

кабатымен, яғни аспанмен, Жаратушының құдіреттілігімен тығыз байланысады. Қазақ халқының дәстүрінде көк түс жиі ұлы күштердің, аспан әлемінің және рухани тазалықтың символы ретінде қарастырылады. «Көк» сөзі Жаратушының, Тәңірінің таңбасы ретінде де танылған, яғни көк түсі қасиетті, жоғары мәні бар дүние ретінде сипатталады. Қазақтың мифологиясында, дінінде, әлемді тануда түс маңызды рөл атқарған. «Көк» түсі – қасіреттен арылу, үміт пен жаңа өмірдің белгісі.

Зерттеу барысында мифолингвистикалық, салыстырмалы тарих, семантикалық мағыналық талдау, этнолингвистикалық, символдық – герменевтикалық, мәтіндік дискурстық талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде *«Көк Тәңірі»*, *«көк бөрі»*, *«Көк Түрік»* ұғымдарының көне түркі халықтарының дүниетанымында маңызды орын алатыны, олардың киелі рәміздік мәнге ие екендігі және ұлттық санада тәуелсіздік, руханият, мәңгілік аспан, тектілік, қасиеттілік сияқты ұғымдармен астасып жатқаны анықталды. Көк түсінің философиялық контекстте символдық мәні бар. Адамзаттың ақиқатқа, идеалға ұмтылысын білдіреді. Қазақ халқының философиясында көк түс жоғарғы ақиқат пен бақытқа ұмтылудың белгісі ретінде танылған. Мұндай философиялық мән көк түсінің бейнесінде көптеген әдеби шығармаларда көрініс тауып, терең ойлар мен идеялар ашылады. Көк түсі кейде адамның рухани күйзелісі мен ішкі ізденісін білдіретін символ ретінде де қолданылып, оның терең психологиялық мәнін айқындайды. Әдеби шығармаларда «көк» түсінің эстетикалық маңызы зор. Кейде лирикалық кейіпкерлердің ішкі сезімдерін білдіру үшін қолданылады. Көк түсі арқылы авторлар кейіпкердің психологиялық күйін, оның әлемді тануға деген көзқарасын ашады. «Көк» түсінің жұмбақ және сырлы реңктері шығарманың жалпы көңіл-күйін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тіпті көк түсінің жеңілдігі мен кендігі кейде персонаждардың рухани тыныштығын немесе өмірдің мәнін іздеуін білдіреді. Қазақ әдебиетінде «көк» түсі көп қырлы символдық мәнге ие, әрі терең философиялық, психологиялық, және эстетикалық мағынада қарастырылады. Адамзаттың дүниетанымына, табиғатқа, рухани ізденістерге, әлеуметтік қатынастарға, адамның ішкі әлеміне қатысты ұғымдарды білдіреді. Көк түсінің қазақ әдебиетіндегі рөлі оның халықтың мәдениеті мен дүниетанымындағы маңызды орын алғанын айқындайды. Әдеби тілдің байлығы мен оның қырлары көк түсінің символдық мәнінің қаншалықты кең екенін көрсетеді.

### **3.2. «Көк» концепісінің мағыналық реңктері мен ұлттық мәдениеттегі эмоционалдық мазмұны**

Қазіргі лингвистиканың маңызды міндеттерінің бірі – түр-түс атауларының ұлттық мәдениетке және әлеуметтік құрылымға ықпалын зерттеу. Түр-түс атаулары арқылы халықтың тарихи, мәдени ортасын, сондай-ақ олардың дүниетанымдық ерекшеліктерін зерделеуге болады. Ал оның символдық мағынасын түсіну үшін әр халықтың мәдениетіндегі орнына

ерекше назар аударған жөн. Өйткені түр-түс атаулары бір ұлттың рухани болмысын, оның дүниетанымдық құрылымын бейнелеу үшін маңызды құрал. Мысалы, қазақ халқының дүниетанымында көк түс әлемді тану мен қабылдаудағы негізгі бағыттарды сипаттайды. Ол, әсіресе, көшпелі өмір салты мен оның философиялық негіздерімен тығыз байланысты. Көк аспан – шексіздік пен кеңістік символы ретінде адамның табиғатпен үйлесімде өмір сүруін бейнелейді. Сонымен қатар, бұл түс халқымыздың өмір сүру және даму мүмкіндіктері мен үмітін білдіреді. Яғни, көк түс қазақ мәдениетінде тек түс атауы ғана емес, сонымен қатар рухани-символдық мәнге ие. Ал батыс мәдениетінде көк түс көбінесе тыныштық пен тұрақтылықты білдіреді, бұл олардың мәдени танымдық жүйесіндегі айырмашылықтарды көрсетеді. Халық танымында түр-түс атаулары тек эстетикалық құндылықтармен ғана шектеліп қалмай, сонымен қатар әр қоғамның әлеуметтік және мәдени құрылымын айқындайтын маңызды рөл атқарады. Түр-түстердің тілдік репрезентациясы мен мәдени семантикасы арқылы белгілі бір қауымның құндылық жүйесін, наным-сенімдерін, сондай-ақ әлеуметтік иерархиясын сипаттауға болады. «Көк» атауының қоғамдағы түрлі әлеуметтік құндылықтар мен көзқарастарды бейнелеуі оның прагматикалық қызметін айқындайды. Бұл қызмет түр-түстердің қарым-қатынас барысындағы коммуникативтік рөлін, яғни олардың белгілі бір ақпаратты жеткізу, эмоцияны білдіру немесе мәдени норма мен дәстүрді сақтау сияқты функцияларын қамтиды. Мәселен, қара түс қазақ халқында көбінесе қайғы мен жоқтаудың символы ретінде қабылданса, басқа мәдениеттерде билік пен салтанаттың белгісі болуы мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда, түр-түс атаулары – ұлттық сананың, дүниетанымның және мәдени кодтың көрінісі. Осылайша, түр-түс атауларының лингвомәдени табиғаты мен прагматикалық әлеуетін зерттеу – тіл мен мәдениет арақатынасының күрделі тетіктерін түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай зерттеулер тек лингвистика саласы үшін ғана емес, этнолингвистика, когнитивтік ғылымдар, мәдениеттану сияқты салалар үшін де маңызды теориялық және қолданбалы мәнге ие.

«Көк» атауының лексика-семантикалық табиғаты заманауи лингвистиканың өзекті зерттеу нысандарына жатады. Бұл бағыттағы қазақ тіл біліміндегі ізденістер түр-түс атаулары арқылы халықтың дүниетанымы мен мәдени құндылықтарын, сондай-ақ тіл мен ойлау жүйесінің өзара байланысын айқындайды. Әр ұлттың тарихи тәжірибесі мен өмір салтына байланысты бұл түстердің мәдени және символдық жүктемесі әртүрлі болуы мүмкін. Этносимволикалық мәндер, керісінше, нақты бір этностың мәдени-тарихи дамуы барысында қалыптасқан және сол этносқа тән дүниетанымдық, әлеуметтік, діни және эстетикалық жүйелермен тығыз байланысты. Түр-түстердің мұндай ұлттық-мәдени коннотациялары тілдегі символикалық мағынамен астасып, олардың прагматикалық және коммуникативтік қызметін арттырады. Мәселен, қазақ тіліндегі «көк» сөзі тек түс атауы емес, сонымен қатар аспан, кеңістік, тылсым күш, үміт, болашақ ұғымдарын білдіретін көпқабатты мәдени семантикаға ие.

Академик Ә. Қайдар қазақ тіліндегі түр-түс атауларының тұлғалық ерекшеліктерін қанша сөзден және қандай сөздерден тұратындығын ажыратады. Ол:

1) бір сөзден тұратын түр-түс атаулары (ақ, ақша, боз, аппақ, сұр, кара...). Бұл сөздерді автор қазақ тілінде жүзге тамам дейді.

2) екі сөзден тұратын түр-түс атаулары автор бұларды екі түрлі болады дей келе а) тіл дәстүрінде терминдік мағынаға ие болған, тұрақты тіркес ретінде қалыптасқан, көпшілік қауымға түсінікті, етене таныс болғандықтан кез-келген уақытта даяр материал ретінде пайдалануға болатын түр-түс атаулары ( ақ құба, ақ ала, қара көк, қара торы), б) ондай тұрақтылыққа әлі ие бола қоймаған, негізінен ақын-жазушылардың шығармаларында ғана кездесіп творчестволық ізденістің талғам-танымның, өзіндік сөз саптаудың нәтижесі ретінде қолданылып жүрген атаулар (торы қасқа-қасқа торы, сары-қызыл, қызыл-сары)

3) Екі сыңары да түр – түсті білдіретін атаулар (ақ ала, ақ құба, ақ сары, ал қызыл, жирен сары, күлгін қоңыр) автор екі сыңары да түр-түсті білдіретін атаулардың ерекшелігі – оларды кейбірі орын тәртәбән ауыстырып қолданыла береді деп ескертеді.

4) Бір сыңары ғана түр – түстерді білдіретін атаулар, бұларды автор «лексикалық байлығымыздың үлкен бір көзі-бір сыңары ғана түр-түсті білдіріп, екінші сыңары ондай мағына бермейтін атаулар» дейді [127, б. 51]. Бұлардың да академик бірнеше ерекшелігі барын атап өтеді «екі сыңары да түр түс мағынасын беретін тіркестер әдетте түр-түстердің күрделі табиғатын, яғни олардың әр тектілігін немесе әр алуан реңкін анықтауға бейім тұрса, бар-ақ компоненті түр-түс білдіретін ондай тіркестер тілімізде екі түрлі қызмет атқарады екен а) негізгі түстің әр түрлі қасиетін (реңкін, қанықтығын, интенсивтігін, күшін, материалдық негізін т.б. айқындай түсу, б) анықтап тұрған түр-түстің өзін заттандыру (субстантивтендіру). Бұл тәрізді тіркестердің тағы бір ерекшелігі-түр-түс мағынасындағы сөз анықталушы ретінде, бірақ доминантық роль атқарып, екінші орынд тұрады да, оны анықтап тұратын сіз міндетті түрде бірінші орында тұруы қажет» [127, б. 51] дей келе автор көк түсіне қатысты бірнеше тіркестерді береді. Мысалы, *зеңгір, ніл, мұз, мұздай, тұздай, балауса, шымқай, аспан, көгіс, мөлдір, жалтыр, теңіздей, теңіз, көл, өндірі, торғын, бұйра, нілдей, зең, шұға, қырғауыл, қарағай* [127, б. 53]. Осы келтірген мысалдар арқылы автор -дай, - дей, - тей, - тай салыстырмалы моделінің де ролі зор екенін ескертеді.

4) Үш сөзден тұратын түр-түс атаулары бұлар жөнінде автор «бұл топқа жататын атаулар жоғарыдағы екі сөзден тұратын атаулардың дамыған, бір компонент қосылып күрделенген түрі» дей келе «бірақ бұл айтқанның екі компоненті түр-түс аталарының бәрінен бірдей үш сөзден тұратын атаулар жасай беруге болады деген пікір тумаса керек» деп ескертеді [127, б. 54].

Профессор Г. Смағұлова шәкірті А. Манкеевамен бірге қазақ тіліндегі «Түсіндірме сөздік: түр-түс атаулары мен реңктері» атты еңбегінде [42] «түр-түс атаулары мен олардың реңктері – мәдениетті жасайтын фактор әрі ұттық

мәдениеттінің ерекшеліктерін танып-білудің негізгі құралы» деген тұжырымға келеді. Ғалымдар тіліміздегі түр-түс атаулары грамматикалық, аналитикалық тәсілдермен жасалынғандығын ажыратып, төрт түрін ажырады. Олар,

1. *Бір сөзден тұратын түр-түс атаулары:* Ақ көрпесін айқара жамылған ақ дала;

2. *Екі сөзден тұратын түр-түс атаулары:* Осыны айтқандағы оның дөңес мұрынды сопақша беті мен ұзынша ақ бурыл сақалын соза сипай түскен етті томпақ қолына дейін көз алдына келе қалды;

3. *Үш сөзден тұратын түр-түс атаулары:* Оның беті қуанса да, қорықса да қызарып, балбыраған ал қызыл күреңге айналды.

Халқымыздың түс атаулар жүйесінде көк түс жасыл, сұр, көкшіл реңктермен астасып, табиғаттың тұтастығын бейнелейді. Ал осы қоршаған ортадағы жеті түстің бірі көк түсінің қазақы ұлттық танымында бірнеше мағыналық реңктері бар екен. Профессор Г. Смағұлова бұл түстің бірнеше реңктерін анықтаған. Мысалы,

1. Айқын көк бейн. *Анық, таза көк түс*  
2. Ақ көк бейн. *Көк пен ақ түстің қатар келуі*  
3. Ақшыл көк бейн. *Ақ түспен көктің араласуындағы көктің басымдығы*

4. Алқаракөк бейн. *Құбылған қызғылт қара түстің көк реңі.*  
5. Аспан көк бейн. *Аспан түстес көк.*  
6. Атлас көк экспр. *Ашық жылтыр көк*  
7. Ашаң көк бейн. *Көкпеңбек түс*  
8. Ашық аспандай көк бейн. *Тұнық көк түс.*  
9. Бұлт секілді көк бейн. *Ақшылтым көк*  
10. Жылтыр көк бейн. *Көктің жалтыраған реңкі*  
11. Жасыл көк бейн. *Жасыл мен көк түстің қатар келуі.*  
12. Зеңгір көк экспр. *Тым биіктен көрінеті көк түс.*  
13. Көгіс жерг. Ақт. Ойыл; Гур; Маңғ.; *Көкшіл түс*  
14. Көк негіз. *Қоршаған ортада кездесетін негізгі жеті түстің бірі*  
15. Көк айран этн. поэт. *Майсыз сүттен ұйытылған айранның түсі*  
16. Көк аспандай бейн. *Аспан түстес*  
17. Көк барқын бейн. *Қою қошқыл көк*  
18. Көк бершімек бездей жерг. *Қатты бездің көк реңкі*  
19. Көк болат бейн. *Металл (болат) түсі*  
20. Көк буалдыр бейн. *Күңгірт, көмескі көк реңк*  
21. Көк бурыл бейн. *Көк және ақ түске сәл қара араласқан реңк*  
22. Көк бұйра бейн. *Қара көк түстердің араласуындағы көктің басымдағы*

23. Көк жағал бейн. *Сұр түстердің арасындағы жолақтанған көк реңк*  
24. Көкжалқақ бейн. *Сары, көк, жасыл түстердің араласқан кезіндегі көк жасыл реңк*

25. Көк жылтыр экспр. *Көктің жылтыраған реңкі*

26. Көкжілтім (көгжілтім) бейн. *Көгілдір түс*
27. Көк күміс бейн. *Көк түстің аясында көрінетін металдың (күміс) реңкі*
28. Көк қасқа экспр. *Көк немесе басқа түстердің үстіндегі дақ, жолақ*
29. Көк қорғасындай бейн. *Көкішіл сұрғылт металға (қорғасын) ұқсас реңк*
30. Көк қошқыл бейн. *Көгі басым қара қоңыр реңк*
31. Көк майқара бейн. *Жусан түстес шөптің реңкі*
32. Көк мақпалдай бейн. *Жұмсақ матаның (мақпал) көк реңкі*
33. Көк мұздай бейн. *Мұз түстес реңк*
34. Көк ніл бейн. *Көкпеңбек, шымқай көк*
35. Көкпеңбек бейн. *Анық айқын көк түс*
36. Көкпеңбек көк (көкпең көк) бейн. *Анық, айқын, таза көк түс*
37. Көкпеңбек шыңылтыр бейн. *Жарқыраған көкпеңбек реңк*
38. Көксарбас бейн. *Жан-жануарлардың бас жақ бөлігіндегі сырғыш көк реңк*
39. Көк сеңгір (сеңгір көк) экспр. *Тым биіктен көрінетін көк түс*
40. Көк сүмбе көне *Қарудың көк түсі*
41. Көк торғын бейн. *Жұқа жібек матаның көк реңкі*
42. Көктұқыл бейн. *Шағын қысқа, заттың көк түсі*
43. Көктілі – күреңді бейн. *Көк, қызғылт, қоңыр, реңктер араласқан түс*
44. Көк шабдар бейн. *Окказ. Ақшыл сары түске араласқан көк реңк*
45. Көк шағыл бейн. *Жылтыр көк түс*
46. Көк шәйі бейн. *Үлбіреген жібек матаның (шәйі) көк түсі; жұқа көк реңк*
47. Көкше бейн. *Мұздың көк түс*
48. Көк шулан (шұлан) бейн. *Көкішіл, бурыл түс*
49. Көк шулан жабағыдай экспр., *оказ Көкішіл, бурыл түс*
50. Күлгін көк бейн. *Күлгін араласқан көк түс*
51. Күнге тотыққандай қара көк поэт. *оказ. Қара араласқан көктің реңкі*
52. Кіршіксіз көк бейн. *Таза көк түс*
53. Қалың көк бейн. *1. Қалың шөптің жасыл реңкі; 2. поэт. Мезгілдің (түн) қара көк түсі*
54. Қап-қара көк экспр. *Тым қара көк түс*
55. Қара көк бейн. *Қарасы басым көк түс*
56. Қара көк қою (қою қара көк) бейн. *Қарасы басым қошқыл көк реңк*
57. Қара көк мөлдір бейн. *Ашық көк түстегі қараның басымдығы*
58. Қорғасындай қара көк бейн. *Көкішіл сұрғылт түстегі қара реңк*
59. Қызғылт көк бейн. *Көкжиекке түскен күн сәулесінің реңкі тәріздес*
60. Мөлдір көк бейн. *таза көк түс*
61. Мөп-мөлдір көк экспр. *Таза айқын көк түс*
62. Мұз (-дай) қара көк экспр. *Негізгі қара және көк түстердің араласуынан пайда болған көк түс*
63. Мұп-мұздай көкпеңбек экспр. *Мұз тәріздес тым көк реңк*



64. Мұз көк бейн. *Мұз тәріздес көк реңк*  
65. Ніл қара көк бейн. *Өте қара көк түс*  
66. Өліктей көкпеңбек экспр. *Кескін, бет әлпеттің көкшіл, сұр тартқан реңкі*

67. Сандалкөк бейн. *Жылқының көкшілдеу түрі*  
68. Сұрғыт көк бейн. *Сұрғылты басым көк реңк*  
69. Таза тұз бейн. *Қанық көк түс*  
70. Теңіз түстес көк бейн. *Қара мен көк түстердің үйлесімдегі реңкі*  
71. Теңіздей көгілдір экспр. *Алыстан қабылданатын ақшыл көк реңк*  
72. Тотияйын бейн. *Көк жасыл реңк*  
73. Тотияйындай көкпеңбек бейн. *Көкпеңбек көк жасыл реңк*  
74. Тұздай (көз) бейн. *Көкпеңбек түс*  
75. Тұздай көк экспр. *Өте көк*  
76. Тұнық көк бейн. *Таза, анық, көк түс*  
77. Шегір көк бейн. *Сарысы басым көк түс*  
78. Шымқай көк бейн. *Біріңғай көк түс*  
79. Шыңылтыр көк бейн. *Жылтыр көк рең* [12, б. 137]

Ғалымдар келтірген бұл реңктер арқылы халқымыздың көк түске қатысты танымдық жүйесі семантикалық дәлдікпен, танымдық тереңдікпен және көркемдік сезімталдықпен дараланып, нақтыланып берілетінін аңғаруға болады. Ұлттық дүниетанымымыздағы көк түсінің мұндай бай реңктік тармақталуы қазақ халқының қоршаған ортаны қабылдаудағы нәзік түйсік пен байқағыштық қабілетін, сондай-ақ тілдік бейнелеу мәдениетін айқын көрсетеді. Бұл тек тілдік ерекшелік ғана емес, сонымен қатар халықтың табиғатты қабылдау, оны бейнелеу мен сипаттаудағы өзіндік көзқарасын, өмір салтын, эстетикалық талғамын айқындайтын этнолингвистикалық құбылыс. Мысалы, *шымқай көк, аспан көк, көкпеңбек, зеңгір көк, тұнық көк, мұз көк, шегір көк, тотияйын көк* секілді ондаған реңктерге жіктелуі – қазақ тілінің бай сөзжасамдық мүмкіндігін ғана емес, сонымен бірге халық санасындағы реңк ажырату қабілетінің жоғары деңгейін көрсетеді. *Көкшіл, көгірек* деген реңктік мағынасы адам танымындағы зат пен құбылыстардың ортақ сипатына байланысты қалыптасқан. Ал жылқы түлігінің түр-түстеріне қатысты атаулардың ішінде де көк түсті сипаттайтын *сандалкөк, шулан көк, көк торғайдай, көк шабдар* сияқты тіркестер жиі кездеседі. Мұның өзі көк түстің тек табиғи құбылыс емес, тіршілікпен, салт-дәстүрмен, шаруашылық өмірмен біте қайнасқан мәдени символ ретіндегі орнын дәлелдейді. Осы бай реңктік жүйе арқылы қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік, лингвомәдени, символдық мәні кеңінен ашылады. Көк түске қатысты мұншама мол және нәзік семантикалық жіктелім – қазақ халқының қоршаған әлемге сезімталдықпен, нәзік бақылау негізінде қарағанын, сол арқылы рухани-мәдени кодының қалыптасқанын көрсетеді. Сондықтан көк түс және оның реңктік атаулары қазақ халқының дүниетанымы мен тілдік санасындағы табиғи әлемді түйсіну мен пайымдаудың көрінісі ғана емес, сонымен бірге

ұлттың рухани-мәдени болмысын айқындайтын тілдік-мазмұндық феномен ретінде зерттеуді қажет етеді.

Түр-түс атауларының лингвистикалық зерттеулері тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінуде, әрбір ұлттың дүниетанымдық жүйесін ашуда маңызды рөл атқарады. Бұл саладағы зерттеулер тіл мен мәдениеттің терең қабаттарын, сондай-ақ әрбір халықтың ұғымдар мен символикалар жүйесін көрсетеді. Әсіресе, қазақ тілінде түр-түс атауларының көпқырлы және бай семантикасы ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі, оны тереңірек түсіну арқылы ұлттың тарихи және мәдени ерекшеліктерін толық бағалауға болады. Қазіргі тіл теориясы зерттеулерінде әлемдік деңгейде күрделі лингвистикалық мәселелер қарастырылып, олардың шешімі табылып келеді. Әр халықтың тілі – сол халықтың этникалық болмысы мен мәдени дүниетанымының айқын көрінісі. Жаңа ғасырда тілді танымдық тұрғыда қарастырудың қажеттігі артып отыр. Бұл үрдісте тіл тек қатынас құралы емес, сонымен бірге адам санасының жемісі, ой мен рухтың тоғысында дүниені танытатын жүйе ретінде түсіндіріледі. Адамзат қоршаған ортаны сезім арқылы қабылдап қана қоймай, оны ой елегінен өткізіп, бағалап, қайта жасап, тәжірибеде қолданады. Соның нәтижесінде әр ұлттың өзіндік ғаламның тілдік бейнесі қалыптасады. Осындай тың мәселелердің бірі – аталымның жасалуындағы сананың, танымның, ойлаудың тілдегі таңбасы бүгінгі лингвистикада кешенді зерттелуде. Тіл мен ойлау – бір-бірімен байланысты заңды құбылыс. Қазақ тілін талдап тануда А. Байтұрсынұлының еңбегін ерекше атау керек. Ғалым: «...қазақ сөзі не байырғы мағынасын жаңғырту (өзгерту) не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген атаулар, *көбі жасанды сөздер*» - деп жана термин ретінде өзі ендірген жасанды сөздердің қызметі жөнінде нақты пікір білдірген. Тілдегі таным көрінісін таңба арқылы ғылыми тұрғыда қарастыру – қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі. Таңбаның бастау негізі, қалыптасу заңдылықтары мен белгілері оның даму үдерісін жан-жақты талдағанда ғана айқындалады [2]. Бүгінгі таңда «тіл мен этнос» мәселесіне арналған зерттеулер ұлттық сипат, ұлттық таным, ұлттық рухты тіл арқылы тануға бағытталуда. Алайда тілдің халықтық таным дерегі ретіндегі әлеуеті әлі толық ашылған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда тілдегі мәдениеттің айқын үлгілері – ұлттық таңбалар мен символдар, соның ішінде түр-түстік атауларды зерттеу бұл саладағы ізденістердің заңды жалғасы. Ұлттық таңбалардың негіздері – *белгі, нышандар* халық болмысында әмбебап категория екені даусыз. Бірақ бұл зерттеу жұмысында *сындық түстермен жасалған күрделі аталымның* қалыптасу, дамуындағы негізгі қызметі халық танымы мен рухани-материалдық мәдениетінің негізінде қарастырылады.

Сын есімдердің шығу төркіні жайында С. Аманжолов былай дейді: «Кейбір сын есімдер әлі күнге дейін әрі зат есімдік, әрі сын есімдік мәнге ие. Мысалы, «көк» – бір жағынан түс атауы, екінші жағынан «аспан» мағынасында қолданылады; «қара» – әрі түс, әрі «мал» ұғымында; «қызыл» – әрі түс атауы, әрі қоғамдық топтың символы» [128]. Түркі тілдеріндегі

материалдарды салыстыра қарағанда, бір тілде зат есім қызметін атқаратын сөз басқа бір тілде сын есім орнына жұмсалатыны байқалады.

«Көк» концепті қазақ мәдениеті мен тілінде тек түстік категориямен шектелмей, кеңістік, табиғат, мифологиялық, эмоционалдық және символдық деңгейлерде мағыналық байлыққа ие болып, халықтың рухани-мәдени дүниетанымын білдіретін кешенді когнитивтік құрылым ретінде қалыптасқанын көрсетуге болады. Түр-түс символикасы – халықтың тарихи, мәдени және рухани дүниетанымын айқындайтын маңызды ұғымдардың бірі. Түр-түс атаулары метафоралық, символикалық және мифологиялық мағыналарды да танытады. Ұлттық сананың бір бөлігіне айналған себебі, тек қана физикалық құбылысты көрсетпей, символикалық негіздерді де қалыптастырады. Әрбір түстің мәдениеттегі орны сол халықтың салт-дәстүріне, тарихи даму жолына және дүниетаным ерекшеліктеріне сай өзгеше сипат алады. Түр-түстерді этностың өзіндік ұлттық ұстанымын білдіретін күрделі құбылыс ретінде қарастырсақ, олардың когнитивтік және прагматикалық қырларын зерттеу «тіл мен ойлау», «тіл мен қоғам», «әлемнің тілдік бейнесі» секілді іргелі мәселелерді жаңа қырынан таниды. Түр-түстер – мәдениетаралық коммуникацияда ерекше рөл атқарып, ұлттық мәдениетті танып-білудің басты кілттерінің бірі. Қазақ тіліндегі әрбір түр-түс атауы халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесі туралы құнды ақпарат береді.

Тіл – эмоциялық көңіл-күйді білдіретін негізгі коммуникациялық құрал. Алайда адам сезімін жеткізуде мимика, ым-ишара сияқты бейвербалды амалдарды да қолданады. Ашулану, тітіркену тәрізді эмоцияларды беру кезінде интонация, дауыс ырғағы, сөйлеу қарқыны, қас пен ерін қимылы, бет-әлпеттің өзгерісі маңызды рөл атқарады. Көркем мәтінде бейвербалды құралдар қосымша ақпарат көзі болып, кейіпкердің іс-әрекетін, көңіл-күйін нақтылай түседі. Сонымен бірге эмоциялық тәжірибенің тілдегі көрінісі оны айналасындағылар қалай қабылдайтынына байланысты болады. Эмоция адамнан адамға беріледі, оны жеткізудің сапасы адамның эмпатиясына және қарым-қатынас ерекшелігіне тәуелді.

Эмоцияны бір ғана тілдік деңгей аясында толық сипаттау мүмкін емес, себебі ол – көпқырлы құбылыс. Сол себепті эмоционалды реңкі бар сөйлеуді зерттеуде лингвистика, паралингвистика, дискурсивтік талдау және гендерлік аспектіні қамтитын интеграцияланған тәсілді қолдану орынды. Жұмыстың ғылыми жаңалығы – эмоция құбылысын «көк» түсіне қатысты сөздік қор арқылы дискурс деңгейінде эксперименттік тұрғыда қарастыруында. Дискурстық талдау «көк» түсімен байланысты эмоциялық мәнді сөздердің ашу-ыза сияқты күйді қалай білдіретінін және олардың өзектілігін жан-жақты ашады. Мәселелердің барлық кешенін қарастырудың эксперименталды перспективасы сөйлеушінің «көк» түсінің бағалауыштық дискурстағы «ашу» эмоциясын білдірудің лингвистикалық және тілдік емес құралдарын талдаудың нақты әдістемесін әзірлеуге және сынауға мүмкіндік берді.

«Көк» түсінің когнитивтік болмысын синкреттік сипатын былайша түсіндіруге болады: көк сөзі арқылы берілетін ашу-ыза эмоциясы эмоционалдық күй элементтері мен бағалау элементтері арқылы сыртқы шығады. Көк түсіне қатысты дискурстағы эмоциялар контекстік реализацияға ие болғанда, ашу не қуанышты мағынаны білдіру екі жүйеге негізделген: тілдік және тілдік емес. Сонымен қатар, бұл жерде эмоционалдық мағынаны актуалдандырудың белгілі бір құралдарын таңдауды анықтайтын прагматикалық (мақсат қою), әлеуметтік-мәдени (гендерлік) және экстралингвистикалық (коммуникациялық жағдай, сюжеттік) факторлардың ықпалын ескерген жөн.

Тілімізде көк түске байланысты алғыс, бата-тілек сөздер де адамның эмоциялық көңіл-күйін бейнелейді. Мысалы: «көсегең көгерсін», «көсегең көгерсін, көрпең ұзарсын!», «көк майсадай көгеріп өсе бер!», «көктеп, көбейе беріңдер!», «төбең көкке жете берсін!» сияқты сөздер үлкендердің шын ниетімен айтқан ізгі тілектерінің көрінісі. Мұндағы *көсегең көгерсін* тіркесі – ұрпағы өсіп-өнсін, бәйтеректей тамыр жайып, мың жасасын деген мағынаны білдіретін қазақ үшін аса маңызды баталы сөз. Эмоция – адамның әлемге деген көзқарасы мен ішкі сезімін танытатын әмбебап қарым-қатынас формасы. Біздің ішкі және сыртқы өміріміздің бөлшегі болып, қуану, ренжу, таңдану, сүйсіну, жек көру сияқты сезімдер арқылы көрініс береді. Адам эмоциясын қалай жеткізетінін толық аңғара алмаса да, оның астарында ішкі толқыныс пен өмірлік тәжірибені білдіретін аялық білім жатады. Ежелден тіл, мимика, ым-ишара эмоцияны жеткізудің негізгі құралы болған.

Көркем мәтіндегі эмоциялық тіл бірліктері қарым-қатынастың спецификалық және эмоционалдық жағдайларына тәуелді болатын ерекше қарым қатынасты қалыптастыратыны белгілі. Шығармадағы кейіпкер тіліндегі эмоционалды-экспрессивті лексика арқылы сол тұлғаның психикасын және оның ішкі күйін түсінуге болады, адамның жеке басының адамдық келбетін, ашуға және түсінуге көмектеседі. Көркем мәтіндегі эмоциялық лексиканың қызметі мен семантикасы эмоционалды лексика қолданылатын күнделікті қарым-қатынастағы жағдайлардың заманауи классификациясын ұсынуға, оны көркем шығармада қолданудың қазіргі тенденцияларын анықтайды. Адамның эмоциясын жеткізудегі түр-түстердің экспрессивті қызметі кейінгі уақытта ғалымдар назарын аударып келе жатқан ерекше бір тақырыптардың бірі десек қателеспеген боламыз. Тіліміздегі қай түр-түс атауы болсын халықтың тұрмыс тіршілігінің, дүниетанымынан, өмірлік тәжірибесінен хабар беретін тілдік ақпараттар. Түр-түс атаулары мәдениетаралық коммуникацияда ерекше сипатқа ие болғандықтан, ұлттық мәдениетті танып-білудің негізгі аспектісі ретінде түстердің экспрессивтік қызметін зерттеу арқылы сол мәдениетті қалыптастырушы тұлғаны тануға пайдаланады. Бағыттағы зерттеулер нәтижесі этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, этнопсихология, лингвокогнитивтік психология, лингвомәдениеттану сынды тіл білімінің салаларының мәселелерін анықтайды. Қазақ фразеологиясының семантикасы соңғы жылдары

лингвистикадағы жаңа бағыттар аясында, когнитивті санаға сүйене отырып зерттелуде. Бұл зерттеулер дүниенің тілдік бейнесін құрайтын концептілердің өзара байланысын ашады және қазіргі тілдік деректерді салыстыруға, сондай-ақ сол тілді қолданушылардың дүниетанымы мен ұлттың әлеуметтік-тарихи даму контекстін түсінеді. Себебі тұрақты тіркестер халық өмірінің әр кезеңінен тікелей мәлімет беретін айрықша дереккөздер. Адамның ішкі сезімі мен көңіл күйіне байланысты айтушы адамның көзқарасын білдіретін сөздерді эмоционалды-экспрессивті сөздер деп атаймыз. Орыс ғалымы О.С. Ахманова тіл біліміндегі мұндай сөздерді эмоция мен экспрессивті деп екіге бөле отырып, адамның көңіл-күйін жеткізетін сөздерді эмоционалды сөздер деп, ал экспрессияны-тіліміздегі бейнелі сөз қатарларымен берілетін эмоциялық бояуы басым сөздер тобы деп қарастырады [129]. Эмоция – адамның ішкі жан дүниесін айқындайтын, қуаныш пен қайғы, махаббат пен жек көру, ашу мен реніш, таңырқау мен күдік сияқты сезімдерді бейнелейтін құбылыс, әрі психологиялық, әрі тілдік деңгейде көрініс табады. Лингвистикалық тұрғыдан эмоция адамның жан тебіренісі мен көңіл толқынын тіл арқылы жеткізудің, бағалаудың, бейнелеудің құралы. Эмоциялық аймақ интеллектпен қатар жеке тұлғаның болмысын қалыптастырады. Адамның нені ұнатып, нені жақтырмайтыны, нені жоғары бағалап, нені қабылдай алмайтыны – бәрі де оның эмоциялық-экспрессивтік көңіл күйінің тілдік бейнелеуі арқылы ашылады. Дискурстың когнитивтік уәждемесін эмоционалдық қырынан қарастырғанда, түр-түс атауларының байлығы мен олардың эталондық реңктері ерекше назар аударады. Түс кестесінің белгілі бір бөлігін айқындауда тілдік тұлғаның ішкі сезімі, ниеті, эмоциялық күйі айқын рөл атқарады. Сол себепті зерттеу материалы ретінде «көк» сөзі төңірегіндегі тілдік бірліктердің таңдалуы заңды құбылыс. Қазақ тіліндегі түр-түс атаулары адамның физиологиялық қабылдауымен ғана шектелмей, оның сөйлеуіндегі, сезінуіндегі, эмоция арқылы бастан кешкен түйсіктерінде көрініс табады. Адамға қатысты эмоцияны бейнелеу тәсілдерін және оны жүзеге асыратын тілдік, бейтілдік құралдарды айқындау – жеке, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерді де таниды.

Түр-түстердің мағыналық, танымдық, концептуалдық қырларын ашу қазіргі зерттеулерде осы тұрғыдан алғанда аса өзекті. Осы тұрғыдан алғанда көк түсіне қатысты алғыс және қарғыс мәнді сөздер қалыптасқан. Түр-түстердің ішінде «көк» түс ең алдымен аспан мен су әлемімен – мұхит, теңіз, көл, өзен ұғымдарымен астасады. Қазақ мәдени танымында ол бейбітшілік пен азаттықтың, еркіндік пен бостандықтың символына айналып, мемлекеттік тудың түсінде көрініс табуы да соның айғағы. «Көк» концептісі тілде жағымды да, жағымсыз да коннотативтік реңктер арқылы вербалданады. Концепт тек ұғымдық ақпаратты ғана емес, психологиялық, этимологиялық, прагматикалық және мәдени мазмұнды да қамтитын күрделі танымдық құрылым. Сөйлеушінің дискурсындағы эмоционалдық факторлар субъектінің санасында дамитын дүние суретінің құрамдас бөлігін бейнелейтін «көк» түсінің тілімізде эмоцияларды активизациялау, адамның мінез-құлқы туралы

және ішкі ойы мен түйсігін түсінуге ықпал етеді. Көк түсіне байланысты адамның күйініші мен сезімін сипаттауда эмоциялар вербалды түрде де, вербальды емес түрде де жүзеге асуы мүмкін. Коммуникативтік жағдаяттың мақсаты мен құрамдас бөліктері сөйлеу әрекеттерінің мазмұнын ғана емес, сонымен қатар ішкі ойдың білдірудің оңтайлы формаларын да сипаттайды. Тіл – сөзсіз сөздің негізгі және ең тиімді құралы. «Көк» түсіне қатысты дискурсты зерттеу нәтижелері көрсеткендей, лексикалық тұрғыдан алғанда бұл көбінесе ашуды білдіретін қарғыс сөздер. Синтаксистік тұрғыдан алғанда, «көк» түсі арқылы берілетін ашу эмоциясы инверттелген конструкциялар, қайталаулар және эллипсис арқылы беріледі. Зерттелетін «көк» түсі арқылы берілетін эмоционалдық күйді беруде интонацияның алатын орны ерекше. Эмоцияларды білдіру кезінде сөйлеу интонациясының барлық компоненттері қатысады: адам дауысының күші артады, оның биіктігі мен тембрі айтарлықтай өзгереді, сөйлеу жылдамдығы жоғарылайды немесе күрт баяулайды. «Көк» түсі арқылы берілетін ашу не қуану сезімдері бір мезгілде қолданылатын лексикалық, грамматикалық және просодикалық құралдардың комбинациясы арқылы, сондай-ақ осы құралдар топтарының кез келгенінің басым қолданылуымен актуалды болуы мүмкін. Дегенмен, белгілі бір сөйлеу әрекетінің жағдайында, қалағанға жету үшін әсері, вербалды емес коммуникация құралдары да қолданылады. Осыған байланысты эмоцияларды білдіру процестерін зерттеу әрқашан тілдік және тілдік емес құралдарға және ең алдымен қарым-қатынастың паралингвистикалық саласына кіретін ым-ишараға, мимикаға сүйенеді. Эмоция құбылысын тіл білімі аясында зерттеуде сөйлеудің эмоционалдық саласының мәнін толық түсінбеу нәтижесінде эмоция туралы ғалымдар пікірлерінің сыңаржақтығын туғызғаны рас. «Эмоция адамның көңіл-күйін ғана емес, оның мақсат-мүддесі мен интеллектін де айқындайды. Эмоциялық деңгей тек туа біткен қасиеттерге емес, сонымен бірге әлеуметтік ортаға, тарихи кезеңге, халықтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне де тәуелді» [130, б. 28]. В.А. Звегинцев эмоция тудыратын сөздердің мағынасы сөз мағынасын тудырушы сөздер қатарында емес, сондықтан семасиологияның емес, стилистиканың зерттеу нысаны деп қарастырады.

Эмоция – өмірлік жағдайларды бейнелеуде халықтық менталитеттің ажырамас бөлшегі. Тілдік қолданыста ерекше экспрессивті реңкке ие болып, жағымды да, жағымсыз да эмоцияны жеткізудің құралына айналады. Алғыс пен қарғыс сөздерде кеңінен қолданылады. «Көк» сөзі қазақ қарғыс сөздерінде жиі кездеседі. Қарғыс – біреуге бағытталған зәрлі сөз; лағынет, нәлет. Қазақ тілінде «қарғыс алды – лағынет естіді» деген нақыл сөз осыны дәлелдейді. Қарғыс-алғыс мәнді сөздер – адамның сол мезеттегі сезімін, ішкі жан күйзелісін, қуанышын білдіреді және адамның мінез-құлқына, өмір сүру жағдайына, әлеуметтік ортасына, басынан өткен оқиғаларына байланысты өзгеріп тұратын тіл бірліктері. Қазақ тілінде «көк» сөзіне қатысты қарғыс мәнді тұрақты тіркестер жеткілікті. Тілімізде көк сөзінің қатысымымен көк кәріне ұшыра! көк тәңірінің қаһары келсін, қаһар-кәріне тап бол! көк соқыр!

көкшешек бол!, көгала келіп, атың өшсін!, көктей сол!, көк кәріне ұшыра!, көк шешек келсін!, көк түйнек болғыр!, көгермей, көктей сол! [-ғыр], көк келгір! көктей кетейін!

Көк соқыр! деген қарғыстың мағынасы космогониялық тұрғыдан көктегі тәңірінің қаһарына душар болуды, жоғары күштердің қаһарына ұшырауды тілейді.

Көк түйнек болғыр! [келгір, шыққыр!]

Көк шешек келгір! ұрыс-қарғыс. («Шешек» – бөртпе аурудың аты).

Көк соққан! Көк соққыр! Тәңір соққан! [соққыр] Құдай атқан! [атқыр] қарғыс. «Алланың қаһары тисін» деген мағынада.

Көк кәріне ұшыра! [Ұрын!] қарғыс. Көк тәңірінің қаһары келсін, қаһар-кәріне тап бол.

Көктей солғыр! Көгермей, көктей сол! [-ғыр] қарғыс. Қыршыныңнан қиылғыр деген мағынада.

Көк келсін! диал. қарғыс. Адамға, әрі малға

Көктей кетейін! – қарғыс сөзі. «жастай өлейін осыны істесем» деген мағынада ішкі күйініштің салдарынан көк атауы болсын халықтың тұрмыс тіршілігінің, дүниетанымынан, өмірлік тәжірибесінен хабар беретін тілдік ақпараттар болып табылатындығын байқау қиын емес [131].

Қарғыс мәнді сөздер күнделікті сөйлеу тілінде жиі қолданылады және адамның ашу-ызасы мен күйінішін, ішкі толғанысын білдіреді. Мұндай фразеологиялық оралымдар сөйлеушінің тілін әсерлі етіп, ерекше экспрессивтік реңк береді. Фразеологизмдердің эмоционалдық мәні туралы Ө. Айтбайұлы: «Қандай тілде болмасын фразеологиялық единицалар астарлы, образды мағынада қолданылады. Олардың мәнерлеп, бейнелеп айту қызметі күшті... Экспрессивті тұрақты тіркестер сезімге айрықша әсер етеді» – деп атап көрсетеді [132].

«Көк соққыр! Тәңір соққан! Құдай атқан!» сияқты сөздер «Алланың қаһары тисін» деген ұғымда қолданылып, ерекше ашу-ыза мен наразылықты білдіреді.

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі «көк» концептісінің тілдік табиғаты мен ұлттық дүниетанымдағы орны жан-жақты қарастырылып, бұл түс атауының фразеологиялық және паремиологиялық бірліктердегі көрінісі анықталды. «Көк» сөзі қазақ халқының мәдени-рухани әлемінде терең символдық мәнге ие екені дәлелденді. Ол тек түс атауы ретінде емес, сонымен қатар адамның ішкі жан дүниесін, психологиялық күйін, эмоциялық ахуалын бейнелеуде маңызды қызмет атқарады. Тілдік қолданыста «көк» сөзімен жасалған тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде жағымды және жағымсыз мағыналар қатар көрініс тапқан. Бұл – қазақ халқының болмысты қабылдау ерекшелігі мен эмоционалдық танымын танытады. Сонымен қатар, «көк» концептісінің фразеологизмдердегі қызметі қазақ менталитетінің, ұлттық таным-түсініктің көрінісі ретінде танылып, мәдени ақпаратты жеткізетін лингвомәдени құрал ретінде маңызды рөл атқаратыны анықталды. Аталмыш зерттеу «көк» түсінің қазақ тіліндегі эмоционалды-экспрессивті сипатын,

әсіресе көркем әдебиет, батырлар жыры, бата-тілектер мен қарғыс-алғыс сөздердегі қолданысын зерделеу арқылы оның тілдегі әсерлік мүмкіндіктерін ашып көрсетті. Эмоциялық мазмұн көбінесе ашу-ыза, реніш, күйзеліс сынды сезімдердің берілуінде ерекше айқын байқалады. «Көк» концептісінің гендерлік сипаттамалар тұрғысынан зерттелуі де қазақ тіліндегі ер мен әйел сөз қолданысындағы психофизиологиялық және лингвистикалық айырмашылықтарды ашуға мүмкіндік берді. Бұл тілдік ерекшеліктер – ұлттық психологияның көрінісі әрі тілдегі концептуалды мазмұнның маңызды бөлігі.

Зерттеу нәтижесінде «көк» сөзі фразеологиялық және паремиологиялық тіркестерде кең мағыналық өріске ие екені анықталады. Ол тек түс немесе аспан ұғымы ретінде ғана емес, сондай-ақ рухани биіктік, әділеттілік, тағдыр және өмірлік үміт сияқты мәдени-символдық мәндерді де қамтиды. Сонымен қатар, қазақ халқының дүниетанымы, этикалық қағидалары мен эмоциялық-экспрессивті реңктерінің көрінісі ретінде айқындалады. Сонымен қатар көк түсінің түрлі мәдени аспектілердегі, әлеуметтік қатынастардағы және психологиялық күйзелістердегі рөлі анықталды. «Көк» түсінің табиғи құбылыстармен байланысы да оның дүниетанымдық мағынасын аша түседі. Түр-түстердің семантикасы, символикалық мәні, этимологиялық негізі және концепт құру ерекшеліктері тілтану зерттеушілерінің назарында болып, адамтану парадигмасы тұрғысынан талдануда. Түс халқымыздың рухани және ұлттық санасында маңызды орын алады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «көк» концепті қазақ тілінің когнитивтік кеңістігінде менталды формадағы мағыналық өріске ие болып, көптеген мәдени коннотациялармен байытылған. Бұл тілдік бірліктер ұлттық мәдениет пен халықтық дүниетанымның әсерімен ғасырлар бойы жинақталып, қазақ концептосферасында семантикалық тұрғыдан ерекше маңызға ие. «Көк» концептісіндегі фразеологиялық тіркестерді когнитивтік тұрғыдан талдағанда олардың ұлттық сипаты мен бейнелі тіл орамдарының пайда болу көздері, яғни мәдени ентаңбалар мен этномәдени деректер арқылы түсінуге мүмкіндік беретіндігі көрінеді. Бұл тұрақты тіркестердің символдық, стилистикалық және семиотикалық ерекшеліктері айқын байқалады. Сонымен қатар, «көк» концептілі фразеологизмдерде ұлт мәдениеті, ауыз әдебиеті, мифологиялық дүниетаным іздері анық көрінеді. Осы тұрғыдан қарағанда, олар әлем бейнесін танудағы қайталанбас модельдер ретінде бағаланып, халық қолдануындағы өміршендігімен, атадан балаға мирас болып жеткен мәдени мұра ретіндегі мәнін сақтайды.

Ұлттық мәдениетте түр-түс атаулары белгілі бір құндылықтар жүйесін, дүниетанымды және әлеуметтік қатынастарды бейнелейді. Халықтың тарихи санасында сакральды мағынаға ие болып, түрлі рәміздерде, мифтерде, фольклорда және тілдік бірліктерде көрініс табады. Когнитивтік тұрғыдан түстер адамның қоршаған ортаны қабылдауына, эмоциясына және дүниетанымына әсер етеді. Әр халықтың түс қабылдау ерекшеліктері олардың өмір сүру салтына және табиғи ортасына байланысты қалыптасады. Мәдени тұрғыдан түстер ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда, ритуалдар мен



наным-сенімдерде ерекше мағынаға ие. Қазақ мәдениетінде ақ түс тазалық пен адалдықты білдірсе, қара түс көбінесе қайғы мен ауыртпалықтың символы ретінде қолданылады. Түр-түс символикасы – ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі. Ол халықтың дүниетанымы мен рухани өмірінің көрінісі ретінде ғасырлар бойы сақталып, тілді, дәстүрді және ұлттық рәміздерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Түр-түс атауларының когнитивтік, мифологиялық және этномәдени ерекшеліктерін зерттеу – ұлттық сана мен мәдени кодты түсінуге жол ашады.

«Көк» концептісіне жүргізілген концептуалдық-семантикалық талдау нәтижесінде оның мағыналық реңктері мен ассоциациялық қатары айқындалды. Зерттеу жұмысының мақсатына сай «көк» концептісінің когнитивтік сипаты ашылып, оның мән-мазмұнын айқындайтын тілдік бірліктердің коннотациялық мағыналары талданды. «Көк» концептісіне қатысты тілдік деректер антропоэзектік бағытта қарастырылып, бұрынғы ғылыми еңбектерге сүйене отырып оның лингвомәдени сипаты нақтыланды. Когнитивтік лингвистикада кез келген концептінің мәдени реңкі – оның басты белгілерінің бірі. Ғаламның тілдік бейнесі мен ұлттық дүниетанымды түсінуде концептінің маңызы зор. Ұлттың этномәдени санасында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ықшам формада берілетін құрылымды концепт деп танимыз. Зерттеу барысында «көк» концептісінің мағыналық реңктерінің молдығы және олардың белсенді қолданылатыны анықталды. Ұлттық тілдік қордағы «көк» концептісінің мағыналық реңктері арқылы жасалған оралымдар – ғаламның тілдік бейнесін сомдауға қатысатын модельдер. Олардың мәнін ұғыну үшін аялық білім мен өмірлік тәжірибе қажет. Қазақ халқының мәдени дәстүрімен астасқан тілдік таңбалардың тереңінде ұлттық дүниетанымның ізі жатқаны айқын. Тіл – ұлт мәдениетінің бір бөлігі, сондықтан тілдік бірліктерді зерттеу мәдениетімізді танудың негізі. Осы тұрғыдан алғанда, «көк» концептісі қазақ халқының көне дәуірден бүгінге дейін жеткен терең танымын көрсетіп, ғаламның тілдік бейнесін айқындайды. Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі «көк» концептісі – өзіндік даму тарихы бар, халқымыздың ғалам туралы танымын бейнелейтін кең ауқымды құрылым.

Ұлттардың мәдениеті мен тілінің өзара байланысы қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары мен интернеттің ықпалымен кеңейіп, түс символикасының ортақ мағыналық кеңістігін қалыптастыруда маңызды орын алады. Түр-түстер қоғамдық-саяси қозғалыстар мен әлеуметтік құбылыстардың символы ретінде белсенді қолданылып, осы негізде жаңа фразеологиялық бірліктер, перифразалар мен күрделі лексикалық құрылымдар пайда болуда. Көптеген халықтар үшін түс – әлемді танудың негізгі құралы. Ол нақты өмірлік шындықты сипаттап қана қоймай, эстетикалық және моральдық-этикалық бағалау қызметін атқарады, сонымен бірге семиотикалық жүйенің бір бөлігі әрі ұлттық дүниетанымның құндылықтық бейнесін айқындайтын элемент. Түсті қабылдау жүйесі ғылымдағы жіктеуден өзгеше: онда физикалық әрі психологиялық қабылдау

заңдылықтары, адамның әлем туралы білімі мен заттарды функционалды қолдану тәжірибесі ерекше рөл атқарады.

### **3.3 Тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердегі «көк» түсінің символдық-мағыналық қызметі**

Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының, соның ішінде «көк» концептісінің лингвомәдени мәні ерекше. «Көк» түсі тек хроматикалық сипатпен шектелмей, кең мағыналық өріске ие. Сонымен қатар халықтың рухани болмысы мен дүниетанымының көрінісі ретінде танымдық жүк арқалайды. Тіліміздегі паремиологиялық және тұрақты тіркестерде түр-түс атаулары адамның эмоциялық күйін, табиғат пен қоғамға деген қатынасын бейнелеуде әртүрлі бағалауыштық реңк үстеп, халықтың моральдық ұстанымдары мен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын мазмұндық-мағыналық қызмет атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, «көк» концептісі де ұлттық болмыстың символы ретінде тілдік құралдар арқылы өрнектеледі. Бұдан «көк» түсі – тек тілдік элемент емес, сонымен қатар ұлттық таныммен сабақтас күрделі мәдени-символдық ұғым екенін аңғарамыз.

Біздің зерттеу жұмысымыздың бұл тарауы тіліміздегі фразеологиялық және паремиологиялық тіркестердегі «көк» түсінің символдық-мағыналық қызметін талдауға арналады. Сонымен қатар тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердегі қолданылу ерекшеліктері, олардың халық дүниетанымы мен мәдени құндылықтарындағы рөлі зерттеледі. Бұл тараудың маңызы «көк» түсінің тілдік және лингвокультурологиялық аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Өйткені тілімізде қолданылып жүрген фразеологиялық, паремиологиялық тіркестер сан алуан мағынаны қамтып, экспрессивті-эмоционалды реңк үстейді. Олар сөйлеуге бейнелілік, әсерлілік, ұлттық таным мен дүниетанымдық ерекшеліктер қосып, тілдің көркемдік мүмкіндіктерін арттырады.

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі «көк» түсінің фразеологиялық және паремиологиялық тіркестердегі символдық-мағыналық қызметін анықтау үшін мәтіндік талдау, салыстырмалы-типологиялық және семантикалық әдістер қолданылды. Мәтіндерден жинақталған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің мағынасы жан-жақты талданып, олардың лингвомәдени контекстегі ерекшеліктері зерттелді. Сонымен қатар, ассоциациялық және когнитивті тәсілдер арқылы «көк» концептісінің қазақ мәдениетіндегі бейнесі мен мәні ашылды.

Тіліміздегі мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер – халықтың өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын, ұлттық құндылықтары мен моральдық-этикалық қағидаларын бейнелейтін «кестелі сөз», «өңменнен өтіп, қолқаны қозғайтын», «жаны сірі» тілдік-мәдени бірліктер. Олар ұлттың сан ғасырлық болмысын, көзқарасын, тіршілік салтын бейнелі түрде жеткізетін фольклорлық және фразеологиялық құралдар. Сонымен қатар көбінесе рухани, мифологиялық, символдық мазмұнмен астасып, ұлттық дүниетаным мен танымдық

модельдерді танытады. Мысалы, *«Көктен жауын жауады, шөптен жұпар тамады»* деген жолдарда «көк» сөзі тек аспан мен табиғат құбылысының белгісі ғана емес, сонымен қатар табиғат пен адам өмірі арасындағы тығыз байланысты бейнелейді. Мұнда көктің жауынмен қатар, жердің көктеп, өсімдік атаулының иіс шашуы – тіршіліктің жаңаруын, үйлесімділікті және табиғат-адам қарым-қатынасының гармониясын символдық түрде көрсетеді. Бірінші сыңардағы «көк» сөзі аспан мен жоғары әлемнің символы ретінде қолданылады. Мұнда табиғи құбылыстың заңдылығы бейнеленген аспаннан жауын-шашын түсуі жердің өнімділігін қамтамасыз етеді. Бұл лингвомәдени тұрғыдан қарағанда, аспан мен табиғаттың адам өміріндегі маңызды рөлін көрсетеді және олардың адамзатқа беретін сыйын дәріптейді. Екінші қатардағы «шөп» сөзі жер, өсімдік және жалпы табиғаттың символы ретінде қолданылып, жердің молдығын, табиғаттан алынған сәттілікті білдіреді. *«Шөптен жұпар тамады»* тіркесі лингвомәдени қырынан қарағанда, табиғат пен адамның үйлесімін, әсемдік пен молшылықты бейнелейді. Жоғарыда келтірілген мақал-мәтелде «көк» пен «шөп» тек заттық мағынада емес, сонымен бірге символдық және мәдени мәнде қолданылады. Олар адамның табиғатқа деген көзқарасын, аспан мен жердің өмірдегі рөлін көрсететін көрнекі тілдік құрал ретінде қызмет етеді. Сөздік қорымызда көк сөздің қатысымымен құрылған паремиологиялық тіркестер өте көп. Өйткені «қазақ мақал - мәтелдері ұлтымыздың бай мұрасы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні халық даналығының қайнар көзі, ақыл ойдың кені, халықтың сан ғасыр бойы жиған тәжірибесінен туындаған, тұжырым-қортындысы». Осы тұжырымды негізге ала отырып, халқымыздың ұзақ тарихи дәстүрінен туындаған мақал-мәтелдер арасында «көк» сөзінің тіркесімінен құралғандарының көп екенін аңғардық. Ол үшін Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты дайындаған қазақ тілінің «Ұлттық корпусы» платформасынан көк сөзіне қатысты мақал-мәтелдерді жинақтадық. Мысалы, *«жаманның тілі ащы, көк мияның гүлі ащы», «көк етікті кез келмей, көне етіктіні көзге ілмей», «көкте жазылған жерде оқылар», «көкте күн жалғыз, жерде гүн жалғыз», «көктен киіз жауса да, құлға ұлтарақ та тимейді», «көк тұйғыным, көп шүйгіме, алдыңда құрулы тор бар», «көңір жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?», «көпке жақын – көкке жақын», «көп ұнатса, көк тоқтыңды сойып бер», «от көктеп, су таудан түсті», «сиыр судан, түйе күннен, жылқы желден, қой көктен, ешкі тастан, адам топырақтар (жаралған)», «қыз жерден шыққан жоқ, ұл көктен түскен жоқ», «тамақ тоқ, көйлек көк, уайым жоқ», «ақыл ойға, білім көкке көтереді», «ақыл ойға, білім көкке көтереді», «көк инемен көктей білмейді» т.б. бұл мақал-мәтелдер халқымыздың тілдік қорындағы көк түсінің символдық, танымдық және дүниетанымдық қызметін ашатын аса құнды мәдени-тілдік деректер. Сонымен қатар бұл тіркестер халқымыздың дүниетанымының терең әрі көпқырлы екенін көрсетеді. Бұл тілдік бірліктердің мазмұнына зер салсақ, «көк» сөзі тек түс атауы ретінде емес, сонымен қатар кеңістікті, аспанды, биіктікті, тылсымдық пен қасиеттілікті,*

сондай-ақ әлеуметтік-рухани құбылыстарды бейнелеу құралы ретінде қолданылады. Мәселен, *Көктен жауын жауады, шөптен жұпар тамады* деген мақал арқылы аспан мен жер арасындағы өзара байланыс, табиғи құбылыстың заңдылығы сипатталады. *От көктен, су таудан түсті және сиыр судан, түйе күннен, жылқы желден, қой аспаннан (көктен), ешкі тастан, адам топырақтар (жаралған)*» сияқты тіркестерде әрбір тірі нәрсенің табиғатпен етене байланысы көрініс табады. Бұл мақал-мәтелдер лингвомәдени тұрғыдан қазақ халқының табиғатқа деген дүниетанымын, аспан мен жердің адам өміріндегі маңызды рөлін бейнелейді және символдық мәнге ие. «*Көкте жазылған, жерде оқылар*» және «*Ақыл-ойға, білім көкке көтереді*» тәрізді паремиологиялық тіркестерде «көк» сөзі абстрактілі ұғымдарды бейнелеу үшін қолданылып, биіктік, мәртебе, тағдыр және рухани кемелдік секілді концептілердің символына айналған. Мұндағы «көк» – тек физикалық кеңістікке (аспанға) қатысты емес, сонымен қатар жоғары құндылықтарды білдіретін метафоралық мәнде қолданылады. Атап айтқанда, «*көкте жазылған*» тіркесінде «көк» – тәңірлік жаратылыс пен жазмышты білдірсе, «*көкке көтереді*» тіркесінде ол – рухани даму мен әлеуметтік жоғарылаудың символы ретінде көрінеді. Бұл қолданыстар «көк» концептісінің қазақ дүниетанымында тек түстік не табиғи құбылыс емес, сонымен қатар тағдыршешті, трансцендентті мәнге ие символ екенін көрсетеді. Сонымен қатар «көк» сөзі мақал-мәтелдерде моральдық және әлеуметтік сипатта қолданылады, *көпке жақын – көкке жақын және көп ұнатса, көк тоқтыңды сойып бер* тіркестерінде «көк» абырой, жоғары мәртебе және қоғамдағы оң пікірмен байланыстырылады. Бұл тұрғыдан қарағанда, «көк» халық даналығы арқылы этикалық және әлеуметтік нормаларды білдіретін тілдік құралға айналады. Сонымен қатар, «көк» концептісі этнографиялық және космологиялық мәнге де ие. Мысалы, «*көкте күн жалғыз, жерде гүн жалғыз*» және «*қыз жерден шыққан жоқ, ұл көктен түскен жоқ*» мақал-мәтелдерінде аспан мен жердің үйлесімі арқылы әлемнің құрылымы мен адамның шығу тегіне қатысты түсінік берілген. Бұл қазақ халқының мифологиялық және космологиялық дүниетанымын көрсететін ерекше элемент. Келтірілген мысалдарды негізге ала отырып, «көк» концепті қазақ тілінде семантикалық және лингвомәдени әлеуеті жоғары сөз екендігін дәлелдей аламыз.

Академик Ә.Т. Қайдар «Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)» [127] еңбегінде қазақ мақал-мәтелдері түсіндірме сөздік формасында жүйеленіп, олардың мағынасы, қолданылуы және мәдени мәні жан-жақты қарастырылады. Еңбек аясында әрбір мақал-мәтелдің лексикалық және семантикалық мәні, қолдану жағдайлары егжей-тегжейлі түсіндірілген. Сонымен қатар, мақал-мәтелдердің моральдық, этикалық және өмірлік тәжірибеге негізделген мәні талданып, халық даналығының құрылымдық ерекшеліктері ашылады. Этнографиялық аспект қарастырылған, яғни мақал-мәтелдер арқылы қазақ халқының дүниетанымы, тұрмыс-салт дәстүрлері және мәдени кодтары көрініс табады. Мақал-мәтелдер

тақырыптық немесе мағыналық категориялар бойынша семантикалық топтарға бөлінген. Еңбектің ғылыми жаңашылдығы – мақал-мәтелдерді тек тілдік құрал ретінде емес, халық даналығы мен мәдени мұра ретінде зерттеу, олардың семантикасы мен қолданымын жүйелі түрде көрсету. Бұл еңбек паремиология саласында негізгі дереккөз ретінде маңызды орын алады.

Ж.И. Исаева диссертация авторефератында қазақ мақал-мәтелдері мен паремиологиялық материалдардың дүниенің бейнесін лингвомәдени танымдық тұрғыдан қалай көрсететінін талдайды. Зерттеудің негізгі мақсаты – мақал-мәтелдер арқылы ұлттық таным, мәдени кодтар, табиғатқа және қоғамға қатысты дәстүрлі ұғымдарды көрсету [133].

Паремиологиялық және фразеологиялық бірліктерде «көк» сөзі кең мағыналық өріске ие: аспан, биіктік, кеңістік, табиғат құбылыстары, рухани тазалық, батылдық, ар-ұят сияқты моральдық және символдық ұғымдармен астасады. «Көк аспан», «көкке самғау», «көк бөрі» сияқты тіркестер халықтық танымдағы «көк» концептінің кең мәдени-символдық реңктерін бейнелейді. Аталған бөлімде паремиология мен фразеологизмдердегі «көк» концептінің лингвомәдени қырлары талданып, оның қазақ тіліндегі мағыналық құрылымы, символдық мәні және мәдени рөлі жан-жақты қарастырылады.

Ө. Айтбаев «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» еңбегінде фразеология, фразеологизмдердің аударылуы мәселелерін қозғаған ғалым. Яғни, оның еңбектері фразеологизмдерді тек сөз тіркестері ретінде емес, тіл ішінде және тілден тілге аударма үдерісінде қарастыруға мүмкіндік берген [130].

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді зерттеген еңбектердің ішінде І. Кеңесбаевтің «Фразеологиялық сөздік» [131] қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің семантикасы мен қолданылуын кеңінен қамтыса, Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігі» [12] тіркестердің семантикалық байланыстары мен мағыналастық реңктерін талдайды. Г. Смағұлованың «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» [13] монографиясында қазақ фразеологиясының қазіргі даму бағыттары лингвистикалық парадигмалар тұрғысынан зерттеді. Монографияда автор когнитивтік фразеологияның құрылымдары, фразеологизмдерді фреймдік талдау, сонымен қатар фразеологизмдердің дискурстық сипаты сөз етіледі. Ғалым фразеологизмдердің когнитивтік-мәдениеттанымдық ерекшеліктерімен қоса, фразеологизмдардегі лингвоконцептология, этнолингвистика және ұлттық интеллект мәселелері талданып, фразеологизмдердің парадигмалық және синтагматикалық қатынастары жүйелі түрде беріледі.

Н. Уәли «Фразеология және тілдік норма» еңбегінде қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің табиғатын, олардың тілдік санадағы көрінісін, семантикасын және прагматикалық қызметін талдауға арналған. Ол фразеологизмдердің дискурстағы қолданысын, стилистикалық қызметін және тілдік тұлға санасындағы көрінісін ерекше назарда ұстайды [8].

Р. Авакова «Фразеосемантика» зерттеулері фразеологизмдердің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктеріне, фразеологиялық бірліктердің ішкі формасы мен олардың этнолингвистикалық сипатына арналды. Ғалым қазақ фразеологизмдерін ұлттық мәдениет пен дүниетаным тұрғысынан талдап, олардың когнитивтік негіздері мен ішкі формасын ашуға тырысты [134]. Жалпы алғанда жоғарыдағы ғалымдардың еңбектері қазақ фразеологиясының теориялық, практикалық және қолданбалы мәселелерін кеңінен қамтиды. Бұл зерттеулер фразеологизмдердің семантикасын, құрылымын, мәдени-танымдық және когнитивтік аспектілерін түсінуге үлкен үлес қосады. Бұл еңбектердің барлығында көк түсіне қатысты фразеологиялық бірліктер сипаталынған. Зерттеу жұмысымыздың нақты мақсатына кірмегендіктен ол ғалымдардың еңбектеріне салыстырмалы талдау жүргізуді болашақтың үлесіне қалдырдық.

Қазіргі жаһандану заманында цифрлық технологиялардың дамуы тіл білімі саласының дамуына өзіндік үлес қосуда. Осыған сәйкес отандық *qazcorpor.kz* және *Sozdikqor.kz* платформаларындағы дереккөздерді салыстыру оңайырақ болды. Нәтижесінде аталған платформалар аясында көк сөзімен, осы сөздің ұйытқы болуымен қалыптасқан фразеологиялық тіркестердің сандық көрестекішін анықтадық.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қазақ тілінің ұлттық корпусында» «көк» сөзінің қайталану жиілігі көрсетілгін.

| №  | Корпус атаулары                 | Жиілік саны |
|----|---------------------------------|-------------|
| 1  | Негізгі корпус                  | 7224        |
| 2  | Диалектілік ішкорпус            | 109         |
| 3  | Мәдени-репрезентативті ішкорпус | 7554        |
| 4  | Терминологиялық ішкорпус        | 821         |
| 5  | Мақал-мәтел ішкорпусы           | 22          |
| 6  | Тарихи ішкорпус                 | 442         |
| 7  | Жазушылар ішкорпус              | 3587        |
| 8  | Тарихи-поэтикалық ішкорпус      | 392         |
| 9  | Ономастикалық ішкорпус          | 5356        |
| 10 | Жарнама мәтіндер ішкорпусы      | 15          |
| 11 | А.Байтұрсынұлы ішкорпусы        | 51          |
| 12 | Фразеологизм ішкорпусы          | 281         |
| 13 | Заманауи поэзия ішкорпусы       | 655         |

Кесте 10. «Көк» сөзінің қайталану жиілігі

Біз анықтаған «Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы» 281 фразеологиялық тіркес қазақ тілінің семантикалық және лингвомәдени байлығының маңызды көрсеткіші. Олар тілдің когнитивтік құрылымын зерттеуге, сондай-ақ «көк» концептінің мәдени және символдық рөлі мен таралуын анықтайды. [135]. «Қазақ тілінің ұлттық корпусында» «Жаманның тілі ащы. Көк мияның гүлі ащы», «Көк етікті кез келмей, көне етіктіні көзге

ілмей...», «Көкте жазылған жерде оқылар», «Көкте күн жалғыз, Жерде Ғұн жалғыз», «Көктен киіз жауса да, Құлға ұлтарак та тимейді», «Көк түйғыным, көп шүйгіме, алдында құрулы тор бар», «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?», «Көпке жақын- көкке жақын», «Көп ұнатса, көк тоқтыңды сойып бер», «От көктен, су таудан түсті», «Гүлсіз жапырақ тұл, Көксіз топырақ тұл», «Көк инемен көтей білмейді», «Ақыл көпке жеткізер, Өнер көкке жеткізер», «Ақыл ойға, білім көкке көтереді», т.б. мақал-мәтелдер кездеседі. Мақал-мәтелдердегі көк сөзінің төмендегідей бірнеше концептілік мәнін ашып көрсеттік:

1. Аспан, тағдыр, тылсым күш концептісі. Мысалы, «Көкте жазылған жерде оқылар», «От көктен, су таудан түсті» мақал-мәтелдерінде «көк» – Тәңір, аспан, жаратушы күштің символы деген түсінік жатыр. Мұндағы «көк» – жоғары рухани бастау, құдірет иесі. Қазақ дүниетанымында «Көк Тәңірі» – жаратушы, жазмыш иесі.


2. Биіктік, ерлік, тектілік концептісі. Мысалы, «Көкте күн жалғыз, Жерде Ғұн жалғыз», «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?», «Көк түйғыным, көп шүйгіме...». Бұл мақалдарда «көк» ерлік пен асқақтық, ерекшелік пен даралықтың бейнесі ретінде көрінеді. «Көк дөнен» – жүйріктің, «көк түйғын» – қыранның бейнесі. «Көк» мұнда табиғи күштің, биіктік пен мәрттіктің концептісін танытады.

3. Табиғат пен өмір концептісі. Мысалы. «Көк мияның гүлі ащы», «Гүлсіз жапырақ тұл, Көксіз топырақ тұл». Мұнда «көк» – жаратылыс, табиғи әлем, тіршілік көзінің символы. Қазақ тілдік дүниетанымында «көк шығу», «көктеу», «көк майса» сияқты тіркестер өсіп-өну, жаңару, өмір сүру концептілік ұғымдарын береді.

4. Рухани және адамгершілік жағынан биік болу концептісі. Мысалы, «Көпке жақын – көкке жақын».

5. Әлеуметтік, моральдық өлшем концептісі. Мысалы, «Көк етікті кез келмей, көне етіктіні көзге ілмей...» Бұл мақалда «көк» әлеуметтік мәртебе, сыртқы беделдің белгісі. «Көк етік» – байлық, билік иесінің нышаны. Мұнда «көк» түс –үстемдік, билік ұғымымен астасқан. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «көк» концепті – табиғат пен руханияттың, ерлік пен тектіліктің, тағдыр мен жаратушының символы. Ол – көне түркі дүниетанымындағы Көк Тәңірі ұғымының жалғасы, қазіргі тілдік санамызда да құдірет, биіктік, тазалық мәнінде өмір сүріп келеді. «Көк» лексемасы қазақ тілдік санасында рухани биіктік пен тектіліктің, табиғи үйлесім мен мәңгілік қозғалыстың символына айналған. Ол ұлттық мәдени кодтың бір бөлігі ретінде мақал-мәтелдерде де, жалпы тілдік жүйеде де терең концептілік мәнге ие.

Ал Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының платформасында «көк» сөзіне 1853 нәтиже тіркелген [134]. Бұл цифрлық платформаларда «көк» сөзіне қатысты фразеологиялық тіркестер саны да аз емес, және олар мәдени-символдық мәнге ие.



Бағандық диаграмма 1. Sozdikqor.kz платформасындағы «көк» сөзінің қолданылуы бойынша сандық деректер диаграммасы

Жоғарыдағы көрсетілген диаграммалар бойынша тілдік қорымыздағы «Көк» концептісінің қазақ тіліндегі қолданылуы мен тіркестердегі кездесуі қазақ мәдениетіндегі мифологиялық және символдық реңктердің кең таралғанын көрсетеді. Мұндай тіркестер халық тілінде рухани құндылықтарды, моральдық қасиеттерді және кеңістік сезімін білдірудің маңызды тәсілі.

Түр-түстер ішінде «көк» түс негізінен аспан әлемі мен су кеңістігі (мұхит, теңіз, көл, өзен) ұғымдарымен байланыса қарастырылады. Алайда қазақ мәдениетінде «көк» түс бейбітшілік, азаттық, бостандық символы ретінде де түсіндіріледі, бұл өз туымызда бейнеленуінің себебі де осында жатыр. «Көк» түсінің концептілік құрылымдарда вербалдану ерекшеліктері жағымды және жағымсыз коннотативтік бейнелермен ұштасып жатады. Оған тіліміздегі фразеологиялық тіркестер дәлел бола алады. Концепт ұғымдық ақпарат қана емес, сонымен қатар психологиялық, этимологиялық, прагматикалық және мәдени ақпараттарды да қамтиды. Орыс когнитивті лингвистиканың негізін салушы В.А. Маслованың пікірінше, концепт адамның дүниені қабылдауындағы жағымды немесе жағымсыз бағасы, эмоциясы, ойы мен танымы ретінде көрінеді. Ал А.П. Бабушкин концепт пен ұғым терминдерін ұқсас деп қабылдап, оларды бірге қарастыруды ұсынады.

Қазақ тіл білімі саласындағы зерттеушілердің арасында да концепт мәселесіне терең талдау жасап, анықтама ұсынғандары бар. Мысалы, А. Ислам концептті ұлттық мәдениет мәнмәтінінде қарастыра отырып, оны былайша сипаттайды: «Концепт – ұлттық дүниетанымның ықшам әрі терең мағыналы құндылықтарын тілде бейнелейтін күрделі бірлік» [137]. Ғалым концепттердің көбінесе мәдени ақпараттарды жинақтап, этникалық мәдениеттің константалары мен негізгі ұғымдарымен тығыз байланыста болатынын атап көрсетеді [137, б. 102]. «Көк» концептісі қазақ тілінің когнитивтік санада жинақталған ақпарат бірліктеріндегі әртүрлі мағыналарды қамтитындығымен құнды. Сонымен қатар, концепттің қайталанбайтын қасиеттеріне есте сақтау мен қиял жатады. Концепт теориясын толық ашу үшін «фрейм» және



«семантикалық өріс» сияқты ұғымдарды қарастыру қажет, себебі фрейм теориясының негізі – әлем туралы білім құрылымдық жасушалар түрінде көрініс табады деген түсінік.

Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларын зерттеу нысаны ретінде қарастырған іргелі еңбектерде «көк» сөзінің қолданылуы кеңінен талданған. Сараптама көрсеткендей, «көк» сөзі көбінесе аспан мағынасында қолданылады. Дегенмен, бұл сөздің негізгі мағынасы омонимдік сипатта қарастырылатыны айтылады. Сонымен қатар, «көк» түс ою-өрнек өнерінде көк күмбезі мен судың түсін бейнелейтін символ ретінде көрінеді; биіктік пен тереңдіктің, тұрақтылық пен әділеттілік, шындық сияқты құндылықтардың көрсеткіші. Қазақ ұғымында көк түс нәзік үміт, жылулық, жақындық сезімдері мен тілек бірлігін білдіруі мүмкін. Ш.К. Жарқынбекова «көк» концептісін ассоциациялық өріс тұрғысынан қарастырып, оның қазақ ұғымындағы жағымды және жағымсыз реңктегі мағыналарын айқын ажыратып көрсетеді. Ал Ә. Қайдар «Сырға толы түр мен түс» атты еңбегінде «көк» түсінің халық танымында негізінен табиғат көріністерін сипаттауда, адам мінез-құлқын бейнелеуде және аспан әлеміне қатысты теңеулерде қолданылатынын басты назарға алады [64, б. 46]. Бұл зерттеулерден «Көк» сөзі қазақ тілінде көпқырлы мағынаға ие лингвомәдени ұғым ретінде зерттелген. Оның негізгі қолданылуы халықтың рухани дүниесін, моральдық құндылықтарын, өмірлік үміттері мен сезімдерін бейнелейтін символ ретінде де кеңінен көрініс табады. Сонымен қатар, ғалымдар «көк» концептісін терең талдап, оның қазақ мәдениетіндегі жағымды және жағымсыз коннотацияларын, сондай-ақ адам мінез-құлқы мен табиғат бейнесіндегі бейнелілігін жан-жақты зерттеген. Бұл зерттеулер «көк» түсінің қазақ танымындағы маңыздылығын, оның символдық мәнін жан-жақты ашып, ұлттық санадағы орны ерекше екенін дәлелдейді.

Өйткені тіліміздегі «көк» сөзінің қатысуымен құрылған тұрақты тіркестер сан алуан тақырыпты қамти отырып, халықтың өмірлік қағидаттары мен дүниетанымдық ұстанымдарына негізделген ой-пікірлерді білдіреді. Бұл тіркестер ұлттық мәдениеттің көрінісі ретінде тілдің семантикалық және прагматикалық әлеуетін арттырып, қоғамдық және моральдық нормаларды жеткізудің маңызды құралдары. Қазіргі кезеңде тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика тұрғысынан әлемнің тілдік бейнесін зерттеуде концепт – бұл нақты дүниеге қатысты санада жинақталған жан-жақты білім қоры екендігі сөзсіз. Жеке адамның танымы мен қабылдауына қарай концепт ғылыми, мәдени, рухани немесе көркемдік сипатта берілуі мүмкін немесе ықшамдалған формада кездеседі. Сол тұрғыдан «көк» концептісін лингвомәдениеттану аясында зерттеу – мәдени ақпаратты жеткізетін және сол мәдениетті қалыптастыратын тілдік таңбалардың табиғатын анықтау арқылы жүзеге асады. Бұл концепттер символдық, эталондық, стереотиптік және бейнелі-метафоралық мәнге ие болып, бүтін мәдени мазмұнды білдіре алатын денотативті сипаттағы тіл бірліктерінде көрініс табады. «Көк» түсінің ең айқын мағынасы – ол табиғаттың жоғарғы қабатымен, яғни аспанмен, Жаратушының құдіреттілігімен тығыз байланысады. Қазақ халқының

дәстүрінде «көк» түс жиі ұлы күштердің, аспан әлемінің және рухани тазалықтың символы ретінде қарастырылады. «Көк» сөзі Жаратушының, Тәңірінің таңбасы ретінде, шексіздік, шетсіздік мағыналарымен үндеседі. Мысалы, «Көк» сөзі тілдік қорымыздағы фразеологиялық тіркестерде *қасиетті кеңістік, құдірет, армандар әлемі, дәріптеу мен жоғарылатудың* символы ретінде бейнелі мағынада қолданылып, тілдің экспрессивті мүмкіндігін кеңейтіп, халықтың дүниетанымын айқындайды. Оған, көктен түсті. діни 1. *Жоғарыдан (аспаннан) келді, тәңрі жіберді. 2. Ойламаған жерден, тұтқиылдан пайда болды, күтпеген жерде келе қалды; көкке жетті. әуеледі, аспанмен таласты; көкке атылды аспанға шапшыды; көкке көтерді [жеткізді] дәріптеді, құрмет көрсетті, асыра мақтады; көкте тұрған жұлдыз қол жетпес арман, көкке асты биікке шарықтады, биікте шарлады; жеті қат көк сияқты тіркестер көктің үстемдік күшін, ақиқаттың айқындалуын, қарапайым жандардан артық құдіреттілікті білдіреді. Қазақтардың аңыздарында, көк түс оның жоғарғы биліктің белгісі ретінде жиі аталады, ол табиғаттың басқарушы күші мен ғарыштық кеңістікке қатысты ұғымдарды білдіреді. Бұл түс, әсіресе, көктің құдіреті мен тәңірлік биліктің символы ретінде дәріптеледі. Мысалы, «көк аспан», «көкке ұшқан» секілді тұрақты тіркестер кең мағыналық және символдық реңке ие екеуінің де негізгі семантикасы аспан, биіктік, шексіздік ұғымдарымен байланысты, алайда қолданысқа қарай әртүрлі мағынада жұмсалуды мүмкін «көк жүрек», «көкке шомған» сияқты тіркестер қазақ тілінде сирек кездесетін, бірақ мағыналық жағынан терең, бейнелі қолданыстар. Екеуінің де астарында символдық мазмұн жатыр. Көк жүрек қорқақ, жігерсіз, үркек мінезді адам дегенді білдірсе, екінші тіркес көбіне табиғат көрінісін бейнелейтін, көркем поэтикалық тіркес. Көбіне табиғатты, пейзажды сипаттауда қолданылады. Осы тұрғыдан алғанда, «көк» концепті қазақ тілінде сөздің семантикалық әлеуетін кеңейтіп, мәдени кодтарды тілді «Көк аспан», «көкжиек», формада бейнелеуге мүмкіндік береді. Яғни көк түсі қасиетті, жоғары мәні бар дүние ретінде сипатталады. Түстер қазақтың мифологиясында, дінінде, әлемді тануда маңызды рөл атқарған. «Көк» түсі – қасіреттен арылу, үміт пен жаңа өмірдің белгісі.*

Адамның мінез-құлқын сипаттауда, мысалы, қуаныш, шаттық, мақтаныш сезімдерін бейнелеуде төбесі көкке жету *адамның ерекше қуаныш пен мақтаныш сезімін; көктен тілегені жерден табылу аяқ астынан мол табысқа кенеліп, қарық болу»* немесе *«жерден жеті қоян тапқандай қуану»;* көксеген күнді көрді *аңсаған арманына жетті* секілді тіркестер қолданылса батылдық, қаһарлы мінез бен ерлік қасиеттерін сипаттауда көк *қаһарлы, қайсар, ашушаң* мағынасында көк сөзі *көбінесе қатаң, ашушаң, жауынгер; көкжал бөрі батыр, қайсар; көк көкіретіп, жер тіретті жерді бір уыс етті, әлегін аспанға шығарды; көк мүйіз адуынды, ашулы адам; көк азу айбатты, батыл, қорқынышты* деген секілді тіркестер қалыптасқан. Бұл тіркестер күш пен мәртебені, әсіресе батырлық пен ерлік қасиеттерін білдіреді. Сонымен қатар тілілік қорымызда кейбір сөз тіркестерінде көк сөзі жағымсыз реңкке де

ие болып, ойсыздық, сенімсіздік немесе тұрақсыздық сияқты қасиеттерді білдіруі мүмкін. Мысалы, көк *сылдыр, мылжың, көп сөйлейтін*; көк езу мылжың, көк мылжың *көп сөйлейтін, әлсіз немесе пайдасыз әңгімелер айтатын адамдарды*, көк *долы ашуға булыққан, айқай-шуы көп, асау мінезді*, көк *жалқау нағыз еріншек*, көк ит [төбет] [131] *озбыр* мағынасында қолданылған тіркестерде көк сөзінің теріс мағынада қолданылуын байқаймыз. Мысалы тек көк айыл тіркесі бір адамды тек сырттай сипаттаумен шектелмей, оның темпераментін, эмоционалдық күйін анық көрсетеді. Тіркесте көк түсінің қолданылуы әйелдің ашу-ызасын, ұрысқақтық қасиетін айшықтайтын символ. «Көк айыл» фразеологизмі қоғамда психологиялық тұрғыдан келеңсіз мінез-құлықты бейнелейді, тіркесті қолдану арқылы қазақ тілінде әйелдің агрессиясы мен күйзелісінің терең мәні көрсетіледі. Жағымсыз әрекеттерді бейнелеп айтуда «көк ала қойдай қылу», көкесін танытты *көресіні көрсетті* тіркестері қолданылады. Бұл тіркестер арқылы қазақ фразеологиясындағы көк түсінің метафоралық қолданылу ерекшелігін байқауға болады. Тіркесте «*көк ала қойдай*» бейнесі, қатты сабалған немесе қорланған адамды бейнелейді. Фразеологизмнің мағынасы тек физикалық зақымдануды ғана емес, сонымен қатар ішкі күйзеліс пен психологиялық қысымды да білдіреді. Бір адамды қатты кемсіту, оған психологиялық қысым көрсету процесін сипаттайды. Фразеологизмнің қолданылуы тек тілдік құрылымға ғана емес, әлеуметтік және мәдени аспектілерге де негізделеді, себебі мұндай сөздер қоғамның мінез-құлыққа қатысты нормаларын көрсетеді. Ал тұрмыстық және мәдени контексте «көк етікті кез келмей, көн етіктіні көзге ілмеу» [131] тіркесі *қыздардың және әйелдердің ұзақ уақыт бойы өзіне лайық жар іздеуін* сипаттайды. Фразеологизмде көк етік пен көн етік [131] арасындағы айырмашылықтар әлеуметтік және мәдени бағалауларды білдіреді. «Көк етікті» іздеу – идеалға жету немесе жоғары мәртебелі, әдемі жұбайды табу дегенді білдірсе, «көн етікті көзге ілмеу» тіркесі төмен әлеуметтік мәртебедегі, бірақ ең қажетті адамды қаперге алмау деген мағынада қолданылады. Фразеологизм феминистік көзқарастар мен әйелдердің өз құндылықтарын іздеуінің символы ретінде қарастырылады. Арықтық, майсыздық, дәмсіздік сияқты сипаттарды білдіретін мағынада тұрақты тіркестер бар. Олар, көк *арық, майсыз, дәмсіз*; көк бақа қозы *арық және етсіз қозы*; көк қарын *арық немесе майсыз*; көк бақа *өте арық, әлсіз немесе азғырылған адамды*; көк жасық. 1. *асса, жылан қарағы жоқ арық ет туралы айтылып тұр*. 2. *мардымсыз, ештеңеге арзымайтын*. көк шалап *сұйық, майсыз, дәмі жоқ сусын*, Ал көк есек *көнбіс жан, істің құлы, жұмсауға қолжаулық адамды* білдірсе; көк желке. 1. *тісқаққан төзімді, көк желкесіне мінді. бағындырды, ырқына көндірді*; көк жұлын [желке, иық] *болды әбден титықтап кетті*; көкпары [көкпар лағы] *болды әркімнің жұлқуында жүрді, сүйретпесі болды*; көк инені көзіне түрте білмеу *көк иненің көзге түртуге келмеуі әйелдің үй шаруашылығына деген бейімділігінің болмауын немесе қиял-ғажайып әлемінен алыстығын білдірсе*, көк *долы ашушаң, көктем мінезді* [131] адамға

қатысты қолданылған тіркестер бұл сөзге қатысты фразеологизмдердің тақырыптық ауқымы кең сияқты.

Тілімізде жалпы бұл сөзге қатысты қалыптасқан тіркестер өте көп, тақырыптық ауқымы да зор. Солардың бірі табиғи құбылыстармен байланысы да оның дүниетанымдық мағынасын аша түсетін тіркестер. Мысалы, жан-жануарларды да бейнелеуде көкжал бөрі *1. үлкен, арлан қасқыр. 2. қайсар, батыл*; көк жұлын *шабысқа, жортуылға шыдамды* тұлпар ат. көк қасқа көне. *үлкен ас, тойға сойылар, құрбандыққа шалынар малдың таңдаулысы.* көк серек [серек ат] *қарапайым, мал қоритын итті қазақ «көк серек»* дейді. «Көк» түсінің табиғатпен байланысы қазақтың ауыз әдебиетінде ерекше орын алады. Келесі фразеологиялық қатарларда «көк» концептісі өсімдіктер мен табиғат құбылыстарын бейнелей отырып, табиғаттағы көктеу, көгеру, өсу процестерімен байланысты және *көбіне көктем, жаз, жасару, жаңару, өсу, бейбіт өмір, мошшылық* сияқты ұғымдарды бейнелі түрде жеткізуге қызмет етеді. Мысалы, көк – шөп *көгерген өсімдік*; көк шөп *өсімдіктердің жас*; көкке аузы ілігу немесе көк балауса *жас өскіндердің немесе жаңа бастаған нәрселердің өсіп, дами бастағанын білдіреді*; көк *әлі жас, піспеген, шикі*; көк алма, көк өрік, көк түйнек немесе көк қауын *піспеген, толық жетілмеген*; көк өрім немесе көк алма *толық піспеген немесе шикі* көк майса, көк [орай] *шалғын шөбі мол, жайсаң жер*; көкке ауыз ілікті [тиді], *жерге шөп шығып, тойынар шақ келді*, көк найза диал. *қара бидай*, Көк сабан болды. *дән алмады, басына түк шықпады*. Бұл тіркестер табиғаттың үйлесімділігі мен адамзаттың оның бір бөлшегі екенін танытады. Мұндай метафоралар арқылы табиғатпен үйлесімді өмір сүру қажеттілігі айтылады. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында табиғаттың жаратылысы мен көк түсінің мәні терең байланыста, өйткені көк түс әлемнің жоғарғы қабаттарын, аспанды, және оның тіршілікке әсерін білдіреді.

«Көк» түсі қазақ тілінде көбінесе байлықтың, мәртебенің, ауқаттылықтың символы ретінде қолданылады. Мысалы, көк сауыр етік, көк тон, көк жамбас, көк етік сияқты сөз тіркестері тек қана материалдық байлықтың емес, сонымен қатар адамның жоғары әлеуметтік статусын, оның қоғамдағы орнын білдіреді. Мұндай тіркестер көк түстің сән-салтанатпен, беделмен, үстемдікпен байланысты екендігін айқындайды. Тек белгілі бір топтағы адамдар ғана осындай киімдерді киіп, осы түстегі заттарды пайдаланады, бұл олардың жоғары әлеуметтік мәртеесін көрсетеді.

«Көк» түсі сонымен қатар жастықтың, махаббаттың және романтикалық сезімдердің белгісі ретінде қарастырылады. «Көгілдір сезім, көк көгершін, көк сағым сияқты тіркестер көк түсінің нәзік, пәк және бейкүнә сезімдермен байланысын көрсетеді. Көгілдір түстің жиі қолданылуы романтикалық көңіл-күй мен арман-мақсаттарға, жаңа өмірдің басталуына байланысты терең мәндерге ие. Бұл түс, әсіресе, жас ұрпақтың жүрегінде тазалық пен үміттің белгісі ретінде орнығады.

Алыс, жақын, жарық мағынасында көк желкесінде *дәл сыртын ала, өте жақын жерде*; көк жиек көтерілді. *қараңғылық сейілді, таң сыз берді*. Өмір-

өлім мәселесіне қатысты көк орды. *жастай қыршынынан қиды, өмірден ерте алды.* көк өрім [129] адамның жасына қатысты көк сақал. *орта жасқа жетіп, сақал-мұртына ақ кіре бастаған адам* туралы айталады. көк тұқыл. *сақалын қырғанда, иек тұсы көгіс тартып қалатын адам* туралы айтылады Тағы да басқа көк соқта болды. көк соқталанды *қардың қатты еріп, қарлы су бола бастауы* туралы айтылады, көк сүңгі *бұрынғы батырлардың найза іспетті бес қаруының бірі* көк тайғақ *жауын-шашыннан, суықтан болған жылтыр сырғанақ* көктеп өтті *кесіп өтті, тура тартып өтті* көк тер болды *қара суға түсті* көк тиын *түк те, дәнеңе де (ең болмаса, бір тиын да)* көк шиқылдақ жол диал. *әбден басылған жол, тапталған жол (қ.орда, арал)* көк шыбықтай *қырқылайық дауды бітіріп, бір қорытындыға келгенде айталатын серт,* ант. көк [соқыр] *тиын берекесі жоқ* секілді тіркестер кездеседі.

Фразеологизмдер қазақ тілінде бейнелілік, экспрессивтілік және әсерлілік тұрғысынан ерекше орын алады. Олар көбінесе нақты бір жағдайды, мінез-құлықты немесе психологиялық жай-күйді нақты және образды түрде көрсететін тілдік бірліктер. Қазақ тілінің фразеологиясында «көк» сөзінің түр-түсімен байланысты көптеген тіркестер мен метафоралар қолданылады. Сөздер түрлі мәдени және әлеуметтік контексттерде маңызды семантикалық жүктемеге ие. Түс атауларының, оның ішінде «көк» сөзінің, фразеологизмдерде жиі қолданылуы тілдің символикалық және метафоралық әлеуетін байыта түседі.

Қорыта айтқанда, «көк» лексемасының лингвомәдени мағыналық кеңістігін зерттеу – тек бір түстің мағынасын ашу ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының дүниетанымын, тілдік бейнесін, тарихи-мәдени санасын және эмоционалдық мәдениетін танытуда ерекше маңызға ие. Зерттеу нәтижелері бұл концептінің когнитивтік, семантикалық және экспрессивтік ерекшеліктері арқылы тілдің мәдени кодтарын түсінуге зор үлес қоса алатынын көрсетті.

### 3-тарау бойынша тұжырым

**3.1 ««Көк» сөзінің мифолингвистика мен наным-сенімдердегі символдық ерекшелігі»** тараушасында «көк» сөзінің мифолингвистикалық табиғаты оның көне дәуірлерден бері қалыптасқан символдық, мифологиялық және мәдени рөлін көрсетеді; ол түркі және қазақ мифологиясында Тәңірге табыну мен аспан культімен тығыз байланыста болып, наным-сенімдерде қорғаушы және киелі қызмет атқарады. Бұл тарауда тарихи-этнографиялық, салыстырмалы-мифологиялық және контент-анализ әдістері қолданылып, тілдегі мифологиялық тұрақты тіркестер мен көркем бейнелер зерттелді.

**3.2 ««Көк» концептісінің мағыналық реңктері мен ұлттық мәдениеттегі эмоционалдық мазмұны»** тараушасында «көк» ұғымының когнитивтік және мәдени аспектілері оның символдық және концептілік мәнін аша отырып, ұлттық дүниетанымдағы маңызды қызметін анықтайды. Концепт поэтикалық, прозалық және фольклорлық мәтіндерде рухани-танымдық, архетиптік мазмұнмен көрініс тауып, ұлттық мәдениетте ерекше рөл атқарады.

Мұнда когнитивтік лингвистика, семантикалық және талдау әдістері пайдаланылды.

**3.3 «Тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердегі «көк» түсінің символдық-мағыналық қызметі»** тараушасында қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердегі «көк» түсінің мағыналық спектрі оның символдық, танымдық және мәдени қызметін айқындайды. «Көк» лексемасы қатысқан тілдік бірліктер қазақ халқының өмірлік ұстанымдары мен дүниетанымын бейнелеп, эмоционалдық және ассоциативтік астарын ашады. Осы бөлімде фразеологиялық және семиотикалық талдау әдістері қолданылды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларының лингвистикалық, когнитивтік және мәдени табиғатын зерттеу – тіл мен мәдениет өзара байланысының маңызды қырларын ашуға мүмкіндік беретін өзекті бағыттардың бірі. Түстер адамзат танымында әлемді танудың ең көне және әмбебап тәсілдерінің бірі ретінде көрініс табады. Сол себепті әрбір халықтың тіліндегі түр-түс атаулары оның дүниетанымын, рухани тәжірибесін және мәдени кодын айқындайтын маңызды категория. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық зерттеу қазақ тіліндегі түр-түс атауларының, соның ішінде «көк» концептісінің лингвомәдени, когнитивтік және мифолингвистикалық негіздерін кешенді түрде қарастыруға бағытталды. Тілдегі түр-түс атаулары – адамның табиғатты қабылдау, бейнелеу және түсіндіру үдерістерінің нәтижесі. Әлем халықтарының бәрі түстерді табиғаттағы нақты құбылыстарға сүйене отырып таниды, алайда сол түстерге берілетін атаулар мен мағыналар әр тілдің ішкі жүйесіне, мәдени тәжірибесіне және символдық ойлау ерекшеліктеріне байланысты өзгеше сипат алады. Зерттеу нәтижесінде қазақ тіліндегі түр-түс атауларының, әсіресе «көк» ұғымының, тек лексикалық категория емес, мәдени-танымдық феномен екені дәлелденді.

Зерттеу жұмысының бірінші тарауында түр-түс атауларының концептілік, семантикалық және геосимволикалық қырлары қарастырылды. Концепт ұғымының лингвистикалық табиғаты мен оның адам санасындағы бейнелену ерекшеліктері анықталып, түр-түс атауларының ұлттық дүниетанымдағы орнын ашуға назар аударылды. Түстердің концепт ретіндегі қызметі тілдік деңгеймен ғана шектелмейтіні, олардың мәдени, мифологиялық және символдық мазмұнға ие екені айқындалды. Осы бағытта лингвистикалық, когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық әдістердің үйлесімді қолданылуы түр-түстердің тіл мен санадағы тұтастығын көрсетуге мүмкіндік берді. Семантикалық тұрғыдан алғанда, түр-түс атаулары уақыт өте келе мағыналық өзгерістерге ұшырап отырған. Олар бастапқы физикалық-түстік мағынасынан алыстап, әлеуметтік, моральдық, эмоциялық және саяси мәнге ие болған. Мәселен, «ақ» түсінің тазалық пен адалдықты, «қара» түсінің ауырлық пен қайғыны, ал «көк» түсінің рух пен еркіндікті білдіруі – түр-түс атауларының мәдени-символдық мәнінің айғағы. Семантикалық және этнолингвистикалық талдау нәтижесінде бұл өзгерістердің ұлттық мәдениет пен тарихи тәжірибемен тығыз байланыста қалыптасқаны байқалып тұр.

Бірінші тарауда сонымен қатар түр-түстердің геосимволикалық қызметі қарастырылды. Түр-түстер кеңістікті бағдарлауда, табиғат пен адам арасындағы қатынасты бейнелеуде, ұлттық болмысты сипаттауда ерекше мәнге ие екені көрсетілді. Көк – аспанның, биіктіктің, шексіздіктің символы болса, қызыл – от пен өмірдің, ал қара – жер мен тұрақтылықтың нышаны. Осындай кеңістікке байланысты түс ұғымдарының жүйесі түркі халықтарының мифологиялық және мәдени кеңістігімен сабақтас екені көз жеткіздік.

Екінші тарауда «көк» концептісінің тарихи, семантикалық және поэтикалық аспектілері жан-жақты талданды. Этимологиялық және тарихи-салыстырмалы талдау нәтижесінде «көк» ұғымының түп тамыры көне түркі дәуірінен бастау алатыны, оның Тәңірлік дүниетаныммен, аспан культімен және табиғатқа табынумен байланысты екені айқындалды. «Көк» лексемасы тек түс атауы ретінде емес, рухани-танымдық мәнге ие киелі ұғым ретінде қарастырылды. Ол түркі халықтарының дүниетанымында биіктік, еркіндік, мәңгілік, жаратушы күш ұғымдарын біріктіретін әмбебап символдық жүйе құрайды.

Қазақ лингвомәдениетінде «көк» түсі ерекше мағыналық өріске ие. Ол аспан мен рухтың, жастық пен үміттің, еркіндік пен жаңарудың белгісі ретінде қолданылады. Мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер («көкке көтеру», «көк жүзі», «көк аспан», «көк тіршілік») арқылы бұл түс қазақ халқының дүниетанымдық қағидаларын, табиғатқа деген қатынасын және рухани құндылықтарын бейнелейді. Семантикалық және когнитивтік талдау нәтижесінде «көк» концептісінің ұлттық мәдени жадтағы орны мен мағыналық құрылымы айқындалды. Поэтикалық дискурс контекстінде «көк» ұғымы эстетикалық және символдық мағынада кеңінен көрініс тапқан. Қазақ ақындарының шығармаларында «көк» түсі табиғаттың сұлулығын, махаббаттың биіктігін, еркіндік пен адам рухының мәңгілігін бейнелеуші көркем образ ретінде қолданылған. Бұл құбылыс «көк» түсінің көркемдік танымда рухани-экзистенциалдық мағынаға ие екенін көрсетеді. Мәтінаралық және эстетикалық талдау «көк» концептісінің әдеби дискурстағы көпқабатты символдық мәнін ашуға мүмкіндік берді. Ономастикалық кеңістіктегі зерттеу нәтижелері де маңызды тұжырымдар жасауға негіз болды. Қазақ топонимдері мен антропонимдерінде кездесетін «көк» компоненті («Көкше», «Көкбөрі», «Көкжайлау», «Көксар») халықтың табиғатқа, кеңістікке және рухани әлемге қатынасын көрсетеді. Бұл атаулар «көк» түсінің киелілік, қорғаушылық және жаратушы күш ретіндегі қызметін дәлелдейді. Этнолингвистикалық тұрғыда алғанда, ономастикалық бірліктер ұлттық дүниетаным мен мәдени тәжірибенің тілдік айғағы.

Үшінші тарауда «көк» сөзінің мифолингвистикалық және когнитивтік табиғаты одан әрі тереңдетіліп зерттелді. Мифолингвистикалық талдау нәтижесінде «көк» түсі түркі және қазақ мифологиясында киелі аспанмен, Тәңірмен және өмірдің бастауымен байланыстырылады. Ол тек табиғи элементті емес, рухани кеңістікті, жаратушы күшті және адамның ғарыштық үйлесімін бейнелейді. Бұл бағыттағы зерттеу қазақ халқының наным-сенім жүйесіндегі «көк» ұғымының сакральды және архетиптік сипатын айқындады. Когнитивтік лингвистика әдістері арқылы «көк» концептісінің адам санасында қалыптасуы мен мәдени жадтағы бейнеленуі қарастырылды. Нәтижесінде «көк» түсі когнитивтік модель ретінде ұлттық санада тұрақты ассоциациялар жүйесін тудыратыны анықталды. Ол еркіндік, биіктік, тазалық, мәңгілік секілді құндылықтармен тығыз байланыста өмір сүреді. Фразеологиялық және семиотикалық талдау нәтижесінде «көк» лексемасы қатысқан тұрақты



тіркестер мен мақал-мәтелдер оның символдық және эмоционалдық қызметін айқындайтыны дәлелденді. Бұл деректер қазақ халқының дүниетанымында «көк» түсінің ұлт руханиятының терең қабаттарымен астасқан мәдени код екенін көрсетеді.

Жалпы зерттеу нәтижесінде төмендегідей ғылыми тұжырымдар жасалды: 1) түр-түс атаулары – тіл мен мәдениеттің өзара ықпалының нәтижесі ретінде қалыптасқан күрделі когнитивтік және символдық категория;

2) «Көк» концептісі көне түркі дүниетанымының негізінде қалыптасып, уақыт өте келе тілде, мәдениетте және көркем ойлауда дамыған әмбебап символға айналған.

3) Қазақ тіліндегі «көк» түсі тек түстік сипат қана емес, рух, еркіндік, өмір және жаратылыс ұғымдарының тұтастығын бейнелейтін мәдени-танымдық феномен.

4) «Көк» концептісін зерттеу арқылы ұлттық дүниетанымның, фольклорлық және мифологиялық жүйенің, сондай-ақ көркем ойлау мен тілдік сананың өзара байланысы айқындалды.

5) Зерттеу барысында қолданылған лингвомәдени, когнитивтік, мифолингвистикалық, ономазиологиялық және семантикалық әдістер тіл мен мәдениеттің тоғысындағы концептуалды жүйелерді кешенді түрде тануға мүмкіндік берді.

Қорытындылай келгенде, қазақ тіліндегі түр-түс атаулары, соның ішінде «көк» концептісі – ұлттың рухани жадын, мәдени болмысын және танымдық жүйесін айқындайтын маңызды тілдік-мәдени құбылыс. Ол тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, ұлттық дүниетаным мен когнитивтік сананың бірлігін дәлелдейтін ерекше концепт ретінде қарастырылды. Зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі когнитивтік және лингвомәдени бағыттардың дамуына, сонымен қатар түр-түс атауларының семантикалық және мәдени негіздерін терең түсінуге жаңа ғылыми мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғатти-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Хант, 1997. 1-том. – 590 б.
2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т.1: – 384 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010.– 608 б.
4. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Адам. – Алматы: Драйк-Пресс, 2009. Т.1. – 784 б.
5. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: «Ғылым», 1997. – 272 б.
6. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
7. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негізі. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. – 353 б.
8. Уәли Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2021. – 120 б.
9. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2021. – 424 б.
10. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының когнитивтік, лингвоконцептологиялық негіздері. Монография. – Алматы: Арыс, 2006. – 280 б.
11. Тілеубердиев Б.М. Поэтикалық мәтінді лингвоконцептологиялық тұрғыдан талдау. Оқу құралы. Алматы: CyberSmith, 2019. – 104 б.
12. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 193 б.
13. Смағұлова Г.Н. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2020. – 256 б.
14. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 316 б.
15. Қалиұлы Б., Исақова С. Танымдық қазақ тілі. – Алматы, 2009. – 132 б.
16. Күштаева М. Этномәдени концептінің семантикалық құрылымы мен этномәдени мазмұны. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2020. – 216 б.
17. Аскольдов-Алексеев С.А. КОНцепт и слово // Русская рег. Новая серия. Вып. 11. – М: Academia. 1997. – С. 267-279.
18. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность: от теории словесности к структуре текста: антология / Известия РАН. Серия лит. и яз. 1993, №1. 3-9 с.
19. Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. – Воронеж, 2001. – 105 с.

20. Мороховский А.Н. «Культурные» и «некультурные слова» // концептуальный анализ: методы, результаты, перспективы. Тезисы конференции. – М., 1990. – 55 с.
21. Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – М.: Наука, 1997. – 289 с.
22. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М., 1996. – 416 с.
23. Никитин М.В. Курс лингвистической семантики. – СПб: Питер, 1996. – 156 с.
24. Степанов Ю.С., Проскурин С.Г. Константы мировой культуры. Алфавиты и алфавитные тексты в периоды двоеверия. – М.: Наука, 1993. – 158 с.
25. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Минск: Тетра Системе, 2004. – 255 с.
26. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 с.
27. Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. «10.02.02 – қазақ тілі» фил. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2008, 35 б.
28. Ислам А. Тілдік дүние суреті: «концепт» және «ұғым». С. Аманжолов және қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2004. – 439-445 б.
29. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Филол. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2006. – 125 б.
- Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2006. – 125 б.
30. Рысбаева Г.Қ., Исаева Ж.Т., Тұңғышбаева Ғ.Ж. Ғаламның тілдік «культ» концептісі. ЛН, Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №2(123)/2018. – 155-166 бб.
31. Олжабаев Б.К., Пангереев А.Ш. Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі «туған жер» концептісі. Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Хабаршысы. Филология сериясы. Том 67, №4. 2022 ж. – 339-353 б.
32. Berlin B., Key R. Basic Color Terms, Their Universality and Evolution. – Лос-Анжелес: University of California, Berkeley, 1969; reprinted in paperback, 1991, 209 pp. ([https://www.google.kz/books/edition/Basic\\_Color\\_Terms/sGDxruwl9OkC?hl=en&gbpv=1&pg=PR3&printsec=frontcover](https://www.google.kz/books/edition/Basic_Color_Terms/sGDxruwl9OkC?hl=en&gbpv=1&pg=PR3&printsec=frontcover))
33. Макеенко И.В. Лексико-семантическая структура систем цветообозначения в русском и английском языках. Учеб.-метод. пособие. – Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 2001. – 52 с.
34. Розен Е. Новые слова и устойчивые словосочетания в немецком языке. – М.: Просвещение, 1990. – 192 с.

35. Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках. Тюркологический сборник. – Москва: Издательство «Наука» ГРВЛ, 1978. – 283 с.
36. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские лексические основы на буквы «К» (~ «Г») и «Қ» (~ «К»). Выпуск первый. – Москва: «Языки русской культуры», 1997. – 368 с.
37. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Санкт-Петербург: Типогр. Импер. Акад. наук, 1905. – 634 с.
38. Қайдар А. Ахтамберидиева З, Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
39. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: филол. ғылым. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 136 б.
40. Лауланбекова Р. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты: филол. ғылым. канд. ... дис. – Алматы, 2010. – 129 б.
41. Жарқынбекова Ш. Языковая концептуализация цвета в культуре и языках: автореф. дис. ... док. филол. наук. – Алматы: 2004. – 47 с.
42. Смағұлова Г., Манкеева Ж. Түсіндірме сөздік: түр-түс атаулары мен реңктері. – Алматы: Елтаным, 2016. – 288 б.
43. Каскатаева Ж. Түр-түс атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі ортақ және ұлттық ерекшеліктер: филол. ғылым. канд... дис. – Қарағанды, 2021. – 138 б.
44. Айтқазы С. Түр-түс концептісінің лингвомәдени табиғаты: филол. ғылым. канд. ... дис. – Алматы, 2011. – 184 б.
45. Калымбектова Ж. Фразеологизмы с компонентами цветообозначения в казахском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1992. – 23 с.
46. Шанбаева Л. Функционалды-семантикалық өріс (түр мен түс материалдары негізінде): филол. ғылым. канд. дис. – Алматы, 2010. – 123 б.
47. Сарекенова Қ.Қ. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің құрамында келетін түр-түс атауларының концептілері // Е. Букетов атындағы ҚарМУ Хабаршысы. – Қарағанды, 2007. – №4 (48).
48. Ахметжанова, Ф., Қайырбаева, Қ. Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. – Өскемен, 2000. – 88 б.
49. Otyzbay Zh. Türk Kavram Sisteminde Renkler. Doktora Tezi. Ankara: Ankara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2016. – 556 s.
50. Bayraktar N. “Kara ve Siyah Renk Adlarının Türkçedeki Kavram ve Anlam Boyutu Üzerine.” Dünyada Türkçe Öğretimi 6. Sempozyumu, 15–16, Nisan 2004, Ankara. Bildiri. <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/780652>
51. Serkan Ş. Eski Türkçede Gök ile Yerin Adlandırılışında Renklere Dayalı Deyim Aktarmalarından Yararlanma ve 'Kara' Sözcüğünün Kökeni Üzerine. İlmi Araştırmalar, 24, 129–136.
52. Özmen M. Türkçede renkleri adlandırma sorunu. Türkoloji Araştırmaları Dergisi, 2016, 1(1).

53. Bayraktar N. Türkçede renk adlarıyla özel ad yapımı // Journal of Language and Linguistic Studies. – 2013. – Vol. 9, № 2.
54. Исхакова С.Я. Qadimgi Turkiy bitiglarda qo‘llaniladigan oq va qora ranglar mazmuni <https://universalpublishings.com/index.php/jsiru/article/view/5178>
55. Ситдыкова А.Ф. Когнитивное исследование цветового пространства в татарском языке. Дисс.на соиск.уч степен.канд. фил. наук. 2013. – С. 193
56. Абжапарова М. Цветообозначения в казахском языке в сопоставлении с алтайским языком: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20 – Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание. Новосибирск., 2021. – 260 с.
57. Пэйхуа У. Семантика цветообозначений в китайской и русской лингвокультурах: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20 – сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание. Российский университет дружбы народов. – Москва, 2021. – 166 с.
58. Ли Цзин. Деривационный потенциал цветообозначений в актах фразеоморфоза: дис. ... канд. филол. наук : 5.9.5. – Русский язык. Языки народов России. Государственный институт русского языка им. А.С. Пушкина. – Москва, 2022. – 185 с.
59. Польщикова А.К. Функционально-семантическая и прагматическая роль цветовых номинаций в организации художественного дискурса (на материале американской литературы XX века): дис. ... канд. филол. наук : 5.9.6 – Языки народов зарубежных стран. – Белгород: «Белгородский государственный национальный исследовательский университет», 2024. – 228 с.
60. Платонова Н.А. Когнитивное обоснование цветообозначений в разнотипных языках: дис. ... канд. филол. наук : 10.02.04 – Германские языки. 10.02.20 – сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание. – Москва, 2007. – 175 с.
61. Bloomfield L. Language / Leonard Bloomfield. – New York : Henry Holt, 1933. – 546 p.
62. Василевич А.П. Цветообозначения как проблема терминологии и перевода // Исследование лексики в психолингвистическом эксперименте (на материале цветообозначения в языках разных систем). – М., 1987. – 42 с.
63. Древнетюркский словарь. – Алматы: Ғылым баспасы, 2016. – 760 б.
64. Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Сырға толы түр мен түс. – Алматы, 1986. – 95 б.
65. Абай тілі сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған филология ғылымдарының докторы А. Ысқақов. – Алматы: «Өнер», 2011. – 616 б.
66. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – 640 б.
67. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Ж», «Ж», «Й». – Москва: «Наука», 1989. – 291 с.

68. Шайгозова Ж. Н., Наурзбаева А. Б. Қазақ мәдениетінің белгілері мен нышандарының қысқаша энциклопедиясы. – Алматы: ҚазҒЗМИ, 2023. – 320 б.
69. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.
70. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.
71. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.
72. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. 1-кітап. – 480 б.
73. Орталық Азия көшпелі халықтары мәдениетінің этно-геосимволикасы: монография/ жауапты редактор М.С. Ноғайбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 290 б.
74. Вильгельм фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. – Москва: «Прогресс», 1984. – 398 с.
75. Күлтегін. Тоныкөк. – Астана, 2002. – 96 б.
76. Винокур Г.О. Филологические исследования: Лингвистика и поэтика. – М.: Наука, 1990. – 452 с.
77. Чернейко Л.О. Читательское восприятие в науке о литературе: к истории и теории вопроса. Вестник Московского университета. Изд-во Моск. ун-та, Серия 9: Филология, № 1, с 89-99.
78. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность / ред. Л.Р. Зиндер, М.И. Матусевич. – Л.: Наука, 1974. – 427 с.
79. Виноградов В.В. Семнадцатитомный академический словарь современного русского литературного языка и его значение для советского языкознания // Вопросы языкознания. 1966. № 6. С. 3–26.
80. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 173 б.
81. Сабыр М. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. – Алматы: «Liber» баспасы, 2021. – 464 б.
82. Кононов А.Н. Грамматика языков тюркских рунических памятников. – Ленинград: Наука, 1980.
83. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 256 б.
84. Уалиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Т. 4. – 2-бас. – Алматы: Толағай групп, 2010.
85. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: ХАНТ, 1997. Т.2. – 528 б.
86. Жолдасбеков М. Асыл арналар: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 328 б.

87. Серкебаева Г.И. «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші лексикасының қазақ тілімен сабақтастығы 8D02310 – Филология Философия докторы (Phd) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.
88. Құрышжанов А.К. «Исследование по лексике старокыпчакского посьменного памятника XIII в. – «Тюркско-арабского словаря». – Алматы: Наука, 1979. – 233 с.
89. Байниязов А.Ж., Байниязова Ж.Т. Түрікше-қазақша сөздік. – Алматы, 2007. – 808 б.
90. Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Арыс, 2008. – 207 б.
91. Қазақ ССР Ғылым академиясы. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы. – Алматы, 1966.
92. Жүнісов С. Ақан сері. Роман. – Алматы: Жазушы, 2002. – 376 б.
93. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 382 б.
94. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 26: Ғашықтық дастандар. – 376 б.
95. Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 386 б.
96. Абай тілінің сөздігі.
97. Абайдың қара сөздері. – Алматы: Атамұра, 2025. – 112 б.
98. Мұқағали тілі сөздігі / С. Исакова Ж. Түймебаев Б. Қалиев Ш. Құрманбайұлы. – Алматы : Керемет медиа, 2019. – 1063 б.
99. Тілеубердиев Б.М. Ономастика: ұлттық-мәдени ерекшеліктері. Оқу құралы. – Алматы, Alash Book, 2024. – 130 б.
100. Тілеубердиев Б.М. Ономастикалық концептілердің көркем мәтінде вербалдануы. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент: М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, 2012. – 80 б.
101. Жанұзақов Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. – 356 б.
102. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. - Астана, «С-Сервис» ЖШС, 2006 ж. – 400 б.
103. Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 568 б.
104. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы (лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау). – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1971. – 226 б.
105. Конкашпаев Г. Словарь казахских географических названий. – Алма-Ата: АН КазССР, 1963. – 186 с.
106. Керімбаев Е. Атаулар сыры. – Алматы: Қазақстан, 1984. – 117 б.
107. Керімбаев Е.Ә., Тілеубердиев Б.М., Дүйсенби Қ.Т. Оңтүстік Қазақстанның топонимикалық кеңістігі. – Шымкент: Кітап, 2007. – 352 б.
108. Тілеубердиев Б.М. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық лексикасы. – Алматы: Шапағат-Нұр, 1999. – 119 б.

109. Жанұзақов Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). – Алматы: «Өнер», 2011. – 496 б.
110. Рысбергенова Қ.Қ. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. – Алматы: Ғылым, 2000. – 153 с.
111. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
112. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 280 б.
113. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
114. Жұмабаев М. Шығармалар. Том 1. – Алматы: Білім, 1995. – 256 б.
115. Ускенбаева Р.М. «Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде)» филос.ғыл.док. ...дис. – Алматы. – 2016. – 149 б.
116. Авакова Р.А., Сайлауова А.А. Түркі мифологемалары: халық санасының мәдени рухани тетігі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – №1(135). – 203-208 б.
117. Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 304 б.
118. Баскаков Н.А. Русско-алтайский словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1967. – 875 с.
119. Ордабекова Х.А., Күркебаев К.Қ. Дәстүрлі және қазіргі тілдік санадағы «қасқыр» лексемасының лингвомәдени сипаты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршысы. Филология сериясы. – №3 (171). – 2018. – 153-159 б.
120. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Москва: «Наука», 1967. – 112 с.
121. Жұртбай Т. Ашина – Көкбөрі. 2016. – URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/3349>
122. Сарбасов Б.С. «Оғыз-наме» – кітаби эпос ескерткіші. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты: қорғалды: 29.09.10. – Алматы, 2010. – 31 б.
123. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. Т.34. – Астана: «Фолиант», 2006. – 384 б.
124. Аронұлы С. Бөрі басы – ұраным: жыр толғау, айтыстар, естеліктер. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2013. – 288 б.
125. Рақыш Ж., Әлібеков Т., Алпысбаева Қ. Дала фольклорының антологиясы. Он томдық. Батырлар жыры. Т.3. – Алматы, 2020. – 484 б.
126. Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. – Алматы: «Аруна», 2006. – 252 б.
127. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. – 560 б.
128. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
129. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва: Советская энциклопедия, 1966. – 306 с.
130. Звегинцев В.А. Семасиология. – Москва: МГУ, 1967. – 321 с.



131. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 711 б.
132. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 618 б.
133. Исаева Ж.И. Дүниенің паремиологиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспекті). Канд. дис. автореф. – Алматы, 2007. – 15 б.
134. Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.
135. [https://qazcorpus.kz/\\_negizgi-korpus/index1.php](https://qazcorpus.kz/_negizgi-korpus/index1.php)
136. [Sozdikqor.kz](http://Sozdikqor.kz)
137. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). Филология ғылымдарының докторлық ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2004. – 54 б.